Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Министерство Науки и высшего образования Республики Казахстан
Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова

Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan
Karaganda Buketov University

PROCEEDINGS OF THE 3rd INTERNATIONAL CONGRESS OF SOCIAL AND EDUCATIONAL SCIENCES

Karagandy - 2025

РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ В МНОГОКУЛЬТУРНОМ ОБЩЕСТВЕ

Газиза ДЖАМАЛИЕВА
Кандидат социологических наук, ассистент профессора
Карагандинский университетт им. Е.А.Букетова

АННОТАЦИЯ

В статье представлена проблема образования в многокультурном обществе, поиск и сохранения национальной идентичности на пути сохранения многовековой собственной культуры, через интеграцию в единное образовательное пространство. Рассматриваются вопросы использования многокультурного образования во взаимосвязи с этнической, языковой, социальной, национальной идентичностями в процессе формирования личности.

Ключевые слова: культура, многокультурное образование, идентичность, культурная идентичность, казахстанская идея, самоидентификация.

Современные процессы интеграции происходящие на территории Казахстана ставят перед педагогической наукой и практикой задачи создания условий для подготовки молодого поколения к жизни в современном открытом обществе, целью которого является создание единного образовательного пространства. При этом основная роль здесь должна отводится системе образования. В сложившемся многокультурном обществе образовательное пространство должно строиться с учетом многокультурной среды. Еще одна глобальная проблема современности, вопрос стирания культуры, как результат процветающей глобализации мы всё более отдаляемся от своей культуры, которое приводит к негативным условиям формировании позитивной личности [1]. В связи с этим необходимы фундаментальные исследования в этой области и поиск путей сохранении культурных наследии, через образовательные и воспитательные институты.

Қарағанда, Қазақстан / e-posta: Dzhamaliyeva_Gaziza@buketov.edu.kz
ORCID ID: https://orcid.org/ 0000-0002-9978-5447

На наш взгляд важным средством развития и укрепления культуры служит так называемое многокультурное образование, поэтому мы решили целесообразным подробнее остановиться на данной тематике.

Принципами в написании данной статьи послужили: принцип единства исторической традиции, принципы целостности и конкретности, применялись методы когнитивно-оценочного анализа, методология кросс-культурно-психологических исследований идентичности с позиции социальной философии.

До начала XX века под культурой человека понималось (естественно, правящей элитой) наличие у него знаний о музыке, литературе, изобразительном искусстве и о правилах этикета, принятых в высшем свете. Порой и сегодня - осознанно или неосознанно - люди думают именно так.

С развитием демократии в XX веке под культурой стали понимать стиль жизни и поведения, любые ценностные ориентации, традиции, обычаи, мировосприятие. Как уже упоминалось, энциклопедия «Народы России» (1994) дает очень полное, на наш взгляд, определение: «Культура - это система внебиологических форм обеспечения жизнедеятельности человека… Она охватывает все стороны жизни человека - биологической (еда, сон, отдых, половой акт, естественные отправления), производственной (создание средств материального обеспечения – орудий труда, пищи, одежды, жилища), духовной (язык и речевая деятельность, мировоззрение, эстетическая деятельность и др.), социальной (коммуникация, социальные отношения)» [2].

Эта концепция отражает современное понимание культуры, характерное для большинства стран мира.

Как научить школьников и учителей адекватно воспринимать культурные различия? Представляется, что один из основных путей к созданию гуманных отношений, преодолению негативных стереотипов о людях из иной культурной группы, утверждению демократического принципа уважения прав каждого ученика и учителя в школе лежит через инновационный подход, имя которому - многокультурное образование. Оно рассматривает такие вопросы, как этническая толерантность (терпимость) детей, уважение их религиозных различий, взаимодействие языка, речевых особенностей учащихся и школьной культуры, противодействие пропаганде, предвзятым суждениям, стереотипам, защита меньшинства, проблемы школьников-мигрантов, детей с исключительным или альтернативным физическим и умственным развитием, проблемы расизма и дискриминации, основанные на культурных различиях. Цель многокультурного образования состоит в том, чтобы с помощью школы, семьи и общественности способствовать созданию демократического общества, которое характеризуется:

- высокой степенью толерантности к культурному многообразию;
- признанием и развитием культурного плюрализма;
- равными правами и возможностями для всех граждан, - активным участием всех и каждого в принятии любого решения, касающегося как личной жизни человека, так и жизни общества в целом;

- уважением решений большинства и защитой прав меньшинства;

- уважением права человека свободно выбирать свою культурную идентичность, т.е. свое культурное «Я»;

- уважением личности человека, независимо от ее экономических, социальных, физических, умственных, родовых, половых, религиозных образовательных, языковых, речевых, географических, этнических и иных культурных отличий.

В нынешних условиях необходимость многокультурного образования становится актуальной в связи с крахом экономической политики социализма, следствием которого стало падение многих коммунистических мифов и прежде всего - мифа о безконфликтности и непротиворечивости развития отношений между различными социокультурными группами, к которым принадлежал индивид в условиях социализма; с исчезновением во многом искусственной и утопической идеи о некой общности, называвшейся «советский народ», оторванной от исторических и культурных корней; с раскрепощением внутренней энергии человека, скованной на протяжении десятилетий партийными догмами, законами, запретами и преследованиями; наконец, в связи с тяжелейшим поиском многими гражданами бывших советских республик своей культурной идентичности, сопровождающимся подчас далеко не безболезненными «пробами и ошибками», конфликтами, отсутствием знаний и опыта демократической жизни, толерантности и уважения друг к другу.

Многокультурное образование - это способ противостояния культурному расизму, предубеждениям, ксенофобии, ненависти, предвзятости, дискриминации, сегрегации, этноцентризму, классизму (дискриминации, основанной на экономических различиях), лингвисизму (дискриминации, основанной на языковых и речевых особенностях), сексизму (дискриминации, основанной на родополовых различиях). Это есть педагогическая попытка помочь учащимся понять свою культуру, роль обобщений и стереотипов в коммуникации между представителями различных культурных групп, осознать свое «Я», найти ответ на вопрос «Кто я такой (такая)?»

Используя термин известного бразильского педагога Паоло Фрэра из его книги «Образовательная политика: культура, власть, освобождение», многокультурное образование можно назвать «освобождающим образованием». Дело в том, что оно побуждает школьника подвергать сомнению свои представления о представителях разных социальных групп и их ценностные оценки, не бояться быть самим собой, интересоваться культурой своих одноклассников и культурным контекстом их жизни, быть активным социальным реконструктивистом (преобразователем) человеческих отношений, избавляться от культурной неграмотности и свободно выбирать свою идентичность, что в результате приводит к расцвету личности школьника. Не освобожденный изнутри, не осознающий своей значимости, а также своих возможностей и способностей, ученик, по справедливому суждению П. Фрэра, угнетает самого себя, порой старается подавить свое культурное «Я», что приводит его к внутреннему конфликту. Он теряет уверенность в себе или не

приобретает ее совсем, утрачивает инициативу, способность защитить себя, изменить курс своей жизни и становится пассивным объектом манипулирования для других [3].

Чтобы многокультурное образование стало реальной силой в изменении человека и общества, необходимо ввести в учебные программы педагогических вузов учебную дисциплину «Многокультурное образование», написать учебные пособия и методические материалы для учителей по вопросам воспитания толерантности, принятия, уважения и утверждения культурного многообразия, сделать многокультурное обучение, помочь учителям, родителям и школьникам изменить монокультурный менталитет на многокультурный.

Согласно результатам проведенного нами исследования система образования в Республике Казахстан должна быть ориентирована на общечеловеческие ценности, - считают 53,1% респондентов, или на государственные, единые для всех народов РК, - так считает 31,8% опрошенных. Отличий регионального характера в ответах на этот вопрос не отмечено. Практически никто не считает (в том числе и респонденты-казахи), что система образования должна быть ориентирована на ценности казахской культуры (3,5%) или этнические, особенные для каждого этноса (9,3%). Только в южном регионе оказалось значительное количество респондентов, желающих, чтобы система образования ориентировалась на этнические ценности (18,3%) [4].

Самостоятельный выбор будущей профессии выступает очень важным моментом для молодого человека, поскольку влияет в дальнейшем на успеваемость и удовлетворенность своей профессией. Так, в исследовании проведенного в пяти регионах Казахстана дан анализ проблем и состояние социального самочувствия на основе социологического исследования. Полученные данные сравниваются с результатами исследований предыдущих лет. Что касается выводов, связанных с отношением респондентов к образованию, то, отвечая на вопрос, для чего они учатся – на первое место молодежь поставила престижность обладания высшим образованием, а затем и доход. Молодежь ощущает на себе невысокое качество получаемых знаний - полностью довольны качеством образования лишь 43% из числа опрошенных. Важно понимать, что отношение к учебе, как показали результаты, зависит от того, как молодой человек оценивает качество преподавания передаваемых знаний. И пока с полной отдачей учатся только половина из опрошенных. Это довольно низкий показатель [5].

В целом можно сказать, что у народов Казахстана есть интерес к культуре друг друга. Об этом говорят также такие факты, как посещение национальных воскресных школ людьми различных национальностей всех возрастных групп. Так, в группе «Школы возрождения языков и культуры народов Восточного Казахстана» (г. Усть-Каменогорск), изучающей чеченский язык и культуру, занимаются казахи и русские. Таких примеров достаточно много по всей республике.

Помимо образования, громадную роль в развитии культуры и стабилизации культурной идентичности играют, конечно же, и непосредственные социальные

факторы. Так, уже сам источник культурной идентичности - это социальная группа (класс, страта, сообщество), к которой принадлежит человек и мировоззрение, мироотношение этой социальной группы. А агентами культурной идентичности индивида выступают его семья (родители, воспитатели), церковь (религиозное объединение), друзья, неформальное окружение и т.д.

Поэтому, чтобы развивать культуру Казахстана и при этом не утратить казахстанскую культурную идентичность, надо совершенствовать социальную стратификацию нашей республики, укреплять роль и благосостояние семьи, развивать неформальные сообщества, особенно молодежи.

Разумеется, практическая реализация культурной идеи не ограничивается лишь вышеперечисленными мерами, способами и методами. Для развития культурной идентичности важно разработать и практически осуществлять целостную программу, в которой интегрировались бы различные уровни и формы взаимосвязи индивида с бытием культуры - как этнической, так и общечеловеческой. Необходима, иначе говоря, совокупность и даже целая система культурных ориентаций индивидов, где каждый из уровней и аспектов будет взаимно увязан с другими.

Таким образом, из проведенного анализа вытекают следующие основные выводы:

К числу практических шагов по реализации казахстанской идеи как идеи возрождения культуры необходимо отнести соответствующую систему образования, прежде всего - многокультурную, кросс-культурную воспитательную работу, целый ряд программных и законодательных документов.

Надо, по-видимому, вводить в оборот понятие «культура идентичности, культура идентификации». В понятии культурной идентификации заключен двоякий смысл. Это идентификация в культурной принадлежности, или, иными словами, выбор смысла и направления бытия индивидом, нацией, региональной и общечеловеческой культурой. Но это и умение культурно, т.е. на принципах гуманности, миролюбия, цивилизованно, воспитанно и т.п., идентифицировать себя с некоей культурой, не идти на противостояние с другими культурами и не впадать в безысходный пессимизм от того, что «твоя» культура исчезает.

Список литературы:

1. Мэндсайхан Д. Личность в культурном пространстве [Электронный ресурс] / Д. Мэндсайхан // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 43. – С. 15–19. – Режим доступа: URL: http://e-koncept.ru/2016/76405.htm.

2. Народы России: энциклопедия. [Электронный ресурс]. / под ред. В.А. Тишкова. – М.: Большая российская энциклопедия, 1994. - 479 с. – Режим доступа: https://elibrary.ru/item.asp?id=8387013

3. Фрэра П. Образовательная политика: культура, власть, освобождение. / П. Фрэра. – М., 2006.

4. Темиргалиев К.А. Проблема культурной идентичности в процессе общественно-исторических трансформаций. / К.А. Темиргалиев. – Караганда: Изд-во КГМУ. – 2015.

5. Саликжанов Р.С. Система ценностей современной казахстанской молодежи. [Электронный ресурс] / Р.С. Саликжанов // Вестник Российского университета дружбы народов. – Серия: Социология. – 2014. – № 2. – С. 136-145. – Режим доступа: https://elibrary.ru/item.asp?id=21539697

ЕРІКТІЛЕР ҚЫЗМЕТІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БОЛАШАҚ МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Гүлсара ШАЙХИСЛАМОВА
«Әлеуметтік жұмыс» ББББ (PhD) 1-курс докторанты
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

АННОТАЦИЯ

Қазіргі трансформациялық қоғамдағы әлеуметтік жұмыс қоғамға бейімделуі әртүрлі тұлғалар мен топтардың мүдделерін үйлестіруде, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру тетігінің қызметтерін орындауда, өзіндік нәтиже көрсете алады. Әлеуметтік бейімделуі төмен тұлғалармен жұмыс атқара отырып, жоғары мәдени деңгейді насихаттаушы ретінде, өзінің әлеуметтік белсенділігі арқылы, әлеуметтік қызметкер кәсіби құзыреттіліктің деңгейін шыңдайды.

Әлеуметтік жұмыс саласы тікелей тәжірибемен байланысты болғандықтан, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үдерісіндегі әлеуметтік коммуникативтік құзыреттерді дамыту еріктілер қызметін жүзеге асыру арқылы жүргізу аса маңызды. Бұл өз кезегінде болашақ мамандардың жоғары оқу орнында әлеуметтік белсенділігін арттыруға, тәжірибеге бағытталған жобалық қызметті ұйымдастыруын қажет етеді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің әлеуметтік жұмыс білім бағдарламаларының студенттері арасында, 2024-2025 оқу жылында «болашақ әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға дайындығы» тақырыбындағы жүргізілген сауалнама нәтижесінде, білім алушылардың басым бөлігі еріктілер қатарында болмағандығы анықталды. Бұл болашақ мамандардың қоғаммен байланыс

Алматы, Қазақстан/ e-mail Gulsara.75@list.ru
ORCID ID: http://orcid.org /0000-0002-8946-8253

дағдысын дамытуына кері әсер беретіндігін және осы тараптан жоғары оқу орындарында еріктілер жұмысын қолға алу маңыздылығын көрсетеді.

Кілт сөздер: еріктілер, кәсіби құзыреттілік, дағды.

Әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби қызметке дайындығының басты көрсеткіштері әлеуметтік және кәсіби құзыреттіліктер ең алдымен болашақ мамандардың жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы болып табылады, бұл гуманистік қызмет ретінде әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік педагогиканың байланыстығын сақтай отырып, әлеуметтік қызметкерлердің кейінгі кәсіби қызметінде қажетті жеке қасиеттерді дамыту арқылы, еріктілер қызметін оқыту туралы айтқан жөн.

Тәжірибедегі гуманизмнің көрінісі бола отырып, еріктілер қызметі білім алушылардың әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік психология және педагогиканың көптеген адамгершілік және коммуникативті қасиеттерін дамытады. Мұқтаж адамдарға өз мәселелерін шешуге бағыт бере отырып, әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыруына да қол жеткізеді. Қазіргі уақытта әлеуметтік жұмыс саласындағы қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптарды арттыру үрдісі айқын байқалып отыр. Университет түлектері алған арнайы білімдерінің нақты жағдайға және жұмыс берушілер қойған нақты талаптарға сәйкес келмеу мәселесі де кездеседі. Әлеуметтік жұмыс институты адам мен қоғамның мүдделерін, әртүрлі топтардың мүдделерін келістіру үшін, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер арқылы, мемлекеттің реттеуші мүмкіндіктерін күшейту қызметтерін де алады.

Бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде студенттердің тәжірибелік дайындығының тиімділігін арттыру мәселесін шешу үшін, бұған ықпал етуі мүмкін бірқатар психологиялық-педагогикалық жағдайларды бөліп көрсетеді және негіздейді: оқытушының функцияларын өзгерту; студенттер арасындағы қарым-қатынастың әртүрлі түрлеріне мүмкіндік беретін арнайы оқу кеңістігін құру; оқу үдерісінде рефлексивті компонентті күшейту және басқалары [1, 413]. Бұл жағдайлардың барлығы оқу барысында бірдей дәрежеде қамтамасыз етілмеуі мүмкін. Бұл белгілі бір мәселені реттеу жағдайында уақытында жаңартылуы керек арнайы білімді игерумен ғана емес, кәсіби қызметті реттейтін құндылықтарға баса назар аударуды қажет етеді.

Еріктілер жұмысын дамыту мәселесін көтерген уақытта, жоғары оқу орындары студенттері жетекшілікке алатын мектептер мен әлеуметтік нысандар тізімі жасалады, жиынға қатысады, есеп беруге арналған фотосуреттер жасалады. Бір реттік іс шара ретінде қалыптасатын осындай жиындардың өміршеңдігін қалыптастыруды жүзеге асыру жолдарын қарастыруға болады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті және Қыздар педагогикалық университеті, әлеуметтік жұмыс білім беру бағдарламалары студенттері арасында жүргізілген сауалнамада студенттердің еріктілер ұйымы қатарында немесе қозғалыстарына қатысу көрсеткіші төмен екендігі анықталды.



Сурет 1. Қыздар педагогикалық университетінің әлеуметтік жұмыс білім беру бағдарламасы 2 курс студенттерінің еріктілер қатарында болуы

1 суретте сауалнамаға қатысқан 91 білім алушының еріктілер қатарында болмау көрсеткіші 73,6 % болуы алаңдатарлық жағдай. Қоғаммен, ондағы әлеуметтік әлжуаз топтармен байланыс орнату, осы еріктілер жұмысын дамыту арқылы, болашақ мамандардың бойында рухани кемелденген кәсіби құзыреттердің негізін қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жандандыруды қажет етеді.

2 суретте жалпы сауалнамаға қатысқан 1 курс білім алушыларының жоғары курс студенттерімен салыстырғанда, еріктілер қатарында болу көрсеткіші төмен екендігі байқалды. Осы тұста әлеуметтік жұмыс маманының қоғамның өсіп өркендеуіне, мемлекеттің әлеуметтік саясатын алға дамытушы болашақ маман екенін сезіндіруде, еріктілер жұмысын жүйелі, үздіксіз, кешенді түрде ауқымды жұмыстар атқарылу керектігі байқалады.



Сурет 2. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің әлеуметтік жұмыс білім беру бағдарламасы студенттерінің еріктілер қатарында болуы

Әлеуметтік жұмыс мамандығында оқитын студенттерді бірінші курсқа қабылданған уақыттан бастап, қазіргі кезеңдегі еріктілер ұйымдары туралы жан жақты ақпараттар беру арқылы, мамандыққа қызығушылығын ояту , осы үдерістің үздіксіздігін қамтамасыз ету. Кафедра тарапынан құрылған үйірме жұмыстарында әлеуметтік әлжуаз топтармен еріктілердің жұмыс жасақтарын ұйымдастырудың теориялық әдістемелік жүйесін жасау арқылы, білім алушыларда қарым қатынас, этика, эмпатияны дамыту, қарым қатынастардағы психологиялық ерекшеліктерін, зерттеу жұмыстарына дейін қолдануға бағыттау.

Еріктілер қозғалыстарының, ұйымдарының жұмысы қоғамның мәдени, рухани дамуының жоғары көрсеткішін сипаттайды. Еуропа елдеріндегі осы бағыттағы жұмыстар жоғары қарқынды жүргізіледі, оның себебі қоғамда азаматтық сананың жоғары деңгейі және осы тұрғыда Қазақстанның бастамасымен Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды тұрақты даму мақсатында халықаралық еріктілер жылы деп қарар қабылдауы , азаматтық қоғамның мәдени дамуына жол ашады. Бұл бастама 2020 жылы Тоқаевтың БҰҰ мінберінен көтерген ұсынысының нәтижесі болып табылады. Президенттің пікірінше, еріктілер-өз елінің нағыз патриоттары-адамгершілік құндылықтарды бәрінен жоғары қояды және мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді әріптестікті нығайтуда айрықша рөл атқарады. Риясыздық пен мейірімділік – қазақ халқына тән қасиеттер екенін айта келе, ҚР Президенті өскелең ұрпақтың бойында осы қасиеттерді қалыптастырудың маңыздылығын бірнеше рет атап өтті [2].

Еріктілер жұмысын дамыту бойынша теориялық әдістемелік зерттеулер жасаған көптеген ғалымдардың зерттеулері негізінде бағдарламалар ұсынуға болады. Әр өңірде қалыптасқан әлеуметтік мәселелердің аясында, жұмыс бағыттарын нақтылау арқылы, болашақ мамандарда зерттеу жұмыстарын жүргізудің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздеріне маңызды орын беріледі, кәсіби жетістіктегі жеке қасиеттердің рөлі қарастырылады, маманның кәсіби және этикалық мәдениетінің рөлі туралы айтылады. Т.А. Михайлова әлеуметтік білім берудің шетелдік және отандық тәжірибелерін талдай отырып, әлеуметтік салада мамандар даярлау кезінде тәжірибеге бағытталған оқытуды қолдану қажеттілігіне назар аударады. Еріктілер қызметі кәсіби құзыреттіліктер мен қасиеттердің сәтті қалыптасуына ықпал ете отырып, белгілі бір дәрежеде тәуекелдерді де тудырады, олардың ішінде ең алдымен еріктілердің эмоционалды күйіп қалуын атап өту керек. Бұл білім беру үдерісінде осы мәселенің дамуына жол бермейтін жұмыс әдістері мен нысандарын енгізу қажеттілігін көрсетеді [3].

Даярлау бағыты бойынша «Әлеуметтік жұмыстағы шиеленістерді басқару», «Тұлғалық-кәсіптік өзін – өзі дамыту», «Еріктілер қызметі практикумы», «Отбасымен әлеуметтік жұмыс психологиясы», «Әлеуметтік геронтологиядағы заманауи тәжірибелер», «Қоғаммен байланыс және әлеуметтік жұмыс» пәндерін теориялық зерделеу және кейстер талдау арқылы зерттеу дағдысын қалыптастыру болашақ мамандардың бағдарлары, олардың кәсіби мәдениеті, психологиялық стресстерге эмоционалды тұрақтылықтың жоғары деңгейі, клиенттердің әртүрлі санаттарымен қарым-қатынас дағдылары, өзін-өзі реттеу

және эмоционалды стрессті жеңілдету әдістерін игеру аса маңызды. Осы орайда, болашақ мамандарда кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру оқу үдерісінде пәнаралық байланысты орната отырып, тәжірибеге сүйену арқылы жүзеге асыру өзінің оң нәтижесін беретіні сөзсіз [4, 98]. Еріктілік жеке тұлғаның рухани-адамгершілік көрінісі мен өзін-өзі көрсету технологиясын жасайды. Адам өзін де, әлемді де іс-әрекетте, өзін-өзі жүзеге асыру арқылы біледі. Еріктілер топтары мен ұжымдарында тұлғаның рухани-адамгершілік саласының дамуына кез келген жаңа ақпарат әсер етеді. Еріктілер қозғалысының бағдары-бұл өзінің жеке сипаттамалары бар, өмірінде әлеуметтік және рухани тәжірибе жинақтаған адам.

Еріктілер әлеуметтік тәжірибесі - бұл әлеуметтік салада мамандар даярлаудың ең басты инновациялық және тиімді технологиясы. Оны өту нәтижесінде студенттер өздері таңдаған салада жаңа білім мен тәжірибе алу мүмкіндігін, психологиялық беріктікке алғашқы нақты сынақты, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдірудің, нақты кәсіби бағдарланған және әлеуметтік маңызды кәсіби дағдыларды қалыптастырудың мүмкіндігі беріледі, кәсіби таңдаудың дұрыстығын сезінеді. Шығармашылық, эмоционалды, физикалық, эстетикалық, интеллектуалды және гуманистік аспектілердің тұтастығын сақтай отырып, жеке тұлғаны қалыптастырады. Бұл тәжірибені енгізу арқылы жастарды еріктілік қызметке тартуда оны күштемей, студенттің жаңа, ашық азаматтық қоғамның қалыптасуына қосатын азаматтық үлесі ретіндегі сенімін ояту арқылы жүзеге асыру. Нәтижесінде студенттердің еріктілер жұмысы толық көлемде жүзеге асырылады. Бұл көп уақыт пен шыдамдылықты қажет етеді және олар мұқтаж жандарға көмектесуге тырысады [5]. Ерікті студенттер пайдалы болғысы келеді, өйткені оқуды бітіріп, жұмысқа орналасқаннан кейін олар бос уақытында университетте алған білімдерін іс жүзінде қолдана жүріп, еріктілікпен айналысуға бейімі шыңдалады. Қоғамдағы мәселе туындап отырған тұстарын нақты ажырата отырып, жеке азаматтық белсенділігі негізінде қоғамдық бірлестік немесе үкіметтік емес ұйымдарды құру арқылы, кәсіби даму деңгейіне көтеріледі. Бұл ретте ерікті қызметтің барлық субъектілері өзара ынтымақтастық негізінде сыйластыққа тәрбиеленеді. Бүгінгі таңда мемлекет рухани-адамгершілік тұлғаның қалыптасу факторы ретінде еріктілер қозғалысының дамуына көп сүйенеді, дегенмен елдің тұрақты даму үдерісінде еріктілік тетіктерінің маңыздылығын бағалау қажет екендігін мойындауымыз керек. Еріктілік рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастыру факторы ретінде кез-келген белгіленген прогрессивті әдістен тыс өмір сүре алады және дами алады.

Болашақ әлеуметтік жұмыс маманының бойында кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру, қоғамда жоғары жауапкершілікті, толыққанды тұлғалық рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту және қоғамдағы барлық моральдық принциптерді тереңірек деңгейде түсіндіру, еріктілер қозғалысын жүйелі жолға қою арқылы жүзеге асырылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Антыкова Е.В Волонтерское движение студентов как ценностная опора социальной работы/ Сборник статей V международной научно-практической конференции, посвященной 20-летию психолого-педагогического факультета Арзамасского филиала ННГУ 10-11 ноября 2021г -С. 413

2. Қазақстанның бастамасы бойынша БҰҰ 2026 жылды тұрақты даму мақсатында Халықаралық еріктілер жылы деп жарияланады https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/news/details/673714

3. Безенкова Т.А, Олейник Е.В Формирование профессиональных качеств будущих специалистов по социальной работе посредством участия в волонтерской деятельности -, https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie

4. Серова Е.А Профилактика эмоционального выгорания студентов-волонтеров как фактор сохранения их психического здоровья: постановка проблемы / Региональная научно-практическая конференция «Психология здоровья в образовательном процессе» Сборник материалов конференции г. Курск−2021 ISBN 978-5-7487-2765 -11 ноября 2021— С.98

5. Тарасова А. Н., Певная М. В., Телепаева Д. Ф. Саморегуляция волонтерской деятельности молодежи или факторы неучастия молодых волонтеров в социальных проектах // Научный результат. Социология и управление. 2022. Т. 8, № 3. С. 155-171. DOI: 10.18413/2408-93382022-8-3-0-11.

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕР

Салтанат НУРЛАНОВА
«Әлеуметтік жұмыс» ББББ (PhD) 3-курс докторанты
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Профессор **Томас КАЧЕРАУСКАС**
Вильнюс Гедиминас техникалық университетінің философия және мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі

АННОТАЦИЯ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық- бұл барлық әлеуметтік топтар мен халықтың түрлі бөліктеріне әсер ететін маңызды әлеуметтік мәселе. Әлеуметтік қызметкерлер тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын-алуда және құрбандарға көмек көрсетуде маңызды рөл атқарады. Бұл мақала әлеуметтік қызметкерлердің

Қарағанды, Қазақстан/e-posta: nurlanova.salta14@mail.ru
ORCID ID: 0009-0000-0062-0574

Вильнюс, Литва
ORCID ID: 0000-0003-2761-5913

тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты көпқырлы міндеттерін қарастырады, соның ішінде қауіп-қатерді бағалау, дағдарысқа араласу, қорғау шараларын ұйымдастыру және қауіпсіздік жоспарын әзірлеу.

Мақалада, сондай-ақ әлеуметтік қызметкерлердің осы саладағы қиындықтарын, олардың ресурстық шектеулерін және күрделі заңдық жүйелермен жұмыс істеу қажеттілігін талдайды. Құрбандарға көмек көрсету мен зорлық-зомбылықтың алдын- алу бойынша ең жақсы тәжірибелер мен тиімді стратегияларды атап өту арқылы бұл мақала тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес және қолдау саласындағы ғылыми дискурсты дамытуға үлес қосуға бағытталған. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан әйелдер, балалар және ерлер физикалық, эмоционалдық және психологиялық травма алады. Әлеуметтік қызметкерлер бұл мәселеге белсене қатысып, жәбірленушілерге қолдау көрсету, құқық қорғау органдары мен медициналық қызметтермен ынтымақтастық арқылы зорлық-зомбылықтың алдын -алу және оның салдарын жеңілдету үшін маңызды рөл атқарады. Мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік қолдау көрсетудегі мүмкіндіктер қарастырылады.

Кілт сөздер: Тұрмыстық зорлық-зомбылық, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік қолдау.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық-жаһандық деңгейде кең таралған әлеуметтік мәселе. Ол адамның жасына, жынысына, ұлтына немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, әртүрлі қоғамдарда орын алады. Әсіресе, әйелдер мен балалар тұрмыстық зорлықтың негізгі құрбандары болып табылады. Мұндай зорлық-зомбылықтың салдары тек физикалық жарақатпен шектелмей, психологиялық, эмоционалдық және әлеуметтік тұрғыдан ауыр зардаптар әкеледі[1, б.15].

Әлеуметтік қолдау жүйесінің тиімділігін арттыру үшін қаржылық, құқықтық және мәдени кедергілерді жою қажет. Қоғамда тұрмыстық зорлыққа қарсы пікір қалыптастырып, құрбандарға қолжетімді, жан-жақты қолдау көрсету- алдағы маңызды міндеттердің бірі [2, б.10].

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың мәні және оның салдары

Тұрмыстық зорлық-зомбылық деп адамның отбасында немесе жақын қатынастағы адамның қолынан зиян келтіру әрекеттерін түсінеді. Бұл зорлық түрлері физикалық, сексуалдық, психологиялық және экономикалық зорлықты қамтиды. Зорлық-зомбылық құрбандары көп жағдайда өз құқықтарын қорғауға қиналып, қорқыныш пен ұялу сезімінен зардап шегеді. Мұндай жағдайлар адамның психоәлеуметтік жағдайына теріс әсер етіп, оның өмір сапасын төмендетеді.

Әлеуметтік қолдау көрсету тәсілдері мен мүмкіндіктері

Әлеуметтік қызметкерлер тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына кеңес беру, дағдарыс жағдайында қолдау көрсету, қауіпсіз баспана ұсыну және медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы маңызды рөл атқарады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын- алу үшін әлеуметтік қызметкерлер:

- Зорлық-зомбылықтарға тап болған топтардың әлеуметтік мәселелерін шешу;

- Құрбандарға психологиялық қолдау көрсетеді;

- Құқықтық көмек көрсетеді, соның ішінде қорғаушы бұйрықтарды алу, сот процестеріне қатысу;

- Әлеуметтік қызметтерге және баспанаға қол жеткізу үшін көмек көрсетеді.

Құқықтық және әлеуметтік көмек көрсетудегі шектеулер

Әлеуметтік қызметкерлердің тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетуі көбінесе бірқатар шектеулерге ұшырайды. Бұл шектеулер келесідей болуы мүмкін:

1. Қаржылық және ресурстық шектеулер: Әлеуметтік қызметтер мен баспаналар көбінесе жеткіліксіз, бұл жәбірленушілерге қажетті көмекті уақытылы және толық көлемде көрсетуге мүмкіндік бермейді.

2. Құқықтық жүйенің күрделілігі: Әлеуметтік қызметкерлер көп жағдайда жәбірленушілерге құқықтық көмек көрсету үшін заңгерлермен үйлесімді жұмыс істейді, бірақ құқықтық процестер кейде күрделі және ұзаққа созылады.

3. Қоғамдық және мәдени тосқауылдар: Кейбір қоғамдарда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты әлеуметтік стереотиптер мен мәдени кедергілер бар, бұл адамдарды зорлық-зомбылық туралы айтуға және көмекке жүгінуге кедергі келтіреді[3, б.44].

Әлеуметтік қызметкерлердің жұмысында кездесетін қиындықтар

Әлеуметтік қызметкерлер тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандарына көмек көрсетуде маңызды рөл атқарады, бірақ олар өз қызметінде түрлі қиындықтарға тап болады. Бұл қиындықтардың қатарына:

-Эмоционалдық күйзеліс және кәсіби күйзеліс: Әлеуметтік қызметкерлер жәбірленушілердің ауыр жағдайлары мен зорлық-зомбылықтың салдарларымен бетпе-бет келеді, бұл олардың психоэмоционалды жағдайына әсер етуі мүмкін.

-Ресурстардың жетіспеушілігі: Әлеуметтік қызметкерлер көбінесе ресурстар мен қызметтердің жеткіліксіздігімен кездеседі, бұл олардың жұмысына кедергі келтіреді.

-Құқықтық шектеулер: Құқықтық жүйенің толық қол жетімділігі мен тиімділігіне байланысты кейде әлеуметтік қызметкерлердің қолдау көрсетуі қиынға соғады

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына уақытылы әрі тиімді көмек көрсету- әлеуметтік қызметкерлердің басты міндеттерінің бірі. Олар құрбандарды қолдап қана қоймай, зорлықтың алдын-алу, оны азайту бағытында да маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік қолдаудың мүмкіндіктері

Әлеуметтік қызметкерлер зорлық-зомбылық құрбандарына әртүрлі бағыттарда көмек көрсетеді:

1. Кризистік араласу және қауіпсіздік жоспарлау:

Құрбандардың жағдайын бағалап, оларға дереу қауіпсіз орта ұсыну үшін қауіпсіздік жоспарлары әзірленеді. Дағдарыс орталықтарында уақытша баспана беру, қорғау ордерін рәсімдеуге көмектесу- негізгі қолдау шараларының бірі.

2. Психологиялық қолдау:

Зорлық-зомбылықтың эмоционалдық зардаптарын жеңілдету үшін кәсіби психологтар арқылы консультациялар жүргізіледі. Психологиялық қолдау құрбандардың өз-өзіне сенімділігін арттырып, қайта қоғамға бейімделуіне ықпал етеді.

3. Құқықтық және әлеуметтік қызмет көрсету:

Құрбандарға заңгерлік көмек ұсынылады: қорғау ордерін рәсімдеу, алимент талап ету, баланың қамқорлығын анықтау процестерінде кеңес беріледі. Сондай-ақ әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік көмектерге қол жеткізуге жәрдем көрсетіледі.

4. Қоғамдық білім беру және алдын -алу:

Әлеуметтік қызметкерлер қоғам ішінде зорлық-зомбылықтың алдын- алу үшін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарнамалар ұйымдастырады, әртүрлі тренингтер ұйымдастырады. Мектептерде, университеттерде және жұмыс орындарында білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады.

5. Қалпына келтіру және ұзақ мерзімді қолдау:

Құрбандардың толыққанды өмірге оралуы үшін жұмыспен қамту, кәсіби оқыту, тұрғын үй мәселелерін шешуге көмектесу де әлеуметтік қолдаудың құрамдас бөлігі болып табылады.

1-Адам өлтірудің жалпы көлемінде отбасы-тұрмыстық адам өлтіру үлесі



Бұл ретте, өткен 6 жылдағы адам өлтіру қылмыстарының жалпысанының елеулі төмендеуіне қарамастан -43%-ға немесе 2 есеге жуық (2018 жылы – 823, ал 2023 жылы-472), отбасы-тұрмыстық саладағы адам өлтіру шамамен бір деңгейде қалып отыр.

1-диаграмма. Криминализацияға дейін және одан кейін отбасы-тұрмыстық саладағы адам өлтіру серпіні



Бұл 2015 жылғы криминализацияны қоғам қатты сынға алды, өйткені қылмыстық-процестік заңнамасы қаралып отырған әрекеттерді қудалау жеке жүзеге асырылатын қылмыстарға жатқызды. Яғни, жәбірленуші дебоширдің кінәсінің дәлелдерін өз бетінше жинайды, шағым түсіреді, сотта жеке айыптауды жүзеге асырады және т. б. [4,б.23].

Әлеуметтік қолдаудың шектеулері

Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде бірқатар шектеулер мен қиындықтар да бар:

1. Қаржылық және материалдық тапшылық:

Көптеген кризистік орталықтары қаржы тапшылығына ұшырайды, бұл зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге толыққанды көмек көрсетуін шектейді. Баспаналар санының аздығы, әлеуметтік төлемдердің жеткіліксіздігі - негізгі мәселелердің бірі.

2. Құқықтық кедергілер:

Құрбандарға заңгерлік көмек көрсету барысында құқықтық процедуралардың күрделілігі, заң жүйесіндегі олқылықтар кездеседі. Кейбір жағдайларда заң құрбандардың емес, керісінше, зорлық көрсетушінің құқықтарын қорғауға көбірек мән береді.

3. Мәдениет және қоғамдағы стигмалар:

Көптеген мәдениет пен қоғамда тұрмыстық зорлық «Отбасылық мәселе» ретінде қабылданып, құрбандар қолдау іздеуден қорқады. Қоғамның қысымы мен құрбандарды кінәлау тенденциясы да әлеуметтік қолдаудың тиімділігін төмендетеді.

4. Кадр тапшылығы және кәсіби күйзеліс:

Әлеуметтік қызметкерлер көбіне жұмыс көлемінің көптігінен күйзеліске ұшырайды. Бұл олардың кәсіби қызметіне теріс әсер етіп, құрбандарға сапалы көмек көрсету мүмкіндігін азайтады[4,б.31].

Әлеуметтік қолдау көрсету тәсілдері мен мүмкіндіктері

Әлеуметтік қызметкерлер тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына кеңес беру, дағдарыс жағдайында қолдау көрсету, қауіпсіз баспана ұсыну және медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы маңызды рөл

атқарады. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін әлеуметтік қызметкерлер:

- Зорлық-зомбылықтарға тап болған топтардың әлеуметтік мәселелерін шешу;

- Құрбандарға психологиялық қолдау көрсетеді;

- Құқықтық көмек көрсетеді, соның ішінде қорғаушы бұйрықтарды алу, сот процестеріне қатысу;

-Әлеуметтік қызметтерге және баспанаға қол жеткізу үшін көмек көрсетеді [5,б.32].

Қорытынды

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік қолдау көрсету-қоғамның денсаулығы мен әділеттілігін қамтамасыз етудегі маңызды міндеттердің бірі. Әлеуметтік қызметкерлердің рөлі тек көмек көрсетумен шектелмей, зорлықтың алдын алу, құрбандардың қайта бейімделуіне жол ашу бағытында да ерекше маңызға ие.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу әлеуметтік қызметкерлердің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Олардың рөлі тек жәбірленушілерге көмек көрсету ғана емес, сонымен қатар зорлық-зомбылықтың алдын алу, қоғамдық білім беру және құқықтық жүйені жақсарту арқылы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету болып табылады. Бірақ әлеуметтік қызметкерлерге көмек көрсету барысында қаржылық, құқықтық және мәдени шектеулермен күресуге тура келеді. Осы шектеулерді жою үшін қосымша ресурстар мен қолдау көрсету жүйесін құру маңызды.

Бұл мақаланы тереңірек түсіну үшін, әлеуметтік қызметкерлердің тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсету бойынша жұмысына жан-жақты көңіл бөлу қажет. Әлеуметтік қолдау жүйесін дамыту үшін қоғамдастықтың, үкіметтің және заң органдарының қолдауы маңызды.

Ұсыныстар:

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік қолдау көрсетуді жетілдіру үшін төмендегі ұсыныстарды жүзеге асыру маңызды деп санаймыз:

1. Әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін арттыру

-Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне қатысты арнайы тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру.

- Травмаға бағдарланған көмектің әдістерін меңгерту.

2. Қаржылық және материалдық қолдау көрсету

- Дағдарыс орталықтары мен уақытша баспаналардың санын арттыру.

-Әлеуметтік қолдау көрсету ұйымдарын тұрақты қаржыландыру жүйесін құру.

3. Құқықтық қолжетімділікті қамтамасыз ету

-Құрбандар үшін ақысыз құқықтық кеңес беру қызметтерін ұйымдастыру.

4. Қорғау бұйрықтарын рәсімдеуді жеңілдету:

- Әлеуметтік қызметкерлердің полиция, денсаулық сақтау мекемелері және сот жүйесімен үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

- Әйелдерге, балаларға және басқа да осал топтарға арналған кешенді қолдау бағдарламаларын әзірлеу.

5. Психологиялық көмек көрсету жүйесін дамыту

- Құрбандарға арналған психологиялық реабилитация орталықтарын ашу.

- Тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан психологиялық жарақат алғандарға ұзақ мерзімді қолдау көрсету бағдарламаларын енгізу.

Әдебиеттер тізімі:

1.Омарова Р. А., Исаева, Б. М. Әлеуметтік бағдарламалар және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы саясат.- Алматы: Әлеуметтік ғылымдар институты 2019ж.

2. World Health Organization (WHO). Global Report on Preventing Domestic Violence. 2018.

3. D. Woodlock Domestic Violence and Communication Technologies: Threats and Opportunities. Australian Social Work 2017.

4. Отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы. Астана2024ж.

5.Yta I., Umukoro S., Ekpe D. Challenges of Domestic Violence in African Communities 2020.

6.Australian Institute of Health and Welfare (AIHW). Family, Domestic and Sexual Violence in Australia 2019.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕ СУПЕРВИЗИЯ ТӘЖІРИБЕСІН ЕНГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Гульназ ШАНБАЕВА
«Әлеуметтік жұмыс» ББББ (PhD) 3-курс докторанты
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

АННОТАЦИЯ

Супервизиялық тәжірибелер денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде әлемнің көптеген елдерінде маңызды орын алады. Қазақстанда, әлеуметтік қызметкерлер жиі жоғары жұмыс жүктемесі, стресстің жоғары деңгейі және эмоционалдық күйзеліске ұшырауы мүмкін, сондықтан супервизиялық практикаларды енгізудің қажеттілігі барған сайын айқын бола түсуде. Әлеуметтік қызметкерлерді супервизия арқылы қолдау олардың кәсіби дамуына, стресстің деңгейін төмендетуге және көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға ықпал етеді. Бұл мақала супервизияның әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби және эмоционалдық әл-ауқатына әсерін зерттеуге және

Алматы, Қазақстан/ e-posta: abai777_@mail.ru
ORCID ID: https://orcid.org/0009-0002-0938-9916

супервизиялық әдістерді мамандардың күнделікті жұмысына енгізудің ең жақсы тәжірибелерін анықтауға бағытталған. Супервизиялық тәжірибелер денсаулық сақтау және әлеуметтік жұмыс саласында кәсіби қолдау мен дамудың тиімді құралы ретінде көптеген елдерде өз тиімділігін дәлелдеді. Қазіргі заманғы денсаулық сақтау жүйесінде мамандар күн сайын көптеген кәсіби қиындықтармен бетпе-бет келеді, сондықтан супервизия жұмыстың жоғары стандарттарын қамтамасыз ететін және қызметкерлердің эмоционалдық тұрақтылығын сақтайтын маңызды элементке айналады. Супервизиялық тәжірибелерді күнделікті кәсіби қызметке енгізу тек мамандардың жоғары біліктілігін қолдап қана қоймай, сонымен қатар олардың кәсіби өсуі мен дамуына жағдай жасайды, бұл ақырында көрсетілетін қызметтердің сапасына оң әсер етеді.

Кілт сөздер: супервизия, денсаулық сақтау, әлеуметтік жұмыс.

Әлеуметтік қызметкерлер Қазақстанда, сондай-ақ көптеген басқа елдерде, күрделі әлеуметтік және медициналық мәселелерді шешуде негізгі рөл атқарады. Олар ерекше назар мен қолдауды қажет ететін осал топтармен жұмыс істейді. Бұл топтарға мүмкіндігі шектеулі адамдар, созылмалы аурулары бар науқастар, қарт адамдар, сондай-ақ кедейлік немесе жұмыссыздық сияқты қиын өмірлік жағдайларға тап болған тұлғалар кіреді. Мұндай топтармен жұмыс істеу әлеуметтік қызметкерлерден тек кәсіби білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар едәуір эмоционалдық ресурстарды талап етеді.

Қазақстанда, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйесі модернизация кезеңінде тұрған жағдайда, супервизиялық тәжірибелерді енгізу ерекше өзекті болуда. Өзгерістер мен жаңашылдықтар жағдайында, мамандарға деген талаптардың артуы мен жұмыс жүктемесінің көбеюі супервизияны тұрақты кәсібилікті сақтауға және әлеуметтік қызметкерлер арасында эмоционалдық күйзелістің алдын алуға мүмкіндік беретін маңызды құралға айналдыра алады.

Супервизия, кәсіби қолдаудың бір түрі ретінде, мамандардың тәжірибелі әріптестерімен немесе супервизорларымен тұрақты кездесулерін қарастырады. Бұл кездесулер кезінде олар күрделі кәсіби тапсырмаларды шешуге көмек көрсетіп, кері байланыс беріп, эмоционалдық қолдау көрсетеді. Мұндай тәжірибе мамандарға өз кәсіби қызметінде сенімділік сезімін ұялатып, құнды кеңестер мен ұсыныстар алады, сондай-ақ дағдылары мен білімдерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Қазақстан жағдайында, әлеуметтік қызметкерлер жиі шектеулі ресурстарға, жоғары жұмыс жүктемесіне және күрделі әлеуметтік мәселелерге тап болатындықтан, супервизия олардың кәсіби тұрақтылығын және эмоционалдық әл-ауқатын сақтауда маңызды рөл атқара алады. Супервизия арқылы құрылған қолдау ортасы мамандарға тек ағымдағы кәсіби қиындықтармен күресуге ғана емес, сондай-ақ өз мамандығында дамуға, жаңа әдістер мен тәсілдерді меңгеруге, жұмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.Сонымен қатар, супервизия командалық жұмыс пен аралық пәндер арасындағы өзара әрекеттестікті жақсартуға ықпал етеді, бұл медициналық және

әлеуметтік қызметтерді кешенді тәсілмен ұсыну жағдайында аса маңызды. Әлеуметтік қызметкерлер дәрігерлермен, психологтармен, педагогтармен және басқа мамандармен ынтымақтастықта жұмыс істейтін жағдайда, супервизия әрекеттерді үйлестіруге және бір-бірін жақсы түсінуге көмектеседі, бұл нәтижесінде бүкіл команданың жұмыс нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді.Супервизиялық тәжірибелерді Қазақстанның денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету жүйесіне енгізу бірнеше негізгі мақсаттарға бағытталған. Біріншіден, бұл әлеуметтік қызметкерлерге кәсіби қолдау көрсету болып табылады, бұл олардың кәсіби міндеттерін орындауда сенімділікті арттырып, тиімділікті жоғарылатуға көмектеседі. Екіншіден, стресс деңгейін төмендету және эмоционалдық күйзеліске жол бермеу мақсатында бұл тәжірибе мамандардың кәсіби тиімділігін сақтап, олардың эмоционалдық әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді.Супервизиялық тәжірибелерді енгізудің маңызды міндеттерінің бірі – көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын арттыру болып табылады. Супервизияның арқасында әлеуметтік қызметкерлер күрделі жағдайларды шешуде уақытында және білікті көмек ала алады, бұл өз кезегінде олардың жұмысының нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе маңызды, себебі қызметкерлердің жұмыстағы қателіктері немесе кемшіліктері клиенттердің денсаулығына және әл-ауқатына теріс әсер етуі мүмкін.

Сондай-ақ, супервизия әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби дағдылары мен біліктіліктерін дамытуға ықпал етеді. Тәжірибелі әріптестермен тұрақты байланыс мамандарға озық тәжірибені игеруге, жаңа әдістер мен тәсілдерді меңгеруге, сондай-ақ күрделі жағдайларда негізделген шешімдер қабылдай білу үшін сыни ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Осылайша, супервизиялық тәжірибелерді Қазақстандағы денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету жүйесіне енгізу тек өзекті ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жұмыстың сапасын арттыру және мамандардың жұмыс жағдайларын жақсарту мақсатында қажетті шара болып табылады. Бұл бағдарлама супервизияның әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби және эмоционалдық әл-ауқатына әсерін зерттеп қана қоймай, оның енгізілуі үшін ең жақсы тәжірибелерді анықтауға бағытталған. Бұл жұмыс ортасын қолдаушы және дамытушы жағдайлармен қамтамасыз етіп, мамандардың кәсіби өсуі мен қанағаттануын арттыруға ықпал етеді.

Супервизия - бұл тәжірибелі маман (супервизор) аз тәжірибесі бар қызметкерлерге кәсіби дағдыларын дамыту, қиындықтарды жеңу және күрделі жағдайларда дұрыс шешімдер қабылдау процесінде қолдау мен бағыт-бағдар беретін шара. Әлеуметтік жұмыс контексінде супервизия кәсіби өсу, стресстің деңгейін төмендету және эмоционалдық күйзеліске жол бермеу сияқты маңызды міндеттерді атқарады.

Қазақстанның қазіргі денсаулық сақтау жүйесінде әлеуметтік қызметкерлер көптеген қиындықтармен кездеседі, мысалы, осал топтармен жұмыс, дағдарыс жағдайларымен күресу және басқа медициналық мамандармен үйлестіру қажеттілігі. Мұндай жағдайда супервизия маңызды құрал бола алады, себебі ол

мамандарға жоғары кәсібилікті сақтап, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Супервизияның көмегімен әлеуметтік қызметкерлер тек кәсіби дағдыларын жақсартпай, өздерінің эмоционалдық әл-ауқатын сақтап, жұмысының сапасын арттырады. Бұл, өз кезегінде, қызмет көрсету деңгейін жоғары ұстап, клиенттердің қажеттіліктеріне тиімді жауап беруге ықпал етеді.

Әлеуметтік жұмыс жағдайында супервизия маңызды рөл атқарады, себебі бұл сала осал топтармен жұмыс істеумен байланысты, олар ерекше назар мен кәсібилік, сезімталдықты қажет етеді. Әлеуметтік қызметкерлер күн сайын күрделі өмірлік жағдайларда тұрған адамдармен жұмыс істейді, мысалы, кедейлік, зорлық-зомбылық, жұмыссыздық, психикалық бұзылулар және басқа да дағдарыс жағдайлары. Мұндай жағдайларда супервизор

тарапынан дұрыс басшылық пен қолдау көрсету әлеуметтік қызметкердің жұмысының нәтижелеріне және оның клиенттерінің әл-ауқатына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.Супервизия бірнеше негізгі аспектілерді қамтиды, оның ішінде кәсіби тәлімгерлік, эмоционалдық қолдау, шешім қабылдау және дағдарыс жағдайларын басқаруда көмек көрсету, сондай-ақ кәсіби дағдылар мен құзыреттерді дамыту. Супервизор тәлімгер және жетекші рөлін атқарып, әлеуметтік қызметкерлерге өздерінің рөлін жақсы түсінуге, жұмыс сапасын арттыруға және кәсіби қиындықтармен күресуге көмектеседі.

Сондай-ақ, супервизия әлеуметтік қызметкерлердің эмоционалдық күйін бақылауға және күйзеліс деңгейін төмендетуге, олардың кәсіби жұмысында тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ өздеріне деген сенімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасын жақсартуға және қызметкерлердің ұзақ мерзімді тиімді жұмыс жасауына ықпал етеді. Әлеуметтік қызметкерлер көптеген күрделі тапсырмалармен бетпе-бет келеді, оларды орындау жоғары кәсіби деңгейді, эмоционалдық тұрақтылықты және стресстік жағдайларда жұмыс істеу қабілетін талап етеді. Бұл тапсырмалар осал топтармен жұмыс істеуді қамтиды, мысалы, қарт адамдар, балалар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, созылмалы аурулары бар науқастар, сондай-ақ зорлық-зомбылық және кемсітушілік құрбандары. Сонымен қатар, әлеуметтік қызметкерлер жиі науқастар мен медициналық мекемелер арасындағы делдал рөлін атқарып, қажетті қызметтер мен көмек көрсету процесін үйлестіреді.Әлеуметтік қызметкерлердің негізгі міндеттерінің бірі - дағдарыс жағдайларын басқару, олар науқастардың өмірінде де, әлеуметтік қызмет көрсету барысында да пайда болуы мүмкін. Бұл дағдарыс жағдайлары науқастың денсаулығының кенеттен нашарлауы, отбасылық жанжалдар, жұмыссыздық немесе баспанасыз қалу сияқты жағдайларды қамтуы мүмкін, олар шұғыл араласуды және шешім қабылдауды талап етеді. Мұндай жағдайда әлеуметтік қызметкер жоғары кәсіби дағдыларға ие болуы керек, тез әрі дұрыс шешімдер қабылдауға дайын болуы және өз клиенттеріне психологиялық қолдау көрсету қабілетіне ие болуы керек.

Алайда, жоғары жүктеме, тұрақты қысым және осал топтармен жұмыс істеу барысында туындайтын эмоционалдық күйзелістер әлеуметтік қызметкерлер

арасында эмоционалдық күйзелістің (выгорания) дамуына әкеледі. Эмоционалдық күйзеліс созылмалы шаршау, мотивацияның төмендеуі, цинизм мен тиімділік сезімінің жоғалуы түрінде көрінеді, бұл өз кезегінде жұмыстың сапасына және қызметкердің эмоционалдық әл-ауқатына теріс әсер етеді.

Ғылыми жетекшісі: әлеу.ғ.к.,
профессор ассистенті Джамалиева Г. Ж.
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

АННОТАЦИЯ

Қарағанды/Қазақстан kapkeshovaan@mail.ru
ORCID NO: 0009-0003-9294-0410

Аутизм – бұл эмоциялық көріністер мен қарым-қатынас саласының айқын шектелуімен сипатталатын психикалық және психологиялық дамудың бұзылысы. «Аутизм» сөзі аудармада «өз әлеміне тұйықталған адам» дегенді білдіреді. Бұл дертке шалдыққан адам өз сезімдерін, қимылдарын, сөйлеуін басқаларға бағыттамайды, ал оның іс-әрекеттері әлеуметтік мағынадан айырылған болуы мүмкін.

Мақалада аутизм спектрі бұзылысының жалпы сипаттамасы, дерттің пайда болу себептері, аутист баланың қоршаған ортаны қалай қабылдайтыны, аутизмнің негізгі белгілері мен ата-аналарға ескертетін алғашқы сигналдар көрсетіледі.

Сонымен қатар, әлеуметтік қолдаудың ғылыми негізделген тәсілдері, жеке оңалту бағдарламалары, психологиялық кеңес беру, отбасыларға арналған онлайн қауымдастықтар құру мүмкіндіктері қарастырылады. Мақалада сондай-ақ отбасыларға арналған нақты әлеуметтік қолдау шаралары мен болашақ даму перспективалары талқыланады.

Көп жағдайда диагноз 3–5 жас аралығындағы балаларға қойылып, ерте жастан аутизм (ЕЖА) немесе Каннер синдромы деп аталады. Бұл бұзылыстың клиникалық көріністері, сондай-ақ емдеу жолдары аутизм түріне байланысты әртүрлі болады және көбіне бет әлпетінің өзгерістері, қимыл-қозғалыс, сөйлеу көлемі мен анықтығының бұзылуы арқылы байқалады.

Кілт сөздер: әлеуметтік қолдау, аутизм спектрі бұзылысы, ғылыми зерттеу, практикалық тәсіл, білім беру бағдарламалары.

РАЗВИТИЕ АУТИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация: Аутизм представляет собой нарушение психического и психологического развития, характеризующееся выраженным дефицитом эмоциональных проявлений и нарушением коммуникативной сферы. В переводе слово «аутизм» означает «человек, погружённый в себя». Человек с этим диагнозом, как правило, не выражает свои эмоции, жесты и речь окружающим, а его действия часто не несут социального значения.

В данной статье представлено общее описание расстройств аутистического спектра, причины возникновения, особенности восприятия окружающей среды детьми с аутизмом, основные признаки заболевания и первые сигналы для родителей.

Также рассматриваются научные подходы к социальной поддержке — индивидуальные программы реабилитации, психологическое консультирование, создание онлайн-сообществ для поддержки семей. Помимо этого, обсуждаются практические меры и социальные программы, доступные для родителей, а также перспективы развития данной сферы в Казахстане.

Многих родителей волнует вопрос: как распознать аутизм у ребёнка и в каком возрасте он впервые проявляется? Чаще всего диагноз ставится в возрасте от 3 до 5 лет и называется ранний детский аутизм (РДА) или синдром Каннера.

Клинические проявления и подходы к лечению зависят от формы аутизма и могут включать особенности мимики, жестов, объёма и чёткости речи.

Ключевые слова: социальная поддержка, расстройства аутистического спектра, научное исследование, практический подход, образовательные программы.

THE DEVELOPMENT OF AUTISM IN KAZAKHSTAN

Annotation: Autism is called a disorder of mental and psychological development, in which there is a clear lack of emotional manifestations and the sphere of communication. In translation, the word "autism" means a person who is embedded in himself or in a person within himself. A person with this disease will never show his emotions, G-gestures and speech to others, and his actions often have no social significance.

This article presents a general description of the autism spectrum, the causes of the development of the disease, how an autistic child perceives the environment, signs of autism,manifestations of childhood autism: the first signals to parents, etc.

We also study scientific approaches to social support, including individual rehabilitation programs, psychological counseling, and the creation of online communities to support families. In addition, practical measures and social support programs available to families, as well as development prospects in this area, will be discussed.

Many parents are concerned about the question of how to understand that a child has autism and at what age this disease appears for the first time. Most often, this diagnosis is made in children aged 3 to 5 years and is called RDA (early childhood autism) or Kanner syndrome. The clinical manifestations of this disease, like the principles of treatment, depend on the type of autism and are often manifested in facial expressions, gestures, disorders of the volume and clarity of speech.

Key words: social support, autism spectrum disorder, scientific research, practical approach, educational programs.

Аутизм спектрі бұзылысы (АСБ) – әлеуметтік өзара әрекеттесудегі, коммуникация мен мінез-құлықтағы бұзылыстармен сипатталатын неврологиялық даму бұзылысы. Бұл дерттің таралуы жыл сайын артып келеді. ДДСҰ мәліметтері бойынша, әлемде әрбір 100 баланың біреуі осы бұзылыспен өмір сүреді. Қазақстанда бұл мәселе соңғы онжылдықта ғана жүйелі түрде зерттеле бастады. Мемлекет тарапынан инклюзивті білім беру, ерте диагностика, әлеуметтік қолдау бағдарламалары іске қосылғанымен, өңірлік теңсіздік, мамандардың жетіспеушілігі және қоғамдық стигма сияқты мәселелер әлі де өткір күйінде қалып отыр.

Аутизм – туа біткен немесе ерте жаста байқалатын психоневрологиялық бұзылыс. Оның себептері әлі күнге дейін толық анықталмаған. Болжам бойынша, бұл генетикалық факторлар мен ортаның әсерінен туындайды. Баланың қоршаған ортамен байланысы әлсірейді, сөйлеуі дамымайды, эмоциялық кері байланыс әлсіз болады. Аутизмнің негізгі сипаттары ретінде стереотипті

әрекеттер, әлеуметтік өзара әрекеттестік тапшылығы, және шектеулі мүдделер атауға болады. Ерте диагностикаланса, баланың әлеуетін дамытуда елеулі табысқа жетуге болады.

2022 жылғы stat.gov.kz мәліметтеріне сәйкес, Қазақстанда АСБ диагнозы қойылған балалардың саны 8 000-нан асты. Бірақ бұл тек тіркелген жағдайлар. Ауылды өңірлерде диагностика жүргізілмегендіктен нақты сан бұдан да жоғары болуы мүмкін. Бүгінде республикада 11 «Асыл Мирас» орталығы жұмыс істейді, олар ABA терапиясы, логопедиялық және дефектологиялық көмек ұсынады. Алайда, бұл орталықтар тек облыс орталықтарында орналасқан.

Мектептерде инклюзивті білім беруді енгізу бойынша 2020 жылы қабылданған тұжырымдама бар. Бірақ арнайы педагогтар, дефектологтар мен тьюторлардың жетіспеушілігі және қазақ тіліндегі ресурстардың тапшылығы осы процестің толық іске асуына кедергі болуда.

Инклюзивті білім беру – ерекше қажеттілігі бар балалардың жалпы білім беру процесіне қатысуын қамтамасыз ететін тәсіл. Қазақстанда бұл бағыт жүйелі түрде дами бастағанымен, толық енгізілді деуге келмейді. Аутизмі бар балаларды мектепке бейімдеу үшін білім беру мазмұнын дараландыру, қолдау мамандарын тарту, педагогтерді оқыту маңызды. Диагностика мәселесінде ең негізгі проблема – ерте скринингтің жетілмегендігі. Кейбір облыстарда бала 5–6 жасқа жеткенде ғана диагноз қойылады, ал бұл түзету шаралары үшін тым кеш. Қазіргі уақытта емханаларда балаларды жүйелі тексеруге арналған скринингтік құралдар енгізіліп жатқанымен, бұл процестің қарқыны әртүрлі.

Қазақстанда аутизмге байланысты қоғамдық түсінік әлі де жеткіліксіз. Қоғамда бұл дерт туралы қате пікірлер, қорқыныш пен теріс стереотиптер кең таралған. 2023 жылғы сауалнама нәтижесінде ата-аналардың 67%-ы баласының диагнозын жасыруға мәжбүр екенін айтқан [1]. Бұл жағдай ата-аналардың психологиялық күйіне, баланың әлеуметтенуіне теріс әсер етеді. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жеткіліксіз, әсіресе қазақ тілді контент аз. Ата-аналар қауымдастықтарын, онлайн платформаларды және ақпараттық видеоматериалдарды кеңінен тарату қажеттілігі туындап отыр.

Канадада «Ұлттық аутизм стратегиясы» аясында әрбір провинцияда ерте диагностикалау, жеке білім беру бағдарламасы және әлеуметтік қолдау қарастырылған [2]. Швецияда барлық мектептер инклюзивті және мұғалімдер міндетті түрде инклюзивті оқытудан өтеді. АҚШ-та IDEA заңы негізінде әрбір бала арнайы жоспармен оқытылады. Ресейде аутизмді ерте анықтауға арналған скрининг бағдарламалары енгізілуде, бірақ қолдау жүйесі өңірлер арасында әркелкі. Қазақстан үшін Канада мен Швеция үлгілері — бейімдеуге тұрарлық тәжірибе.

Көрсеткіш	Ресей	Канада	АҚШ	Ұлыбритания	Грузия	Қазақстан
Ерте диагностика	Кешігіп жүзеге асады, өңірлік айырмашылықтар бар.	18–24 айда скрининг міндетті.	18 айдан бастап міндетті скрининг.	NHS жүйесі арқылы ерте кезеңде анықталады.	Жүйелі диагностика жоқ, кеш анықталады.	Жүйе дамуда, ерте диагностика сирек, бағдарлама енді енгізілуде.
Заңнамалық негіз	«Доступная среда», Білім беру заңы.	Accessible Canada Act, провинциялық реттеулер.	IDEA, ADA, Section 504.	SEND Code of Practice, EHCP.	Арнайы заңнама жоқ.	ҚР Конституциясы, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 ж., жаңартулармен), «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заң (2002 ж.), «Инклюзивті білім беру тұжырымдамасы» (2020-2025жж), заңнама жетілдіру үстінде, ҚР Еңбек және

						халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрықтары, ҚР БҒМ-нің «ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту» әдістемелік ұсынымдары; «Арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттары».
Инклюзивті білім беру	Тек кейбір мектептерде бар, кадр жетіспейді.	Ассистенттермен толық инклюзия.	Арнайы білім беру жоспары, ресурс сыныптар кең таралған.	Мектептерде толық инклюзия жүзеге асуда.	Төмен деңгейде, инфрақұрылым жеткіліксіз.	2020 жылдан бастап инклюзия дамып келеді, бірақ маман тапшы.
Қаржылық қолдау	Жәрдемақы мөлшері төмен, аймаққа тәуелді.	Провинциялық қаржыландыру, жеке купондар.	Medicaid, SSI, сақтандыру арқылы қолдау.	Жергілікті кеңестермен гранттар.	Шектеулі, халықаралық гранттарға сүйенеді.	Арнайы жәрдемақы бар, бірақ жеткіліксіз, ата-аналар өз бетімен шешеді.
Психоәлеуметтік көмек	ҮЕҰ мен жеке орталықта	Кең таралған тренингтер,	Ата-аналарға арналған	NHS, ата-аналар клубтары,	Жүйеленбеген, көбіне ата-аналар	Бастапқы деңгейде, кейбір

	р қамтамасыз етеді.	отбасылық кеңес беру.	коучингтер, терапия.	қолдау тобы.	қауымдастықтарына тәуелді.	өңірлерде ата-аналар клубы, даму үстінде.
ҮЕҰ белсенділігі	«Выход», «Антон тут рядом».	CASDA, Autism Canada.	ASAN, Autism Speaks.	National Autistic Society.	Autism.ge, GHCA.	«Болашақ», «Жанұя», «ASPIRE», жергілікті ҮЕҰ.
Мамандармен қамтамасыз ету	Дефектолог, логопед жетіспейді.	АВА терапевттері, логопед жеткілікті.	Клиникалық психологтар, арнайы маманда р кең таралған.	SENCO, логопедтер мен арнайы педагогтар жүйелі жұмыс істейді.	Мамандар өте аз, оқыту қажет.	Мамандар тапшылығы байқалады, оқыту бағдарламалары енді енгізілуде.

Мемлекет	**Жақсы жақтары:**	**Әлсіз жақтары**
Ресей	Заңнамалық база бар, ҮЕҰ белсенді.	Инфрақұрылым аймақтарда біркелкі емес, кадр жетіспейді.
Канада	Ерте диагностика, кешенді қолдау жүйесі.	Провинциялық деңгейдегі айырмашылықтар.
АҚШ	Инклюзия, қаржыландыру, ата-аналармен жұмыс жүйелі.	Қызметтерге қолжетімділік табыс деңгейіне тәуелді.
Ұлыбритания	NHS негізінде кешенді модель қалыптасқан.	Кейбір аудандарда ресурстар шектеулі.
Грузия	Халықаралық ұйымдар көмегімен даму жүріп жатыр.	Мамандардың жетіспеуі, заңнаманың әлсіздігі.
Қазақстан	Инклюзияға стратегиялық қадам жасалды.	Ерте диагностика мен мамандар дайындау мәселелері өзекті.

Аутизммен өмір сүретін балаларды қолдау үшін Қазақстанда кешенді мемлекеттік бағдарлама қажет. Ол ерте диагностикадан бастап білім беру мен

әлеуметтік қызметтерге дейінгі барлық кезеңді қамтуы тиіс. Сонымен қатар, педагогикалық ЖОО-ларда дефектологтар мен арнайы педагогтар даярлау бағытын кеңейту, ата-аналарға психологиялық көмек пен әдістемелік материалдарды қазақ тілінде ұсыну – басты міндеттер. Қоғамдық сана мен ақпараттық қолдау арқылы стигманы төмендету жұмысы да үздіксіз жүргізілуі керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қожахметова Г. (2023). Аутизмге қатысты әлеуметтік стигма. – Алматы: Білім, 84 б.
2. Canadian Autism Spectrum Disorders Alliance. (2021). National Autism Strategy.
3. Асыл Мирас қоры. (2023). Жылдық есеп. https://asylmiras.org
4. ҚР Білім және ғылым министрлігі. (2020). Инклюзивті білім беру тұжырымдамасы.
5. World Health Organization (2022). Autism spectrum disorders: key facts. https://www.who.int
6. Nilsson, S. (2020). Inclusive education in Sweden. Journal of Education Policy, 35(4), 521–538.
7. Stat.gov.kz. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. 2023.
8. United Nations. (2021). Disability and Development Report.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕУ МЕН ОҢАЛТУДЫҢ МӘНІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Медина КУРМАШЕВА

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Философия жне психология факультеті

Ассоц.профессор Жанар КЕНДИРБЕКОВА

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Философия жне психология факультеті

Kurmaweva99@mail.ru

ORCID: 0009-0001-0596-6619

zhanaret@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-6794-7897

ABSTRACT

The article discusses in detail the essence and problems of adaptation and rehabilitation of children with disabilities in society. The importance of social adaptation and inclusion of children with disabilities in society is analyzed. The causes of maladaptation and ways to prevent it are studied. Through the methods of Correction and compensation, the possibilities of bringing the mental development of children closer to the normal level are considered. The article provides information on the adaptation of children with disabilities to the social environment, the importance of inclusive education and socio-psychological adaptation. The issues of education and upbringing of children with disabilities, inclusion in the life of society and work are currently relevant. Their training and education, their involvement in the life of society and work is a serious social and pedagogical problem. For the adaptation of children with disabilities to society, it is important to provide social and pedagogical support from an early age, develop special educational programs, and develop an inclusive education system. This makes it possible to facilitate the social adaptation of children, bring their psychological development closer to the level of normal children. In conclusion, it is noted that comprehensive measures are needed for the adaptation and rehabilitation of children with disabilities in society.

Keywords.

Children with disabilities, adaptation to society, rehabilitation, social adaptation, correction, compensation, inclusive education, special educational programs, socio-pedagogical support, psychological development, maladaptation, inclusion in the social environment, full life, comprehensive measures.

АҢДАТПА

Мақалада мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға бейімделуі мен оңалтуының мәні мен мәселелері жан-жақты қарастырылады. Әлеуметтік бейімделу және мүгедек балалардың қоғамға қосылуының маңызы талданады. Дезадаптацияның себептері мен оның алдын алу жолдары зерттеледі. Коррекция және компенсация әдістері арқылы балалардың психикалық дамуын қалыпты деңгейге жақындату мүмкіндіктері қарастырылады. Мақалада мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу, инклюзивті білім беру және әлеуметтік-психологиялық бейімделудің маңызы туралы ақпараттар ұсынылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу, қоғам өміріне және еңбекке араластыру мәселелері қазіргі уақытта өзекті болып табылады. Оларды

оқыту мен тәрбиелеу, қоғам өміріне және еңбекке араластыру – күрделі әлеуметтік және педагогикалық мәселе болып отыр. Мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға бейімдеу үшін ерте бастан әлеуметтік және педагогикалық қолдау көрсету, арнайы білім беру бағдарламаларын әзірлеу, инклюзивті білім беру жүйесін дамыту маңызды. Бұл балалардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдетуге, психологиялық дамуын қалыпты балалардың деңгейіне жақындатуға мүмкіндік береді. Қорытындысында, мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға бейімделуі мен оңалтуы үшін кешенді шаралар қажет екендігі атап өтіледі.

Кілт сөздер.
Мүмкіндігі шектеулі балалар, қоғамға бейімделу, оңалту, әлеуметтік бейімделу, коррекция, компенсация, инклюзивті білім беру, арнайы білім беру бағдарламалары, әлеуметтік-педагогикалық қолдау, психологиялық даму, әлеуметтік ортаға қосылу, толыққанды өмір сүру, кешенді шаралар.

КІРІСПЕ

Мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға бейімделуі мен оңалуы – қазіргі әлеуметтік дамудың өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Бұл үрдіс, бір жағынан, әлеуметтік институт ретіндегі әлеуметтік жұмыстың дамуымен байланысты болса, екінші жағынан – қоғамдағы мүгедек балалар санының артуымен және олардың ерекше қажеттіліктерін ескеретін қолдаушы ортаның жеткіліксіздігімен байланысты. Осындай жағдайда әлеуметтік жұмыс мамандарының алдында жаңа күрделі міндеттер туындайды. Атап айтқанда, баланың және оның отбасының әлеуметтік ортаға алғашқы бейімделуін қамтамасыз ету, жоғалған әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіру, баланы қоғамдағы толыққанды мүшеге айналдыру – бұл әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби шеберлігі мен адамгершілік жауапкершілігін талап ететін маңызды бағыттар. Әлеуметтік қызметкердің қызметінің тиімділігі олардың білім-білігіне, тәжірибесіне, сыртқы ортадағы өзгерістерді бағамдай алуына, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға кіріктірудің жолдарын дұрыс анықтай алуына тікелей байланысты.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың негізгі әлеуметтік мәселелері ретінде денсаулық сақтау мен оңалту қызметтерінің қолжетімділігі, сапалы білім алу құқығы, болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігі, инклюзивті инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, сондай-ақ әлеуметтік саланың қаржыландыруындағы олқылықтарды атауға болады. Әсіресе, қоғамдық

инфрақұрылым нысандарының (ауруханалар, мектептер, жоғары оқу орындары және т.б.) сәулет-құрылымдық бейімсіздігі баланың қоғамға бейімделуін қиындатады.

Бала – өсіп келе жатқан, дамушы ағза. Сондықтан бұл санаттағы балалар үшін тек медициналық көмек қана емес, сонымен қатар оларды қоғамға бейімдеуге бағытталған кешенді әлеуметтік қолдау қажет. Зерттеу тақырыбының өзектілігі дәл осы әлеуметтік бейімделудің жеткіліксіздігімен, сондай-ақ осы бағыттағы әлеуметтік жұмыстың құрылымдалмаған жүйесімен анықталады.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға бейімделуі мен оңалтуына деген қызығушылық ғылыми және практикалық ортада үнемі артып келеді. Бұл бағыттағы мәселелерді зерделеуде отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінің маңызы зор. Атап айтқанда, Л.И. Акатов, Л.И. Аксенова, Е.Ф. Альчидиева, В.Д. Байрамов, Н.Ф. Басов, М.А. Болдина, Д.А. Быкова, Л.К. Грачев секілді зерттеушілердің еңбектерінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған әлеуметтік қызмет көрсету мәселелері кеңінен қарастырылған. Сондай-ақ шетелдік авторлар – М.М. Айшервуд, С. Брандт, Ш. Риддел, Т. Тинклин, А. Уилсон және басқалар өз еңбектерінде инклюзия мен оңалтудың тиімді тәсілдерін талдайды.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға бейімдеу мен оңалтудың басты мақсаты – баланың әлеуетін іске асыруға жағдай жасап, оны қоғамда толыққанды өмір сүруге бейімдеу. Бұл үдеріс арнайы әлеуметтік жұмыс технологиялары арқылы жүзеге асады. Олар мәселені анықтау, ақпарат жинау, проблеманың себептерін талдау және шешу жолдарын табу, әлеуметтік мәртебе мен мәдени бағдарларды өзгерту, ресурстық қолдау мен ортаға бейімдеу секілді бағыттарды қамтиды.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен әлеуметтік жұмыстың негізгі технологиялары ретінде:

әлеуметтік оңалту,
әлеуметтік профилактика,
әлеуметтік-психологиялық түзету,
кеңес беру,
әлеуметтік патронат түрлерін атауға болады.

Бұл технологиялар баланың жеке ерекшеліктерін, оның қажеттіліктері мен мүдделерін ескере отырып, оны қоғамға табысты бейімдеуге бағытталған.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға бейімделуіндегі негізгі қиындықтарды анықтау және осы саладағы әлеуметтік қызмет сапасына ата-аналардың көзқарасын білу мақсатында сауалнама түрінде эмпирикалық зерттеу

жүргізілді. Сауалнама Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы мүмкіндігі шектеулі балалармен үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесі арқылы жүргізілді. Зерттеуге аталған бөлімшенің арнайы қызметін пайдаланатын 20 ата-ана қатысты.

Сауалнама келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Мүмкіндігі шектеулі баланы қоғамға бейімдеуде қандай қиындықтар жиі кездеседі?

Респонденттердің көпшілігі (55%) ең өзекті мәселе ретінде баланың өзін-өзі күту дағдыларының төмендігін көрсетті. Бұл көрсеткіш мүмкіндігі шектеулі балалардың дербес өмір сүруіне кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі ретінде танылды.

30% ата-ана ауылдық жерлерде инфрақұрылымның (пандустар, бейімделген көлік, арнайы мектептер, оңалту құралдары) жеткіліксіз екенін атап өтті. Бұл фактор баланың білім алу және әлеуметтік ортаға қосылу үдерісін тежейтінін көрсетеді.

Ал 10% респондент жұмысқа орналасу мүмкіндігінің төмендігін баласының болашағына қауіп төндіретін мәселе ретінде бағалады.

5% ата-ана психологиялық бейімделу мен әлеуметтік байланыстардың шектеулілігіне назар аударды. Олар балалардың қатарластары арасында өзін еркін сезіне алмауы, қарым-қатынастың қиындығы мен оқшаулануын өзекті проблема ретінде көрсетті.

2. Қазіргі таңда ұсынылып отырған әлеуметтік қызметтер сіздің балаңыздың қоғамға бейімделуіне қаншалықты көмектесуде?

Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 40%-ы қызметтің ішінара көмектесетінін, бірақ бұл көмектің тұрақты және жүйелі түрде жүргізілмейтінін айтты.

35% ата-ана қызмет тиімділігін орташа деңгейде деп бағаласа, 15% мүлдем нәтиже байқалмайтынын, яғни тек формалды көмек көрсетілетінін мәлімдеді.

Тек 10% респондент қызмет сапасына толық қанағаттанатынын, мамандардың кәсіби біліктілігі жоғары екенін көрсетті.

3. Сіздің пікіріңізше, болашақта бұл бағыттағы жұмысты жақсарту үшін не қажет?

Ата-аналардың ұсыныстары келесі бағыттарға шоғырланды:

- Мүгедек балалармен жұмыс істейтін мамандарды кәсіби тұрғыда жүйелі қайта даярлау және біліктілігін арттыру – 60%;
- Психологиялық қолдау және ата-аналарға арналған тренингтер өткізу – 25%;

- Қоғамдық инфрақұрылымды бейімдеуді жеделдету – 15%.

Сауалнама нәтижелері қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға бейімдеу және оңалту жүйесінде бірқатар ұйымдастырушылық, кадрлық және инфрақұрылымдық мәселелердің бар екенін көрсетті. Сонымен қатар, ата-аналар әлеуметтік қызметкерлер тарапынан көрсетілетін көмектің жүйелілігі мен тиімділігіне қатысты біркелкі пікір білдірмеді, бұл саладағы мамандар даярлығының әркелкілігін және жүйелі оқыту қажеттілігін растайды.

Аталған мәселелерді шешу үшін болашақ әлеуметтік қызметкерлерді кәсіби даярлау үдерісінде теориялық біліммен қатар, нақты практика мен әлеуметтендіру тәжірибесіне баса назар аудару қажеттігі анық байқалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға бейімдеу мен оңалту – бұл тек әлеуметтік қызмет көрсету емес, бұл – адам тағдырын өзгертуге ықпал ететін маңызды кәсіби қызмет. Осы үдеріске қатысатын маман – бұл баланың жеке дамуына ықпал етіп, оның қоғамда лайықты орнын табуға жағдай жасайтын тұлға.

Бұл салада еңбек ету әр маманнан үлкен жауапкершілік пен жанашырлықты, кәсіби құзыреттілікті және адамгершілік ұстанымды талап етеді. Жүргізілген зерттеулер мен сауалнамалар көрсеткендей, бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға бейімдеу және оңалту жұмысы әлі де болса жетілдіруді қажет етеді. Сол себепті әлеуметтік қызметкерлерді арнайы дайындау үдерісі – бұл кездейсоқ емес, жүйелі, теория мен практиканы ұштастыратын маңызды міндет болуы тиіс.

Болашақ мамандар тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар практикалық машықтарды меңгеру арқылы мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың отбасыларына нақты көмек көрсете алатындай дәрежеге жетуі қажет. Бұл – әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің және баршаға тең мүмкіндіктер жасау жолындағы маңызды қадам.

Әдебиеттер тізімі:

1. Акатов Л. И. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік оңалту: психологиялық негіздері: Оқу құралы. – М.: ВЛАДОС, 2014. – 368 б.
2. Басов Н. Ф. Халықтың әртүрлі топтарымен әлеуметтік жұмыс: оқу құралы. – М.: НОРУС, 2016. – 528 б.
3. Быков Д. А. Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалту кешенін құру тәжірибесі // Педагогика. – 2017. – №6. – Б. 132.

4. Грачев Л. К. Мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылармен әлеуметтік жұмыс бағдарламасы // Әлеуметтік қамсыздандыру. – 2015. – №9. – Б. 60.
5. Гуслякова Л. Г. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу технологиясы бойынша нұсқаулық. – М.: Қазақстанның әлеуметтік денсаулығы, 2016. – 210 б.
6. Семушкина Л. Г. Арнаулы оқу орындары студенттерінің кәсіби қызметіне дайындығын бақылау әдістемесін әзірлеу // Кәсіптік білім. – 2013. – №10. – Б. 2–6.ұ
7. Шмелева Н. Б. Әлеуметтік жұмыс маманының кәсіби-тұлғалық дамуы. – Ульяновск: СВНЦ, 2017. – 239 б.
8. Пристли М., Уолкер А., Джоли Д. Инклюзия және мүгедектік мәселелері: халықаралық тәжірибе. – Лондон: Routledge, 2015. – 274 б.
9. Уилсон А., Риддел Ш. Әлеуметтік әділет және ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс. – Эдинбург: Scottish Academic Press, 2016. – 198 б.
10. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы. – Астана, 2002.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

магистрант **Айкерім ЕРКІН**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада Қарағанды облысындағы жас мамандардың жұмысқа орналасу стратегиялары жан-жақты талданады. Жоғары оқу орындарын жаңа аяқтаған түлектердің еңбек нарығына бейімделу барысындағы негізгі қиындықтары мен кедергілері анықталып, олардың шешім жолдары ұсынылған. Зерттеу барысында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, жастардың жұмыс іздеу арналары, таңдаған стратегиялары және мотивациялық факторлары сараланып отыр. Әсіресе, тәжірибе жетіспеушілігі, бос жұмыс орындарының тапшылығы және еңбек нарығы туралы ақпараттың жеткіліксіздігі сияқты мәселелер басты

Қарағанды, Қазақстан /
E-mail: e.aikerim.ae@gmail.com
ORCID ID: 0009-0000-8277-3741

кедергі ретінде көрсетілген. Сонымен қатар, мақалада жас мамандардың өзін-өзі дамытуға бағытталған қадамдары, заманауи технологияларды қолдану арқылы онлайн жұмыс табу тәсілдері, кәсіби желілерді тиімді пайдалану секілді аспектілер қарастырылады. Автор сонымен қатар, аймақтағы еңбек нарығының нақты жағдайын ескере отырып, университеттер мен жұмыс берушілер арасындағы байланысты күшейту, кәсіптік бағдар беру қызметтерін жетілдіру және жастар үшін қолайлы экожүйе қалыптастыру бойынша нақты практикалық ұсыныстар береді.

Кілт сөздер: жас маман, Қарағанды облысы, еңбек нарығы, жұмысқа орналасу, стратегия, сауалнама, ұсыныстар

Қазақстандағы жалпы жастар жұмыссыздығы деңгейі 2023 жылы 3,8% болса, бұл көрсеткіш ауылдық аймақтарда жоғарырақ. Қарағанды облысы – өнеркәсіп пен өндіріс саласы қарқынды дамыған өңір болғандықтан, мұнда техникалық мамандықтарға сұраныс басым. Алайда, қызмет көрсету және креативті салаларда жұмыс іздейтін жас мамандарға қолайлы жағдай әлі де жеткіліксіз.

Қарағанды облысында жыл сайын ЖОО бітірген 6-7 мың жас маманның кем дегенде 25-30%-ы алғашқы жылы тұрақты жұмысқа орналаса алмайды. Бұл көрсеткіш облыстың экономикалық өсімімен және еңбек нарығындағы құрылымдық сәйкессіздікпен байланысты. Сондай-ақ, ауыл-аймақ пен қала арасындағы инфрақұрылым мен мүмкіндік теңсіздігі жастардың кәсіби дамуына әсер етеді. Зерттеудің мақсаты – осы кедергілерді жүйелі түрде анықтап, ғылыми негізделген стратегиялар ұсыну.

Сонымен қатар, қазіргі таңда кадрларға қойылатын талаптар өзгеріп келеді – тек дипломмен шектелмей, жұмсақ дағдылар (soft skills), шет тілдерін меңгеру, цифрлық сауаттылық және эмоционалды интеллектке ерекше көңіл бөлінуде. Жас мамандар бұл дағдыларды игеру үшін онлайн курстарға, вебинарлар мен тренингтерге жүгінуде. 2022–2024 жылдар аралығында Қарағанды облысындағы жастардың жұмыссыздық деңгейі 6,7%-дан 5,9%-ға төмендегені байқалады [1]. Қарағанды облысында техникалық және кәсіптік мамандық иелеріне сұраныс артып келеді. Алайда, жұмыс берушілердің көпшілігі кемінде 1-2 жыл тәжірибесі бар қызметкерлерді қалайды, бұл жаңа бітірген жастарға кедергі тудырады. Мұндай жағдайда дуальді білім беру жүйесін кеңейту және кәсіби практиканың сапасын арттыру – негізгі шешімдердің бірі болмақ. «Жастар практикасы» және «Бірінші жұмыс орны» сияқты бағдарламалар 2023 жылы 3100-ден астам жас маманға уақытша жұмыс табуға көмектесті [2].

Зерттеуде анықталған тағы бір маңызды фактор – еңбек нарығындағы жалақы мәселесі. Қатысушылардың 54%-ы ұсынылған жалақының өмір сүру минимумына сәйкес келмейтінін айтқан. Сонымен қатар, 38%-ы еңбек құқығы мен келісімшарттарға қатысты толық ақпарат берілмейтінін жеткізді.

Көптеген жас мамандар өз стартап жобаларын іске қосу арқылы өзін-өзі жұмыспен қамтуда. Бұл ретте бизнес-инкубаторлар мен гранттық қолдау бағдарламалары (мысалы, “Zhas Project”, “Бизнестің жол картасы”) маңызды рөл атқарады. Қоғамда фриланс пен гибридті жұмыс форматтарына сұраныс артып келеді.

Сауалнама барысында қатысушылардың 70%-ы университетте алған білімдерінің еңбек нарығымен толық сәйкес келмейтінін атап өтті [3, 47]. Сондай-ақ, сұралғандардың 42%-ы мансаптық кеңес беру немесе еңбек нарығы жайлы жеткілікті ақпарат алмағанын айтты. Бұл жастардың бағдарсыздық сезімін арттырып, тұрақты жұмыс табу мүмкіндігін төмендетеді.

Жастарға арналған ақпараттық ресурстар мен цифрлық еңбек платформаларының сапасын арттыру маңызды. Білім беру жүйесіне кәсіпкерлік негіздерін, еңбек нарығының трендтерін және резюме жазу, сұхбаттасуға дайындық секілді практикалық курстар енгізу қажет. Бұл ұсыныстар жас мамандардың табысты бейімделуін қамтамасыз етіп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Соңғы жылдары кәсіби бейімделудің жаңа құралдары – LinkedIn, Upwork, Jobber.kz сияқты платформалар арқылы онлайн түрде жұмыс табу кең етек жаюда. Бұл әсіресе IT, дизайн, маркетинг, аударма және SMM салаларында жиі кездеседі. Жас мамандар өзін таныту үшін әлеуметтік желілерде жеке портфолио жасап, өз қызметтерін жарнамалай бастады.

Облыс әкімдігі мен білім беру мекемелері арасындағы серіктестікті арттыру, түлектердің еңбек нарығына еркін шығуын жеңілдетеді. Мемлекеттік тапсырыс негізінде кадр даярлау жүйесінде нақты өңірлік сұраныс ескеріліп, кәсіпкерлікке баулуға ерекше мән беру ұсынылады. Қазіргі цифрлық дәуірде IT және цифрлық сауаттылыққа баса назар аудару – табысты жұмысқа орналасудың кепілі болмақ. Сонымен қатар, жастардың еңбек нарығына бейімделуін жылдамдату үшін бизнес-құрылымдар мен оқу орындары арасында тәжірибелік платформалар құру қажет. Оқу орнында оқып жүріп тәжірибе жинауға мүмкіндік беретін келісімшарттық негіздегі жүйе енгізу ұсынылады. Бұл студенттерге нақты кәсіби ортада дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, облыстық деңгейде жас мамандарды қолдау орталықтары құрылып, психологиялық, құқықтық және мансаптық кеңес беру тұрақты жүргізілуі тиіс. Жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыру арқылы олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. https://stat.gov.kz

2. «Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша есептер. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

3. Сәрсенов Б.Ж. Еңбек нарығындағы жастар мәселелері // Әлеуметтік жұмыс. – 2023. – №2. – Б. 45–51.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

магистрант **Ерсін СӘКЕН**
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ

«Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік саланың басқа да кәсіптері» кәсіптік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 125 бұйрығы (бұдан әрі-Кәсіптік стандарт) қабылдануымен әлеуметтік жұмыс мамандарын даярлауды қайта қарауды талап етеді. Мәселен, кәсіптік стандартта келесідей мамандықтар қарастырылған: әлеуметтік жұмыскер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдардағы әлеуметтік жұмыскердің ассистенті, әлеуметтік жұмыскер кейс-менеджер, әлеуметтік жұмыс менеджері.

Кәсіптік стандарт білім беру бағдарламаларын құруға мүмкіндік береді, соның ішінде кәсіпорындарда жұмыскерлерді оқытуға, білім беру ұйымдарының жұмыскерлері мен түлектерін аттестациялауға, әлеуметтік саладағы кең ауқымды міндеттерді шешуге арналған.

Қазіргі кезде әлеуметтік жұмыс мамандары қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар тұлғаларға, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға, жұмыссыздарға, тәуекел топтағы отбасыларға т.с.с. қоғамның әлжуаз топтарымен қызмет етеді. Аталған топтармен жұмыс жасау үшін әлеуметтік жұмыс маманынан қажетті теориялық біліммен қатар, практикалық машықтарды, дағдыларды, одан бөлек эмоционалдық төзімділікті, психологиялық тұрақтылықты қажет етеді. Өз кезегінде мұндай қажетті дағдыларды меңгеру, қызмет алушылармен тікелей байланыста болумен немесе кәсіби маманның жұмысын сырттай бақылау арқылы жүзеге асыуы мүмкін.

Мақаланың мақсаты қазіргі кездегі әлеуметтік жұмыс мамандарын даярлау бағдарламаларын талдау арқылы даярлау бойынша жаңа бағыт анықтау.

Қарағанды, Қазақстан / e-posta: saken1220@mail.ru
ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-0212-6486

Кілт сөздер: даярлау, мамандық, әлеуметтік жұмыс маманы, қолданбалы бакалавр, кәсіптік стандарт, дағды, машық.

Кәсіптік стандартқа сәйкес «Әлеуметтік жұмыскер» мамандығы бойынша келесідей машықтар талап етіледі: халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру органдары мен ұйымдарының, қарттармен, мүгедектігі бар адамдармен, оның ішінде мүгедектігі бар балалармен жұмыс істеуге уәкілетті ұйымдардың мамандарымен өзара әрекеттесу; өтініш берушімен әңгімелесу, өтініш берушінің тұрғылықты жеріне бару, тиісті ұйымдарға сауалдар дайындау және көршілерден қызметтерді алуға объективті себептер бар-жоғын сұрау; әлеуметтік қызметтер порталында және «Отбасының цифрлық картасы» АЖ-да жұмыс істеу; халықты әлеуметтік қорғау саласында цифрлық мобильді қосымшаларды пайдалану; мүгедектігі бар адамдармен коммуникацияларды құру. Сонымен қатар, жеке құзыреттілігіне келесідей талаптар қойылады: эмпатия, икемділік, бейімділік, жауапкершілік, ұқыптылық, дербестік, жүйелі ойлау, ынтымақтастық және әрекеттестік, стратегиялық ойлау, стресске төзімділік, шыдамдылық, топта жұмыс істей білу, мақсаттылық, аналитикалық ойлау, ізгі ниет, төзімділік пен еңбекқорлық, парасаттылық, көшбасшылық, сезімталдық, әділеттілік сезімі. [1].

Қазірігі кезде әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандар жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері, еңбек мобилділігі орталықтары, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтары, белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтары, отбасы мен балаларға әлеуметтік көмек көрсету орталықтарында, кәмелетке толмағандарға арналған әлеуметтік оңалту орталықтары, балалар мен жасөспірімдерге арналған әлеуметтік панажай және т.б. мекемелерде қызмет етеді.

Жоғарыда көрсетілген машықтармен дағдыларды меңгеру үшін әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандарды даярлау кезінде практикалық, яғни қызмет алушылармен тікелей, етене байланыста болуын және тиісті мекемеде білім алуын қаматамасыз ету қажет.

Бүгінгі танда, Қазақстан Республикасында «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығына сәйкес жоғарғы оқу орындарында «6В11 Қызмет көрсету» білім беру саласы «6В114 Әлеуметтік жұмыс» даярлау бағыты бойынша әлеуметтік жұмыскерлерді даяурлау қарастырылған [2].

Сонымен қатар, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығына (бұдан әрі- № 500 бұйрық) сәйкес «09230100 Әлеуметтік жұмыс» мамандығы «3W09230101 Әлеуметтік қызметкердің көмекшісі», «4S09230102 Әлеуметтік қызметкер», *«5AB09230101 Әлеуметтік*

жұмыстың қолданбалы бакалавры» біліктіліктер бойынша мамандар дайындау көзделген [3].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасаның бір қатар оқу орындары, атап айтқанда, Орталық-Қазақстан Академиясы (Қарағанды қаласы), Қарағанды Қазтұтынуодағы университеті (Қарағанды қаласы), С.Торайығыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті «6В11 Қызмет көрсету» білім беру саласы «6В114 Әлеуметтік жұмыс» даярлау бағыты бойынша әлеуметтік жұмыс жөніндегі мамандарды дайындайды.

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі №500 бұйрыққа сәйкес «09230100 Әлеуметтік жұмыс» мамандығы «4S09230102 Әлеуметтік қызметкер» біліктіліктер бойынша мамандар дайындайды.

Алайда, қазіргі кезде оқу орындарында «5AB09230101 Әлеуметтік жұмыстың қолданбалы бакалавры» біліктілік бойынша мамандар іс жүзінде дайындалмайды.

Қолданбалы бакалавриатқа қысқаша тоқтала кетсек.

Қазақстан Республикасында қолданбалы бакалавриат жоғары колледждерде іске асырылды, ал 2022 жылдың қыркүйегінен бастап жоғары білім деңгейіндегі бағдарламалар да пилоттық режимде іске қосылды. Енді кәсіпорындар жоғары оқу орындарымен бірлесе отырып, өздері үшін нақты мамандарды дайындай алады, ал студенттер тікелей жұмыс орнында оқуға мүмкіндік алды.

Қазақстанда қолданбалы бакалавриат бағдарламалары, егер олардың тиісті лицензиясы болса, жоғары колледждерде іске асырылады. Еліміздің жоғары оқу орындарында ол пилоттық режимде іске қосылды.

Бұл жерде, Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжі 2018 жылыдан бері «жоғарғы колледж» мәртебесін алып, қолданбалы бакалавриат білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болғанын мысал ретінде атап кеткен жөн және де аталмыш колледж 5AB01120101 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытытудың қолданбалы бакалавры» біліктілік бойынша мамандар даярлауда.

Орта білім базасында қолданбалы бакалавриатта оқу ұзақтығы үш жыл, ТжКБ базасында – бір-екі жыл.

Қолданбалы бакалавриаттың түлектері ТжКБ бітіргеннен кейін жоғары оқу орындарына сабақтас мамандық бойынша қысқартылған оқу мерзіміне түсе алады. Жоғары оқу орнындағы қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспары түлектерге қосымша бір жылдық оқудан кейін бакалавр дипломын алуға мүмкіндік беретіндей етіп жасалған.

Жоғары оқу орнының қолданбалы бакалавриат бағдарламалары ТжКБ бағдарламаларына қарағанда мазмұны жағынан күрделірек, бірақ сонымен бірге олар қысқа және әдетте бакалавриат бағдарламаларына қарағанда теориялық материалды аз қамтиды (БХСЖ бойынша 6-шы деңгей, яғни жоғары білім).

Жоғары колледждің қолданбалы бакалавриат бағдарламалары еңбек қызметіне дайындалуға арналған болса да, оларды аяқтағаннан кейін түлектер

университеттің бакалавриат бағдарламаларында оқуын жалғастыра алады. Сондықтан пилоттық режимде колледждің қолданбалы бакалавриат бағдарламалары жоғары білім беру бағдарламаларымен барынша үйлестірілген. Сонымен қатар, негізгі компонент пәндерін, сондай-ақ бейіндік пәндерді оқу үшін жоғары колледждерге жоғары оқу орындарының оқытушылары шақырылады.

Қолданбалы бакалавриаттың міндеті – университетті бітіргені туралы дипломмен бірге түлектің қосымша тағылымдамасыз мамандық бойынша жұмысқа кірісуі үшін қажетті білімнің ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдылардың жан-жақты жиынтығын алуы. [4].

Қорытындылай келе, әлеуметтік жұмыс мамандығы бойынша білікті мамандарды даярлау үшін «5AB09230101 Әлеуметтік жұмыстың қолданбалы бакалавры» біліктілік бойынша оқу орындарына пилоттық бағдарлама аясында оқыту тәжірибесін енгізу сұрағын қарастыру қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік саланың басқа да кәсіптері» кәсіптік стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 125 бұйрығы;

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы;

3. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығы;

4. «Современное образование» республикалық журналының редакциясының «Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы қолданбалы бакалавриат» тақырыбындағы мақаласы (https://www.bilim.expert/kk/post/қазақстанның-жоғары-оқу-орындарындағы-қолданбалы-бакалавриат-гульзат-кобенова).

МҮГЕДЕКТІГІ БАР ТҰЛҒАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Сабрина АСАДУЛЛИНА
«Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша 1-ші курс магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Ғылыми жекекші: әлеу.ғ.к., профессор ассистенті **Джамалиева Г.Ж.**

Қарағанда, Қазақстан / e-posta: asadullinasabrina@gmail.com
ORCID ID: https://orcid.org/0009-0003-3023-0659

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада мүгедектігі бар адамдармен әлеуметтік жұмысты ұйымдастыруда кездесетін өзекті мәселелер жан-жақты қарастырылады. Автор отандық және шетелдік тәжірибені талдай отырып, әлеуметтік қолдау тетіктерін жетілдіру жолдарын ұсынады.

Түйінді сөздер: мүгедектігі бар адамдар, әлеуметтік жұмыс, инклюзия, әлеуметтік қолдау, әлеуметтік қызметкер, халықаралық тәжірибе, әлеуметтік саясат, әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қызмет көрсету, құқықтар мен мүмкіндіктер, интеграция.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар тұлғаларға әлеуметтік қолдау көрсету – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Алайда осы санаттағы азаматтармен әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру барысында бірқатар жүйелі және тәжірибелік қиындықтар кездесуде. Әлеуметтік жұмыс саласының тиімділігі тек нормативтік-құқықтық базаға ғана емес, сонымен қатар нақты тәжірибе, кадрлық әлеует және қоғамдағы инклюзивті көзқарас деңгейіне де байланысты. Қазақстанда мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған бірнеше маңызды заңнамалық құжаттар қабылданған [1]. Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету туралы» Заң, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің нормативтік актілері, сондай-ақ ҚР ратификациялаған «Мүгедектердің құқықтары туралы» БҰҰ Конвенциясы бар [2]. Алайда, бұл құжаттардың нақты орындау механизмі әлі де жетілдіруді қажет етеді. Аймақтардағы әлеуметтік қорғау бөлімшелерінде мүгедектігі бар тұлғаларға арналған қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі әртүрлі. Бұған қоса, кейбір құқықтық нормалар нақты іске асырылмайды немесе бюджеттік шектеулерге байланысты формалды түрде орындалады. Мониторинг пен бақылаудың жеткіліксіздігі де жүйелік кемшіліктерге әкеледі [3].

Қазақстанда әлеуметтік жұмыс мамандығы әлі де толық қалыптасқан кәсіби бағыт ретінде дамып келеді. Бұл салада кадр тапшылығы сезіледі. Көптеген әлеуметтік қызметкерлердің жүктемесі жоғары, ал олар арнайы дайындықтан өтпеген немесе инклюзивті білім берудің заманауи талаптарына сай емес. Осыған байланысты мүгедектігі бар адамдардың қажеттіліктеріне бейімделген оқу бағдарламаларын енгізу маңызды. Әлеуметтік қызметкерлерге психологиялық қолдау, заңгерлік кеңес беру, медициналық көмекке бағыттау және реабилитациялық қызметтер көрсету секілді кешенді дағдылар қажет. Сонымен қатар, салада тұрақты кәсіби даму және халықаралық тәжірибе алмасу жүйесін қалыптастыру қажет [4].

Инфрақұрылымдық қолжетімділік — мүгедектігі бар азаматтардың қоғам өміріне тең дәрежеде қатысуына негізгі алғышарт. Қазақстанның көптеген өңірлерінде пандустардың, көтергіштердің, арнайы белгілер мен ақпараттық тақталардың жетіспеушілігі әлі де өзекті. Қоғамдық көлік пен әкімшілік ғимараттардың басым көпшілігі мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделмеген. Инфрақұрылым мәселесін шешу үшін жаңа құрылыс стандарттарына

қолжетімділік нормаларын енгізу және мемлекеттік бақылауды күшейту қажет. Сонымен қатар, жеке секторды — бизнес нысандарын — осы бағытта ынталандыру тетіктерін дамыту ұсынылады.

Цифрлық қызметтердің дамуымен мүгедектігі бар адамдарға арналған ақпараттық қолжетімділік те өзекті бола түсуде. Алайда, көптеген электрондық ресурстарда (eGov.kz, әлеуметтік қорғау порталы) арнайы интерфейс немесе балама қолжетімділік мүмкіндіктері жоқ. Көру немесе есту қабілеті шектеулі тұлғалар үшін мәтіндік дубляж, аудиофайлдар мен бейнелік түсіндірмелер қажет. Сонымен қатар, шалғай ауылдарда интернеттің сапасы төмен немесе мүлде жоқ. Бұл өз кезегінде қызметке тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге кедергі келтіреді. Ақпараттық инклюзияны жүзеге асыру үшін цифрлық платформаларды бейімдеу, инклюзивті дизайн стандарттарын заңдастыру және қоғамды ақпараттандыру маңызды [5].

Шетелде мүгедектігі бар адамдармен әлеуметтік жұмыстың тиімді үлгілері кеңінен қолданылуда. Мысалы: Швеция: мультидисциплинарлық топтар (дәрігер, психолог, әлеуметтік қызметкер, заңгер) әр отбасыға жеке жоспар бойынша қызмет көрсетеді. - Германия: «персоналдық көмекші» моделі енгізілген - бұл қызметті мемлекет қаржыландырады және ол мүгедектігі бар адамның өз бетімен өмір сүруіне жағдай жасайды. Жапония: интеллектуалды технологиялар мен робототехниканы қолдану арқылы карттар мен мүгедектігі бар адамдарға күнделікті өмірде қолдау көрсетіледі. Канада мен Австралия: инклюзивті қоғамды насихаттайтын әлеуметтік жарнама, білім беру жүйесіндегі бейімделген бағдарламалар және еріктілер қозғалысы белсенді дамыған. Қазақстанда мұндай тәжірибені енгізу үшін келесі қадамдар ұсынылады: Халықаралық жобалар аясында пилоттық модельдерді сынақтан өткізу; Әлеуметтік қызметкерлерді қайта даярлау курстарын халықаралық стандарттар негізінде ұйымдастыру; - Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде цифрлық шешімдерді енгізу; - Шетелдік тәжірибелерді бейімдеу үшін ғылыми-зерттеу институттарының қатысуын қамтамасыз ету [6].

Сонымен, мүгедектігі бар адамдармен әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру – бұл мемлекеттің әлеуметтік саясаты мен қоғамның даму деңгейін көрсететін маңызды сала. Қазіргі таңдағы негізгі проблемалар – нормативтік базаның жеткіліксіз орындалуы, кадр тапшылығы, инфрақұрылымның сәйкессіздігі және цифрлық теңсіздік. Оларды шешу үшін кешенді тәсіл қажет. Шетелдік үлгілер мен инновациялық әдістерді зерделеп, Қазақстан жағдайына бейімдеп енгізу әлеуметтік қызмет көрсету сапасын арттырып қана қоймай, инклюзивті қоғам құруға үлкен серпін береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының "Халықты әлеуметтік қорғау туралы" Заңы.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 20 ақпандағы №288-V "Мүгедектердің құқықтары туралы" БҰҰ Конвенциясын ратификациялау туралы Заңы.

3. "Кедергісіз келешек" жол картасы (2021–2023). ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
4. Жұмабекова, Г.К. Әлеуметтік жұмыстың теориясы мен практикасы. – Алматы: 2020.
5. Смагулова, Р.Ж. Инклюзивті қоғам құру жолындағы әлеуметтік қызметтің рөлі // Әлеуметтік зерттеулер журналы, 2022.
6. World Health Organization. World Report on Disability. Geneva, 2011.

СОЦИАЛЬНО УЯЗВИМЫЕ КАТЕГОРИИ НАСЕЛЕНИЯ КАК ОБЪЕКТ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ

Лариса СИДОГИНА
студентка 3 курса, образовательная программа «Социальная работа»,
Айгуль МУСРАУНОВА ,
ст. преподаватель, магистр социальной работы
Карагандинский университет им. Е.А.Букетова,
факультет философии и психологии

АННОТАЦИЯ

Статья посвящена исследованию социально уязвимых категорий населения как объекта социальной работы. Раскрывается понятие «социально уязвимые категории», рассматриваются факторы, влияющие на формирование уязвимости. Приводится классификация уязвимых групп по демографическим, медицинским, социально-экономическим и статусным признакам. Проанализированы статистические данные целевых групп: лица с инвалидностью, пенсионеры, дети-сироты, малоимущие семьи, безработные, что подтверждает актуальность развития социальной работы в данном направлении.

Ключевые слова: социально уязвимые группы, социальная работа, бедность, инвалидность, социальная поддержка.

Уязвимые категории населения – это группы людей, которые в силу объективных обстоятельств (низкий доход, инвалидность, отсутствие социальной поддержки, возрастные или семейные факторы и др.) находятся в повышенном риске бедности, социальной изоляции и ухудшения качества жизни

e-posta: larisasidogina@icloud.com

Караганда, Казахстан/ e-posta: ms_aigul_84@mail.ru
ORCID ID: 0009-0004-2306-9366

[1]. По определению ВОЗ, «уязвимые группы населения» – это части общества с более высоким риском дискриминации, насилия, стихийных бедствий или экономических потрясений [1]. Европейская комиссия характеризует их как «группы, более подверженные рискам бедности и социальной изоляции, чем среднее население» [1]. На данные группы ориентирована социальная политика государства. Основная цель социальной работы – защитить их от неблагоприятных социальных и экономических последствий, обеспечить доступ к базовым социальным правам и услугам. В Казахстане к уязвимым категориям относят семьи с низкими доходами, малоимущих, пенсионеров, лиц с ограниченными возможностями, безработных, одиноких родителей и многодетных матерей, детей-сирот, лиц, переживших стихийные бедствия, беженцев, этнические меньшинства и другие группы [1]. Каждый из факторов (социальный статус, доход, здоровье, возраст и т.д.) может создавать «уязвимость» – то есть повышать потребность в социальной поддержке государства и общества.

Уязвимые категории населения можно классифицировать по различным признакам:

− демографическим и семейным признакам: дети (особенно сироты и дети из социально неблагополучных семей), пожилые люди, многодетные и неполные семьи, одинокие матери, безработные [2];

− социально-экономическим признакам: малоимущие семьи, домохозяйства с доходом ниже прожиточного минимума, безработные и люди, находящиеся в трудной жизненной ситуации (потеря работы, жилья), мигранты [2,3];

− физиологическим и медицинским признакам: люди с инвалидностью (I и II групп), хронически больные (например, тяжелые формы онкологических заболеваний, туберкулез, ВИЧ и др.), лица, нуждающиеся в постоянном постороннем уходе [3];

ORCID NO: 0000-0003-0212-6486
i.akhmet@inbox.ru, +77028791268

Зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізілді: психологиялық-педагогикалық көмек көрсететін мамандардың кәсіби жұмысының бір бағыты ретінде жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын алуға қатысты теориялық тұжырымдар ұсынылды; білім беру мекемелерінде девиантты мінез-құлық көріністерінің алдын алу тәжірибесі сараланып, талдау жасалды.

Кілт сөздер: жасөспірімдер, девиантты мінез-құлық, әлеуметтік-педагогикалық профилактика, психологиялық-педагогикалық қызмет, алдын алу, әлеуметтік жұмыс, коррекциялық тәсілдер, тәрбие.

ABSTRACT

The relevance of the research problem addressed in this article lies in the need to improve the prevention of deviant behavior among adolescents within the framework of psychological and pedagogical support services. The object of the study is deviant behavior in adolescents. The subject of the research is the prevention of adolescent deviant behavior as an integral component of the professional activities of psychological and pedagogical service specialists.

The purpose of the study is to explore the theoretical foundations of deviant behavior prevention among adolescents as a part of the work of psychological and pedagogical professionals.

The research methods include the review and analysis of scientific literature related to the research topic; comparison, analysis, and generalization of normative documents and statistical data; and the examination of empirical data.

As a result of the study, the following findings were obtained: theoretical foundations related to the prevention of deviant behavior among adolescents, considered as a component of psychological and pedagogical service work, were proposed; and the practical experience of educational institutions in preventing deviant behavior in adolescents was analyzed.

Keywords: adolescents, deviant behavior, socio-pedagogical prevention, psychological and pedagogical services, prevention, social work, correctional approaches, upbringing.

КІРІСПЕ

Жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлықтың алдын алу мәселесі өзектілігін ешқашан жоғалтқан емес. Бұл жағдай тек қоғамның қарқынды дамуымен ғана емес, сонымен бірге технологиялық жетістіктермен де тығыз байланысты. Бүгінде интернет пен әлеуметтік желілердің әсерінен жеткіншектер түрлі теріс әрекеттерге — құқық бұзушылыққа, есірткі тұтынуға немесе құмар ойындарға бейім болуда. Бұған қоса, алкогольді шектен тыс қолдану да әлі күнге дейін күрделі әлеуметтік проблема ретінде қалып отыр.

Девиантты мінез-құлықтың ең күрделі әрі қауіпті түрлері — бұл қылмыстық әрекеттер, олар жасөспірімдердің криминалдық ортаға тартылуына себеп болады. ЮНИСЕФ деректеріне сүйенсек, жыл сайын кәмелетке толмағандар арасындағы қайта қылмыс жасау деңгейі 2-3%-ға өсіп келеді [1]. 2020 жылы бұл жағдай одан әрі ушығып, интернетке тәуелділік, лудомания (құмар ойындарға

әуестік) секілді жаңа ауытқушылық формаларының пайда болуымен көрініс тапты. Бұл құбылыстың өршуіне пандемия және қашықтан оқу жүйесі де әсер етті.

Сондықтан көптеген мемлекеттер үшін әлеуметтік ауытқулардың алдын алу өзекті міндетке айналды. Бұл мәселе мемлекеттік деңгейде қарастырылып, жасөспірімдердің девиантты мінезін болдырмау және оларды қайта әлеуметтендіру — заманауи әлеуметтік-педагогикалық маңызды мәселелердің біріне айналды. Алайда бұл бағытта бірқатар қиындықтар бар. Атап айтқанда, теория мен тәжірибе арасындағы алшақтық (педагогика, құқық, психология, этика салаларында), жасөспірімдердің мінез ерекшеліктерін ескермеу, әсер ету тетіктерінің жеткіліксіздігі, профилактикалық, түзету және оңалту шараларының өзара үйлеспеуі осы күрделі мәселені шешуді қиындатады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқы мәселесі психология, педагогика және әлеуметтану саласындағы көптеген зерттеулерде кеңінен талқыланған. Бұл бағыттағы зерттеулерге елеулі үлес қосқан ғалымдар қатарына классикалық еңбектерімен белгілі З. Фрейд (2007), Л.И. Божович (2008), Л.С. Выготский (2008), И.С. Кон (2003), Ю.А. Клейберг (2017), Г.С. Ковтун (2010), В. Кондрашенко (2008) және өзге де зерттеушілер жатады. Сонымен қатар, бұл мәселе қазіргі заманауи авторлар – Д.В. Колесов (2006), В. Салахова (2019), О.В. Евдошенко (2019), Э.Р. Агаджанова (2019) және басқа да ғалымдардың еңбектерінде өзектілігін жоғалтпаған. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының қалыптасу алғышарттары мен ерекшеліктері В.Я. Каган (1989), П.П. Блонский (1935), Н.М. Иовчук, С.А. Северный (1996), Л. Шнайдер (2005), Э. Дюркгейм (1995), Т.А. Пономарев (2017), В. Соколов пен Г. Юзефович (1991) еңбектерінде сипатталған. Ал бұл мәселені шешудегі әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби тәсілдері М.А. Болдин (2016), С. Летягин (2019), А. Иванина (2016), А.Д. Истомин (2018) зерттеулерінде көрсетілген.

Р. Мертонның көзқарасы бойынша, әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтарға сай келмейтін девианттық әрекеттер – қоғам мойындаған мақсаттар мен сол мақсаттарға жетудің заңды жолдары арасындағы үйлеспеушіліктің салдары болып табылады. Ал М. Клинард пен Р. Майер девиантты мінез-құлықты – белгілі бір индивидтің немесе топтың қоғамда қалыптасқан мәдени-әлеуметтік нормалардан ауытқып, өз рөлдерін бұрмалап орындау әрекеті ретінде сипаттайды. Бұл әрекеттер қоғамдық пікірмен теріске шығарылып, әлеуметтік жауапкершілікпен реттелуі тиіс.

Психология саласында девиантты мінез-құлық – қоғамның қабылдаған ережелеріне қайшы келетін және жеке тұлғаға, айналасындағы адамдарға немесе әлеуметтік ортаға зиян келтіретін әрекет ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда бұл мәселені жан-жақты қарастыру маңызды. Зерттеулерде девиантты мінез-құлықтың әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық, медициналық және құқықтық негіздері жан-жақты қарастырылып келеді. Бұл бағыттағы әлеуметтік аспектілерді С.А. Беличева терең талдаған. Ол девианттық

мінез-құлықты – жасөспірімдердің білім алу мен әлеуметтену жолындағы қиындықтарының бір көрінісі ретінде сипаттайды.

Н.С. Свеженцева болса, девиантты әрекеттердің себептерінің бірі ретінде жасөспірімдердің құрдастарымен қатынастағы қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауын атап өтеді. Бұл кезеңде құрдастар тобы тарапынан қабылдану – тіпті қоғамға қарсы топта болса да – өзін-өзі танудың құралына айналады.

С.И. Моисеева өз еңбектерінде мұндай жасөспірімдердің өзіндік бағасы төмен, танымдық қажеттіліктері әлсіз, эмоционалды-жеке салада қиындықтары бар екенін атап өтеді. Бұл девиантты мінез-құлыққа бейімділікті арттырады. Н.В. Майсак эмоционалды тұрақсыздық пен сезімталдықтың жоғары деңгейін де бұл топқа тән қасиет ретінде көрсетеді.

Қазіргі кезеңде девиантты әрекеттерді алдын алу мен түзету жұмыстары – әртүрлі сала мамандарының үйлесімді әрекеттесуін талап етеді. Мәселен, О.Н. Усанова ұсынған үлгіде үш негізгі бағыт бар: клиникалық (психиатр, невропатолог, педиатр), психологиялық (психолог), педагогикалық (мұғалімдер, тәрбиешілер). Балаға кешенді диагностика жасалып, соның нәтижесінде оның психикалық дамуы, денсаулығы және бейімделу деңгейіне негізделген жеке түзету бағдарламасы әзірленеді.

Бұл бағдарлама әлеуметтік мәселені анықтау, ықтимал себептерге гипотеза ұсыну, диагностикалық әдістерді таңдау, түзету бағдарламасын құру және оны жүзеге асыру, сондай-ақ тиімділікті бағалау кезеңдерінен тұрады.

Кесте 1

Қазақстан мен Германиядағы жасөспірімдердің девиациясының әлеуметтік-педагогикалық профилактикасын дамытудың жетекші тенденциялары

Тенденциялар	Қазақстан	Германия
Институционализация (жүйеге енгізілуі)	Мектептерде психолог пен әлеуметтік педагог қарастырылған, бірақ нақты міндеттері шектеулі, көбінесе қағазбастылық көп.	Jugendamt (Жастар ісі жөніндегі кеңсе) арқылы нақты үйлестірілген құрылым бар, заңмен реттелген, жүйелі жұмыс істейді.
Мультидисциплинарлық тәсіл	Бір сала мамандары (мектеп, ІІО) көбірек тартылған, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қорғау байланысы әлсіз.	Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қызмет, психология – барлығы бірігіп жұмыс істейді.

Алдын алу шараларының бағыттылығы	Көбіне құқық бұзушылықтың салдарын жоюға бағытталған; репрессивтік элементтер басым.	Алдын алуға, қайта әлеуметтендіруге, тұлғаны қолдауға бағытталған, кешенді және ерте профилактикаға мән беріледі.
Жасөспірімдермен жеке жұмыс	Жалпылама түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, жекелей тәсіл сирек.	Индивидуалды бағдарлама, психологиялық портрет, мінез-құлық диагностикасы негізінде жеке түзету жүргізіледі.
Ата-анамен жұмыс	Ата-анамен байланыс жиі формалды сипатта, нақты жүйелі жұмыс жоқ.	Ата-анамен міндетті түрде жеке консультациялар, отбасылық терапия, бірлескен оқыту бағдарламалары жүргізіледі.
Профилактика құралдарының әртүрлілігі	Көбіне әңгіме, сынып сағаттары, әкімшілік жазалар.	Клубтар, спорттық және шығармашылық үйірмелер, әлеуметтік жобалар, волонтерлік, арт-терапия т.б. кеңінен пайдаланылады.
Ақпараттық технологияларды қолдану	Сирек қолданылады, профилактикада сандық ресурстар жеткіліксіз.	Онлайн-кеңес беру, психологиялық порталдар, мобильді қосымшалар арқылы қолдау көрсету кең таралған.

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын алудағы әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру үшін халықаралық тәжірибені зерделеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Германияның жастармен жұмыс істеудегі тиімді моделі Қазақстан үшін үлгі бола алады. Атап айтқанда, Германияда әрбір девиантты мінез-құлық танытқан жасөспіріммен жұмыс істейтін кешенді мультидисциплинарлық команда қалыптасқан. Бұл командаға мектеп психологтары, әлеуметтік педагогтар, дәрігерлер, полиция инспекторлары мен отбасылық кеңесшілер кіреді. Әрбір жасөспірім үшін жеке

даму және түзету бағдарламасы жасалып, оның жүзеге асырылуы жүйелі түрде бақыланып отырады.

Қазақстанда мұндай кешенді тәсілдер енді ғана қалыптасып келе жатқандықтан, кейбір кемшіліктер әлі де сақталған. Атап айтқанда, білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагогтар мен психологтардың жүктемесі тым көп, ал олардың кәсіби даярлығын жетілдіруге арналған курстар жеткіліксіз. Сонымен қатар, ата-аналармен, жергілікті билік органдарымен және үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) серіктестік байланыстар жүйелі түрде орнатылмаған.

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын алдын алу үшін психологиялық қолдаудың маңыздылығы ерекше. Бұл тұрғыда, қазіргі таңда кең таралып келе жатқан әдістердің бірі — арт-терапия, психодрама, когнитивті мінез-құлықтық терапия элементтері. Осы әдістер жасөспірімнің ішкі күйзелістерін сыртқа шығарып, оны конструктивті жолмен шешуге бағыттайды. Германияда бұл әдістерді қолдану тәжірибесі жақсы жолға қойылған, ал Қазақстанда кейбір мектептер мен орталықтарда ғана қолданылып келеді.

Жалпы алғанда, қазіргі таңда девиантты мінез-құлықтың алдын алудағы жетекші үрдіс — жасөспірімнің тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке бағдарланған, кешенді, алдын алу сипатындағы шаралар жүйесін құру болып табылады. Қазақстан бұл бағытта әлеуетке ие және шетелдік тәжірибені бейімдеу арқылы әлеуметтік-педагогикалық профилактиканың тиімділігін арттыра алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жасөспірімдердің девиантты әрекеттерге бейім болуы — олардың тұлғалық дамуы мен өзін табу процесінде кейбір қиындықтардың туындауына себеп болуы мүмкін. Әлеуметтік ортаның жағымсыз ықпалы мұндай жеткіншектердің кәсіби бағыт-бағдарын анықтауына да кедергі келтіреді. Жасөспірімдердің теріс мінез-құлықтарын болдырмау үшін бұл мәселені тек педагогикалық тұрғыдан емес, сонымен қатар құқықтық, әлеуметтік, медициналық және психологиялық тұрғыдан да қарастыру қажет. Мұндай кешенді тәсіл ғана девиантты мінез-құлықтың алдын алуға және оны уақтылы түзетуге көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Merton, R.K. (1938). Social Structure and Anomie. American Sociological Review, 3(5), 672-682.
2. Фрейд З. (2007). Введение в психоанализ. — СПб.: Питер.
3. Беличева С.А. (2009). Социально-психологическая адаптация подростков. — М.: Институт социологии РАН.
4. Усанова О.Н. (2020). Комплексная помощь подросткам с девиантным поведением. — Казань.

5. Свеженцева Н.С. (2013). Психология девиантного поведения подростков. — М.: Академический проект.
6. ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ресми статистикасы (2015–2020 жж.). — gov.kz

DIGITAL INCLUSION AS A MECHANISM FOR PREVENTING SOCIAL APATHY AMONG OLDER PEOPLE

Student **Aisulu ZHOLDAS**,
Student **Nurai AMANTAEVA**
Master of Science **Aigerim SAGADATOVA**
Karaganda Buketov Üniversitesi,
Felsefe ve Psikoloji Fakültesi

ABSTRACT

This article discusses digital inclusion as a mechanism for preventing social apathy among older people. The rapid development of modern digital technologies affects all spheres of society's life. However, the full participation of older people in these processes remains limited due to a number of social and technological barriers. The article reveals the essence of the concept of digital inclusion, analyzes the importance of improving digital literacy of older citizens and its impact on psycho-emotional well-being. The causes and symptoms of social apathy will also be described, and ways to strengthen the connection of older people with society through the use of information and communication technologies will be proposed. The results of the study show that digital inclusion can increase the vital activity of older people and contribute to reducing their social isolation and feelings of loneliness. The article also focuses on support measures and initiatives that can be implemented at the state and public levels. This study substantiates the need to consider digital inclusion as an important tool for social integration and active aging.

Keywords: digital inclusion, older people, social apathy, digital literacy, social isolation, active aging, information and communication technologies.

Today, digital inclusion is one of the most important issues for older people. Although the rapid development of digital technologies has a positive impact on all sectors of society, older people are experiencing a number of difficulties in adapting to these changes. In recent years, it has begun to be seen as an important issue in order to

ORCID NO: 0009-0007-6387-2526
Ai.temirlanovna@mail.ru

prevent social apathy among older people around the world. In the context of the rapid development of technology and the expansion of access to digital resources, older people, especially those who are not used to using digital tools or do not have access to the necessary resources, are at risk of being left out of the modern digital society. This condition, in turn, can lead to social isolation, feelings of loneliness and psychological difficulties, as well as social apathy. Social apathy is when a person loses contact with society, stops participating in social and cultural activities. Digital inclusion is seen as an effective tool to prevent this problem, as it gives older people the opportunity to use digital tools and platforms, increasing their public relations, access to essential services and social participation.

The importance of digital inclusion is widely considered in international research and practice. For example, studies and projects carried out in countries such as the United Kingdom, Germany and the United States have shown that increasing the digital literacy of older people contributes to reducing social isolation and loneliness and strengthening their engagement in society. In these countries, digital literacy programs and trainings for the elderly make it easier for them to access health services online, connect with family and friends, resulting in an improvement in their psycho-emotional well-being. In addition, in Kazakhstan, projects and special training courses conducted within the framework of the Digital Kazakhstan program are aimed at improving the digital literacy of older people, which will allow them to integrate into the information society.

This article examines the role of digital inclusion in preventing social apathy among older people. The study analyzes international experience and initiatives to improve digital literacy in Kazakhstan. The article shows that mastering digital tools plays an important role in improving not only access to information, but also social participation and psycho-emotional well-being. Digital inclusion reduces the isolation of older people from society and promotes their full participation in society, which in turn is an important tool for preventing social apathy.

Digital inclusion is a concept aimed at ensuring equal access of all citizens, regardless of gender, age, social status, level of education, to the possibility of using information and communication technologies (ICT) [1]. It is not limited to physical access to the internet or devices, but also includes aspects such as people's digital literacy, information retrieval and processing skills, ability to use online services effectively, and a tendency to digital security [3]. Digital inclusion is seen as a new indicator of social justice in modern society. Being active in the digital environment has a direct impact on a person's participation in social, economic and cultural life. For example, platforms such as the e-government portal, the online bank, telemedicine, distance education or social networks play an important role in everyday life. However, these opportunities will be beneficial only for citizens with digital access. And vulnerable groups – including the elderly-can be exposed to digital isolation [2], [4].

Insufficient digital inclusion among older citizens is becoming a global problem. According to studies conducted by the UN and the World Health Organization (WHO), a significant part of people over the age of 65 do not use digital technologies at all or experience great difficulties in the process of using them [3]. This is one of the most

important factors that lead to their isolation from the life of society, an increase in the feeling of loneliness, a deterioration in their psycho – emotional state [2].In Kazakhstan, the level of digital inclusion also varies depending on the social, geographical and age characteristics of the population. According to the National Bureau of statistics of the Republic of Kazakhstan for 2023, only 37% of people over the age of 60 use the internet on a regular basis, while in rural areas this figure is below 20% [6]. This is due not only to the low interest of older people in mastering ICT tools, but also to infrastructural, educational and social barriers [4].

Therefore, the development of digital inclusion is not only a technological, but also a socially significant issue. It creates conditions for the elderly to strengthen their connection with society, have equal access to Information, improve the quality of life and receive psychological support. Digital inclusion is an important tool that promotes active aging, ensuring social justice and equal opportunities[1], [3], [5].

Social apathy is a sharp decrease or complete loss of a person's interest in the life around him, social contacts, social activity. This phenomenon is often closely related to loneliness, social isolation and lack of life purpose [2]. The prevalence of social apathy among older people can lead to their exclusion from society, psychological weakening, as well as deterioration in physical health. According to research, for older people, the deficit of social communication negatively affects not only the quality of life, but also life expectancy. According to the results of a long-term study conducted by Harvard University, the level of people's satisfaction with life is directly related to their level of social connection, and this is especially important for the elderly [2].

Although the development of digital technologies has opened up many opportunities, the adaptation of older people to these changes is going hard. Many of them have difficulty mastering new technologies. These difficulties are caused by insufficient digital literacy, features of the state of health (vision, hearing, motor skills), as well as distrust of technology [1], [4]. As a result, they become disconnected from information, services and important social interaction. In Kazakhstan, this issue is also relevant. For example, according to the data published by the Ministry of Labor and social protection of the population in 2023, more than 60% of citizens over 60 years old live alone or need social support. Due to the low level of internet access in rural areas, older people have limited access to information and social contacts [6]. Manifestations of social apathy are observed in the following aspects:

Emotional isolation – a person's lack of desire to come into contact even with people close to him;

Refusal of social activity-refusal to participate in public, cultural or family events;

Psychological stress-despair, stress, loss of interest in Life [2], [5].

Foreign experience confirms the positive influence of digital technologies in solving this problem. For example, a study conducted in the Netherlands found that the symptoms of social apathy decreased by up to 30% in older people who mastered digital devices (tablet, smartphone) [1]. This indicates the importance of virtual social

relations, online groups, and platforms for pensioners.Digital literacy courses for veterans and pensioners are being organized in Kazakhstan within the framework of the projects "caring for the elderly" and "silver University", launched since 2021. These initiatives increase their activity and make them feel like Full Members of society [6].

However, work in this direction still needs systematic support. At the local level, regular digital courses, psychological support, social volunteer projects and digital counseling services should be organized in veterans ' homes or rural libraries [4], [6].

Digital inclusion is seen as an important tool to reduce the social isolation of older people, strengthen ties with society, and increase interest and activity in life. Prevention of social apathy can be implemented not only by medical or psychological measures, but also through the targeted introduction of digital technologies [1], [2].

Loneliness is the main cause of social apathy among older people. Constant contact with relatives and friends through video calls, social networks, online forums can increase psycho-emotional well-being and reduce the feeling of isolation. For example, a study conducted in the UK showed that 73% of elderly citizens involved in digital participation noted a decrease in the feeling of social loneliness [1]. Kazakhstan is also making progress in this direction. For example, within the framework of the project "Silver University" for pensioners in Nur-Sultan, participants learn to actively use the platforms WhatsApp, Zoom, Facebook and participate in online clubs [6].

Digital literacy ensures that older people act independently. Egov.kz access to medical records through the portal, an online appointment with a doctor, viewing pension calculations, making utility bills – increase the ability of the elderly to act independently in a digital environment. This ensures their psychological comfort and improves the quality of Life [3], [4]. For example, in Zhambyl region, within the framework of the project "digital assistance for the elderly" in 2022, more than 500 pensioners were trained to use public services using smartphones. 87% of participants confirmed that this knowledge is useful in everyday life [6].

Programs to improve digital literacy should be carried out in accordance with the age and psychological needs of older people. The use of visual aids, simple language and slow tempo during learning – has a positive effect on the absorption of Information [2], [4]. In South Korea, volunteer youth, specially trained through the Smart Elders program, are teaching retirees how to use smartphones and the internet. This experience strengthens the "dialogue of generations" and connects older people with society [1]. In Kazakhstan, attracting young volunteers is also used as a productive method. Within the framework of the project" digital mentor " in Almaty in 2023, about 300 elderly citizens mastered digital devices with the help of students [6].

It is also important for older people to have access to interesting and informative information. Online libraries, portals for veterans, online broadcasts of cultural events – allow them to make the most of their free time. In addition, WhatsApp groups, Telegram channels and Facebook communities are forming a new model of mutual assistance and support among pensioners [2], [5]. For example, in Germany, the online platform "Digital Coffee Club" allows you to conduct conversations, master classes and quizzes among older people several times a week. The level of apathy of people involved in such an environment is significantly reduced [1].

The policy of digital inclusion should also focus on ethnocultural and linguistic diversity. In Kazakhstan, the development of teaching materials in Kazakh, Russian and other languages, the provision of content adapted to the cultural characteristics of each region increase the interest of older people in the digital environment [4], [6]. Digital inclusion should not be limited to one-time training. Older people need regular advice, technical assistance, motivational support. Especially in the first moments, the fear of failure can reduce their activity. In this case, the support of families, volunteers, social workers plays a decisive role [2], [5].

Digital inclusion plays an important role as a mechanism for preventing social apathy among older people. Research carried out abroad, especially in the UK and Germany, shows that the possibilities of older people using the internet and online services can increase their social activity and reduce the feeling of loneliness. For example, the Digital Coffee Club project in Germany and digital literacy courses in Canada have allowed older people to communicate through learning digital tools, which has improved their psycho-emotional well-being. In addition, increasing digital literacy in the United States during the pandemic, especially through online medical services and social contacts, has made it possible to reduce social isolation. These experiments show that digital platforms allow older people to access vital information, learn new skills and strengthen mutual social ties, as a result of which the level of their isolation from society and social apathy decreases.

In Kazakhstan, there are also various projects aimed at improving digital literacy. Within the framework of the Digital Kazakhstan program, as well as through special training courses implemented in rural areas, older people are taught to use the internet and online services. These initiatives will allow older people to enter the information society, use the opportunities to receive public services online and connect with family and friends through social networks. Digital literacy trainings organized in nursing homes in Nur-Sultan and Almaty also help to increase the social participation of these people. Through digital literacy programs in nursing homes, they get acquainted with modern information technologies and achieve independence in the use of online services. Through such projects, older people have the opportunity not to be isolated from society, but, on the contrary, to enter a new information space. It is an important mechanism in order to improve their psychological state and prevent social apathy. In addition, Kazakhstan is implementing projects aimed at ensuring digital inclusion in rural areas and implementing initiatives aimed at improving the digital skills of older people living in these regions. Thus, the availability of digital inclusion to all groups in society, including the elderly, is seen as an important tool in preventing social apathy.

Digital inclusion plays an important role as a mechanism for preventing social apathy among older people. Today, digital technologies are deeply embedded in all spheres of society and have a great impact on increasing social participation and activity in society. Foreign Studies and practices have shown that increasing digital literacy reduces the social isolation of older people and improves their psycho-emotional well-being. The Digital Coffee Club project in Germany, digital literacy programs in the UK and Canada, has enabled older people to communicate through the

Internet, learn new skills and cope with loneliness. In the US, during the pandemic, through the use of digital tools, the ability of older people to receive medical services online has been expanded, which has contributed to monitoring their health and receiving the necessary help.

The importance of digital inclusion is also growing in Kazakhstan. Projects and special training courses conducted within the framework of the Digital Kazakhstan program teach older people how to use internet services. These projects are being implemented not only in large cities, but also in rural areas, so older people living in rural areas are also given the opportunity to access digital literacy. Digital literacy trainings conducted in nursing homes increase the social participation of older people and strengthen their connection with society. These initiatives allow them to improve their psycho-emotional state, prevent social isolation and apathy. It is also important to expand these initiatives to reduce digital inequality in Kazakhstan and integrate into the information society, organize additional training courses in rural areas. Digital inclusion allows older people not only to acquire technical skills, but also to make them return as active members of society. This process contributes to the fact that older people feel like a part of society, look at their life with confidence. And this, in turn, strengthens their social participation and prevents social apathy and isolation. Ensuring the social integration of older people is not only related to digital literacy, but also implies the need to support their physical and psycho-emotional well-being and change the attitude of society towards them.

Projects implemented in this direction in Kazakhstan and international experience show that digital inclusion helps older people not only to get acquainted with new technologies, but also to strengthen their psychosocial well-being and communication with society. In the future, further development of digital literacy programs, increasing access to the elderly and other vulnerable groups, and measures aimed at solving the problem of digital inequality will undoubtedly take an important place in the social development of Kazakhstan.

References

4. Kim, N., Gell, N. M., Rosenberg, D. E. (2022). Digital Inclusion and Healthy Aging: A Scoping Review. Gerontology & Geriatric Medicine. https://doi.org/10.1177/23337214221099455
5. Seifert, A., Cotten, S. R., Xie, B. (2020). A Double Burden of Exclusion? Digital and Social Exclusion of Older Adults in Times of COVID-19. The Journals of Gerontology: Series B, 76(3), e99–e103. https://doi.org/10.1093/geronb/gbaa098
6. World Health Organization (2021). Global Report on Ageism. Geneva: WHO. https://www.who.int/publications/i/item/9789240016866
7. Myrzabekova, A. T. (2021). Digital inequality and engagement activism in the elderly. Journal of society and Development, 3(59), 112-118.

8. Ministry of Labor and social protection of the population of the Republic of Kazakhstan. (2023). Report on projects to improve digital literacy for the elderly.
9. Nurtazina, G. N. (2020). Improving the digital literacy of older people is the basis of social integration. Modern social sciences, No. 4, 45-52.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

PROBLEMS OF TRAINING SOCIAL WORK SPECIALISTS AND INTEGRATION OF THE SOCIAL AND HUMANITARIAN EDUCATION SYSTEM IN THE MODERN TIME

Студент **Айша УКИБАЕВА**
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

Аға оқытушы **Индира АХМЕТОВА**
Karaganda Buketov University, Faculty of Philosophy and Psychology,
Department of Social Work and Social Pedagogy

АННОТАЦИЯ

Мақалада қазіргі кездегі әлеуметтік жұмыс мамандарын дайындау жағдайлары және әлеуметтік-гуманитарлық білім беру жүйесін интеграциялау процестері қарастырылады. Әлеуметтік қызмет көрсету саласының қиындай түсуі болашақ мамандардан кәсіби мамандық шеберлігімен бірге, әлеуметтік-педагогикалық ойлау дағдысын, коммуникативтік және этикалық мәдениетті маңызды болып табылады және міндет етеледі. Осыған байланысты мақалада білім беру мазмұнын жаңаша құру, әлеуметтік және гуманитарлық пәндерді бірге біріктіру арқылы білім беру тиімділігін дамыту жолдары туралы айтылады. Сонымен қатар, әлеуметтік жұмыс жүйесіндегі тәжірибе мен теория арасындағы

ORCID NO: 0009-0000-1769-3438
e-posta: aisha.06.20@icloud.com

ORCID NO: 0000-0003-0212-6486
i.akhmet@inbox.ru, +77028791268

алшақтықты кеміту, инновациялық әдістерді енгізу, халықаралық тәжірибелерді бейімдеу мәселелеріне аса назар аударылады. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік жұмыс саласына бейімделген білім беру моделін қалыптастыру қажеттігін және мамандарды кәсіби дайындауда интеграцияланған тәсілдің маңыздылығын негіздейді. Бұл тәсіл білім беру сапасын арттыруға және болашақ әлеуметтік қызметкерлердің әлеуетін көтеруге септігін тигізеді.

The article considers the current conditions for training social work specialists and the processes of integrating the social and humanitarian education system. The increasing complexity of the social service sector requires future specialists to develop, along with professional skills, socio-pedagogical thinking skills, communicative and ethical culture. In this regard, the article discusses ways to develop the effectiveness of education by creating a new educational content and combining social and humanitarian disciplines. In addition, special attention is paid to the issues of reducing the gap between practice and theory in the social work system, introducing innovative methods, and adapting international practices. The results of the study substantiate the need to form an educational model adapted to the field of social work and the importance of an integrated approach to the professional training of specialists. This approach will help to improve the quality of education and increase the potential of future social workers.

Кілт-сөздер:Интеграция, тәрбие, әлеуметтік-гуманитарлық білім, әлеуметтік-жауапкершілік, білім беру жүйесі

Қазіргі замандағы қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер әлеуметтік жұмыс мамандарына қойылатын сұраныстарды күшейтті… Әлеуметтік салада жұмыс атқаратын маман тек көмек көрсетуші ғана емес, сонымен қатар қандай да жағдай болмасын,әрдайым әртүрлі жағдайларда шешім қабылдай алатын, құзыретті, жан-жақты білімді маман болуы тиіс. Сондықтан әлеуметтік жұмыс мамандарын даярлау жүйесін жаңғырту, яғни модернизациялау қазіргі кезде өзекті мәселеге айналып бара жатыр.

Модернизациялау – бұл тек оқу бағдарламаларын жаңаша қолдану ғана емес, сонымен қатар оқытудың әдістемесін, мазмұнын және тәжірибеге бағытталған дағдыларды дамыту болып табылады. Қазіргі білім беру жүйесі болашақтағы әлеуметтік қызметкерлерге тек теориялық білім ғана емес, оларды практикалық әртүрлі әрекеттерге толық әрі сенімді дайындауы тиіс. Бұл үшін дуалды оқыту жүйесін енгізу, тренингтер, симуляциялық ойындар, жобалық жұмыс секілді заманауи әдістерді қолдану маңызды болып табылады.

Сонымен қатар, әлеуметтік жұмыс мамандарына арналған білім беру мазмұнына адам құқықтары, инклюзия, психологиялық көмек көрсету, этникалық толеранттылық, медиация негіздері сияқты модульдер енгізілуі тиіс. Бұл маманның қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтармен,тұлғалармен кәсіби және этикалық жақсы қатынас орнатуына әсер береді.

Модернизация процесінде оқытушылардың деңгейін арттыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатыстыру және халықаралық тәжірибелерді бейімдеу де маңызды рөл ойнайды. Шетелдік тәжірибелерді зерделеу,мән беру арқылы біз өзіміздін ұлттық модельге сай келетін тиімді шешімдер таба аламыз.

Қазіргі кезде білім беру жүйесі тек білім берумен шектеле ғана қоймай,сонымен қатар, тұлғаны жан-жақты дамытуға, қоғамда өзінің орнын таба алатын, жауапкершілігі бар, адамгершілігі мол азамат қалыптастыруды мақсат етеді.Осы жерде әлеуметтік-педагогикалық тәрбие маңызды рөл ойнайды.. Бұл тәрбиені алу арқылы оқушылар мен жастардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне, қоғамдық құндылықтарды меңгеруіне, адамгершілік пен рухани дамуына жағдай жасайды.

Әлеуметтік-педагогикалық тәрбиенің негізгі мәні – баланың немесе жастың тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оның әлеуметтену үдерісін оңтайлы ұйымдастыру. Бұл тәрбие жеке тұлғаның тек мектеп қабырғасында ғана емес, отбасында, достарының қасында, қоғамдық іс-шаралар барысында қалыптасуына әсер етеді. Сондықтан білім беру
жүйесі әлеуметтік орта мен тәрбие институттарымен (отбасы, қоғамдық ұйымдар, БАҚ, мәдениет ошақтары) әрдайым тығыз байланыста болуы тиіс.

Мұндай тәрбиенің тиімді нәтижесін беруі үшін білім беру мекемелерінде арнайы әлеуметтік педагог мамандары жұмыс істеуі қажет. Олар оқушылардың психологиялық жайларын, әлеуметтік мәртебесін ескеріп, жеке немесе топтық қолдау беру арқылы олардың әлеуметтену процесін жеңілдетеді. Сонымен қатар мектептерде инклюзивті білім беру принциптерінің қосылуы әлеуметтік әділеттілікті арттырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға да толыққанды тәрбие мен білім алуға жағдай жасайды.

Сондай-ақ, әлеуметтік желілер,, заманауи технологиялардың әсері де тәрбиеге тікелей әсер ететіндіктен, педагогтар мен ата-аналар жағынан бұл әдістерді тиімді пайдалану, оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру да маңызды рөл ойнап отыр.

Білім беру барысында тәрбие мен оқытудың арасындағы өзара тығыз байланыста іске асуы – уақыт талабы болып табылады. Білім беру мен тәрбиені екі бағытта қарастыру қазірігі қоғам үшін тиімді емес. Осы себепті интеграция ұғымы — яғни, тәрбие мен білімді біріктіру, үйлестіру қажеттілігі күн тәртібіне шықты.

Интеграция – оқушылардың жан-жақты дамуын жүзеге асыруын қамтамамыз етуге бағытталған кешенді тәсіл. Білім беру мазмұнына тәрбиелік компоненттердің қосылуы тұлғаның әлеуметтік, азаматтық және рухани қажеттіліктеірн қалыптастыруға ықпал етеді. Яғни, тек академиялық біліммен шектеле ғана қоймай, оқушының мінез-құлқы, құндылықтық бағдарлары мен дүниетанымы да дамиды.

Мектеп қабырғасында өтетін әрбір пән — тәрбиелік құрал болып табылады. Мысалы, тарих сабағында – отансүйгіштікке, әдебиетте – рухани-адамгершілікке, биологияда – табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеуге болады.

Мұндай тәсілдер білім мен тәрбие арасындағы шекараны жойып, оларды табиғи түрде біріктіруге жол ашады.
Сонымен қоса, қазіргі педагогикада жобалық, интеграциялық, құндылыққа негізделген тәсілдер қолданыла бастады. Бұл тәсілдер оқушыларды тек білім алуға ғана емес, қоғам өміріне тығыз араласуға, жауапкершілікті алуға және жауапкершілікпен әрекет етуге үйретеді. Тәрбие мен білімнің осылайша бір арнаға тоғысуы – болашақта әлеуметтік жағынан тұрақты, мәдениетті, ұлттық болмысын сақтаған азамат тәрбиелеудің негізі.
Осы жерде мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы қосылып,бірлескен жұмыс, әлеуметтік серіктестік те ерекше маңызға ие. Тәрбиелік ықпалдың тиімділігі ең бірінші отбасы, мектеп және қоғам арасындағы болатын өзара байланыс арқылы арта түседі.

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесі адам капиталының негізгі көзі ретінде қарастырылып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік-гуманитарлық білім — тек кәсіби дайындықты емес, сонымен қатар адамгершілік, азаматтық және мәдени құндылықтарды қалыптастырудың негізгі құралы болып табылады. Бұл сала қоғамның әлеуметтік құрылымын, адамдар арасындағы өзара байланысты, мәдениет пен құндылықтарды құруда,,түсіндіруде маңызды рөл атқарады.Алайда әлеуметтік-гуманитарлық білім беру жүйесі бірқатар өзекті мәселелерге ұшыруда. Бірінші кезекте, бұл — технократтық бағыттың күшейе түсуі. Жоғары оқу орындары көбінесе жаратылыстану, техникалық және ақпараттық салаларға басымдық беріп, гуманитарлық пәндерді екінші орынға қойып келеді. Соның салдарынан болашақ мамандардың әлеуметтік жауапкершілігі мен азаматтық көзқарасы төмендеуі мүмкін.Екінші мәселе — оқу бағдарламаларының формалды сипаты. Көптеген жоғары оқу орындарында әлеуметтік-гуманитарлық пәндер тек теориялық мазмұнмен шектеледіде, өмірмен байланысы азая бастайды. Студенттерге қазіргі қоғамдағы әлеуметтік құбылыстарды талдау, адам мінез-құлқы мен құндылықтарын түсіну, мәдени әртүрлілікке бейімделу сынды практикалық дағдылар толыққанды жүзеге асырылмайды. Үшінші маңызды мәселе - оқытушылар арасындағы кәсіби дайындық деңгейі. Кейбір жағдайда гуманитарлық пәндерге немқұрайлы қарау, сапасыз оқыту әдістері студенттердің қызығушылығын,құштарлығын төмендетеді. Сонымен қатар, оқулықтар мен оқу құралдарының ескіруі, заманауи әдебиеттер мен зерттеулердің жеткіліксіз қолданылуы да өзінің әсерін тигізуде. Төртінші - сандық технологиялардың әсері. Бүгінде студенттердің ақпаратты интернеттен тез және оңай алу мүмкіндігі олардың жақсы әрі саналы ойлау қабілетіне кері әсер етуі мүмкін. Бұл әсіресе философия, социология, мәдениеттану сияқты пәндерге қатысты саналы ойлауды, талдауды қажет ететін білім беру үрдісінде маңызды мәселе болып отыр.Жалпы осы аталып өткен мәселелерді шешу үшін бірнеше бағыттарда жұмыс жүргізу керек. Ең алдымен, әлеуметтік-гуманитарлық білімнің қоғамдағы орны мен маңызын нақтылап, оқу бағдарламаларын заманауи талаптарға сәйкес жүргізу қажет. Оқыту барысында тәжірибелік әдістер мен зерттеу элементтерін енгізу,студенттер арасында өзара

пікірталастар ұйымдастыру, студентьер арасында кейс-талдау жасау, жобалық жұмыстар сияқты интерактивті тәсілдерді қолдану, пайдалану маңызды.Сондай-ақ, әлеуметтік-педагогикалық серіктестік орнатып, білім беру мекемелері мен қоғамдық ұйымдар арасында тығыз байланыс орнату қажет. Бұл студенттердің әлеуметтік ортада жұмыс атқару тәжірибесін дамытып, кәсіби әлеуетін көтереді.

Қорытынды: Әлеуметтік-гуманитарлық білім – тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін,рухани-мәдени құндылықтарын және азаматтық ұстанымын қалыптастыратын маңызды сала. Қазіргі кезде бұл сала бірнеше мәселелерді туғызып отыр: технократтық басымдық, формалды бағдарламалар, оқытушылардың біліктілік деңгейі және цифрлық ақпараттың үстемдігі. Аталған мәселелерді шешімін табу үшін оқу бағдарламаларын жаңаша жасап, тәжірибелік білім беру әдістерін енгізу және білім беру мен қоғам арасындағы байланысты нығайту қажет. Бұл – сапалы әрі бәсекеге қабілетті маман дайындаудың тиімді жолы болады

Әдебиеттер тізімі:

1.Әбдікерімова Т.Ә. Әлеуметтік жұмыс негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 215 б.
2.Сатылғанова Г.Ж. Білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогика. – Астана: Фолиант, 2019. – 180 б.
3.Қожахметова К.Ж. Интеграциялық оқыту әдістері. – Алматы: Рауан, 2021. – 165б
4.Құлжабаева С.Қ. Болашақ әлеуметтік қызметкерлерді даярлаудың теориялық негіздері. // Педагогика және психология журналы. – 2022. – №1(50). – Б. 37–42.
https://www.tandfonline.com/toc/rasw20/current
https://www.sciencedirect.com/journal/children-and-youth-services-review

ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Алина ОСПАНОВА
Білім алушы, 3 курс
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті,
Алия БАЙМУХАНОВА
аға оқытушы, магистр

Қарағанды, Қазақстан /alinaaospan506@gmail.com/
ORCID ID:https://orcid.org/0009-0004-3803-3067

Қарағанды, Қазақстан /aliya.30.05@mail.ru/
ORCID ID:https://orcid.org/0009-0005-5656-1119

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті,

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада Қазақстандағы қазіргі әлеуметтік жұмыстың өзекті мәселелері мен оларды жетілдіру жолдары жан-жақты қарастырылады. Автор әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің құрылымдық кемшіліктеріне, кадрлық тапшылыққа, сондай-ақ құқықтық және ақпараттық үйлесімсіздіктерге ерекше назар аударады. Ауылдық және қалалық аймақтардағы әлеуметтік қызметке қолжетімділіктің деңгейіндегі айтарлықтай теңсіздік мәселесі де талқыланады. Бұл теңсіздікті жою және қызмет көрсетуді барлық өңірлерде біркелкі ұйымдастыру Қазақстанның әлеуметтік саясатының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, мақалада шетелдік озық тәжірибелер – Оңтүстік Корея мен Германияның әлеуметтік қызмет көрсету үлгілеріне жан-жақты талдау жүргізіледі. Бұл елдердің тиімді жүйелері мен қызмет көрсету әдістері Қазақстан жағдайына бейімделіп, нақты ұсыныстар түрінде ұсынылады. Мақаланың мақсаты – әлеуметтік қызмет көрсету сапасын арттыруға ықпал ететін ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу арқылы саладағы тиімділікті жоғарылату. Жұмыстың нәтижелері әлеуметтік жұмыс саласындағы реформаларды жетілдіру және халықтың әлеуметтік қорғалу деңгейін нығайту үшін қолданылуы мүмкін [1].

Кілт сөздер: Әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік қызмет көрсету, құрылымдық кемшіліктер, кадр тапшылығы, құқықтық негіз, халықаралық тәжірибе.

Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс мәселелері

Қазақстанда әлеуметтік жұмыс жүйесінің негізгі компоненттері – әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары, жергілікті атқарушы органдар мен үкіметтік емес ұйымдар. Алайда, бұл құрылымдар арасында нақты үйлесімділік жоқ. Жергілікті деңгейдегі органдар әлеуметтік көмекті ұйымдастыруда түрлі тәсіл қолданады, бұл өз кезегінде қызмет сапасына теріс әсер етеді. Ауылдық жерлерде әлеуметтік қызметтерге қолжетімділік өте төмен. Әлеуметтік қызметкерлер жетіспейді, бар қызметкерлер көбінесе бірнеше қызметті қатар атқарады. Ал қалалық жерлерде керісінше – мамандардың саны болғанымен, олардың жүктемесі тым көп. Бұл әлеуметтік көмек алушылармен сапалы және жүйелі жұмыс істеуге кедергі келтіреді [2].

Мәселенің себептері мен салдары

Құрылымдық мәселелер бірнеше негізгі себептермен байланысты:

- Құқықтық негіздердің әлсіздігі: Әлеуметтік жұмыс саласындағы заңдар мен нормативтік актілер жиі өзгеріп отырады. Бұл мамандар мен мекемелердің жұмысына тұрақсыздық әкеледі.

- Кадрлық әлеуеттің жеткіліксіздігі: Көптеген өңірлерде кәсіби әлеуметтік қызметкерлер жетіспейді. Бұл салада жұмыс істейтін мамандардың жалақысы төмен, ал олардың еңбек жағдайы ауыр. Бұл мамандардың салада тұрақтап қалуына кері әсер етеді.

- Қоғамдық қолдаудың жеткіліксіздігі: Әлеуметтік жұмысқа қоғам тарапынан оң көзқарас толық қалыптаспаған. Көп жағдайда бұл мамандық «тек көмек көрсетумен» шектелетін мамандық ретінде қарастырылады.Осы аталған мәселелердің салдарынан әлеуметтік жұмыс қызметінің тиімділігі төмендеп, нақты көмекке мұқтаж адамдар сапалы қызмет ала алмайды. Сонымен қатар, мамандардың кәсіби күйзеліс пен қажуға ұшырау жағдайлары жиілеп отыр.

Халықаралық тәжірибе: Оңтүстік Корея және Германия

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, дамыған елдерде әлеуметтік жұмыс құрылымы нақты стандарттарға сүйенеді. Мысалы, Оңтүстік Кореяда әрбір әлеуметтік қызметкердің атқаратын міндеті, клиентке қызмет көрсету формасы мен уақыты заңнамамен қатаң белгіленген [3]. Мұнда әлеуметтік қызмет көрсету саласына мемлекетпен қатар, жеке сектор мен үкіметтік емес ұйымдар да белсенді қатысады.

Сондай-ақ, Германияда «case management» деп аталатын тәсіл кеңінен қолданылады. Бұл – клиентпен ұзақ мерзімді, кешенді жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін құрылым. Әлеуметтік жұмыс тек көмек көрсету емес, адамның өмір сапасын арттыруға бағытталған ұзақ мерзімді стратегия ретінде қарастырылады [4].

Бұл елдер тәжірибесінен Қазақстан бірнеше оңтайлы тұстарды ала алады. Бірақ оларды жай көшіру жеткіліксіз – әрбір тәжірибені елдің әлеуметтік, экономикалық және мәдени ерекшеліктеріне бейімдеу қажет.

Жетілдіру жолдары

Қазіргі құрылымдық кемшіліктерді шешу үшін мынандай нақты ұсыныстар беруге болады:

- Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін стандарттау және автоматтандыру. Бірыңғай ақпараттық жүйе құрып, барлық өңірлердегі әлеуметтік мекемелердің жұмысын үйлестіру қажет.

- Кадр даярлау және қолдау жүйесін жетілдіру. Жоғары оқу орындарында әлеуметтік жұмыс мамандығын тәжірибеге жақындату қажет.

- Жалақыны арттыру және еңбек жағдайын жақсарту. Әлеуметтік қызметкерлердің мәртебесін заңды түрде бекітіп, оларды ынталандыру жүйесін енгізу керек.

- Қоғамдық сананы жаңғырту. БАҚ арқылы бұл мамандықтың маңызын насихаттау – нәтижелі құрал болмақ.

- Үкіметтік емес ұйымдармен серіктестік. ҮЕҰ әлеуетін толық пайдалану үшін ынтымақтастық механизмдерін қалыптастыру қажет.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс құрылымындағы қазіргі мәселелер сала тиімділігін тежеп отыр. Мәселе тек ұйымдық немесе заңнамалық деңгеймен шектелмейді, ол терең әлеуметтік, кәсіби және этикалық мәнге ие. Әлеуметтік жұмыс – бұл қоғамның әлсіз мүшелеріне тек материалдық көмек көрсетумен шектелмейтін, олардың өмір сапасын арттыруға, адамгершілік құндылықтарын сақтауға бағытталған күрделі әрі маңызды сала.

Бүгінгі таңда бұл жүйеде шешуді қажет ететін бірқатар түйткілдер бар: мамандардың жетіспеуі, жалақының төмендігі, заңнамалық базаның

тұрақсыздығы, басқару мен үйлестіру деңгейіндегі сәйкессіздіктер. Бұл мәселелерді жедел әрі жүйелі түрде шешпейінше, әлеуметтік қызметтің қоғамдағы рөлі мен беделі төмендей береді.

Біздің ойымызша, әлеуметтік жұмыстың дамуы тек мемлекеттік қолдауға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық сана мен мәдениеттің өзгеруіне де тәуелді. Біз әлеуметтік қызметкерді тек көмекші ретінде емес, нағыз әлеуметтік өзгерістердің қозғаушы күші ретінде қабылдауымыз керек [5]. Ол – қоғамның моральдық тұтастығын сақтаушы, адам құқығын қорғаушы, халықтың дауысы естілмейтін бөлігіне үн қосушы маман.

Сондықтан, елімізде әлеуметтік жұмыс құрылымын жетілдіру – тек салалық емес, жалпыұлттық маңызы бар стратегиялық міндет болуы тиіс. Әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдық келісім осы саладағы табысты реформаларға тікелей байланысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. (2023). Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін дамыту тұжырымдамасы 2025 жылға дейін. – Астана.

2. Мұқанов, Қ. М. (2018). Әлеуметтік жұмыстың халықаралық стандарттары және оларды Қазақстан жағдайына бейімдеу жолдары. // Әлеуметтік ғылымдар журнал, №4, 89–95.

3. Kim, H., & Lee, S. (2019). Social Work Practice in South Korea: Structural Challenges and Policy Directions. Asian Social Work and Policy Review, 13(1), 15–27.

4. United Nations. (2022). World Social Report: Leaving no one behind in a changing world. – New York: UN Publications.

5. Баймұратова, А. Б. (2021). Әлеуметтік жұмыс теориясы мен практикасы. – Алматы: Қазақ университеті. 44–51.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІ ЖӘНЕ ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫҢ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕЛУІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ РӨЛІ

Айым САЯЖАН
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті,
Философия және психология факультеті,
«Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасының 1 курс студенті
Айгерім АЛЬЖАНОВА
аға оқытушы, ғылым магистрі

Қарағанды, Қазақстан / e-posta: sayazhanaiym@gmail.com
ORCID ID: 0009-0007-5859-4816

Қарағанды, Қазақстан / e-posta: aigerm-alzhanova@mail.ru
ORCID NO: 0009-0001-8327-9582

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті,
Философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ

Бұл мақала Қазақстандағы жетім балалар мен әлуметтік қызметкер арасындағы рөлді зерттеуге арналған. Жетім балалардың құқықтарының шектелмеуі, сонымен бірге осы жұмыстың орындалу кезінде әлеуметтік жұмыстың нақты мүмкіндіктерін анықтау. Жеке тұлғаның әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу кезеңдері, әлеуметтік бейімделу деңгейлері, механизмдері қарастырылады. Бұл мақаланы зерттеудің мақсаты жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың түлектерінің әлеуметтік бейімделу процесін зерделеу. Осы зерттеуде біз мынадай мәселерді: балалар үйіндегі балалардың психоэмоционалдық дамуының ерекшеліктері, олардың мәртебесі, құқықтық білім беру, бөлінетін арнайы гранттар жайлы, яғни «әлеуметтік осал топтарға» арналған арнайы квота, балалар үйіндегі мәселелерді сәтті шешу жолында әлеуметтік қызметкердің рөлінің әсеріне толығырақ тоқталамыз.

Кілт сөздер: жетім, әлеуметтік қызметкер, балалар үйі.

Қазіргі қоғамда әр баланың бақытты, қамқорлықта өмір сүруі – басты құндылықтардың бірі. Дегенмен түрлі себептермен ата-анасынан айырылған, қамқорлықсыз қалған балалар аз емес. Қазіргі уақытта: жетім және әлеуметтік жетім екі ұғымы кеңінен қолданылады. **Жетім бала (балалар) –** ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар) болып табылады [1]. Сондай-ақ, ата-ана құқықтарының шектелуіне, ата-анасы хабар - ошарсыз кетті деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтуіне, ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала. **Әлеуметтік жетім** – бұл ата-ана құқықтарынан айыру, қабілетсіз немесе хабар-ошарсыз кеткен деп тану салдарынан, сондай-ақ ата-аналар өздерінің ата-ана функцияларын орындамаған жағдайда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала[2]. Осындай сәттерде оларға мемлекет тарапынан көмек көрсетіліп, балалар үйлері ашылды.

Жетімдік баланың психикалық дамуына қатты әсер етеді. Ата-анадан айырылған және интернат жағдайына түскен балалардың жалпы психикалық жағдайы төмендейді, өзін-өзі реттеп бағыттауы бұзылады, көңіл күйі жабырқау болады. Балалардың басым көпшілігінің өмірге құштарлығы жоғалады, өзіне-өзінің сенімсіздігі күшейіп, бойын үрей билей бастайды. Эмоционалдық-танымдық талпынысы төмендейді де, интелектуалдық дамуы тежеледі.

Қазіргі қоғамда балалар үйі – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған маңызды әлеуметтік мекеме. Мұнда тәрбиеленетін

балалардың денсаулығын сақтау, білім беру, психологиялық қолдау көрсету және қоғамға бейімдеу жұмыстарымен әлеуметтік қызметкерлер тікелей айналысады. Бұл мекемелердің басты мақсаты – баланың құқықтарын қорғау, олардың білім алуына, тұлғалық дамуына және қоғамға бейімделуіне қолдау көрсету[5]. Балалар үйінде әр баланың тағдыры бөлек. Бірі ата-анасынан айырылса, бірі тастанды бала болып қалып қояды, ал енді бірі қиын отбасылық жағдауларға байланысты осында келіп түседі. Мұндай жағдайда әлеуметтік қызметкер балалардың өмір сапасын жақсартуға және болашақтағы дербес өмірге дайындалуына бағытталған. https://el.kz/elimizde-qansha-zhetim-bala-bar_400000876/ сайтындағы деректерге сүйенетін болсақ, 2024 жылғы көрсеткішке байланысты Қазақстанда 21387 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала бар. Қазақстанда жыл сайын 2 мыңға жуық ата-ана өз құқығынан айырылады. Сәйкесінше, бала психологиялық зардап шегіп ғана қоймай, өз басып алып жүре алмайтын, тәуелсіз өмірге бейімделмеген, дағдыланбағанлықтан балалар үйіне, интернат мекемелеріне орналастырылады.

Депутат Гауһар Танашеваның сөзінше, елімізде балалар үйлері түлектерінің өмір сүруіне бақылаудың жоқтығынан олардың көпшілігі ештеңесіз қалады. Балалар үйінен шыққан кезде түлектер әлеуметтік қызметтердің, еріктілердің көмегінсіз шеше алмайтын көптеген мәселелерге тап болады[6]. Олар үлкен өмірге жіберіліп, барлық мәселелермен жалғыз өздері қалады. Бұл балаларға өз болашағын қалай құруға болатынын ешкім үйретпейді. Біз бұл жағдайды өзгерту үшін нақты шешімдерді ұсынуға міндеттіміз.

«Балалар үйіндегі балалардың таңдауға құқығы жоқ. Не киеді, не жейді, бос уақытында не істеу керек, бәрі олар үшін алдын ала шешіледі. Жасыратыны жоқ, мұндай мекемелердегі балалар тәртіппен өмір сүреді. Тамақтану, ұйықтау. Мектепке бару, барлығы қатаң түрде кесте бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте балалар үйді жинауға, тамақ дайындауға, азық-түлік пен киім-кешек алуға араласпайды» - дейді Әйгерім Мұсабалинова[6]. Бұл пікірге толыққанды келісемін, мұндай жүйе балалардың болашақта өз бетінше өмір сүруінде, шешім қабылдауында түрлі қиындықтар туғызады. Заң талаптарына қарамастан, балаларға әлеуметтік бейімделуе қоғамда өз орның табуға, тіпті маңызды өмірлік дағдыларды меңгеру үшін жағдайлар жасалмаған.

Жетімнің панасы – ел демекші, біз ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтендіруге, қоғамға бейімделуіне, қоғамда өз орның табуға көмек көрсетуіміз қажет.

Қазіргі таңда балалар үйлерінде тәрбиеленіп жатқан балалардың қоғамға бейімделу мәселесі өте өзекті. Олар өз қатарластарынан оқшау қалмауы тиіс. Сондықтан да мемлекет балалар үйлеріндегі тәрбиеленушілерді қолдау бағытында көптеген бағдарламалар қабылдап, оларға жоғары білім алу, жұмысқа орналасу, тұрғын үймен қамтамасыз ету сынды мүмкіндіктер береді. Балалар үйінен шыққан жастарға арналған әлеуметтік жатаханалар, квота бойынша университеттерге түсу жеңілдіктері, арнайы стипендиялар қарастырылған. Әлеуметтік қызметкерлер балалардың құқықтарын қорғап қана қоймайды,

сонымен бірге олардың өзін-өзі дамытуына, эмоционалдық жарақаттарды жеңуіне көмектеседі.

Қоғамда жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар мен орталықтардың бірнеше түрі бар. Мәселен, мектеп-интернаты, балаларды бейімдеу орталықтары, қолдау орталықтар, балалар үйі, отбасы үлгісінлегі SOS балалар ауылы. Орталықтардың ішінде жетім балаларға отбасылық қамқорлық көрсететін «SOS балалар ауылдары» жобасын ерекше атап өткен жөн[6]. Алғаш рет Автралияда бастау алған, бүгінде әлемнің бірқатар елінде қолданылады. Ұйым өзінің басты миссиясы әрбір бала үшін «махаббат, құрмет және қауіпсіздік» ортасын құру екенін айтады. Соңғы 70 жылда балалар ауылы әлемнің 130-дан астам елінде ашылған. Сондай-ақ бүкіл әлемде 4 миллионнан астам баланы тәрбиелеп, өсірген. Бұл жоба Қазақстанда 1990 жылдардың басында іске асырыла бастады[6]. Ең алғаш Алматыда, кейін Астана, Теміртау мен Қарағанды қалаларында балалар ауылы ашылды. 30 жылда 3 мыңнан астам бала осы орталықта ата-ана қамқорлығын сезіне алды.

Жоба аясында балалар «кәсіби» ата-аналармен бірге тұрады. Бір отбасында 4-6 баладан кем болмайды. Бұл отбасылар балаларға отбасы құндылығын сезінуге, қарапайым мектептерде оқуға, хоббиімен айналысуға және болаша,ына қажетті қарапайым дағдылары игеруге мүмкіндік береді. Ең өкініштісі «SOS балалар ауылдары» ережесіне сау бала 18 жасқа дейін ғана кәсіби отбасымен тұра алады. Кейін студенттерге арналған жастар үйіне көшеді екен. Дегенмен өзің бағып-қаққан ата-анасына жиі келіп тұруға болады.

Балалар үйі – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған маңызды әлеуметтік институт қана емес, сонымен қатар болашақтың жарқын негізін қалайтын орын. Мұндағы әлеуметтік қызметкерлердің рөлі – тек көмек көрсетумен шектелмейді. Олар баланың жан жарасын емдеп, қоғамға бейімделу жолында бағыт-бағдар беретін, құқықтарын қорғап, өмірлік маңызды дағдыларды меңгенуге жағдай жасайтын басты тұлғалар. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан бірқатар қолдау бағдарламалары жүзеге асырылғанымен, балалардың өз бетінше өмір сүруге үйренуі үшін әлеуметтік бейімдеу мен тұлғалық дамуға баса назар аудару қажет. «SOS балалар ауылдары» сияқты жобаларр баланың толыққанды тұлға болып қалыптасуына үлкен үлес қосып отыр. Болашақта балалардың қоғамда өз орнын тауып, толыққанды өмір сүруі үшін әрбір әлеуметтік қызметкердің кәсіби біліктілігі мен жанашырлығы аса маңызды. Сондықтан біз – қоғам мүшелері ретінде, әр баланың бақытты болашағы үшін жауапты екенімізді ұмытпауымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.
2. Балалар үйлері тәрбиеленушілерінің қоғамға әлеуметтік интеграциясы және бейімделуі – Нұр-Сұлтан 2022ж. https://kipd.kz/article/sotsialnaya-

adaptatsiya-i-integratsiya-v-obschestve-vospitannikov-detskikh-domov-analiticheskiy-doklad-2022
3. «Интернат үлгісіндегі мекемелерде тәрбиеленетін балалардың психологиялық даму ерекшеліктері әдістемелік әзірлемесі» http://dd105.ucoz.ru/Dokumenty/osobennosti_psikhologicheskogo_razvitija_detej-vos.pdf
4. Қазақстан балалары. Статистикалық жинақ. – Астана 2022ж https://stat.gov.kz/upload/iblock/416/94el3lmfeydhhhxahap7mn8d7rwg465l/%D0%A1-13-%D0%93%20(%D0%BA%D0%B0%D0%B7).pdf
5. Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидаларын бекіту. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010280
6. Елімізде қанша жетім бала бар? https://el.kz/elimizde-qansha-zhetim-bala-bar_400000876/

СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА С СЕМЬЯМИ, ПЕРЕЖИВШИМИ НАСИЛИЕ: СТРАТЕГИИ ВМЕШАТЕЛЬСТВА И СОПРОВОЖДЕНИЯ

Тогжан ОСПАНОВА
Карагандинский университет им. Е.А.Букетова
студентка 3 курса,
образовательная программа «Социальная работа»,

Толғанай ТҰРСЫНҚАН
Карагандинский университет им. Е.А.Букетова
студентка 3 курса,
образовательная программа «Социальная работа»,

Газиза ДЖАМАЛИЕВА
Кандидат социологических наук, ассистент профессора
Карагандинский университетт им. Е.А.Букетова

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются особенности социальной работы с семьями, подвергшимися насилию, с акцентом на современные стратегии вмешательства и сопровождения. Раскрываются понятие и формы семейного насилия, этапы социальной работы, в том числе кризисное реагирование, сопровождение и реабилитация. Особое внимание уделено роли государственных и

Қарағанда, Қазақстан / e-posta: Dzhamaliyeva_Gaziza@buketov.edu.kz
ORCID ID: https://orcid.org/ 0000-0002-9978-5447

неправительственных организаций в поддержке пострадавших. Представлены статистические данные по Республике Казахстан на 2025 год, описаны актуальные меры и нормативно-правовые акты, регулирующие защиту жертв семейного насилия. Работа носит практико-ориентированный характер и предназначена для специалистов в сфере социальной защиты, студентов и исследователей.

Ключевые слова: семейное насилие, социальная работа, кризисное вмешательство, сопровождение, жертвы насилия, пострадавшие семьи, кризисные центры, защита семьи.

В современном обществе проблема семейного насилия остается одной из наиболее острых и актуальных. Несмотря на развитие правозащитных и социальных институтов, большое количество семей в Республике Казахстан и в мире в целом продолжают сталкиваться с физическим, психологическим, сексуальным и экономическим насилием внутри дома. По официальным данным Министерства внутренних дел РК, в 2024 году было зарегистрировано более 10 тысяч обращений, связанных с домашним насилием, что на 15% больше по сравнению с предыдущим годом [1]. Это свидетельствует не только о росте числа случаев насилия, но и о повышении осведомленности населения и готовности пострадавших обращаться за помощью.

Семья, являясь базовой социальной ячейкой, в норме должна обеспечивать защиту, поддержку и безопасное пространство для своих членов. Однако в условиях насилия она превращается в источник травмы и деструктивных последствий, особенно для женщин и детей. Жертвы семейного насилия зачастую испытывают глубокие психологические нарушения, включая посттравматическое стрессовое расстройство, тревожность, депрессию, потерю доверия к людям, и нуждаются в комплексной поддержке и восстановлении.

Социальная работа с такими семьями представляет собой сложный и многоуровневый процесс, включающий экстренное вмешательство, кризисное сопровождение, консультирование, защиту прав пострадавших, восстановление утраченных социальных функций, а также профилактику повторных случаев насилия. Особая роль в этом процессе принадлежит специалистам по социальной работе, которые выступают не только посредниками между семьей и государственными структурами, но и координаторами оказания комплексной помощи.

Актуальность темы обуславливается как распространенностью явления семейного насилия, так и необходимостью совершенствования практик социальной поддержки жертв. В условиях реализации Социального кодекса РК (вступившего в силу с 1 июля 2023 года)[2], в Казахстане внедряются новые подходы к обеспечению защиты прав уязвимых категорий, включая женщин и детей, пострадавших от домашнего насилия. Это требует научного осмысления стратегий вмешательства и сопровождения, оценки их эффективности, а также разработки рекомендаций для специалистов.

Цель данной статьи — рассмотреть современные подходы социальной работы с семьями, пережившими насилие, выявить эффективные стратегии вмешательства и сопровождения, а также представить статистические и нормативные данные, характеризующие текущее состояние проблемы в Республике Казахстан на 2025 год.

Семейное насилие — это форма нарушения прав человека, которая проявляется в агрессивных действиях одного из членов семьи по отношению к другому с целью подавления, контроля и унижения. Согласно Закону Республики Казахстан «О профилактике семейно-бытового насилия» (с изменениями 2023 года), насилие в семье определяется как умышленные действия (бездействие) физического, психического, сексуального или экономического характера, направленные против членов семьи, нарушающие их права и свободы [3].

Важной особенностью семейного насилия является его повторяемость и замкнутость, что затрудняет своевременное выявление и вмешательство. Нередко жертвы насилия долгое время находятся в ситуации зависимости — эмоциональной, экономической или социальной, — и не могут самостоятельно изменить ситуацию без внешней поддержки.

Существует несколько форм семейного насилия, каждая из которых имеет свои особенности:

№	Вид насилия	Определение	Основные проявления
1	Физическое насилие	Умышленное причинение телесного вреда или угрозы физической расправы	Побои, удары, толчки, удержание, ограничение свободы, удушение, угроза оружием
2	Психологическое насилие	Систематическое моральное давление, унижение, контроль и запугивание	Унижение, угрозы, оскорбления, контроль, изоляция, манипуляции, подавление воли
3	Сексуальное насилие	Принуждение к половым актам без согласия или в унизительной форме	Изнасилование, сексуальные домогательства, принуждение к актам, в том числе в браке
4	Экономическое насилие	Контроль над финансовыми ресурсами, лишение материальной самостоятельности	Запрет на работу, лишение средств, контроль за расходами, принуждение к долгам
5	Пренебрежение	Систематический отказ от выполнения обязанностей по уходу и заботе	Игнорирование потребностей детей/пожилых: отсутствие еды, медицинской помощи, ухода и воспитания

По данным МВД РК, в 2024 году основную долю обращений по фактам семейного насилия составили именно психологическое (54%) и физическое насилие (38%), при этом сексуальное насилие заявляется лишь в 1–2% случаев, что, вероятнее всего, связано не с отсутствием таких случаев, а с недостатком доверия к правоохранительным органам и страхом стигматизации [4].

Таким образом, понимание разнообразия форм насилия и их влияния на пострадавших позволяет специалистам по социальной работе выстраивать адекватные стратегии вмешательства, направленные на обеспечение безопасности, восстановление прав и улучшение качества жизни семей, переживших насилие.

Социальная работа с семьями, пережившими насилие, требует строго структурированного и профессионального подхода, включающего несколько последовательных этапов. Каждый этап направлен на обеспечение безопасности, восстановление, адаптацию и устойчивое функционирование пострадавших членов семьи. Рассмотрим ключевые этапы более подробно.

№	Этап	Цель	Основные действия
1	Первичная диагностика	Выявить факт насилия, определить степень риска	Интервью, обследование, сбор информации, работа с информаторами
2	Обеспечение безопасности	Немедленно защитить пострадавших	Удаление агрессора, направление в кризисный центр, подключение полиции
3	Социальная диагностика	Определить потребности и ресурсы	Психологическое обследование, оценка условий, определение форм помощи
4	Разработка плана вмешательства	Составить индивидуальный план помощи	Подбор мер поддержки, межведомственное сотрудничество
5	Сопровождение и мониторинг	Поддерживать и отслеживать устойчивость изменений	Регулярные визиты, групповая и индивидуальная помощь
6	Оценка и завершение	Оценить эффективность и завершить сопровождение	Итоговое интервью, отчёт, рекомендации по патронажу

Эффективность социальной работы во многом зависит от междисциплинарного подхода, личной мотивации пострадавших, а также профессионализма и эмпатии специалистов.

Социальная работа с семьями, пережившими насилие, требует системного подхода, направленного не только на преодоление последствий, но и на формирование устойчивой безопасной среды[5]. Основные стратегии вмешательства и сопровождения можно разделить на краткосрочные,

среднесрочные и долгосрочные, каждая из которых включает в себя чёткие действия и профессиональное сопровождение.

1. Краткосрочные стратегии вмешательства

Цель – обеспечить неотложную безопасность и стабилизацию ситуации:

Организация временного убежища (кризисные центры, шелтеры);

Срочное привлечение правоохранительных органов;

Медицинская помощь и психологическое "первое интервью";

Консультации по юридическим вопросам (оформление ограничительных мер);

Обеспечение доступа к горячим линиям и социальным службам.

Пример: В Казахстане, по данным МВД, в 2024 году было зафиксировано более 80 000 обращений по поводу домашнего насилия, из них 60% — женщины с детьми [1].

2. Среднесрочные стратегии сопровождения

Цель – помочь семье выйти из кризисного состояния и восстановить базовые социальные функции:

Разработка и реализация индивидуальной программы социальной реабилитации;

Работа с детьми (в т.ч. арт-терапия, групповые занятия);

Индивидуальная и семейная психотерапия;

Помощь в поиске жилья, занятости, переобучении;

Работа по восстановлению документов, получению пособий, социальной помощи.

Этап требует вовлечения междисциплинарной команды: социальных работников, психологов, юристов, педагогов, представителей НПО.

3. Долгосрочное сопровождение и пост интервенционная поддержка

Цель – предотвращение рецидива насилия, укрепление навыков саморегуляции и автономности:

Менторская поддержка через НПО или службы социальной поддержки;

Социальное патронажное наблюдение;

Поддержка в трудоустройстве и адаптации к новой социальной среде;

Развитие "групп взаимопомощи" и "групп выздоровления";

Оценка устойчивости позитивных изменений, обучение навыкам разрешения конфликтов ненасильственным путём.

Подходы в рамках стратегии сопровождения:

Подход	Содержание
Индивидуализированный	Каждой семье разрабатывается отдельная программа
Комплексный	Вовлекаются все аспекты жизни: жильё, финансы, психическое здоровье
Координированный	Действия служб согласованы: полиция, соцслужбы, НПО

Подход	Содержание
Клиентоориентированный	Решения принимаются с учётом мнения пострадавших
Профилактический	Направлен на предотвращение повторного насилия

Эффективные стратегии требуют устойчивого финансирования, высокого уровня подготовки кадров, а также широкой информационной кампании для формирования в обществе нулевой толерантности к насилию.

Работа с пострадавшими от домашнего насилия невозможна без эффективного взаимодействия между государственными структурами и неправительственными организациями (НПО). Каждая из сторон выполняет определённые функции, дополняя друг друга и формируя устойчивую систему помощи и сопровождения.

Государственные органы играют ключевую роль в обеспечении правовой, медицинской, социальной и психологической помощи:

Организация	Основные функции
Министерство труда и социальной защиты населения РК	Разработка и реализация государственной политики по защите уязвимых групп, в т.ч. жертв насилия
Министерство внутренних дел РК	Рассмотрение обращений, применение защитных предписаний, защита жизни и здоровья пострадавших
ЦОН, Акиматы, Управления соцзащиты	Предоставление соцуслуг, пособий, направление в кризисные центры
Центры адаптации и кризисные центры	Обеспечение временного жилья, питания, психологической и юридической поддержки
Образовательные и медицинские учреждения	Выявление фактов насилия, работа с детьми, лечение и реабилитация

Пример: В 2024 году по данным Министерства внутренних дел РК, было выдано более 9000 защитных предписаний жертвам домашнего насилия [1].

НПО обладают большей гибкостью, доверием со стороны уязвимых групп и возможностью реализации инновационных подходов. Основные направления работы:

Кризисные и шелтерные центры (например, «КАРА», «Мейірім»);

Телефоны доверия и горячие линии (анонимные консультации);

Психологическая и юридическая помощь;

Образовательные тренинги, программы по профилактике насилия;

Сопровождение в суд, содействие в переезде;

Реабилитация пострадавших, ресоциализация, наставничество.

Пример: В Казахстане работает более 30 кризисных центров и шелтеров, из них 15 – при поддержке НПО .

Проблема семейного насилия остаётся одной из наиболее острых социальных угроз в Казахстане и требует комплексного, межведомственного подхода. На сегодняшний день социальная работа с семьями, пережившими насилие, включает в себя не только экстренное вмешательство, но и долгосрочное сопровождение, реабилитацию и ресоциализацию пострадавших. Эффективность этой деятельности зависит от скоординированной работы государственных органов, неправительственных организаций, социальных служб, психологов, юристов и медицинских работников.

Актуальность темы подтверждается статистическими данными: по данным МВД РК, ежегодно фиксируются тысячи обращений по фактам бытового насилия, а в кризисные центры обращаются женщины и дети, нуждающиеся в срочной помощи . Это требует не только реагирования, но и превентивных мер, развития инфраструктуры помощи, а также совершенствования законодательной базы.

Ключевыми задачами остаются: внедрение современных технологий социальной работы, обеспечение доступности качественных услуг на всей территории Казахстана, профессиональная подготовка кадров и развитие институтов профилактики. Только системный и ценностно-ориентированный подход позволит обеспечить защиту прав жертв насилия, их безопасность и восстановление.

Таким образом, социальная работа с пострадавшими семьями — это не просто помощь в кризисе, а инструмент восстановления справедливости, достоинства и устойчивости семьи как важнейшего социального института

Список литературы:

1. Комитет по правовой статистике РК. Отчёт о преступлениях, связанных с насилием в семье за 2024 год. — Астана: Генпрокуратура РК, 2025.
2. Социальный Кодекс РК, 2023.
3. Закон РК «О профилактике бытового насилия». — №214-IV, от 4 декабря 2009 года.
4. Всемирная организация здравоохранения. Насилие в семье: глобальный обзор. — Женева, 2021.
5. Ергожина А.К. Социальная работа с семьями: учебное пособие. — Алматы: КазНУ, 2023.
6. WHO, "Responding to intimate partner violence and sexual violence against women," Geneva, 2022.
7. Алимова Л.Ш. Практика социальной поддержки женщин, переживших насилие. — Караганда, 2023.
8. UN Women Central Asia. Gender-Based Violence Data Report. — 2024.
9. Korgau Astana Crisis Center – Официальный сайт. https://korgau.kz

10. План мероприятий по защите семьи в РК на 2023–2025 гг. — Министерство труда и социальной защиты населения РК.
11. Правила организации центров временного размещения и помощи жертвам насилия, МТСЗН РК, 2024.
12. Бюллетень национальной комиссии по делам женщин и семьи, 2025, №1

ЖАСТАР МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Зарина АЛЬЖАНОВА
Білім алушы, 3курс
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті,

Алия БАЙМУХАНОВА
аға оқытушы, магистр
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада жастар саласында туындайтын әлеуметтік проблемаларды шешу әлеуметтік жұмысты ұйымдастырусыз, кәмелетке толмағандар мен жастар үшін әлеуметтік қызметтердің қызметін өрістетусіз іске асырыла алмайтының көрсету. Жастар арасындағы әлеуметтік жұмыс әр жас адамның дамуына қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды қамтамасыз ету, жеке тұлғаның әлеуметтік қалыптасуына ықпал ету, оның барлық бостандықтарға ие болуы және жеке тұлғалардың қоғамға толыққанды қатысуы ретінде қарастырылады. Сондай-ақ мақалада кәмелетке толмағандар мен жастар үшін әлеуметтік қызметтердің қызметін ұйымдастыру кезінде барлық шаралар кешені жүзеге асырылу жолдарын көрсетеді. Жасөспірімдер мен жастарға әртүрлі медициналық-әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық, оңалту және әлеуметтік-құқықтық қызметтердің нұсқауы бойынша мамандандырылған қызметтер мен мекемелер кешенін құру және дамыту міндеті шешілуде. Мақала тек жастар мен жасөспірімдерді қорғау мен ғана шектелмей отбасында зорлық-зомбылық пен зорлық-зомбылық көрген балалар мен жасөспірімдер үшін

Қарағанды, Қазақстан /zarinaalzanova08@gmail.com/
ORCID ID: https://orcid.org/0009-0003-8958-9121

Қарағанды / Қазақстан /aliya.30.05@mail.ru/
ORCID ID:https://orcid.org/0009-0005-5656-1119

әлеуметтік қорғаншылық пен қорғауға алынып,баспаналар қарастырылды.1992 жылдың басынан бастап кәмелетке толмағандарға арналған жеті қабылдағыш-дистрибьютор базасында балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік оңалту орталықтары құрылды, отбасы мен интернат мекемелерінің назарынан тыс қалған балаларға арналған баспаналар ұйымдастырылуда [1]. Кілт сөздер: Әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік проблемалар, кәмелетке толмағандар, зорлық-зомбылық, жастармен жұмыс, медициналық-әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық.

Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді қайта әлеуметтендіруге бағытталған қызметтерді қабылдағыш-таратушылар жанынан құру бойынша жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар, бірқатар өңірлерде әлеуметтік оңалту және жасөспірімдерді бейімдеу орталықтары (кешендері) құрылды, олардың функциялары едәуір кеңейтілді. Тұлғаның толыққанды физиологиялық және интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ету, жас ұрпақты тәуелсіз және еңбек ересек өміріне дайындау осы мәселелермен, соның ішінде психологиялық қызметпен айналысуға арналған әлеуметтік қызметтердің тұтас жүйесін құру міндетін объективті түрде қояды [2]. Аталған қызметтердің мамандары қызметінің негізгі түрлері психологиялық-профилактикалық, психологиялық-диагностикалық және түзету жұмыстары, сондай-ақ консультациялық қызмет болып табылады. Әлеуметтік қызметтердің бұл түрінің қажеттілігін халық пен мемлекет көбірек түсінеді. Психологиялық кеңес беру жүйесінде:

1. жас-психологиялық (баланың психологиялық даму жағдайын бақылау);
2. отбасылық психологиялық кеңес беру (отбасылық мәселелердің кең ауқымы бойынша халыққа көмек көрсету);
3. оқытушылар мен тәрбиешілерге психологиялық-педагогикалық кеңес беру;
4. функциялары, ең алдымен, клиенттің мүдделері мен құқықтарын кең әлеуметтік ортада ұсыну міндетін қамтитын әлеуметтік қызметкердің консультациялық жұмысы [3].

Әлеуметтік кеңес беру саласында жұмыс істейтін маман В. В. Сталин алғаш рет отбасылық психологиялық кеңес беру материалында тұжырымдалған негізгі принциптерді жетік білуі керек.

Ол 6 принципті анықтады:

1. Субтекстті талдау принципі (клиенттің шағымындағы бірнеше қабаттарды ажырату талабы және осы қабаттармен жұмыс істеу тәсілдерін бөлектеу).
2. Нақты ұсыныстардан бас тарту принципі (өйткені адамның өзі өз тағдыры туралы шешім қабылдауы керек).
3. Стереоскопиялық диагноз принципі(отбасылық кеңес беруде бірнеше тараптың пікірін ескеру қажет).

4. Жүйелілік принципі (талдаудың жүйелік бірлігін оқшаулау, мейлі ол жеке сана, немесе отбасы бүтін, немесе жеке өмір жолы бүтін ретінде).

5. Клиенттің жеке басын құрметтеу принципі(қайта құрудан бас тарту, жеке тұлғаны қайта тәрбиелеу, қабылдауды орнату, Клиентті түсіну).

6. Консультанттың кәсіби бағыты мен уәждемесі қағидаты (достық және кәсіби қатынастарды ажырату, клиент аяқталатын және жай адам басталатын шекараны іздеу және белгілеу және т.б.) [4].

Балалар мен жасөспірімдерге көмек көрсететін медициналық мекемелер қызметінің негізгі бағыттары соңғы уақытқа дейін тек медициналық проблемалар болды. Бұл қыздар, олардың ата-аналары мен педагогтары арасындағы санитарлық-ағартушылық жұмыс, «тәуекел тобын» және науқастарды анықтау үшін профилактикалық тексерулерді жүзеге асыру, гинекологиялық аурулары бар қыздар мен қыздарға емдік-профилактикалық көмек көрсету және т.б. Жасөспірімдерге жыныстық тәрбие берудің барлық мәселелері бойынша консультациялық, емдік-профилактикалық көмек көрсететін «Неке және отбасы» консультациялары, отбасылық денсаулық орталықтары да дамыды. Отбасын жоспарлау және жыныстық тәрбие қызметтері белсенді түрде қалыптасып, қарқынды дамып келеді [5].

ДДҰ анықтамасына сәйкес, отбасын жоспарлау жеке адамдарға немесе ерлі-зайыптыларға белгілі бір мақсатқа жетуге көмектесетін әдістерді білдіреді: қажетсіз туылудан аулақ болу, қалаулы балалардың пайда болуына ықпал ету, жүктілік аралықтарын реттеу, ата-аналардың жасын ескере отырып, балалардың туу уақытын бақылау, отбасындағы балалардың санын анықтау. Әлеуметтік, психологиялық бейімдеу және әлеуметтік оңалту, сондай-ақ заңды тұлға құрмай жастарға әлеуметтік қызмет көрсету бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар [6].

Қазақстан Республикасында жастармен жұмыс жүргізу бойынша бірнеше ресми нұсқаулықтар мен нормативтік құжаттар бар. Бұл құжаттар жастар саясатын іске асыру, жастармен жұмыс істейтін мамандардың қызметін реттеу және олардың біліктілігін арттыру мақсатында әзірленген.

1. Жастармен жұмыс жөніндегі мамандардың үлгілік біліктілік сипаттамалары- Мамандар жастардың жеке тұлға ретінде және әлеуметтік дамуын қолдауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік жастар саясатының 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы- Бұл тұжырымдамада жастардың азаматтық қатысуы, кәсіпкерлік, білім беру, мәдениет, салауатты өмір салты және ауыл жастарын қолдау сияқты бағыттар қарастырылған.

Қорытындылай кетсек жастарға бағытталған әлеуметтік қызметтердің дамуы – қоғамның болашағын қалыптастырудағы маңызды қадам. Әлеуметтік жұмыс жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, әлеуметтік бейімделуін арттыру,

өмірлік қиын жағдайлардан шығуға көмек көрсету бағытында тиімді құрал болып табылады. Жастармен жұмыс істейтін мамандардың кәсібилігі, мемлекеттің қолдауы, қоғамдық ұйымдардың белсенділігі – бұл қызметтің табысты жүзеге асуына ықпал етеді. Жастардың қоғамдағы орнын нығайту және әлеуетін дамыту үшін әлеуметтік қызметтердің рөлін одан әрі күшейту қажет [7].

Әдебиетер тізімі:

1. Жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің теориясы мен практикасы. – Алматы: 2020.
2. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді қайта әлеуметтендіру
3. ҚР мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасы жобасы.
4. Столин В. В. Отбасылық психологиялық кеңес беру негіздері.
5. ДДҰ – Отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық анықтамасы.
6. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі материалдары.
7. ҚР Білім және ғылым министрлігі: Жастармен жұмыс жөніндегі нұсқаулықтар.

ОТБАСЫДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жансая АЛПЫСБАЙ
Білім алушы, 3 курс
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті,

Мадина ӘБДІХАЛЫҚ
Білім алушы, 3 курс
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Философия және психология факльтеті,

Алия БАЙМУХАНОВА
аға оқытушы, магистр
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

Қарағанды, Қазақстан /alpusbayzhansaya@mail.ru/
ORCID ID: https://orcid.org/0009-0005-4851-8356

Қарағанды, Қазақстан /madonnsss1@gmail.com/
ORCID ID: https://orcid.org/0009-0008-5156-6019

Қарағанды / Қазақстан /aliya.30.05@mail.ru/
ORCID ID:https://orcid.org/0009-0005-5656-1119

АННОТАЦИЯ

Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселелері – қазіргі қоғамның ең күрделі және өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселе әлемнің барлық елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да айтарлықтай көрініс табуда. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың әртүрлі түрлері мен салдары бар, ал оларды шешу жолдары да сан алуан. Мақалада осы мәселелерге қатысты ғылыми әдебиеттер мен практикалық ұсыныстарға сүйене отырып, отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықтың түрлері, себептері, әсері, сондай-ақ оған қарсы күресу шаралары талқыланады.

Отбасындағы зорлық-зомбылық дегеніміз - отбасы мүшелерінің бір-біріне күш қолдануы немесе эмоционалдық, психологиялық, физикалық және сексуалдық тұрғыдан зиян келтіру әрекеттері. Бұл әртүрлі формада болуы мүмкін: ерлі-зайыптылар арасында, ата-аналар мен балалар арасында, немесе басқа да туыстық қатынастарда. Сонымен қатар, бұл зорлық-зомбылықтың түрлі түрлері болады: физикалық зорлық, психологиялық қысым, сексуалдық зорлық және экономикалық манипуляциялар [1].

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың түрлері.

Физикалық зорлық-зомбылық - бұл күш қолдану, ұрып-соғу, соққы беру, денеге зиян келтіру сияқты әрекеттерді қамтиды. Мұндай зорлық-зомбылық көбінесе жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіруі мүмкін және ұзақ уақыт бойы қалатын іздер қалдыруы мүмкін. Бұл түрі ең жиі байқалатын зорлық-зомбылық түрлерінің бірі болып табылады.

Кілт сөздер: Отбасы, зорлық-зомбылық, физикалық зорлық, психологиялық зорлық, сексуалдық зорлық, балалар мен әйелдер құқығы, қоғамдық қауіпсіздік.

Психологиялық зорлық-зомбылық — бұл адамды психологиялық тұрғыдан қорқыту, мазақтау, төмендету, манипуляция жасау, өзін-өзі бағалауын төмендету және күйзеліс тудыру сияқты әрекеттерді қамтиды. Психологиялық зорлық физикалық зиянға қарағанда көрінбейді, бірақ оның әсері жәбірленуші үшін соншалықты зиянды болып табылады.

Сексуалдық зорлық-зомбылық дегеніміз — адамның өз еркіне қарсы сексуалдық әрекеттер жасау немесе сексуалдық сипаттағы қоқан-лоқы көрсету. Бұл түрі жәбірленушіге тек физикалық емес, моральдық зиян да келтіреді, сондай-ақ оның психологиялық салдары да өте ауыр болуы мүмкін.

Экономикалық зорлық-зомбылық - бұл басқа отбасы мүшелерін қаржылық ресурстардан айыру, қаржылық тәуелділік жасау, олардың өз ақшасын немесе мүлкін бақылау әрекеттері болып табылады. Мұндай зорлық-зомбылық көбінесе әйелдерге және балаларға қарсы бағытталған [2].

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың пайда болуына бірнеше факторлар әсер етеді. Бұл факторлар көбінесе әлеуметтік, психологиялық, экономикалық және мәдени аспектілермен байланысты.

Әлеуметтік факторлар әлеуметтік тұрғыда зорлық-зомбылықтың себептері көбінесе әлеуметтік теңсіздік, кедейлік, білім деңгейінің төмендігі және қоғамдағы зорлық-зомбылықты қабылдау мәдениетімен байланысты. Қоғамда

зорлық-зомбылыққа төзімділік, оны үйрену немесе мұндай әрекеттерді қалыпты деп қабылдау әлеуметтік жағдайды одан әрі нашарлатады.

Психологиялық факторлар

Зорлық-зомбылықтың психологиялық себептері көбінесе агрессия, ашу-ыза, психикалық аурулар немесе мінез-құлық бұзылыстарымен байланысты. Ата-аналар мен балалар арасындағы зорлық-зомбылықтың көбеюі, әдетте, бұрыннан бар психологиялық жарақаттар мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ықпалымен болады.

Экономикалық факторлар

Кедейлік, жұмыссыздық және қаржылық қиындықтар да отбасында зорлық-зомбылықтың өсуіне себепші болуы мүмкін. Экономикалық тұрақсыздық, қаржылық ресурстардың тапшылығы немесе біреуінің қаржылық тәуелді болуы отбасындағы шиеленістерді күшейтеді.

Мәдениет және дәстүрлер

Қазақстандағы кейбір ауылдық және қалалық аймақтарда отбасы мен қоғамның дәстүрлі құрылымы зорлық-зомбылықты күшейтуі мүмкін. Мысалы, еркектердің отбасы ішіндегі билігі, әйелдердің отбасында бағынышты болуы сияқты қалыптасқан мәдени түсініктер отбасындағы зорлық-зомбылықты күшейтуге алып келеді [3].

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың салдары

Зорлық-зомбылықтың салдары өте ауыр. Бұл тек жәбірленушілерге ғана емес, бүкіл қоғамға зиян келтіреді. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың физикалық, психологиялық және әлеуметтік әсерлері терең және ұзақ уақыт бойы көрініс табады.

Физикалық салдарлар

Физикалық зорлық-зомбылықтың нәтижесінде денсаулыққа үлкен зиян келуі мүмкін: түрлі жарақаттар, денсаулықтың бұзылуы, тіпті өлімге әкеп соғатын жағдайлар болады.

Психологиялық салдарлар

Психологиялық зорлық-зомбылықтың салдары да өте ауыр. Құрбандарда депрессия, мазасыздық, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, суицидтік ойлар пайда болуы мүмкін. Бұл ұзақ мерзімді психологиялық проблемаларды туындатуы ықтимал.

Заңнамалық шаралар

Отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы күресте заңнамалық шаралардың маңызы зор. Қазақстанда 2009 жылы “Отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы” Заң қабылданған болатын. Бұл заң әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау үшін маңызды құқықтық негіз болып табылады. Сонымен қатар, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізетін арнайы мемлекеттік органдар, мысалы, полиция және дағдарыс орталықтары, зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетеді.

Қоғамдық ұйымдар мен дағдарыс орталықтары

Қоғамдық ұйымдар мен дағдарыс орталықтары зорлық-зомбылықтың құрбандарына құқықтық көмек, психологиялық қолдау және баспана ұсынатын

маңызды рөл атқарады. Бұл орталықтар зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және жәбірленушілерді қорғау бойынша белсенді жұмыс жүргізеді.

Қорытындылай келе, отбасындағы зорлық-зомбылық – қоғамның ең күрделі мәселелерінің бірі. Онымен күрес жүргізу үшін кешенді шаралар қажет: заңнамалық реформалар, қоғамдық ұйымдардың белсенді әрекеттері, және білім беру жүйесінде зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуі тиіс. Әрбір адамның құқығы мен қауіпсіздігіне кепілдік беру отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы тиімді күрес жолын табуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының “Отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы” Заңы.
2. Сүлейменова, Г.Ж. (2014). Отбасындағы зорлық-зомбылықтың психологиялық аспектілері. Алматы: Қазақ университеті.
3. Ермекова, А.Е. (2018). Әлеуметтік жұмыстардағы зорлық-зомбылықтың алдын алу. Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ КӨРГЕН ТҰЛҒАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ

Нұрай ЕРҒАЗЫ
Білім алушы, 3 курс
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті,

Алия БАЙМУХАНОВА
аға оқытушы, магистр
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ

Бұл ғылыми жұмыста зорлық-зомбылық көрген тұлғалармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстың мазмұны, оның негізгі бағыттары, әдіс-тәсілдері және

Қарағанды, Қазақстан /ergazynraj@gmail.com/ +77071458580
ORCID ID:https://orcid.org/0009-0003-8586-3533

Қарағанды / Қазақстан /aliya.30.05@mail.ru/
ORCID ID:https://orcid.org/0009-0005-5656-1119

кезеңдері кеңінен қарастырылады. Зорлық-зомбылық – қазіргі қоғамда кеңінен таралған әлеуметтік-мәдени проблема, ол адам денсаулығына, психикасына, әлеуметтік мәртебесіне және жалпы өмір сапасына елеулі зиян келтіреді. Әлеуметтік қызметкердің басты мақсаты – осындай қиын жағдайға тап болған тұлғаларға уақытылы және сапалы көмек көрсету, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамға қайта бейімделуіне жәрдемдесу. Бұл жұмыста сондай-ақ әлеуметтік жұмыстың этикалық принциптері мен кәсіби құндылықтары да қарастырылады.

Кілт сөздер: зорлық-зомбылық, әлеуметтік жұмыс, психологиялық көмек, реабилитация, қауіпсіздік, әлеуметтік қолдау, құқықтық көмек.

"Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы он жылдан астам уақыт бойы әзірленді және күшіне ену рәсімінен өтті және қазіргі уақытта тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу субъектілері қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтын Негізгі заңнамалық акт болып табылады. 1998 жылы Қазақстан

- БҰҰ Бас Ассамблеясы 1993 жылы 10 желтоқсанда қабылдаған әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы декларацияға сәйкес олардың өмірінің барлық салаларында әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау
- құқық бұзушылықтар үшін жазалау және зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерге, оның ішінде отбасындағы зорлық-зомбылыққа келтірілген залалды өтеу үшін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік санкциялар әзірлеу;
– әйелдерді оңалту проблемаларымен айналысатын үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс – қимыл тетігін әзірлеу; - зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсетуді қамтамасыз ететін қызметтердің кең желісін дамыту және әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша Халыққа консультация беру; - бір жыныстың екіншісінен артықшылығына негізделген дәстүрлі стереотиптерді өзгерту бойынша ақпараттық, білім беру және тәрбие жұмыстарын жүргізу, оларды міндетті түрде әйелдерге қатысты ықтимал зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша арнайы психологиялық және дене шынықтыру даярлығының оқу бағдарламалары;
– зорлық – зомбылыққа ұшыраған азаматтармен жұмыс істеу үшін денсаулық сақтау, білім беру және құқық қорғау органдары үшін арнайы кәсіби кадрлар даярлауды ұйымдастыру;
- әйелдерге қатысты қылмыстар бойынша статистикалық есептілікті жетілдіру;
- зорлық-зомбылықтың себептері, сипаты, дәрежесі мен салдары, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және жою жөніндегі шаралардың тиімділігі туралы зерттеулер жүргізу.

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі. "Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес Үкімет тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді. Алайда, егер Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын есептемесек, осы уақытқа дейін мамандандырылған тұжырымдамалық құжаттар әлі қабылданған жоқ.

2. Жергілікті мемлекеттік органдар. "Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жергілікті атқарушы органдар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы саласындағы өңірлік бағдарламалық құжаттарды әзірлейді және іске асырады, жергілікті деңгейде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу субъектілерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, көмек көрсету жөніндегі ұйымдар құрады және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен кәмелетке толмағандарды және қолайсыз отбасыларды анықтайды және есепке алуды жүргізеді. Жергілікті атқарушы органдар әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл бойынша үлкен жұмыс жүргізіп жатқанына қарамастан, осы уақытқа дейін мемлекеттік деңгейде оны шешудің жүйелі тәсілі жоқ, нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адам ерте араласу, алдын алу/алдын алу және дағдарыстық араласу кезеңінде әрдайым уақтылы кешенді көмек ала алмайды.

Өңірлердегі жергілікті билік әлі мемлекеттік оңалту орталықтарын, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсететін баспаналарды ашқан жоқ. Елде жұмыс істейтін мемлекеттік емес Дағдарыс орталықтары тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерге іс жүзінде қолдан келген көмекті жүзеге асыратын жалғыз орталықтар болып қала береді. Бүгінгі таңда Қазақстанда зорлық – зомбылыққа ұшыраған адамдар үшін 21 дағдарыс орталығы жұмыс істейді, оның ішінде: 19 – балалары бар әйелдер үшін, оның ішінде 8-баспанасы бар әйелдер үшін, 2-ерлер үшін. Оның 13-ін қаржыландыру 2015 жылы мемлекеттік бюджет есебінен қамтамасыз етілді.

2023 жылдан бастап Қазақстанда 41 дағдарыс орталығы жұмыс істейді, оның 14 – і мемлекеттік орталық. Олардың мақсаты-қоғамның назарын қиын өмірлік жағдайдағы адамдардың проблемаларына аудару, оларды жеңуге көмектесу, ал миссиясы – құрбандарды оңалту және қайта әлеуметтендіру қызметтерін ұсыну.

Зорлық зомбылық көрген тұлғалармен әлеуметтік жұмыс мазмұнын мынадай кезеңдерінен тұрады:

- Дайындық немесе жылыту: Ойындарды пайдалану-тапсырмалар, пікірталастар. Шығармашылық атмосфераны құру.
- Драмалық әрекетті ойнау: Бірнеше әдістер берілген: монолог, рөлдерді бөлісу, Екінші мен, бүйірлік сызықтар және т. б.
- Талқылау: Қатысушылар өздерінің пайда болған сезімдері мен ойнаған көріністері туралы айтады, топта шиеленіс деңгейі төмендейді. Арнайы

әлеуметтік қызметтер бар. Оларға меншік түріне қарамастан отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге әлеуметтік қолдау көрсететін ұйымдар мен мекемелер кіреді.

Мамандандырылған әлеуметтік қызмет көрсету мекемелеріне мыналар жатады:

- Консультативтік-профилактикалық орталықтар (дағдарыс орталықтары);
- Отбасы мен балаларға әлеуметтік көмек көрсету орталықтары;
- Балалар мен жасөспірімдерге арналған әлеуметтік баспаналар;
- Зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге арналған әлеуметтік қонақ үйлер (баспана);
- Қарттарға, мүгедектерге және мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары (күндізгі болу бөлімшелері);
- Мүмкіндігі шектеулі балаларға және өзге де санаттағы адамдарға арналған әлеуметтік – оңалту орталықтары;

Мейірімділік кәсіпорындары мен мекемелері (хосписте).

Осылайша, әлеуметтік жұмыста зорлық-зомбылықтан аман қалған адамның қалыпты жағдайы мен қызметін қалпына келтіру үшін қолданылатын формалар мен әдістер бар, атап айтқанда әлеуметтік диагностика; әлеуметтік терапия; әлеуметтік оңалту; әлеуметтік түзету; әлеуметтік профилактика. Терапевтік әдістер де қолданылады, олар бірнеше рет тиімділігін дәлелдеді. Сонымен қатар, осы қызмет жүзеге асырылатын мамандандырылған мекемелер бар.

Қазіргі уақытта отбасылық зорлық-зомбылық құрбандары отбасы мен балаларға арналған кез-келген мемлекеттік әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарынан көмек сұрай алады. Сондай-ақ, әйелдер үшін дағдарыс орталықтарын құру зорлау, отбасындағы зорлық-зомбылық және басқалар сияқты мәселелердің көбеюіне байланысты.

Біздің елімізде зорлық-зомбылық мәселесін шешумен көбінесе мамандандырылған мекемелер айналысады: дағдарыс орталықтары, әлеуметтік-оңалту орталықтары, әлеуметтік – психологиялық кеңес беру қызметтері. Зорлық-зомбылықтың әлеуметтік алдын алу Әлеуметтік жұмыстың басым бағыты ретінде қарастырылды. Ол көптеген мекемелер мен бағдарламаларда, әртүрлі деңгейлерде және қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында жүзеге асырылады. Зорлық-зомбылықтың барлық әлеуметтік алдын-алудың басты кемшілігі-кешенді және жүйелі тәсілдің болмауы. Мұндай жағдайдың себептері зорлық-зомбылық проблемасының пайда болуы мен таралу заңдылықтарының аз зерттелуі, осы мәселені шешудің заңнамалық тетіктерінің кемшіліктері және т. б. зорлық-зомбылықтың алдын алудың тиімді және жалпыға бірдей танылған әдістерінің бірі тақырыптық брошюралар, плакаттар, парақшалар, зорлық-зомбылыққа қарсы бірігуге эмоционалды шақырулар және қай жерде және қандай әлеуметтік көмек алуға болатындығы туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық хаттар жасау болып табылады мұндай проблема туындаған жағдайда. Барлық азаматтарға

зорлық-зомбылықтың белгілі жағдайлары туралы үндемеу маңызды, өйткені бұл көбінесе адамның өмірін сақтап қалуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Декларация об искоренении насилия в отношении женщин: (принята Генер. Ассамблеей ООН 10 дек. 1993 г.). – Электрон. текстовые дан. – Режим доступа: http://www.un.org. – Загл. с экрана.

2. Закон Республики Казахстан «О медиации» от 28 янв. 2011 г. № 401. – Электрон. текстовые дан. – Режим доступа: http://online.zakon.kz. – Загл. с экрана.

3. Закон Республики Казахстан «О профилактике бытового насилия» от 4 дек. 2009 г. № 214-IV. – Электрон. текстовые дан. – Режим доступа: http://online.zakon.kz. – Загл. с экрана.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ДАМУЫ

Назерке КЕЛДІБАЕВА
Білім алушы, 3 курс
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті,

Меруерт СЕЙДУАЛИНА
Білім алушы, 3 курс
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті,

Алия БАЙМУХАНОВА
аға оқытушы, магистр
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ

Мақалада цифрландыру, өсіп келе жатқан әлеуметтік теңсіздік және әлеуметтік қорғау жүйесін реформалау жағдайында Қазақстан

Қарағанды, Қазақстан /keldibaevva05@gmail.com/
ORCID ID:https://orcid.org/0009-0000-5431-4636

Қарағанды, Қазақстан / seidualinameruert@gmail.com/
ORCID ID:https://orcid.org/0009-0000-2743-9687

Қарағанды / Қазақстан /aliya.30.05@mail.ru/
ORCID ID:https://orcid.org/0009-0005-5656-1119

Республикасындағы әлеуметтік жұмысты дамытудың негізгі бағыттары қарастырылған. Ресми деректер мен ғылыми дереккөздерді талдау негізінде үш стратегиялық вектор анықталды: әлеуметтік қызмет көрсетушілердің атаулылығын күшейтуге және шеңберін кеңейтуге бағытталған институционалдық реформалар; әлеуметтік қолдау процестерін цифрландыру, оның ішінде осалдықты бағалаудың баллдық үлгілерін және автоматтандырылған мониторинг жүйелерін енгізу; сондай-ақ бекітілген кәсіби стандарттарға сәйкес әлеуметтік қызметкерлерді оқытуды жаңғырту. Нормативтік-құқықтық, технологиялық және кадрлық шешімдерді біріктіретін әлеуметтік саланы дамытуға кешенді көзқарастың қажеттілігі туралы қорытынды жасалады.

Кілт сөздер: әлеуметтік жұмыс, Қазақстан, цифрландыру, іс жүргізу, кәсіби стандарт, атаулы көмек, әлеуметтік саясат.

Қазақстан Республикасындағы заманауи әлеуметтік саясат уақыттың әлеуметтік-экономикалық сын-қатерлеріне – цифрландыруға, өсіп келе жатқан әлеуметтік теңсіздікке және халықтың осал топтарын қолдаудың атаулылығын жақсарту қажеттілігіне жауап ретінде белсенді трансформациядан өтуде. Мемлекет орталығында адам, оның әл-ауқаты мен қоғамдық және еңбек өміріне араласуы тұратын әлеуметтік жұмыстың тиімді үлгісін құруға ұмтылуда.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпованың ақпаратына сәйкес, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларымен 157,8 мың адам қамтылды, оның 143,2 мыңы жұмысқа орналастырылды. Атаулы әлеуметтік көмек 232 мыңнан астам қазақстандыққа тағайындалды [1]. Бұл сандар қажеттілік ауқымын ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік әлеуметтік қолдау құралдарының мақсатты, технологиялық және нәтижеге бағдарланғанын көрсетеді.

Әлеуметтік көмек жүйесін цифрландыруға ерекше назар аударылуда. Осылайша, ресурстарды шынымен мұқтаждардың пайдасына қайта бөлуге мүмкіндік беретін үй шаруашылықтарының әлеуметтік-экономикалық осалдығын бағалау үшін баллдық модель енгізілуде. Сонымен қатар, жұмыспен қамтудың тиімділігін арттыру, кәсіби тәуекелдерді болдырмау, жұмыспен қамтуды рәсімдеу мақсатында инновациялық жобалар әзірленіп, жүзеге асырылуда [1].

Маңызды вектор әлеуметтік жұмысты институционалдық қайта қарау болып табылады: әкімшілік-бюрократиялық көзқарастан икемді, клиентке бағытталған модельге көшу бар. Әлеуметтік қызметтерді көрсетуде үкіметтік емес және жеке құрылымдардың рөлі артып, көмек көрсету аясы кеңейіп, әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын талаптар артып келеді.

Осылайша, қазіргі Қазақстан жағдайында әлеуметтік жұмыс мемлекеттік саясаттың кешенді, пәнаралық және стратегиялық маңызды саласы ретінде қалыптасуда. Бұл мақалада дамудың үш негізгі аспектілері қарастырылады:

- институционалдық реформалар мен әлеуметтік қолдау тетіктері,
- әлеуметтік қызметтерді цифрландыру және автоматтандыру,

- әлеуметтік жұмысқа даярлауды жаңғырту.

1. Әлеуметтік саладағы институционалдық реформалар

Соңғы онжылдықтарда Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс бірте-бірте орталықтандырылған, патерналистік үлгіден халықтың нақты қажеттіліктеріне бағытталған неғұрлым икемді, бейімделгіш және мақсатты жүйеге айналды. Бұл қайта құру әлеуметтік саясаттағы халықаралық тенденцияларды да, демографиялық құрылымның өзгеруіне, өсіп келе жатқан әлеуметтік теңсіздікке және бюджет ресурстарын тиімді пайдалану қажеттілігіне байланысты ішкі сын-қатерлерді де көрсетеді.

Т.В.Осипова атап өткендей, негізгі проблемалардың бірі әлеуметтік қызметтерді алушылардың таңдау мүмкіндігінің жоқтығы болып қала береді. Көп жағдайда олар мемлекеттік органдармен шектеледі, ал халықаралық тәжірибе азамат жеке ұйым болсын, ҮЕҰ немесе жеке көмекші болсын, провайдерді өз бетінше таңдай алатын модельдің тиімділігін дәлелдейді. Мұндай модель бәсекелестікті ынталандырады және соның нәтижесінде ұсынылатын қызметтердің сапасын арттырады.

Екінші маңызды мәселе – қызмет көрсетушілер арасындағы бәсекелестіктің төмен деңгейі. Сфера жабық және өте ашық емес, бұл сапаны жақсартуға деген мотивацияны шектейді. Тұтынушының нақты таңдауы және тиімді мониторингі болмаған жағдайда қызметкерлердің ынта-жігері немесе жергілікті бастамалар сияқты субъективті факторлар жүйені тұрақсыз және адам ресурстарына тәуелді ететін сапаның негізгі драйверлері болып табылады.

Дамудың үшінші кедергісі – әлеуметтік қызмет көрсету сапасын бағалау және тиімділігін бақылау жүйесінің жеткіліксіздігі. Іс жүзінде клиенттермен кері байланыс орнатудың стандартталған тетіктері жоқ, бұл көрсетілетін көмектің тиімділігі мен азаматтардың қанағаттануы туралы объективті ақпарат алуды мүмкін емес етеді. Бұл деректерсіз жоспарлау да, тиімді саясатты түзету де мүмкін емес [1].

Жоғарыда аталған проблемаларды ескере отырып, Қазақстанда институционалдық реформаның келесі басым бағыттары жүзеге асырылуда:

Мемлекеттік мекемелермен қатар жеке ұйымдар, коммерциялық емес бірлестіктер, тіпті үй шаруашылықтары да әлеуметтік қызмет көрсетушілерге айналатын қызмет көрсетудің квазибәсекелестік моделіне көшу. Мұндай модель әлеуметтік қызметтер нарығын дамытуға мүмкіндік береді және оны икемді және пайдаланушыға бағытталған етеді. Осыған байланысты, қаржыландыру мекеменің емес, алушының артынан жүретін мақсатты тұтынушылық субсидиялау механизмін енгізу өзекті болып табылады.

Деинституционализацияны және қолдаудың шағын түрлерін, соның ішінде үйде күтім жасауды, уақытша бірге тұруды, жұмыс ортасына және оқу орындарына біріктіруді дамыту. Бұл тәсіл бюджет қаражатын үнемдеуге ғана емес, сонымен қатар клиенттердің өмір сүру сапасын жақсартуға, олардың әлеуметтенуі мен қоғамға қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау жүйесін құру, оның ішінде тәуелсіз аудит, клиенттермен кері байланыс, мониторинг пен талдау үшін

цифрлық платформаларды пайдалану. Бұл дәлелдерге негізделген саясатты құруға және провайдерлердің қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Осылайша, икемділікке, бәсекеге және мақсаттылыққа бағытталған институционалдық қайта құрулар Қазақстандағы әлеуметтік жұмысты жаңғыртудың негізі болып табылады. Дегенмен, рәсімдерді оңайлатуға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік көмек жүйесін ашық, жылдам және дербестендірілген етуге мүмкіндік беретін заманауи технологиялық шешімдерге сүйенбей сапалы өзгерістерге қол жеткізу мүмкін емес.

2. Әлеуметтік қолдауды цифрландыру және нақтылау

Қазақстанның әлеуметтік саясаты дамуының қазіргі кезеңінде көрсетілетін қолдаудың мақсаттылығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған цифрлық шешімдерді енгізу басым бағыттардың бірі болды. Бұл шаралар әлеуметтік көмекке әмбебап тәсілден нақты үй шаруашылықтарының осалдығын объективті бағалауға негізделген сараланғанға көшуге мүмкіндік береді.

Осы шешімдердің бірі 2025 жылы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты бағалаудың баллдық моделі болды. Модель көпфакторлық талдауға негізделген алгоритмдерді пайдаланады – табыс, отбасы құрамы, мүгедектік, жұмыссыз ретінде тіркелу, қарыздық жүктеме және басқа да факторлар ескерілген. Бұл субъективті фактордың әсерін барынша азайтуға және әлеуметтік көмектің негізсіз көрсетілуін жоюға, оның мақсатты бағытын арттыруға мүмкіндік береді [2].

Сонымен қатар, жұмыспен қамтуды ресімдеуге және жұмыспен қамтудың бейресми нысандарын қадағалауға мүмкіндік беретін еңбек қатынастарын декларациялаудың цифрлық механизмі қолданылады. Бұл әсіресе көлеңкелі жұмыспен қамтудың жоғары үлесін және жұмысшылардың нақты жағдайы мен олардың құқықтық мәртебесі арасындағы алшақтықты ескере отырып өте маңызды. Құлымбетова мен Снаспинаның аналитикалық мақаласында атап өтілгендей, Қазақстандағы әлеуметтік қорғауды тиімді басқару еңбек және демографиялық көрсеткіштердің цифрлық мониторингінсіз мүмкін емес, бұл өңірлердегі кедейлік пен әлеуметтік шиеленіс деңгейін дәлірек бағалауға мүмкіндік береді [3].

Бұған қоса, Қазақстанда жобалардың инновациялық навигаторы — жаңа жұмыс орындарын және әлеуметтік инфрақұрылымды құруға инвестицияларды болжауға және оңтайландыруға мүмкіндік беретін цифрлық құрал енгізілуде. Бұл Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы жолдауында айтылған «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы» тұжырымдамасымен үйлеседі, онда әлеуметтік саланы басқарудың смарт жүйелерін құру қажеттігі баса айтылды [4].

Цифрландыру қызмет көрсету нысандарына да әсер ететінін атап өткен жөн. Муликова мен Абдакимованың айтуынша, цифрлық технологиялар көрсетілетін қызметті алушы мен әлеуметтік қызметкер арасындағы өзара іс-қимылдың ажырамас бөлігіне айналуда. Электрондық кабинеттер, онлайн-өтініштер және автоматтандырылған мәліметтер базасы арқылы процестердің ашықтығы

қамтамасыз етіледі, бюрократиялық кедергілер жойылады және жеке әлеуметтік қолдауды жүргізу кезінде ерекше өзекті болып табылатын істердің бірыңғай деректер базасы жасалады.

Осылайша, Қазақстанның әлеуметтік саласындағы цифрландыру тек оңтайландыру құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар деректерге, ашықтық пен жекелендіруге бағытталған әлеуметтік жұмыстың жаңа моделінің негізі ретінде де әрекет етеді. Бұл көмекті дәлірек бөлуге ғана емес, азаматтардың әлеуметтік институттарға деген сенімін қалпына келтіруге де ықпал етеді.

3. Әлеуметтік қызметкерлерді даярлау және біліктілігін арттыру

Кез келген елдегі әлеуметтік жұмыстың сапасы мен тиімділігі көбінесе мамандардың кәсіби дайындық деңгейімен анықталады. Қазақстанда әлеуметтік қызметкерлерді даярлау жүйесінің дамуы тәжірибе қажеттілігінен әлдеқашан артта қалды: бұл салада кадрлардың сандық та, сапалық та тапшылығы болды. С.А.Муликова мен М.К. Абдакимованың пікірінше, көптеген білім беру бағдарламалары заманауи кәсіби стандарттарға сәйкес келмеді, ал оқыту көбінесе іс-әрекетті басқару сияқты тәжірибеге бағытталған тәсілдерді қамтымайды.

Бұл шақыруға жауап ретінде 2019 жылы әлеуметтік қызметкерлердің біліміне, дағдыларына және құзыреттеріне қойылатын талаптар жазылған «Психологиялық және әлеуметтік жұмыс» кәсіби стандарты бекітілді. Бұл құжатқа сәйкес маман клиенттің қажеттіліктерін анықтап, жеке қолдау жоспарын құрастырып, ведомствоаралық әрекеттерді үйлестіре және көмек көрсету нәтижелерін бақылай білуі керек [4]. Осыған байланысты бірқатар жоғары оқу орындарында осалдықты бағалау, адам құқықтарын қорғау, коммуникация, дағдарысқа араласу салаларындағы құзыреттерді дамытуды көздейтін модульдік оқыту бағдарламалары енгізілді.

ЮНИСЕФ зерттеуіне сәйкес, бұл мамандық Қазақстанда беделі төмен болып қалып отыр, біркелкі этикалық және әдістемелік стандарттар жоқ, бұл да талапкерлер арасында бұл мамандықтың тартымдылығын төмендетеді. Сонымен қатар, университеттерде практикалық тәжірибесі бар оқытушылар жетіспейді, жұмыс берушілермен байланысы әлсіз, клиенттермен өзара әрекеттесудің нақты жағдайларын имитациялау үшін оқыту жағдайлары жеткіліксіз [5].

Global Social Service Workforce Alliance (2023) халықаралық зерттеуінде атап көрсетілгендей, тұрақты әлеуметтік қорғау жүйелерін тұрақты кәсіби дамусыз, қадағалау тәжірибесінсіз және кәсіби қоғамдастықтың дамуынсыз мүмкін емес [6]. Қазақстанға кадрларды даярлауда ведомствоаралық үйлестіруді күшейту және қазірдің өзінде жұмыс істейтін мамандар үшін үздіксіз білім беруді дамыту, оның ішінде онлайн курстар, семинарлар және сертификаттау бағдарламалары ұсынылады.

Сонымен қатар, әлеуметтік қызметкерлерді оқытуда цифрлық құзыреттіліктерді біріктіру маңызды бағытқа айналуда. 2014 жылы бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік қызметін жаңғырту тұжырымдамасында атап көрсетілгендей, мамандар электронды құжат айналымы құралдарын, цифрлық мониторингті меңгеруі, сондай-ақ eGov және

Е-Әлеуметтік порталдар арқылы қашықтан консультациялар мен өңдеу қызметтерін көрсетуді қоса алғанда, онлайн-ортада клиенттерге қолдау көрсетуі тиіс.

Жетекші қазақстандық жоғары оқу орындарының (Қарағанды университеті, ҚазҰУ, Астана гуманитарлық колледжі және т.б.) кәсіптік стандарты мен оқу жоспарларының мазмұнын талдау оқу модульдеріне әлеуметтік медицина, цифрлық құқық, адам құқықтарын қорғау, сондай-ақ эмоционалдық интеллект пен кәсіби күйзеліске қарсы тұруды қалыптастыратын пәндерді көбірек қамтитынын көрсетеді. Бірқатар бағдарламалар әлеуметтік жұмыс, психология, педагогика және адам құқықтары элементтерін біріктіретін пәнаралық тәсілдерді тестілеуді бастады.

Осылайша, Қазақстан өтпелі кезеңде – әлеуметтік кадрларды дәстүрлі, академиялық-бағдарлы даярлаудан тәжірибеге, цифрлық трансформацияға және кәсіби этикаға бағытталған кешенді жүйеге өтуде. Бұл реформаны табысты аяқтау үшін университеттер, мемлекет және кәсіби қоғамдастық арасындағы өзара іс-қимылды күшейту, сондай-ақ білім сапасы мен оның уақыт талабына сәйкестігін бағалау тетіктерін енгізу қажет.

Қорытындылай келе, соңғы жылдары Қазақстанда әлеуметтік жұмыстың дамуы жүйелі және көп деңгейлі сипат алды. Еліміз әлеуметтік саясаттың икемділігіне, мақсаттылығы мен тиімділігіне сүйене отырып, мемлекеттік қамқорлықтың дәстүрлі үлгісінен бірте-бірте алшақтап келеді. Квазибәсекелестік ортаны енгізуге, деинституционализацияны күшейтуге және әлеуметтік қызмет көрсетушілер шеңберін кеңейтуге бағытталған институционалдық реформалар әлеуметтік қолдаудың клиентке бағытталған моделін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, бұл реформалардың сәтті жүзеге асуы тиісті кадрлық қолдаусыз мүмкін емес. Заманауи әлеуметтік қызметкер гуманист және медиатор ғана емес, сонымен қатар цифрлық құралдарды, ведомствоаралық өзара әрекеттесу дағдыларын және жағдайды басқару әдістерін меңгерген талдаушы болуы керек. Кәсіби стандартты бекіту және білім беру бағдарламаларын жаңарту осындай мамандарды даярлаудағы негізгі қадамдарға айналуда.

Осылайша, Қазақстанда әлеуметтік жұмысты дамыту үш деңгейде – институционалдық, технологиялық және кадрлық деңгейде синхронды күш-жігерді қажет етеді. Кешенді көзқараспен ғана 21 ғасыр сын-қатерлеріне жауап беруге қабілетті әлеуметтік қолдаудың шынайы тұрақты, әділ және халыққа бағдарланған үлгісіне көшуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Осипова Т.В. (2019). Современное состояние социальной политики в Казахстане и направления работы по проблемам системы институционализации социального обслуживания лиц с особыми нуждами. Society and Security Insights, 2 (1), 138-143.

2. Ирина Пятина. (2025, June 3). *Токаев поручил усилить цифровизацию и адресность соцподдержки*. Новости Mail. https://news.mail.ru/politics/66415050/

3. Кулумбетова, Д. Б., & Снасапина, А. С. (2020). Развитие социальной защиты населения в Республике Казахстан: состояние, проблемы и пути решения. *Вестник университета "Туран," 0*(3), 44–50. https://vestnik.turan-edu.kz/jour/article/view/1236

4. Муликова С.А., Абдакимова М.К. (2020). *Современные тренды в подготовке социальных работников*. // Вестник Карагандинского университета, №4(100), стр. 16–23.

5. Global Social Service Workforce Alliance. (2023). *The State of the Social Service Workforce Report*. URL: https://www.socialserviceworkforce.org

6. UNICEF Kazakhstan (2020). *Assessment of the Social Work System in Kazakhstan*. URL: https://www.unicef.org/kazakhstan/media/3211/file

СУИЦИДТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ СУИЦИДТІК ТҰЛҒАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС

Тоғжан НӘЗІРБЕК
Білім алушы, 3 курс
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті,

Алия БАЙМУХАНОВА
аға оқытушы, магистр
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада Қазақстандағы суицидтің алдын алу және суицидтік мінез-құлық белгілері байқалатын тұлғалармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс мәселелері қарастырылады. Автор әлеуметтік қызмет көрсету кезінде денсаулық сақтау жүйесіндегі суицид пен суицидтік әрекеттерді жасау кезіндегі басты себептеріне назар аударады.Сонымен қатар, мақалада суицидтің негізгі себептері, қауіп –қатер факторлары,оның ішінде психологиялық, әлеуметтік және экономикалық жағдайлар талқыланады. Суицидтік тұлғалармен әлеуметтік жұмыстың бағыттары, әдістері мен принциптері,сондай-ақ кәсібіи әлеуметтік қызметкерлердің рөлдері баяндалады. Мақаланың мақсаты- мәселеге деген

Қарағанды, Қазақстан /togzhan_04.22@mail.ru
ORCID ID: https://orcid.org/0009-0008-0900-4258

Қарағанды / Қазақстан /aliya.30.05@mail.ru/
ORCID ID:https://orcid.org/0009-0005-5656-1119

қызығушылықтың артуы да жасөспірімдерді ғана емес жалпы адамзаттың арасындағы суицидті тудыратын себептерді іздестіруге,әсіресе , бұл мәселеге жастардың көбірек араласуы, оның көбеюін дер кезінде тоқтатуға және алдын алу жолдарын ұсыну болып табылады. Жұмыс нәтижесі ретінде әлеуметтік жұмыс тәжірибесінде қолдануға болатын практикалық ұсыныстар ұсынылады.

Кілт сөздер: әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік қызмет көрсету, суицид, қиын өмірлік жағдай.

Суицидтің алдын алу

Өзін-өзі өлтіруді жіктеп зерттеу барысында қоғамдағы техникалық өркендеу, информациялық ресурстардың алшақталуы адамның қажеттілігінің өсуі, адам психикасындағы ауытқушылықтардың көбеюімен қоса жүріп отыратындығы байқалған. Теріс мінез-құлықтың бір түрі болып табылатын суицидті жасаушылар жігері мықты адамдар емес, керісінше, өз қиыншылықтарын жеңе алмайтын әлсіз адамдар типі.
Жасөспірімдер, ересек адамдардың суициді олардың арасындағы теріс мінез-құлықтың бір түрі ретінде қарастырылады. Бұл мәселе әрқашан актуальды болған және болып қала береді. Оның себебі біріншіден көптеген елдерде тууға қарағанда өлімнің саны өсіп барады, ал суицид әлемде өлімнің негізгі себептерінің бірі болып отыр. Екіншіден, қоғамда болып жатқан өзгерістер әрқашан жасөспірім санасына ықпал етпей қоймайды және үнемі өзін-өзі өлтірудің деңгейіне елеулі әсерін тигізеді. Үшіншіден, бұл әлемдік деңгейдегі мәселені түбегейлі шешу мүмкін болмай отыр. Айта кету керек, жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол жұмсау фактілерінің әрбір үшіншісі – қалыпты құбылыс, нақтырақ айтсақ, олар өлгісі келмейді, тек осы әрекеттерімен өздеріне назар аудартқысы келеді. Ал ересектер арасындағы өз-өзіне қол жұмсауына келсек олар отбасылық дау-дамайдың кесірінен немесе әйелдер арасында қатты күйзеліске түсіп кеткеннен кейін болады екен. Мамандар мұның өте қауіпті құбылыс екендігін айтады. Өйткені, өз-өзін өлтіруге талпынып аман қалған жасөспірімдердің келесі талпынысы міндетті түрде өлімге алып келеді және ересектер арасында да сондай жайттар көп болуы мүмкін [1].

Қазіргі уақытта өз-өзіне қол жұмсаған феноменді барлық аспектілері бойынша зерттеу өте өзекті болып келе жатыр. Себебі суицид әрекетінің қарқындылығына және суицид көрсеткішін жоғарылатуға алып келетін, психикалық түрде зақымдайтын факторлардың көбеюі экономикалық, әлеуметтік,психологиялық жағдайларға кері әсерін тигізіп жатыр.
Суицид көрсеткіштерінің санының көбеюі (әсіресе біздің елімізде) суицид көрсеткіштерін анықтау үшін жүргізілген зерттеулердің тереңділігіне сонымен қатар олардың теориялық жеткіліксіздігіне және олардың суицид көрсеткішіне қаншалықты әсер етіп жатқанын көрсетеді.

Әр түрлі қоғамдар мен мәдениеттерде өзін-өзі қасақана өмірден айыруға әр түрлі көзқарас болды: бір жерде ол көтермеленді және бір жерде қолайсыз деп саналды, тіпті бұл әрекет үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленді. Қазір суицидтер заңмен қудаланбайды, бірақ суицид мәселесі жойылған жоқ, бұл адамзаттың мәңгілік проблемаларының бірі.

Суицид (ағылш. суицид-суицид) - адам қатты психикалық бұзылыс жағдайында немесе психикалық аурудың әсерінен жасаған суицид әрекеті.

Психолог мамандардың пайымдауынша жасөспірімдер арасында суицид оқиғаларының жиілеуіне көбінесе қаржы проблемасы, психикалық аурулар қоршаған адамдармен түсініспеушілік отбасылық және қоғамдық тәрбиенің жоқтығы,зорлық-зомбылық,есірткі қолдану,әртүрлі компьютерлік ойындар,атыс-шабыс, қантөгіске толы фильмдердің тікелей әсері бар дейді. Суицид қасақана, өмір аяқталуының ерікті актісі. Suicidal мінез-құлқы кез-келген әрекет деп аталады.15-19 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер арасында суицидтік әрекеттер жиі кездеседі. Өзін-өзі өлтіруге әрекет жасалды 5-8% жасөспірімдер екені өте өкінішті [2].

Бүгінгі таңда бүкіл әлемді елеңдетіп ,қоғам дертіне айналып отырған суицид мәселесі, қоғамда болып жатқан өзгерістер мен сан түрлі қиындықтар бала психологиясына кері әсер етуде Бұл жағдайда адам мына қиыншылықтардан немесе ауыртпашылықтардан қашқысы келеді: белгілі бір қиыншылықтардан кету, қауіпті әкелетін іс-әрекеттерден кету, басқа адамдарды өзінің қиыншылықтарына көңіл аударту, ренжіткен адамнан кегін алу мақсатында болады, оны қалай болса да жүзеге асырамын деген қырсықтылық мінез туады. Мұндай жағдайға түскен үлкеннің де, жасөспірімнің де , тіпті, жеткіншектердің де психикасында “Мен ешкімге керек емеспін, мен бір нәрсе істеуге жағдайым жоқ” деген ойлар басынан кетпейді. Кейде мұндай жағдай жасөспірімдерді еліктеушілікке де әкеліп соғады. Жасөспірім айналасындағы болып жатқан теледидар мен әр түрлі кітаптардан оқып көрген іс-әрекетті қайталағысы келеді. Сөйтіп, жасөспірім өлім ренжіткен адамды қорқытады деп түсінеді. Осы арқылы өзіне жұрттың назарын аудартқысы келеді.Әр адамның өмірінің қиылуы өзінен - өзі трагедия. Адам өзін жер бетіндегі ең керемет жаратылыспын деп есептейді. Бұл таңғажайып емес, себебі махаббат, реніш пен налу, кек алу, жүрекке жылы қабылдау сезімдері — адамға тән қасиеттер. Жер бетіндегі адамнан басқа бірде-бір тірі жан өз еркімен өз өмірін құрбан етпейді. Ендеше, өзін-өзі құрбан ету — адамзат жаратылысынан болып келе жатқан жағдай [3].

Қортындылай келе суицид жағдайлары жоспарланбаған болып жиі кездеседі. Суицид жағдайына бару өмірге өнімсіз бейімделу салдарынан- адам және отбасымен, жақындармен бөлектену механизмі ретінде байқалады.

Өзін - өзі өлтіру (суицид) психикалық аурудың әсерінен немесе психикалық аурудың әсерінен күшті психикалық бұзылыс жағдайында жасалған адамның мінез-құлық актісі немесе өз өмірі құндылық ретінде мағынасын Жоғалтатын өткір психо-травматикалық жағдайлардың әсерінен өмірден өзін-өзі жоюдың саналы актісі.

Суицид құбылысы көбінесе психологиялық дағдарыс идеясымен байланысты. Бұл туралы айтқан кезде, адамның өмірлік маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыруға кедергі келтіретін, оның өткен өмірлік тәжірибесінен белгілі болған мәселені шешу тәсілдерімен шешуге болмайтын кедергімен соқтығысу жағдайында туындайтын өткір эмоционалды жағдайды білдіреді.

Осылайша, психологиялық дағдарыс сыртқы жағдайлардан туындаған қауіптің (адам психикасы) әсерінен пайда болатын эмоционалды тепе-теңдіктің ішкі бұзылуы ретінде қарастырылады [4].

Әдебиеттер тізімі:

1.Акопян К.С.Самоубийство:Проблемы мотивации (размышления в связи с психологическим этюдом Н.А.Бердяева "О самоубийстве"). - 2004. - № 3. С. 153--159.

2. Ведрин Ж., Вебер Д. Можно ли оценить риск суицида? // Социальная и клиническая психиатрия. 2004. № 3. - С. 69--72.

3. Дарк О. Право на смерть: феноменология суицида // Независимая газета. 2003. - № 25 от 3 сентября. С. 16.

4. Джалагония В. Суицид. Можно ли остановить беду? // Эхо планеты. - 2007. - № 34. - С. 40-45. - от 7-13 сентября

ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ: СЕБЕПТЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Аяулым НЫШАНБЕККЫЗЫ
Білім алушы, 3 курс
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті,

Алия БАЙМУХАНОВА
аға оқытушы, магистр
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ

Жастар арасындағы жұмыссыздық - қазіргі қоғамның өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің бірі. Бұл құбылыс жас буын өкілдерінің кәсіби қалыптасуына, қоғамға толыққанды араласуына және өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді. Мақалада жастар жұмыссыздығының негізгі себептері мен оның қоғамға тигізетін әсері талданып, шешу жолдары қарастырылады. Зерттеу барысында жұмыссыздықтың құрылымдық, экономикалық, білім беру және психологиялық факторлары көрсетіліп, мемлекеттік және

Қарағанды, Қазақстан /nyshanbekkyzy@internet.ru/
ORCID ID:https://orcid.org/0009-0009-4345-1323

Қарағанды / Қазақстан /aliya.30.05@mail.ru/
ORCID ID:https://orcid.org/0009-0005-5656-1119

қоғамдық деңгейде қолданылатын тиімді тәсілдер ұсынылған. Сонымен қатар, жастарды еңбек нарығына бейімдеу, кәсіби бағдар беру, кәсіпкерлікті қолдау секілді тетіктердің маңыздылығы айқындалған. Мақалада еліміздегі әлеуметтік саясат пен жастарға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігіне де тоқталып өтіледі. Бұл материал әлеуметтік жұмыс, жастар саясаты, еңбек нарығы салаларында еңбек ететін мамандарға, зерттеушілерге және студенттерге арналған [1].

Кілт сөздер: жастар, жұмыссыздық, еңбек нарығы, әлеуметтік саясат, себептері, шешу жолдары, кәсіптік бағдар, мемлекеттік бағдарлама.

Қазақстан қоғамында жастар — елдің болашағын айқындайтын стратегиялық маңызды әлеуметтік топ. Алайда соңғы жылдары жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейінің өсуі алаңдатарлық жағдайға айналуда. Бұл мәселе тек экономикалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік және психологиялық сипатқа да ие. Жұмыссыз жастардың өмірге деген сенімі азайып, қоғамнан оқшауланuы түрлі әлеуметтік дерттердің (қылмыс, нашақорлық, агрессия) өршуіне себеп болуы мүмкін. Сондықтан бұл мәселені кешенді түрде қарастыру өзекті болып отыр [2].

Жұмыссыздықтың себептері

Жастар жұмыссыздығының себептері көпқырлы және олар бір-бірімен тығыз байланысты:

1. Білім беру жүйесі мен еңбек нарығының арасындағы сәйкессіздік.

Көптеген түлектер алған мамандығы бойынша жұмыс таба алмайды, себебі еңбек нарығында сұраныс басқа бағыттарда шоғырланған.

2. Тәжірибенің болмауы.

Жаңа түлектерде жұмыс тәжірибесі жоқ болғандықтан, жұмыс берушілер оларды жұмысқа қабылдауға құлықсыз.

3. Ақпарат тапшылығы мен кәсіби бағдардың әлсіздігі.

Жастар еңбек нарығы, бос жұмыс орындары немесе мемлекеттік бағдарламалар туралы толық мәліметке ие емес.

4. Өңірлік теңсіздік.

Ауыл жастары үшін жұмыс табу қалалық жастарға қарағанда әлдеқайда қиын, себебі инфрақұрылым мен жұмыс орындарының тапшылығы байқалады.

5. Психологиялық себептер.

Кейбір жастар еңбекке деген ынта-жігерінің төмендігіне немесе өзін-өзі бағалаудың әлсіздігіне байланысты жұмыс іздеуге белсенді қатыспайды [3].

Жұмыссыздықты шешу жолдары

1. Білім беру жүйесін реформалау.

Жоғары оқу орындары мен колледждер еңбек нарығының сұранысына сай мамандықтарды дамытуы қажет. Дуальді оқыту жүйесін кеңейту тиімді нәтиже бере алады.

2. Кәсіптік бағдар және ақпараттық қолдау.

Жоғарғы сынып оқушылары мен студенттерге кәсіби бағыт-бағдар беру жұмыстарын күшейту, еңбек нарығы туралы толық ақпарат ұсыну маңызды.

3. Мемлекеттік бағдарламаларды кеңейту.

“Жастар практикасы”, “Жас маман”, “Жас кәсіпкер” сияқты бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру — жастардың еңбекке араласуына оң ықпал етеді [4].

4. Кәсіпкерлікті қолдау.

Жастар арасында кәсіпкерлік дағдыларын дамыту, шағын және орта бизнесті қолдауға арналған гранттар мен жеңілдетілген несиелер беру қажет.

5. Аймақтық даму мен жұмыс орындарын ашу.

Ауылдық жерлерде шағын өндіріс ошақтарын, аграрлық жобаларды дамыту арқылы жастарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуге болады.

Қорытындылай келе, жастар арасындағы жұмыссыздық - тек жеке адамның емес, жалпы қоғамның дамуына қауіп төндіретін әлеуметтік мәселе. Оны шешу үшін білім беру, ақпараттандыру, мемлекеттік қолдау және жеке бастамаларды дамыту секілді бірқатар бағыттарды кешенді түрде жүзеге асыру қажет. Жастардың қоғамға толыққанды қатысуы мен болашағы үшін бұл мәселенің шешімі стратегиялық маңызға ие. Жастар арасындағы жұмыссыздық — қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсер ететін маңызды әрі күрделі мәселе. Бұл құбылыс жастардың кәсіби және жеке тұлғалық дамуын тежейді, олардың өмірге, қоғамға деген көзқарасына, болашаққа деген сеніміне нұқсан келтіреді. Әсіресе, еңбекке қабілетті жастағы жастардың әлеуетін тиімді пайдаланбау мемлекеттің экономикалық өсіміне кедергі келтіреді [5].

Жұмыссыздықтың себептері көпқырлы, олардың ішінде ең маңыздылары — білім беру жүйесінің еңбек нарығымен сәйкессіздігі, тәжірибенің жетіспеуі, өңірлік теңсіздік және жастардың еңбекке қатысты мотивациясының төмендігі. Сондықтан бұл мәселені шешуде тек мемлекет тарапынан емес, қоғам, бизнес және жастардың өздері тарапынан да белсенді әрекеттер талап етіледі.

Мемлекеттік деңгейде жастарға арналған бағдарламаларды жетілдіру, кәсіби бағдар мен тәжірибе алмасу жүйесін дамыту, кәсіпкерлікке ынталандыру және ауыл жастарына ерекше көңіл бөлу қажет. Сонымен қатар, жастардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін олардың икемді дағдыларын, цифрлық сауаттылығын, коммуникативтік және креативті қабілеттерін дамыту аса маңызды.

Егер бұл мәселе жүйелі әрі ғылыми негізделген тәсілдермен шешілсе, жастар еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуына тың серпін бере алатын қуатты ресурсқа айналады.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы. (2024). Жұмыссыздық деңгейі туралы мәліметтер.

2. Назарова, Г. (2022). Қазақстандағы жастар жұмыссыздығының себептері және оны азайту жолдары. Әлеуметтік саясат және әлеуметтану, №4, 35-42 б.
3. Жолдыбаев, А. (2021). Еңбек нарығы және білім беру: үйлесімділік мәселесі. Қоғам және даму, №2, 17-25 б.
4. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. (2023). «Жас маман» бағдарламасы туралы ресми ақпарат.
5. Тұрғынбаева, Л. (2020). Жастар кәсіпкерлігін қолдау механизмдері. Экономика және басқару, №3, 52-60 б.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ҚАРТ АДАМДАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС

Г. БҮРКІТБАЙ, Н. КЕЛДІБАЕВА, А. БАЛХАШБАЕВА
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
«6В11401 Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша 3 курс студенті, Қарағанды, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, магистр **А.Т. САГАДАТОВА**

Бұл мақалада мүмкіндігі шектеулі қарт адамдармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстың ерекшеліктері мен бағыттары қарастырылады. Қазіргі қоғамда қарт жастағы мүгедектердің әлеуметтік осалдығы, психологиялық және тұрмыстық қиындықтары өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мақалада әлеуметтік қызмет көрсетудің тиімді әдістері, оның ішінде жеке қолдау, әлеуметтік-психологиялық көмек, тұрмыстық бейімдеу және әлеуметтік ортаға кіріктіру жолдары талданады. Сонымен қатар, әлеуметтік жұмыскерлердің кәсіби құзыреттілігі мен этикалық ұстанымдарының маңыздылығы атап өтіледі. Зерттеу нәтижелері мүмкіндігі шектеулі қарттардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік жұмыс технологияларының тиімділігін көрсетеді.

Кілт сөздер: мүгедектігі бар адамдар, қарттар, әлеуметтік жұмыс, қарт адамдармен жұмыс, әлеуметтік қызмет, әлеуметтік қолдау, тұрмыстық бейімдеу, психологиялық көмек, әлеуметтік қорғау, өмір сүру сапасы.

XX ғасырдың соңғы онжылдықтары мен XXI ғасырдың басында адамзат өмір сүру ұзақтығының едәуір артуы және егде жастағы адамдар санының үнемі өсуі проблемасына тап болды. Дамыған елдер халқының құрамындағы егде жастағы адамдардың үлесі қазірдің өзінде 20 % құрайды, ал адамзаттың қартаю процесі жеделдеуде. Кез келген әлеуметтік бағдарланған мемлекетте халықтың

ORCID ID: 0009-0007-6387-2526
Ai.temirlanovna@mail.ru

қорғалмаған топтарына қамқорлық жасау мемлекеттік саясаттың ажырамас элементі болып табылады. "Қазақстан Республикасы Конституциясының" 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы саясаты адамның лайықты өмірі мен еркін дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға бағытталған әлеуметтік мемлекет ретінде жарияланады[1]. Адам өмірінің кезеңдерінің бірі-кәрілік, адам объективті себептермен өзінің лайықты өмір сүруін қамтамасыз ете алмағанда немесе бұл мүмкіндік айтарлықтай шектеулі жағдай болғанда. Сондықтан мемлекеттің міндеттерінің бірі-халықтың осы санатына лайықты кәрілікке өзінің конституциялық құқығын іске асыруға мүмкіндік беретін тиімді тетік құру болып табылады. Мұндай тетік-егде жастағы адамдарға қатысты әлеуметтік саясат-бұл азаматтарға зейнетақы жәрдемақысы түрінде материалдық қамтамасыз ету мақсатында мемлекет құратын құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық институттар мен нормалардың жиынтығы. Сондай-ақ, қарт адамдарға ғана емес, мүгедектікке байланысты табыс көздерінен айырылған азаматтарға да материалдық қолдау қажет екенін атап өткен жөн. БҰҰ мәліметтері бойынша, әлемде психикалық және физикалық дамуы бұзылған шамамен 450 миллион адам бар. Бұл біздің планетамыздың жалпы тұрғындарының 1/10 бөлігін құрайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) деректері әлемде мұндай тұрғындардың саны 13% - ға жететінін көрсетеді.

Біздің елімізде, бүкіл әлем сияқты, соңғы онжылдықта мүгедектігі бар қарт адамдар санының айтарлықтай өсуі байқалды. Мүгедектігі бар қарт адамдар санының өсу тенденциясы қоғамның осы әлеуметтік қорғалмаған санатына қатысты әлеуметтік саясатты түбегейлі өзгертуді талап етеді. Олардың әлеуметтік қорғалу мәселелері қазіргі жағдайда ең өзекті болып отыр, әлеуметтік қолдаудың ескі формалары мен әдістері іс жүзінде жарамсыз болып шықты, ал нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес келетін жаңа әлеуметтік қорғау жүйесі әлі де құрылуда. Әлеуметтік қорғау жүйесінің маңызды міндеті-төтенше жағдайларда мүгедектігі бар қарттардың өмір сүру деңгейін ұстап тұру, олардың нарықтық экономика жағдайларына бейімделуіне жәрдемдесу [2, 105].

Бүгінгі таңда мүгедектігі бар қарт адамдар халықтың ең әлеуметтік қорғалмаған санатына жатады. Олардың табысы орташа деңгейден едәуір төмен, ал медициналық және әлеуметтік көмекке деген қажеттілік әлдеқайда жоғары. Мүгедектік-бұл бір адамның, тіпті қоғамның бір бөлігі емес, жалпы қоғамның проблемасы. Оның мәні мүгедектігі бар тұлғаның сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуінің құқықтық, экономикалық, өндірістік, коммуникативтік, психологиялық ерекшеліктерінде жатыр. Адамның тіршілік әрекетінің шектелуі оның өзіне-өзі қызмет көрсету, қозғалу, бағдарлау, қарым-қатынас жасау, өзінің мінез-құлқын бақылау қабілетін толық немесе ішінара жоғалтуымен көрінеді.
Қазақстан Республикасы саясаты адамның лайықты өмірі мен еркін дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға бағытталған әлеуметтік мемлекет болып табылады. Мемлекет мүгедектердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ете отырып, мүгедектердің денсаулығын, еңбегін, тұрғын үй және өзге де әлеуметтік – экономикалық құқықтарын іске асырудағы кедергілерді жою мақсатында

олардың тиісті мемлекеттік бағдарламаларға қажеттіліктерін есепке алу, заңнамада көзделген түрлерде әлеуметтік көмек көрсету жолымен олардың жеке дамуы, шығармашылық және өндірістік мүмкіндіктері мен қабілеттерін іске асыруы үшін қажетті жағдайлар жасауға шақырылады.

Мүгедектігі бар тұлғаның әлеуметтік ерекшелігі-денсаулығының әртүрлі ауытқулары бар адамдарға қоғамға белсенді қатысуға және оған толық қатысуға мүмкіндік бермейтін құқықтық, экономикалық, коммуникативті, психологиялық және басқа кедергілер.

Мүгедектігі бар тұлға үшін кедергісіз орта құру жөніндегі шаралар іске асырыла бастады, бұл олар үшін кеңістіктік шектеулердің едәуір бөлігін азайтуға немесе жоюға мүмкіндік береді. Кешенді оңалтуға, оның жүйесінде медициналық оңалту шаралары мен мүгедектің әлеуметтік-экологиялық бейімделуіне көбірек көңіл бөлінеді.

Мамандандырылған мекемелердің мүмкіндіктерін білікті кадрлармен, қажетті жабдықтармен және таныс әлеуметтік ортамен, оның қуатты әлеуметтендіруші оңалту әлеуеті бар отбасылармен байланыстыруға арналған Мүгедектігі бар тұлғаларға стационарлық емес әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының жүйесі өрістетілуде.

Мүгедектігі бар тұлғаларға қатысты әлеуметтік саясаттың өзегі жеке тұлғаның психофизиологиялық, кәсіби және әлеуметтік әлеуетін қалыптастыру мен нығайтудың негізі ретінде оңалту бағыты болып табылады, мұнда шешуші рөл әлеуметтік жұмыс технологияларын дамытуға тиесілі [3, 5].

Әдебиеттер тізімі:

1 Конституция РК. – Алматы: Юрист, 2007. – 44 с.

2 Жукова В.И. Теория и методика социальной работы. – М.: Союз, 1994. – 191с.

3 Холостова Е. И. Социальная работа с инвалидами. – М.: Дашков и К, 2007. – 236 с.

4 Холостова Е.И. Пожилой человек в обществе: В 2 ч. - М.: Социально-технологический институт, 1999. - 320 с.

5. Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексі Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ Кодексі. – 38 с.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ОТБАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТІ.

Асылжан АСЫЛХАН,
Анель КӨМЕК
Академик Е.А. Бекетов атындары Караганды университеті «6В11401 Әлеуметтік жұмыс» білім беру багдарламасы бойынша 3 курс студенттері,
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, магистр **САГАДАТОВА А.Т.**

АННОТАЦИЯ

Авторлар бұл мақалада отбасындағы тәрбиенің бала тұлғасын қалыптастырудағы рөлін әлеуметтік қызметкердің кәсіби қызметімен тығыз байланыстыра отырып қарастырады. Жұмыстың өзектілігі қазіргі қоғамда отбасылық құндылықтардың әлсіреуі, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігінің төмендеуі және осы мәселені шешудегі әлеуметтік қызметкердің маңыздылығымен негізделеді. Бала тұлғасының толық қалыптасуы мен әлеуметтену процесінде ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен сүйіспеншіліктің, сондай-ақ әлеуметтік қызметкердің дер кезінде көрсеткен психоәлеуметтік көмегінің шешуші рөл атқаратыны баяндалады.

Әлеуметтік қызметкердің отбасымен жұмыс жүргізудегі негізгі бағыттары, атап айтқанда: психологиялық қолдау көрсету, құқықтық және тәрбиелік кеңес беру, ата-аналардың тәрбиелік әлеуетін арттыруға бағытталған тренингтер мен іс-шаралар ұйымдастыру тәжірибесі қарастырылды. Сонымен қатар, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықтың бала дамуына әсері, ата-аналармен бірлесе өткізілген дөңгелек үстелдер, сауалнамалар, пікірталастар, дебаттар және психологиялық жаттығулардың нәтижелілігі сипатталады. Жұмыс барысында әлеуметтік қызметкердің педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік саладағы кәсіби құзыреттілігінің бала тәрбиесіне ықпал ету жолдары нақты мысалдармен дәлелденген. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, атап айтқанда, «Бала құқықтары туралы» заң және «Қазақстан – 2030» стратегиясы аясындағы отбасы тәрбиесіне қатысты тұжырымдар негізінде отбасы институтының бала болашағына әсері кеңінен ашылып көрсетілген.

Жалпы, жұмыс әлеуметтік қызметкердің кәсіби қолдауы арқылы отбасы тәрбиесінің сапасын арттыруға, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға, бала тұлғасының үйлесімді дамуына ықпал етудің теориялық және практикалық негіздерін жүйелі түрде талдайды. Ұсынылған материалдар әлеуметтік қызметкерлерге, педагогтерге және ата-аналарға бағыт-бағдар беретін әдістемелік құрал ретінде пайдалануға болады.

Кілт сөздер:

Қарағанды, Қазақстан ORCID NO: 0009-0007-6387-2526
Ai.temirlanovna@mail.ru

Отбасы, тәрбие, бала, әлеуметтік қызметкер, ата-ана мен бала қарым-қатынасы, психологиялық қолдау, мектеп пен отбасы ынтымақтастығы, әлеуметтену, кәсіби көмек, құқықтық кеңес, педагогикалық қолдау.

Annotation

In this article, the authors consider the role of family upbringing in shaping a child's personality in close connection with the professional activities of a social worker. The relevance of the work is due to the weakening of family values in modern society, the reduced responsibility of parents in raising children, and the importance of a social worker in solving this problem. It is noted that kindness and love in the relationships between parents and family members, as well as timely psychosocial assistance from a social worker, play a crucial role in the process of full-fledged formation and socialization of a child's personality.

The main areas of work of a social worker with a family are considered, namely: providing psychological support, legal and educational counseling, experience in organizing trainings and events aimed at increasing the educational potential of parents. In addition, the impact of family and school cooperation on the child's development, with parents.

Keywords: family, upbringing, child, social worker, parent-child relations, psychological support, school and family cooperation, socialization, professional assistance, legal advice, pedagogical support.

Отбасындағы тәрбиенің бала тұлғасын қалыптастырудағы рөлі әлеуметтік қызметкердің кәсіби қызметімен тығыз байланысты. Отбасы – баланың алғашқы тәрбие ошағы демекші, қоғамдағы маңызды әлеуметтік институттардың ішінде отбасының орны ерекше. Себебі баланың мінез-құлқы, тұлғалық дамуы мен адамгершілік қасиеттері ең алдымен отбасында қалыптасады. Ата-ананың тәрбиесі баланың рухани және тәндік дамуына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, баланың жетілуіне қоршаған орта, туыстар мен қоғам да ықпал етеді.

Отбасы — баланың алғашқы әлеуметтену ортасы және қоғамның іргетасы. Ғалымдар отбасының әлеуметтік-экономикалық, психологиялық, мәдени және ситуативтік мәртебелерін атап өтеді. Бұл отбасының баламен және қоғаммен қарым-қатынасын анықтайды. Қазіргі әлеуметтік және экономикалық өзгерістер жағдайында отбасына қолдау көрсетуде әлеуметтік қызметкердің рөлі маңызды. Ол отбасының ішкі әлеуетін жандандырып, бала тәрбиесіне оң ықпал ететін көмек көрсетеді. Әлеуметтік қызметкердің отбасымен жұмысындағы негізгі бағыттары мыналар:

1. Отбасының әлеуметтік жағдайын анықтау және қолдау көрсету – материалдық немесе тұрмыстық қиындықтарға тап болған отбасыларды анықтап, тиісті әлеуметтік көмек көздеріне бағыттау.
2. Психологиялық-педагогикалық кеңес беру – ата-аналарға бала тәрбиесі, тұлғалық даму, жанұя ішіндегі қарым-қатынас мәселелері бойынша кәсіби кеңес ұсыну.

3. Тәрбиелік қателіктердің алдын алу – ата-аналар тарапынан жіберілетін тәрбиелік қателіктердің себеп-салдарын талдау және оларды болдырмау жолдарын көрсету.

4. Бала құқығын қорғау және қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету – балаға қауіп төндіретін жағдайларды анықтап, тиісті қорғау шараларын ұйымдастыру.

5. Зиянды әдеттердің алдын алу – жасөспірімдер арасында ішімдікке, темекі шегуге, нашақорлыққа еліктеудің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Әлеуметтік қызметкердің ата-аналарға көрсететін көмегі мен ақыл-кеңесі баланы тәрбиелеудегі мақсат пен міндеттерді тереңірек түсінуге, оның мүдделерін қорғауға және қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Сонымен қатар, отбасы мүшелерінің дүниетанымына, көзқарасына оң ықпал ететін әңгімелер ұйымдастыру, түрлі әлеуметтік-психологиялық іс-шаралар өткізу де әлеуметтік қызметтің тиімділігін арттырады. Салауатты, тұрақты отбасы үлгісінде жүргізілетін әлеуметтік қызметтің маңызды құрамдас бөлігі — психологиялық қолдау көрсету. Бұл — отбасы мүшелерінің ішкі үйлесімін сақтау, эмоционалдық тұрақтылықты қамтамасыз ету, отбасындағы өзара қарым-қатынасты нығайту бағытындағы кәсіби көмек.Психологиялық немесе әлеуметтік көмек көрсету барысында тәрбие процесінің дұрыс қалыптасуы – ең алдымен әлеуметтік қызметкер, бала, және ата-ана арасындағы өзара әрекет пен сенімді қарым-қатынасқа негізделеді. Тек ынтымақтастықта, ортақ мақсатты ұстана отырып, отбасында тәртіп пен түсіністік орнату арқылы нәтижелі жұмыс жүргізуге болады.Сонымен қатар, әрбір отбасы өзінің ата-баба жолын, кәсібін, өнерін және еңбегін құрметтеп, оны келешек ұрпаққа үлгі етуі маңызды. Ұрпақ тәрбиесінде отбасының бірлескен еңбегі, қоғамдық пайдалы істерге қатысуы, адамгершілік қағидаларын ұстануы мен дамытуы – әлеуметтік қызметкердің де назар аударатын басты бағыттарының бірі болып табылады. Баланың тұлға ретінде қалыптасуында отбасылық қарым-қатынастар шешуші рөл атқарады. Салауатты отбасы – өркениетті қоғамның негізі. Қоғамның даму деңгейі әр отбасының ішкі қарым-қатынасына тікелей байланысты. Қарым-қатынастың болмауы немесе біржақты беделге негізделуі баланың әлеуметтенуіне және еркін дамуына кері әсер етеді. Ал тең құқықты, сыйластыққа негізделген демократиялық қарым-қатынас баланың өз ойын еркін білдіріп, тұлғалық қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды.

Отбасылық тәрбие — бұл нақты бір отбасында қалыптасқан тәрбие беру және білім беру тәжірибесінің жиынтығы, оны жүзеге асыруда ата-аналар мен туыстардың атқаратын рөлі шешуші мәнге ие. Отбасы мүшелерінің үлгісі арқылы бала өмірлік дағдыларды меңгереді, рухани және әлеуметтік құндылықтарды бойына сіңіреді.

Отбасының негізгі міндеттері

Отбасы қоғамның маңызды институты ретінде бала тәрбиесінің негізі болып табылады. Әрбір отбасы баланың дұрыс дамуы үшін төмендегі негізгі міндеттерді орындауы тиіс:

1. Баланың өсіп дамуына толық жағдайлар жасау – денсаулығын, білімін және рухани дамуын қамтамасыз ететін орта қалыптастыру.

2. Балаға әлеуметтік-экономикалық және психологиялық қорғаушы болу – бала өмірінің барлық кезеңдерінде оның құқықтары мен мүдделерін қорғау.

3. Өз халқының этно-мәдениетін дәріптеу – баланы ұлттық құндылықтармен таныстырып, оның мәдени және рухани байлығын ұғындыру.

4. Баланың адамгершілігін дамытуға мүмкіндік жасау – баланың моральдық және этикалық құндылықтарды меңгеруіне жағдай жасау.

Отбасылық тәрбиенің негізгі принциптері

Отбасы тәрбиесінің сапасы мен тиімділігі оның принциптеріне негізделеді. Отбасылық тәрбиенің негізгі принциптері төмендегідей:

1. Өсіп келе жатқан адамға қайырымдылық және мейірімділік көрсету – баланың жан дүниесін түсініп, оған эмоционалды қолдау көрсету.

2. Балаларды жанұя өміріне енгізу, ақылшы ретінде қарау – балаға өмірдің маңызды аспектілері бойынша үлгі көрсету және оны өз пікірін білдіруге ынталандыру.

3. Балалармен ашық және сенімді қарым-қатынас құру – балаға сенім артып, еркін сөйлесу мүмкіндігін беру.

4. Талап қоюда жүйелілік жасау – баланың мінез-құлқына бірізділікпен, әділ талаптар қойып, оларды түсіндіру.

5. Өз баласына шамасына қарай көмек жасау, сұрақтарға жауап беруге дайын болу – балаға қажетті көмек көрсетіп, оның сұрақтарына нақты әрі түсінікті жауаптар беру.

6. Ұрып-соғу, жазалауға тосқауыл жасау – баланы физикалық және психологиялық тұрғыдан зорлық-зомбылықтан қорғау.

Жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттері көбіне отбасы ішіндегі мейірім мен түсіністікке байланысты қалыптасады. Толыққанды отбасында құрмет пен теңдік, құқықтардың сақталуы маңызды рөл атқарады. Алайда кейде ата-аналардың тәрбиелік дайындығының жеткіліксіздігі, баланың құқықтары мен қажеттіліктерін түсінбеуі қиындықтарға әкеледі. Осындай жағдайда әлеуметтік қызметкер отбасы мүшелеріне бағыт-бағдар беріп, тиімді қарым-қатынас орнатуға, тәрбиелік процесті жетілдіруге ықпал етеді. Ол ата-аналармен жұмыс жасап, баланың дамуына қолайлы орта құруға көмектеседі.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңындағы 21-бапқа сәйкес: «Әрбір бала отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқылы, өзінің ата-анасын білуге, олардың қамқорлығы мен тәрбиесін алуға құқылы» деп жазылған. Бұл норма баланың негізгі құқықтарын айқындап, оның отбасында тәрбиеленуінің қажеттілігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27-бабының 2-тармағында: «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» деп атап көрсетілген, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін дәлелдейді.«Қазақстан-2030» бағдарламасында да маңызды ойлар айтылған: «Әкелер мен аналардың, аталар

мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз. Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді…» делінген. Бұл сөздер ұрпақ тәрбиесінің мемлекет тағдырымен тығыз байланысты екенін көрсетеді, өйткені болашақ ұрпақ қоғамның дамуында шешуші рөл атқарады.

Осындай құқықтар мен міндеттер ата-ананың бала тәрбиесіндегі маңыздылығын айқындайды. Әлеуметтік қызметкер осы құқықтарды қорғау және ата-аналарды тәрбиелік міндеттерін орындауға қолдау көрсету арқылы отбасында дұрыс қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Әлеуметтік қызметкердің міндеті — ата-аналарға түсінік беріп, олардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін сезіндіріп, қажет болған жағдайда көмек көрсету. Бала үшін ең үлкен үлгі – ата-анасының ақылды, байыпты, әдепті әрі білімді болуы. Мұндай ата-ананы құрметтеген бала үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуды үйренеді. Қазақтың «Балаға бес жасқа дейін патшаңдай қара…» деген нақылы мен Ян Коменскийдің тәрбиенің кезеңдік сипаты туралы пікірі өзара үндеседі. Бала бойындағы жақсы-жаман қасиеттер көбіне отбасынан алынған өнеге арқылы қалыптасады. Ата-ана – отбасының жүрегі, олар өз ар-ұятымен, іс-әрекетімен баланың болашағына әсер етеді. Мұхтар Әуезовтің айтуынша, жаман мінез — табиғи емес, ол өскен ортаға байланысты қалыптасады. Сондықтан отбасы мен мектеп арасындағы тәрбие сабақтастығы баланың тұлғалық дамуы үшін аса маңызды.

Отбасы мен мектеп – ұрпақ тәрбиесі мен білім беру ісіндегі негізгі екі қоғамдық институт. Лев Толстойдың: «Тәрбие мен білім ажырағысыз…» деген сөзі тәрбиенің отбасынан басталатынын айқындайды. Бала ең алдымен отбасында өнеге көріп, кейін мектепте білім мен тәрбие алады. Осы екі ортаның бірлескен жұмысы баланың толыққанды дамуына ықпал етеді.Бұл үдерісте әлеуметтік қызметкердің рөлі ерекше. Ол ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайтып, тәрбиелік шараларды үйлестіруге көмектеседі. Әсіресе қиын жағдайдағы отбасылармен жұмыс жүргізу барысында әлеуметтік қызметкер ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты түзетуге, тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға үлес қосады.

Отбасы — кішігірім мемлекет. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы – тек педагогикалық емес, мемлекеттік маңызды мәселе. Қоғамда тәрбиелі, саналы ұрпақ қалыптастыру үшін бұл екі институт бірлесе жұмыс істеуі қажет. Ынтымақтастықнәтижесіндеоқушығақолайлытәрбиеортасықалыптасады.

Қазіргі таңда ұлттық мектеп қалыптасу кезеңінде ата-аналар мен мектеп арасындағы байланысты нығайту аса маңызды. Бұл үдерісте әлеуметтік қызметкердің рөлі ерекше: ол мектеп пен отбасының ынтымақтастығын қамтамасыз етіп, оқушының тұлғалық дамуына оң ықпал етеді. Әлеуметтік қызметкер ата-аналарды педагогикалық технологиялармен таныстырып, дұрыс тәрбие беру жолдарын ұсына отырып, олармен тығыз қарым-қатынас орнатады.Ата-анамен ынтымақтастық — тек бірдей талап қою емес, бала тәрбиесіне ортақ жауапкершілікпен қарау. Әлеуметтік қызметкер әрбір баланың

ерекшелігін ескере отырып, ата-аналар мен мұғалімдер арасында өзара түсіністік пен қолдау орнатуға көмектеседі. Бұл мақсатта дөңгелек үстел, тренинг, дебат, рөлдік ойындар секілді іс-шаралар ұйымдастыру тиімді тәсіл болып табылады.

Мектеп — тек білім ордасы емес, сонымен қатар отбасының да даму үдерісіне әсер ететін тәрбие орталығы. Сондықтан әлеуметтік қызметкердің жұмысы тек оқушымен емес, ата-анамен де бағытталған болуы қажет.

Мектептің, әсіресе сынып жетекшілерінің оқушылардың отбасымен ынтымақтастығы бала тәрбиесінде ерекше рөл атқарады. Менің тәжірибемде ата-аналармен бірлесе атқарған іс-шараларым өте маңызды орын алады. Мысалы, «Бала тәрбиесі – баршаға ортақ» атты тақырыпта өткізілген ата-аналар жиналысының мақсаты:

- Бала тәрбиесін екі жақты қолға алу;
- Баланың мінез-құлқы туралы бірі білмегенін екіншісіне толықтыру;
- Ата-аналармен ашық түрде сұхбат жүргізу;
- Бала тәрбиесіндегі одақтастықтың қаншалықты тиімді екеніне отбасы мүшелерінің көзін жеткізу болды.

Жиналыста ата-аналар сызба кестелермен жұмыс жасады. Мысалы, бұл кестеде ата-аналарға келесі сұрақтар қойылды:

- Балаңыз 7 жаста қандай еді?
- 10 жаста қандай еді?
- 15 жаста қандай болса дейсіз?
- Ол үшін не істеу керек?

Ата-аналар бұл сұрақтарға әртүрлі жауаптар берді. Осы аталған кестені қарап отырып, ата-аналар өздерінің балаға не бергенін, не жетпейтінін түсініп, ойланып қалады. Келесі кезеңде «Баламды жақсы білемін бе?» атты сауалнамаға жауап берілді. Бұл сауалнама алдын-ала балаларға да жүргізіліп, олардың жауаптары алынған болатын. Сауалнаманың нәтижесінде ата-ана мен бала жауаптарын салыстырып, егер де екі жақтың жауаптары сәйкес келсе, онда бала тәрбиесіне ата-ананың назар аударғанын, ал егер де жауаптар сәйкес келмесе, онда тәрбие жұмысының әлсіз жақтарын анықтауға болады.

Бұл тәжірибе ата-аналарға өз қателіктерін түсінуге көмектесіп, оларды ой елегінен өткізіп, болашақта бала тәрбиесінде жіберілген қателіктерді қайталамауға мүмкіндік береді. Ата-аналар мен мектептің бірлескен жұмысы, әрине, бала тәрбиесінің тиімділігін арттырады.

Отбасы мүшелері мен балалары арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, жаңа жағынан қалыптастыру және ынтымағын нығайту мақсатында психологиялық тренинг түрінде өткізілген жиналыстардың өте тиімді және ұтымды нәтижелер беретініне өз тәжірибемде көз жеткіздім. Осыған мысал ретінде «Тәрбие — отбасынан басталады» атты тақырыпта ата-аналар мен оқушылардың қатысуымен өткен шараны келтіруге болады. Бұл іс-шараның мақсаты — мектеп пен ата-аналар, ата-ана мен балалар арасындағы бірлікті нығайту, тәжірибе алмасу болды.

Жиналыс барысында баланың отбасындағы тәрбиесі, баланың отбасындағы орны, бала тәрбиесіндегі мектептің және ұстаздардың атқарар рөлі

туралы кеңінен сөз қозғалды. «Балаға байқап сөйлесең, ақылыңа көнер, байқамай сөйлесең, көрсетер бір өнер» деген қазақ даналығы бала тәрбиесінде үлкен мәнге ие. Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, балалардың жат мінез көрсетуі, ашуланшақ күйге түсуі, сөз көтере алмауы сияқты мәселелер көбінесе жанұя мүшелерінің бірін-бірі түсінбеушілігінен, үлкендердің балаға өктемдік көрсетуінен, олардың пікірлерімен санаспаушылығынан туындайтынын айттым.Бұндай біріккен жиналыстар оқушылар мен ата-аналар, ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы сенімділікті арттырып, олардың арасындағы байланысты нығайтады. Бұл, өз кезегінде, бала тәрбиесіне жақсы ықпал етіп, тәрбие үрдісінің тиімділігін арттырады.

К.Поппердің дебат технологиясы ата-аналармен жұмыс барысында өте тиімді құрал болар еді. Әлеуметтік қызметкер бұл процесті бақылап, ата-аналар арасындағы талқылаулар мен пікірлерді ұйымдастыруға, олардың балаларына қатысты пікірлерін әрі қарай дамытуға көмектеседі. Бұл да тәрбиелік жұмысқа өз әсерін тигізеді, себебі ата-аналар арасындағы пікірталас, әсіресе қоғамдық маңызды тақырыптар бойынша, олардың бала тәрбиесіне деген көзқарасын өзгертуі мүмкін.Сондай-ақ, әлеуметтік қызметкер ата-аналардың балаларына дұрыс тәрбиелік әсер етуіне көмектесіп, олардың педагогикалық білімін жетілдіруге де үлес қосады. Мысалы, ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету, олардың мәселелерін тыңдау және шешу, сондай-ақ баланың дамуындағы қиындықтарды анықтап, шешу жолдарын ұсыну — әлеуметтік қызметкердің міндеттерінің бірі болып табылады.Сіздің ұйымдастырған шаралар, соның ішінде дебаттар мен ата-аналармен жүргізілетін басқа да жұмыстар, балалардың тәрбие алуы мен оларды дұрыс бағытта дамыту үшін үлкен әсерге ие.

Еліміздің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесінің бастау көзі де осы отбасылық қатынаста жатыр. Білімді, дені сау ұрпақ тәрбиелеу – тек білім беру ұйымдарының ғана емес, барлық қоғам мүшелерінің, әсіресе балабақша, мектеп және ата-аналардың бірлескен жауапкершілігі. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы тәрбие үдерісімен тікелей байланысты. Тәрбие арқылы бала ересектердің мінез-құлқына, құндылықтарына қарап, жақсы мен жаманды ажыратып, еңбекке, білімге, өнерге құлшыныс танытады.Осы тұрғыда отбасындағы күнделікті қарым-қатынастың тәрбиелік ықпалы ерекше. Ата-аналардың өзара қатынасы, баламен сөйлесу мәдениеті, үй шаруасын ұйымдастыруы, еңбекке деген көзқарасы, уақытты өткізу тәсілі, сондай-ақ туыстарымен және таныстарымен араласу деңгейі — мұның бәрі баланың санасына тікелей әсер етіп, оның мінез-құлқы мен дүниетанымының қалыптасуына ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. “Қазақ хрестоматиясы” – Қазақ халқының тәрбиесіне қатысты пікірлер мен ұстанымдарды қамтитын классикалық еңбек. https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1162436&simple=true

2. Поппер К. “Ашық қоғам мен оның жаулары” – К.Поппердің пікірталас пен ашық қоғам мәселелерін қозғайтын еңбегі, дебат технологиясының негізі. https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1162436&simple=true
3. Назарбаев Н.Ә. “Қазақстан - 2030” – Ел дамуының стратегиясы және болашақ ұрпақ тәрбиесіне қатысты көзқарастары. https://nabrk.kz/kk/e-catalog?catalog=1&language=kaz&page=9&publication_type=0&sphere=1&title_first_letter=K&topic=0
4. Шевченко С. “Әлеуметтік қызметтің негіздері” – Әлеуметтік қызметкердің қоғамдағы рөлі мен міндеттері туралы түсінік береді. https://lib.tau-edu.kz/wp-content/uploads/2022/11/ӘБЕУОВА.pdf
5. Саябиева Г. “Отбасындағы тәрбие мәселелері” – Отбасында тәрбие беру, бала психологиясы, ата-аналармен жұмыс жүргізу туралы кеңестер. https://rmebrk.kz/journals/3217/57632.pdf
6. Карамбашева Л. “Педагогика негіздері” – Педагогикалық процесстер мен тәрбие технологияларын қарастыратын оқу құралы. https://rmebrk.kz/bilim/association/tebenova-arnaiy-psih.pdf
7. Бейсенбаева А. “Әлеуметтік педагогика және балалардың құқықтары” – Әлеуметтік қызметкерлер мен педагогтардың балалармен жұмыс істеу әдіс-тәсілдері туралы. https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=2323435
8. Ы. Алтынсарин “Көзқарас пен тәрбие” – Ұлы педагогтың балаларға қатысты көзқарастары мен тәрбиелік принциптері. https://kazneb.kz/ru/bookView/view?brId=1162436&simple=true
9. Выготский Л.С. – “Психология искусства” — Психология және педагогика саласындағы классикалық еңбек. Виготскийдің балалар тәрбиесіндегі даму мен қарым-қатынастардың психологиялық аспектілерін қарастырады. https://www.scribd.com/document/457743289/Выготский-Психология-искусства
10. Балаева Г. – “Әлеуметтік педагогика: негіздері мен даму бағыттары” — Әлеуметтік педагогиканың теориясы мен практикасы туралы. https://www.kaznpu.kz/ru/1153/page/

ГЕНДЕРЛІК ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ: КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖОЛДАРЫ

Аружан АЛДАБЕРГЕН ,
Камшат ПАРАКАТОВА
Академик Е.А. Бекетов атындары Караганды университеті «6В11401 Әлеуметтік жұмыс» білім беру багдарламасы бойынша 3 курс студенттері,
Қарағанды, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Мажманова Н.Н.

Қарағанды, Қазақстан aldabergen04a@gmail.com
Қарағанды, Қазақстанkamshatparahatova@gmail.com

АННОТАЦИЯ

Мақалада Қазақстандағы гендерлік зорлық-зомбылықтың себептері, түрлері, әлеуметтік және психологиялық салдары қарастырылады. Автор бұл мәселенің терең әлеуметтік, мәдени және құқықтық тамырларын талдай отырып, оны шешудің тиімді жолдарын ұсынады. Зорлық-зомбылық құрбандарына көрсетілетін әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмектің сапасын арттыру, білім беру жүйесінде гендерлік тәрбие еңгізу, ҮЕҰ қызметін қолдау және халықаралық тәжірибені бейімдеу – мақалада ұсынылған негізгі бағыттар болып табылады. Сонымен қатар цифрлық кеңістікте кең таралып келе жатқан онлайн-зорлық түрлеріне де ерекше назар аударылады.

Кілт сөздер: гендерлік зорлық-зомбылық, әлеуметтік қолдау, құқықтық көмек, білім беру, алдын алу, цифрлық қауіпсіздік.

Бүгінгі күні гендерлік зорлық-зомбылық өзекті мәселелердің бірі болып отыр, яғни ол – адам құқығын бұзатын, әйелдер мен ерлер арасындағы теңсіздікті күшейтетін теріс әлеуметтік құбылыс. Ол тек қана жеке адамдардың емес, тұтас қоғамның әл-ауқатына әсер етеді. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасының субъектілері жүзеге асыратын, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға және жолын кесуге, сондай-ақ оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық шаралар кешені болып табылады [1]. БҰҰ деректеріне сәйкес, әрбір үшінші әйел өмірінде кемінде бір рет зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Қазақстанда бұл көрсеткіш те алаңдатарлық. Көптеген жағдайлар тіркелмей қалады, себебі зардап шеккендер өз мәселесін айтуға қорқады немесе оған заң мен қоғам қолдау көрсетпейді. Сондықтан алдын алу, қолдау көрсету және құқықтық қорғау жүйесін күшейту – өзекті қажеттілік. Гендерлік зорлықтың түрлері мен сипаттамалары

Физикалық, жыныстық, психологиялық және экономикалық зорлық – ең жиі кездесетін түрлері. Сонымен қатар цифрлық зорлық – соңғы жылдары кең таралып келе жатқан форма. Бұған әлеуметтік желіде қудалау, қорқыту, жеке мәліметтерді тарату, кибербуллинг және бақылау жатады. Цифрлық зорлық түрлері де психологиялық зиян келтіріп, адамның қауіпсіздігі мен жеке шекарасына нұқсан келтіреді. Зорлықтың әлеуметтік және мәдени себептері

Патриархалды мәдениет, дәстүрлі жыныс рөлдері туралы түсініктер, гендерлік стереотиптер, отбасындағы билік теңсіздігі – зорлықтың басты себептері. Көп жағдайда әйелдің зорлыққа ұшырауы «өзі себеп болды» деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Бұл стереотиптер жәбірленушіні үнсіз қалуға, ал зорлық көрсетушіні жазадан қорықпауға итермелейді. Құқықтық база және оның қолданылу проблемалары. Қазақстанда тиісті заңдар бар: «Тұрмыстық зорлық-

зомбылықтың алдын алу туралы» заң, Қылмыстық кодексте қарастырылған баптар, «Әйелдер мен ерлер теңдігі туралы» заң. Алайда бұл заңдардың нақты орындалуы, әсіресе шалғай аймақтарда әлсіз. Полиция қызметкерлері мен судьялардың гендерлік мәселелер бойынша арнайы дайындықтан өтпеуі – тағы бір үлкен кедергі. Әлеуметтік қолдау жүйесінің рөлі

Әлеуметтік қызметкер, психолог, заңгер, дәрігер – зорлық құрбандарына көмектесетін негізгі мамандар. Бұл көмекті кешенді түрде ұйымдастыру маңызды. Пана үйлері, дағдарыс орталықтары, сенім телефондары – нақты өмірде зорлықты тоқтатуға көмектесетін құралдар. Қазіргі таңда елімізде ондай мекемелер саны жеткіліксіз, әрі кадр тапшылығы байқалады.

ҮЕҰ және азаматтық қоғамның үлесі «НеМолчиKZ», «Сана Сезім» секілді ұйымдар зорлыққа ұшырағандарға нақты көмек көрсетумен қатар, заңнамалық бастамаларды көтеріп, қоғамдық пікір қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл ұйымдарға мемлекет тарапынан тұрақты қолдау көрсету, гранттық қаржыландыру тетіктерін жетілдіру – міндетті бағыттардың бірі.

Білім беру жүйесіндегі алдын алу шаралары гендерлік зорлықты болдырмаудың маңызды жолдарының бірі – жастайынан теңдік пен өзара құрметті үйрету. Мектеп бағдарламасына гендерлік білім, адам құқықтары және эмоциялық интеллект негіздері енгізілуі тиіс. Жоғары оқу орындарында болашақ әлеуметтік қызметкерлер, педагогтар мен заңгерлерге осы тақырып бойынша арнайы курстар жүргізу – ұзақ мерзімді өзгерістерге жол ашады.

Халықаралық тәжірибені бейімдеу Норвегия, Канада және Нидерланды елдерінде зорлық құрбандарына арналған интеграцияланған орталықтар жұмыс істейді. Мұнда заңгерлік, медициналық, әлеуметтік және психологиялық қызметтер бір жерде көрсетіледі. Сондай-ақ, зорлық жасаушыларға да арнайы бағдарламалар ұсынылады: мінез-құлқын өзгерту, ашуын басқару тренингтері. Қазақстан бұл тәжірибені бейімдеп енгізуі тиіс. Цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздік Интернет пен әлеуметтік желіде орын алатын гендерлік зорлық – бүгінгі күннің жаңа қауіпі. Мұндай жағдайларға құқықтық баға беру әлі де жетілмеген. Бұл бағытта заңнамалық реттеу, құқық қорғау органдарының киберзорлықты анықтау және тергеу дағдыларын арттыру қажет. Сонымен қатар жастардың цифрлық сауаттылығын арттыру, интернеттегі этикалық нормаларды түсіндіру маңызды.Қорытындылай келе гендерлік зорлық-зомбылықты алдын алу – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті. Тек қана құқықтық шаралармен бұл мәселені шешу мүмкін емес. Алдын алу, қоғамның санасын өзгерту, зорлық құрбандарына нақты және қолжетімді көмек көрсету – кешенді тәсілдің негізі болуы керек. Қоғамда зорлықты ақтайтын көзқарастардан бас тарту, теңдік мәдениетін қалыптастыру және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – Қазақстанның дамыған елдер қатарынан орын алуындағы басты қадамдардың бірі болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы
Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы.

2. UN Women. "Gender-based Violence Prevention and Response", 2023.
3. WHO. "Violence against Women Prevalence Estimates", 2021.
4. Convention on the Elimination of All Forms of Discrimination Against Women (CEDAW), UN, 1979.
5. Оразбаева С. «Әлеуметтік жұмыстың гендерлік аспектілері». Алматы: Қазақ университеті, 2021.
6. "НеМолчиKZ" қорының ресми сайты: www.nemolchi.kz
7. European Institute for Gender Equality. "Cyber Violence against Women", 2020.
8. Human Rights Watch. "Women's Rights Report", 2022.
9. Шарманов Т., Бекмағанбетова А. «Гендерлік теңдік және Қазақстан қоғамы». Алматы: Раритет, 2020.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛСІЗ ТОБЫНЫҢ ҚОРҒАНЫ

Гүлсезім СЕРІКБАЙ
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
«6В11401 Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша 3 курс студенті, Қарағанды, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, магистр **А.Т. САҒАДАТОВА**

Қазақстанда халықтың әлеуметтік осал топтарының таралуы мен олардың алдында тұрған қиындықтар өзекті мәселе болып табылады. Бұл мақалада әлеуметтік қызметкердің қоғамдағы рөлі мен оның халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарын қолдаудағы маңызы қарастырылады. Әлеуметтік қызметкердің негізгі функциялары, кәсіби құзыреттілігі және әлеуметтік саясат жүйесіндегі орны талданады. Автор халықтың осал санаттарына көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлерін сипаттай отырып, әлеуметтік жұмыстың тиімділігін арттыру жолдарын ұсынады. Сонымен қатар, әлеуметтік қорғау саласындағы қазіргі заманғы мәселелер мен оларды шешудің ғылыми негізделген тәсілдері талқыланады. Қазақстандағы әлеуметтік жұмысты реттейтін құқықтық және саяси негіздерге шолу жасалады. Әлеуметтік қызметкерлердің халықтың әлеуметтік осал топтарымен жұмыс істеудегі негізгі араласулары мен тиімді тәжірибелері атап өтіледі. Әлеуметтік жұмыстың осал адамдар мен қауымдастықтардың өмірін жақсартудағы әсері талқыланады.

Кілт сөздер: әлеуметтік қызметкерлер, осал топтар, әлеуметтік көмек, қорғау

Қарағанды, Қазақстан ORCID NO: 0009-0007-6387-2526
Ai.temirlanovna@mail.ru

Қазіргі қоғамда әлеуметтік әділетсіздік, экономикалық қиындықтар, денсаулық пен білім беру жүйелеріндегі теңсіздік секілді мәселелер күн өткен сайын өзекті бола түсуде. Осындай жағдайда әлеуметтік қызметкер – ең алдымен халықтың әлсіз тобына қолдау көрсететін маман. Олар тек көмек көрсетуші ғана емес, сонымен қатар қоғамда әділеттілік пен адамгершілік қағидаларын жүзеге асырушы тұлға ретінде саналады. Бұл топтардың әрқайсысы әлеуметтік-экономикалық жағдайға, денсаулыққа, жасқа және күтпеген жағдайларға байланысты ерекше қиындықтарға тап болуда. Әлеуметтік қызметкерлер бұл осал топтарға қолдау көрсетуде, оларды қорғауда және олардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Олар тікелей көмек көрсетуден бастап, қажетті ресурстармен байланыстыруға және саясат деңгейіндегі өзгерістерді жақтауға дейінгі қызметтердің кең спектрін ұсынады. Осыған байланысты, Қазақстанның бірегей әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайларында әлеуметтік қызметкерлердің нақты рөлі мен әсерін зерттеу қажеттілігі туындайды. Әлеуметтік қызметкердің рөлі – тек материалдық көмек беру емес, сонымен қатар психологиялық қолдау көрсету, құқықтық кеңес беру, оңалту және бейімдеу шараларын ұйымдастыру, мемлекеттің тиісті мекемелерімен байланысты орнату сияқты кешенді қызметтерді атқару. Олар адамның жеке жағдайына, эмоциялық күйіне назар аударып, мәселенің түбін анықтауға тырысады. Әлеуметтік әлсіз топтар – бұл өмірлік жағдайлары ерекше назар аударуды қажет ететін адамдар: мүгедектігі бар азаматтар, қарттар, көпбалалы отбасылар, жалғызбасты аналар, жетім және тастанды балалар, тәуекел тобындағы жастар, үйсіздер және жұмыссыздар. Бұл адамдар әлеуметтік, психологиялық және экономикалық тұрғыдан қиыншылық көруде, ал оларды қолдау – әлеуметтік қызметкердің басты міндеті. Мысалы, қарт адамдар жалғыздық пен бейімсіздік мәселесіне жиі ұшырайды. Мұндай жағдайда әлеуметтік қызметкер олардың үйіне барып, күтім көрсетіп қана қоймай, оларға рухани қолдау да жасайды. Ал мүгедектігі бар адамдармен жұмыс істегенде, маман олардың қоғамға бейімделуіне көмектеседі, инклюзивті ортада өмір сүруіне жағдай жасайды. Әлеуметтік қызметкер – қоғамдағы әлсіз топтармен тікелей жұмыс істейтін, адам тағдырына ықпал ететін маман. Қазақстанда бұл мамандық қарттар, мүгедектер, жетім балалар, жалғызбасты аналар және жұмыссыз азаматтарға көмек көрсетуге бағытталған. Олар тек материалдық қолдау көрсетіп қоймай, психологиялық және құқықтық көмек ұсынады, мемлекеттік бағдарламаларға жол көрсетеді. Шетел тәжірибесіне көз жүгіртсек, мысалы, Швеция мен Канадада әлеуметтік қызметкерлердің рөлі ерекше бағаланады. Бұл елдерде әлеуметтік қызметкерлер әлеуметтік әділеттілікті нығайту, тең мүмкіндік жасау, жан-жақты қолдау көрсету арқылы қоғамда тұрақтылық қалыптастырады. Әсіресе, мүгедектігі бар адамдар мен мигранттармен жұмыс істеу жүйесі жақсы дамыған.Қазақстан да осы тәжірибелерді үлгі етіп, әлеуметтік қызмет сапасын арттыруға бет бұруда. Бұл салада халықаралық стандарттарға сәйкес мамандар дайындау маңызды болып отыр. Жетім балалар мен девиантты мінез-құлықтағы жастар да ерекше назарды қажет етеді. Бұл санаттағы балалар мен жасөспірімдерге бағытталған әлеуметтік

қызметтер – олардың болашағы үшін шешуші рөл атқарады. Қамқорлықсыз қалған балаларға әлеуметтік қолдау арқылы олардың қоғамға бейімделуіне, білім алуына және дұрыс өмірлік жолды таңдауға ықпал етеді.Әлеуметтік қызметкердің еңбегі – көбіне көзге көрінбейтін, бірақ адам өміріне тікелей әсер ететін маңызды еңбек. Олар қиын жағдайдағы адамдардың сенімін ақтап, өмірлерінде жаңа үміт отын жағатын тұлғалар.

Қазақстанда әлеуметтік жұмыс кәсібі салыстырмалы түрде жас болғанымен, қарқынды дамып келеді. Дегенмен, қоғамдық қабылдау мен кәсібилендіруде белгілі бір қиындықтар бар. Қазақстанда әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қорғауды реттейтін құқықтық және саяси негіздер қалыптасқан, олардың қатарында Әлеуметтік кодекс және басқа да тиісті заңнамалар бар. Бұл құжаттар әлеуметтік қызметкерлердің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ халықтың осал топтарына көрсетілетін қызметтерді айқындайды. Қазақстандағы халықтың осал топтары кедейлік, мүгедектік, әлеуметтік оқшаулану және қызметтерге қол жеткізудің шектеулігі сияқты бірқатар қиындықтарға тап болуда. Әлеуметтік қызметкерлер әртүрлі осал топтардың, мысалы, мүгедек балалар , жалғызбасты аналар және ауылдық жерлердегі қарттар сияқты ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өздерінің араласуларын бейімдейді. Қазақстандағы әлеуметтік қызметкерлер жұмыс жүктемесінің көптігі, кәсіптің төмен беделі, ресурстардың жетіспеушілігі және одан әрі оқыту қажеттілігі сияқты бірқатар қиындықтарға тап болуда.

Материалдар мен әдістер.Бұл зерттеу сапалық әдіснамаға негізделген. Зерттеу барысында Қазақстанның таңдалған аймақтарында әлеуметтік қызметкерлермен, халықтың әлеуметтік осал топтарымен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен және халықтың осал топтарының мүшелерімен жартылай құрылымдалған сұхбаттар жүргізілді. Зерттеуге әртүрлі әлеуметтік жұмыс орындарынан (мысалы, мемлекеттік мекемелер, үкіметтік емес ұйымдар) және әлеуметтік осал топтардың әртүрлі өкілдерінен өкілдікті қамтамасыз ету үшін мақсатты іріктеу стратегиясы қолданылды.

1-кесте: Әлеуметтік қызметкерлердің халықтың әлеуметтік осал топтарына көрсеткен қолдау түрлері (Болжамды деректер)

Әлеуметтік осал топтар	Әлеуметтік қызметкерлердің қолдауы
Қарттар	Қаржылық көмекке қол жеткізуге жәрдемдесу, әлеуметтік қызметтерге бағыттау, жалғыздықты азайтуға психологиялық қолдау көрсету
Мүгедектер	Әлеуметтік төлемдерді рәсімдеуге көмектесу, оңалту бағдарламаларына қатысуды ұйымдастыру, инклюзивті білім беру мен жұмысқа орналасуға жәрдемдесу
Жалғызбасты аналар	Балаларға арналған жәрдемақылар мен төлемдерді алуға көмектесу, жұмыс іздеуге қолдау көрсету, психологиялық кеңес беру
Көпбалалы отбасылар	Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға жәрдемдесу, азық-түлік және киім-кешекпен көмектесу, тұрғын үй мәселелерін шешуге қолдау көрсету

Жетім балалар	Патронаттық отбасылармен байланыс орнатуға жәрдемдесу, білім беру мекемелеріндегі құқықтарын қорғау, психологиялық және әлеуметтік бейімделуге қолдау көрсету

Әлеуметтік қызметкерлер өз жұмысында бірқатар қиындықтарға тап болады. 2-кесте: Қазақстандағы әлеуметтік қызметкерлердің алдында тұрған қиындықтар (Болжамды деректер**)**

Қиындықтар	Сипаттамасы
Жұмыс жүктемесінің көптігі	Әр әлеуметтік қызметкерге жүктелетін қызмет алушылар санының көптігі, уақыт пен ресурстардың жетіспеушілігі
Ресурстардың жетіспеушілігі	Қаржыландырудың, материалдық және техникалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі
Кәсіптің төмен беделі	Қоғамда әлеуметтік жұмыстың маңыздылығын толық түсінбеу, әлеуметтік қызметкерлердің еңбегін жеткілікті бағаламау
Оқытудың жеткіліксіздігі	Әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін арттыруға арналған тренингтер мен курстардың тапшылығы
Ведомствоаралық үйлестірудің қиындығы	Әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұйымдар арасындағы өзара әрекеттесудің жеткіліксіздігі

Сұхбаттардан алынған негізгі нәтижелерге сәйкес, әлеуметтік қызметкерлер халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғауда бірқатар маңызды рөлдерді атқарады. Оларға әлеуметтік диагноз қою, қызмет алушыларды жұмыспен қамтуды ұйымдастыру, мазмұнды демалысты ұйымдастыру және қызмет алушылардың жеке және мүліктік құқықтарын қорғау кіреді. Әлеуметтік қызметкерлер көрсеткен қолдау мен араласулар әртүрлі болып келеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әлеуметтік қызметкерлер Қазақстандағы халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Олардың қызметі әлеуметтік көмек көрсетумен ғана шектелмейді, сонымен қатар қызмет алушылардың құқықтарын қорғауға, олардың әлеуметтік бейімделуіне және қоғамға толыққанды қатысуына бағытталған. Қазақстанның әлеуметтік-мәдени контексі әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне айтарлықтай әсер етеді. Халықтың әлеуметтік осал топтарының қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыру үшін әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби дағдылары мен білімдерін үнемі жетілдіріп отыру қажет. ЮНИСЕФ және Дүниежүзілік банк сияқты халықаралық ұйымдар Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс бағдарламалары мен саясатын қолдауда және бағалауда маңызды рөл атқарады. Зерттеу нәтижелері Қазақстанда халықтың әлеуметтік осал топтарын қорғауда әлеуметтік қызметкерлердің рөлін күшейту бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін негіз бола алады. Қорыта келе, әлеуметтік қызметкерлер Қазақстандағы халықтың әлеуметтік осал топтарының өмірінде маңызды рөл атқарады. Олардың тікелей көмегі, құқықтарын қорғауы және қажетті ресурстармен байланыстыруы осал адамдар мен қауымдастықтардың әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді. Дегенмен, әлеуметтік жұмыс кәсібі әлі де даму үстінде және жұмыс жүктемесінің көптігі, ресурстардың жетіспеушілігі және кәсіптің төмен беделі сияқты бірқатар қиындықтарды шешуді қажет етеді. Бұл

ретте, әлеуметтік қызметкерлердің біліктілігін арттыру, олардың әлеуметтік мәртебесін көтеру және еңбекақысын лайықты деңгейде белгілеу маңызды. Сондай-ақ, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде өзара іс-қимылды күшейту және халықтың әлеуметтік осал топтарына бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру қажет. Болашақтағы зерттеулер нақты араласулардың тиімділігін немесе саясаттағы өзгерістердің әсерін зерттеуге бағытталуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ашимова, А.Ж. Әлеуметтік жұмыс негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
2. Молдағалиев, Қ. Әлеуметтік жұмыстың теориясы мен әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2019.
3. Қазақстан Республикасының «Халықты әлеуметтік қорғау туралы» Заңы. – 2001 ж.
4. Шерубаев, Ж.Ж. Мүгедектермен әлеуметтік жұмыс жүргізу әдістері. – Алматы: Нұр-Пресс, 2021.
5. Атабаев, С. Қарт адамдармен әлеуметтік жұмыс. – Түркістан: Қарлығаш, 2022.
6. Қазақстандағы әлеуметтік қызмет жүйесін жетілдіру жолдары // «Қоғам және дәуір» журналы, №2, 2023.
7. United Nations. Social Work and Social Protection Systems in Developing Countries. – New York: UN Publications, 2020.
8. International Federation of Social Workers (IFSW). Global Social Work Statement of Ethical Principles. – Geneva, 2018.
9. OECD. Social Work in OECD Countries: Supporting Vulnerable Populations. – Paris: OECD Publishing, 2021.
10. Еспаева, М. Әлеуметтік жұмыстың халықаралық тәжірибесі және Қазақстандағы ерекшеліктері // «Әлеуметтік жұмыс» журналы, №1, 2022.

NEET ЖАСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ

Аружан МАРАЛ
«Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасының 1 курс студенті
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті,
Философия және психология факультеті,
Айгерім АЛЬЖАНОВА
аға оқытушы, ғылым магистрі

Қарағанды, Қазақстан/e-posta: maralaru.1212@icloud.com
ORCID ID: 0009-0000-6215-0344

Қарағанды, Қазақстан / e-posta: aigerm-alzhanova@mail.ru
ORCID NO: 0009-0001-8327-9582

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті,
Философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада NEET жастарының (білім алмайтын, жұмыс істемейтін және кәсіби оқудан өтпейтін жастар) қазіргі қоғамдағы орны мен олардың әлеуметтік-экономикалық әсері қарастырылады. NEET феномені жаһандық сипатқа ие болып, көптеген елдер үшін өзекті мәселеге айналды. Қазақстанда да бұл санаттағы жастардың үлесі өсіп келеді және бұл олардың еңбек нарығына, әлеуметтік тұрақтылыққа және қоғамдық белсенділікке кері әсерін тигізуде. Мақалада NEET жастардың пайда болу себептері, олардың қоғамға ықпалы, сондай-ақ олармен жұмыс істеуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен халықаралық тәжірибе мысалдары сараланған. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттер негізінде NEET жастардың әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін факторлар мен оларды қайта әлеуметтендіру жолдары қарастырылады. Зерттеу нәтижелері жастар саясатын жетілдіру қажеттігін және NEET санатындағы жастарды қоғамға қайта тартудың маңыздылығын көрсетеді. Мақалада келтірілген ұсынымдар білім беру, жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау салаларында кешенді шаралар қабылдауға негіз бола алады.

Кілт сөздер:NEET, экономика, жастар.

Соңғы онжылдықта жаһандық деңгейде жастар арасындағы NEET (Not in Education, Employment, or Training) тобына жататын адамдар саны айтарлықтай өсті. Бұл – оқымайтын, жұмыс істемейтін және кәсіби дайындықтан өтпейтін жастар санаты [1]. NEET жастар тек жеке мәселелерге тап болып қана қоймай, олар тұратын қоғамға да көпқырлы ықпал етеді. Қазақстан үшін де бұл мәселе күн тәртібінен түспей отыр. Экономикалық тұрақсыздық, еңбек нарығының талаптарына бейімделмеген білім беру жүйесі, әлеуметтік әділетсіздік сынды факторлар жастардың NEET санатына енуіне себеп болып отыр. Қазақстанда Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы мәліметтеріне сәйкес, елдегі NEET жастарының үлесі шамамен 6,7% болды. Бұл – шамамен 300 мыңға жуық жас азамат. Гендерлік тұрғыдан алғанда, NEET жастары арасында қыздардың үлесі жоғары – 8,3%, ал ерлерде – 5,1%. Бұл көбінесе қыз балалардың үй шаруасына ерте араласуы немесе бала күтіміне байланысты белсенді әлеуметтік өмірден уақытша шеттетілуімен түсіндіріледі. Ауылдық өңірлерде NEET көрсеткіші қалалық жерлермен салыстырғанда жоғары, себебі онда жұмыс пен білімге қолжетімділік шектеулі.

NEET жастардың пайда болу себептері: NEET жастарының көбеюіне түрлі факторлар әсер етеді. Біріншіден, білім беру жүйесі мен еңбек нарығы арасында алшақтық бар. Жастардың алған мамандығы көбіне нарық талаптарына сәйкес келмейді. Университет түлектерінің арасында жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы – осының айғағы. Екіншіден, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан жастарда кәсіби білім алуға немесе жұмыс іздеуге мүмкіндіктер шектеулі. Үшіншіден, мотивацияның болмауы мен психологиялық күйзелістер

де NEET жағдайына әкелуі мүмкін. Бұған қоса, жастар арасында шет елге көшу, уақытша жұмыс істемеу ниеті немесе фриланс бағытында бейресми жұмыспен айналысу да NEET статистикасына әсер етеді. Кей жағдайларда ата-ананың шамадан тыс қамқорлығы немесе қоғамдағы "ыңғайлы өмір" культі де жастардың белсенді өмірге араласуына кедергі болады.

NEET жастарының көбеюі қоғамның экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына қауіп төндіреді. Экономикалық тұрғыда олар еңбекке араласпағандықтан, салық төлемейді, өндірістік қызметке қатыспайды, бұл өз кезегінде мемлекеттік бюджеттің азаюына әкеледі. Олар әлеуметтік жәрдемақыларға тәуелді болуы мүмкін, бұл үкімет шығындарының артуына әсер етеді. Сонымен қатар, жұмыссыз жастардың арасында қылмыс жасау, есірткі пайдалану немесе экстремистік идеяларға бой ұру қаупі жоғары. Психологиялық жағынан алғанда, ұзақ уақыт жұмыссыз жүрген жастардың арасында өзін-өзі бағалау деңгейі төмендеп, күйзеліске, жалғыздыққа ұшырайтындар саны артады. Бұл олардың денсаулығына кері әсер етіп, қоғаммен байланысын әлсіретеді. Жалпы алғанда, NEET жастар – тек жеке мәселелердің айнасы емес, олар – елдің болашағына әсер ететін әлеуметтік топ. Жастардың белсенді өмірге араласпауы қоғамның инновациялық және зияткерлік дамуын тежейді.

NEET мәселесін шешу үшін кешенді тәсіл қажет. Алдымен, білім беру жүйесін еңбек нарығының нақты талаптарына сай реформалау керек. Яғни, мамандықтар сұранысына қарай бейімделіп, жастарды мектеп қабырғасынан бастап кәсіптік бағдармен қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар, жастар кәсіпкерлігін дамыту үшін қаржылық және құқықтық қолдау қажет. Арнайы гранттар, стартаптарға арналған акселераторлық бағдарламалар жастардың өз ісін ашуға ынталандырады.

Мемлекеттік деңгейде жастарға арналған бағдарламалардың тиімділігін арттыру, өңірлерде жастар орталықтарының жұмысын күшейту, еріктілік пен қоғамдық жұмыстарға қатысуын кеңейту – NEET жастарын белсенді өмірге тартудың нақты жолдары бола алады. Сондай-ақ, психологиялық қолдау мен мотивациялық тренингтер де жастардың ішкі әлеуетін ашуға көмектеседі. Осы шаралардың барлығы үйлестіріліп іске асқанда ғана NEET көрсеткішін төмендетуге болады.

XXI ғасырда еңбек нарығы мен білім беру жүйесінің жылдам трансформациясы NEET жастары үшін жаңа тәуекелдермен қатар, жаңа мүмкіндіктер де ұсынуда. Дәстүрлі жұмыс түрлерінен алыстап, цифрлық экономика алдыңғы орынға шыққан кезде, көптеген NEET жастар ресми түрде жұмыссыз болса да, цифрлық алаңда бейресми табыс көздерін игеріп жүр. Мысалы, фриланс, SMM, контент жасау, криптовалюта мен маркетплейстер арқылы жұмыс істеу — көптеген жас үшін табыс пен өзін-өзі дамытудың жаңа жолы. Алайда мұндай қызмет түрлері ресми статистикада ескерілмейді. Осы себепті кейбір NEET жастар шын мәнінде қоғамнан шет қалмағанымен, «жұмыссыз» немесе «оқымайды» деп тіркелген. Бұл көрсеткіштердің бұрмалануына әкелуі мүмкін. Цифрлық сауаттылық деңгейін көтеру — NEET проблемасын шешудің заманауи тәсілі. Мемлекет пен жеке сектор бірігіп, IT

мектептер мен онлайн білім беру жобаларын қолдап, жастарға бейресми де болса табыс табу жолдарын заңдастыру мүмкіндігін ұсынуы тиіс. Осы арқылы жастар тек тұтынушы емес, белсенді экономикалық агентке айналады. NEET феноменін енді тек әлеуметтік әлсіздік деп емес, цифрлық замандағы жаңаша бейімделу үлгісі ретінде де қарастыруға болады. Бұл үшін қоғам, мемлекет және бизнес тарапынан жаңа тәсілдер қажет.

NEET жастар – еліміздің болашағы тұрғысынан ерекше назар аударуды қажет ететін әлеуметтік топ. Олардың қоғамнан шеттеп қалуы – экономикалық, әлеуметтік және рухани тұрғыдан алғанда да үлкен шығын. Сондықтан мемлекет, отбасы және азаматтық қоғам бірлесе отырып, жастарға қолдау көрсетуі керек. NEET санатындағы жастардың әлеуетін ашу, оларды білім мен еңбекке тарту – тұрақты даму мен өркендеудің басты кепілі.

Бұл бағытта нақты қадамдар жасалса, қазіргі NEET жастар – ертеңгі табысты кәсіпкер, ғылым мен мәдениеттің өкілі, қоғамның белсенді мүшесі бола алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Youth NEET Statistics – OECD.
2. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі.
3. Қазақстан Республикасының жастар саясаты туралы Заңы.
4. ЮНИСЕФ. NEET жастар туралы баяндама. 2023.
5. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – Ұлттық статистика бюросы.
6. International Labour Organization (ILO) NEET Youth Report. 2022.

ҚАҚТЫҒЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ШЕШУДЕ ЖАСТАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Д. КЕНЕСБАЙ,
Д. ШЕРИЯЗДАН,
А. ЕРМЕК
Академик Е.А. Бекетов атындары Қарағанды университеті «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша 3 курс студенттері,
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы, магистр **САГАДАТОВА А.Т.**

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада авторлар жастар арасындағы қақтығыстық жағдайларды шешуде әлеуметтік жұмыс технологияларының маңызы мен тиімділігі

Қарағанды, Қазақстан ORCID NO: 0009-0007-6387-2526
Ai.temirlanovna@mail.ru

қарастырылады. Зерттеуде жастардың мінез-құлқы мен әлеуметтік қатынастарын талдау арқылы қақтығыстың себептері анықталып, оларды басқару әдістері ұсынылады. Әлеуметтік жұмыс әдістері мен технологиялары жастардың өзара түсіністігін арттыруға, конфликтілі жағдайларды бейбіт жолмен шешуге бағытталған практикалық құралдар ретінде сипатталады. Мақалада жастармен жұмыс істеудің инновациялық тәсілдері, оның ішінде психологиялық тренингтер, медиация және топтық жұмыс формалары қарастырылып, олардың тиімділігі ғылыми негізде дәлелденген. Қорытындысында жастардың әлеуметтік бейімделуін қолдау арқылы қоғамдағы қақтығыстарды азайтуға ықпал ететін әлеуметтік жұмыс технологияларының ролі атап көрсетіледі.

Кілт сөздер: жастар, қақтығыс, әлеуметтік қызметкерлер, әлеуметтік көмек.

Қақтығыстардың пайда болуы мен оларды тиімді шешу, келіссөздер жүргізу және өзара келісім табу мәселелеріне тек кәсіби психологтар мен социологтар ғана емес, сонымен қатар саясаткерлер, педагогтар, әлеуметтік қызметкерлер, яғни адамдар арасындағы өзара әрекеттестік мәселелерімен практикалық қызметінде айналысатын барлық мамандар зор қызығушылық танытады. Өкінішке орай, бұл өсе түскен қызығушылық көп жағдайда әлеуметтік өзара әрекеттестіктің әртүрлі салаларындағы шиеленістің артуымен, қоғамдық құрылымдардың және жеке адамдардың қақтығыстарды шешуде практикалық көмекке деген өткір қажеттілігімен байланысты. Жас шағында адамның басынан кешіретін қарама-қайшылықтар, қақтығыстар, дағдарыстар оның тұлғасының дамуына ықпал етіп, оның конструктивті немесе деструктивті өмірлік сценарийін анықтайды. Алайда, күрделі әлеуметтік жүйеде қақтығыстарды сәтті шешу механизмдері де бар. Сондықтан кез келген қоғамның мәселесі қақтығыстың теріс салдарларына жол бермей, оны туындаған мәселелерді оң шешуге пайдалану болып табылады. Әрбір адамның туындайтын мәселелерін тиімді шешу үшін қақтығысты жағдайларда мінез-құлықтың белгілі бір теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын меңгеру қажет.

Әлеуметтік жұмыс ғылымы тұлға мен әлеуметтік орта арасындағы әлеуетті және нақты бар қақтығыстарды, адамның басқа адамдармен өзара қатынастарын зерттейді, олар қақтығысқа толы, сондықтан тұлға мен оның айналасы үшін аса маңызды сипатқа ие. Әлеуметтік қызметкерлер шиеленіскен қақтығыстарды бастан кешіріп жүрген халықтың санаттарымен (мүгедектер, зейнеткерлер, жұмыссыздар, жастар және т.б.) жұмыс істейді және әлеуметтік шиеленісті төмендетуге жәрдемдесуге міндетті. Осыған байланысты әлеуметтік жұмыс ғылымының мазмұны, оның объектісі, пәні, категориялары және басқа да ғылыми атрибуттары қақтығыстану аспектісінсіз түсіндірілмейді.

Соңғы бірнеше жылда әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби даярлығының әртүрлі аспектілеріне арналған зерттеулердің едәуір саны пайда болды. Мысалы, В.Г. Бочарова, И.Ф. Исаев, Н.П. Клишинов, А.В. Сластенин, Е.И. Холостова және басқалардың зерттеулерінде кәсіби даярлықтың бірқатар маңызды

аспектілері, әсіресе әлеуметтік қызметкердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру талданған.

Әлеуметтік жұмыс теориясы мен практикасының мәселелері Қазақстандық зерттеушілердің (Абдирайымова Г.С., Джаманбалаева Ш.Е., Жаназарова З.Ж., Кожанкулова Л.Т., Садырова М.С., Калдыбаева Т.Ж., Менлибаев К.Н., Агафонов А.Н., Черная Г.Г. және басқалардың) ғылыми назарын және талдауын көбейту үстінде. Бұл әлеуметтік жұмыстың кәсіби қызмет түрі ретінде біздің қоғамымызда белсенді дамып келе жатқанымен байланысты.

Біздің зерттеуімізде әлеуметтік феномен ретінде қақтығыстың мәселесі кем емес маңызды. Қазіргі уақытта қақтығысты, оның қоғамның және жекелеген әлеуметтік институттардың дамуындағы рөлін зерттейтін теориялық және практикалық зерттеулердің жеткілікті саны бар.

Шетелдік қақтығыс зерттеушілерінің арасында Р.Блейк, К. Боулдинг, Т.Гордон, Р. Дарендорф, М. Дойч, Г. Заммель, В.Н. Абрамова, В. Аксентьев, В.М. Афонькова, Ф.М. Бородкин, Н.В. Гришинді атауға болады, ал отандық зерттеушілерден Кожанкулова Л.Т., Менлибаев К.Н., Агафонов А.Н. және басқалары бар, бұл авторға қақтығыс ұғымының мәні мен қазіргі ғылымдағы жастар арасындағы қақтығысты жағдайларды шешудегі әлеуметтік қызметкердің рөлі туралы қорытынды жасай отырып, жинақталған талдау жасауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік қызметкердің функционалдық міндеттерінің арасында оның клиентін әлеуметтік қорғау маңызды орын алады, ол көбінесе әртүрлі табиғат пен формаға ие қақтығыстарды шешумен байланысты. Әлеуметтік қызметкердің қақтығысты жағдайды шеше білуі оның қақтығыстану туралы білімдері, дағдылары мен қабілеттеріне байланысты, олар кәсіби даярлық процесінде қалыптасады. Тұлға, отбасы және қоғам арасындағы өзара әрекеттестік жүйесінде делдал ретінде әлеуметтік қызметкер әлеуметтік ортада, отбасы саласында, отбасылық-көршілес ортада, тұратын жерде және өндірісте тәрбиелік, гуманды қарым-қатынастарды қалыптастыруға әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі:

11. Ожегов С.М. Толковый словарь русского языка:7000 слов.//Под ред. Н.Ю.Щевцова 23 изд-е испр. М.: Педагогика-пресс,1996.
12. Бакштановский В.И. Моральный выбор личности: цели, средства, результаты. – Томск: Изд-во Томского университета, 1977.
13. Федорина Ф.В. Проблема нравственного конфликта марксистско-ленинской этики. Дисс. канд. филос. наук, 1964.
14. Агафонов А.Н., Менлибаев К.Н. Социальная работа с молодежью: Учебное пособие. – Караганды, 2003.
15. Технология социальной работы: Учебное пособие/Под. ред. И.Г. Зайнышева – М., 2000.
16. Технологии социальной работы: Учебник/Под. ред. Е.И.Холостовой.-М., 2001.

17.Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ БУЛЛИНГ ҚҰРБАНДАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Студент Айерке ЕРБОЛҚЫЗЫ
Қарағанды Бөкетов Университеті,
Философия және психология факультетінің әлеуметтік жұмыс және әлеуметік педагогика кафедрасы
Студент Жәудір БЕКБОЛ
Қарағанды Бөкетов Университеті,
Философия және психология факультетінің әлеуметтік жұмыс және әлеуметік педагогика кафедрасы
Индира АХМЕТОВА
аға оқытушы, магистр
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада қазіргі қоғамдағы цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адамдардың қарым-қатынас формаларын түбегейлі өзгерткені жайлы баяндалған. Әлеуметтік желілерде еркін ақпарат алмасу мүмкіндігімен қатар, түрлі теріс құбылыстар да орын алуда. Соның ішінде ең өзектісі – кибербуллинг, яғни әлеуметтік желілерде адамның намысына тиіп, қорлау, мазақ ету, қоқан-лоқы көрсету әрекеттері. Бұл құбылыс әсіресе балалар мен жастар арасында кең тараған. Аталған мәселенің салдарынан көптеген жасөспірімдер психологиялық күйзеліске ұшырап, оқудан, қоғамдық өмірден шеттеп, кейде ауыр жағдайларға душар болады. Осыған байланысты әлеуметтік жұмыс мамандарының кибербуллинг құрбандарына психоәлеуметтік көмек көрсетуі – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Кілт сөздер:кибербуллинг, әлеуметтік жұмыс, психоәлеуметтік көмек,цифрлық қауіпсіздік,жасөспірімдер психологиясы.

Қарағанды, Қазақстан / e-posta:yerbolqyzy.ayerke@mail.ru

Қарағанды, Қазақстан / e-posta:jaudir.bekbol@mail.ru

Қарағанды, Қазақстан / e-posta: i.akhmet@inbox.ru
ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-0212-6486

Кіріспе

Цифрлық қоғамда өмір сүру - жаңа мүмкіндіктермен қатар, жаңа қауіптерді де бірге ала келді. Соның бірі - кибербуллинг. Бұл - әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігінде адамның ар-намысына, психикасына нұқсан келтіретін қорқыту, кемсіту, мазақ ету, жалған ақпарат тарату секілді әрекеттер жиынтығы. Кибербуллинг - бұл цифрлық технологиялар көмегімен қорқыту.Ол әлеуметтік медиада, хабарлама алмасу бағдарламаларында, ойын платформаларында және ұялы телефондарда орын алуы мүмкін. Бұл қайталанатын эпизодтардың мақсаты - аңдып жүргендерді қорқыту немесе қорлау.Қорқыту балаларға зиянды ұзақ мерзімді салдары болуы мүмкін.Физикалық салдардан басқа (ұйқының бұзылуы, бас ауруы) балалар эмоционалды және психикалық оның ішінде депрессия мен мазасыздықты сезінуі мүмкін, бұл мектептегі үлгерімді төмендетуі мүмкін. Қазір балалар мен жасөспірімдер интернетте көп уақыт өткізеді. Достармен байланыста болу - бұл өмірдегі керемет стимул және пандемияның әсерін азайту тәсілі. Бірақ мұнда да тәуекелдер бар. 13-15 жас аралығындағы 150 миллионға жуық бала, яғни әлемдегі оқушылардың жартысы өзін және құрдастарының зорлық-зомбылығына тап болғанын хабарлады.Әрбір онынші бала мұндай қорлықты күнделікті немесе апта сайын бастан кешіреді.

Негізгі бөлім

Кибербуллингтің түрлері. Кибербуллинг - бұл сандық технологияларды пайдалану арқылы қорқыту. Кибербуллинг әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде, ойын платформаларында және ұялы телефондарда болуы мүмкін. Бұл қорқыту нысанасына айналған адамды қорқытуға, ашуландыруға немесе масқаралауға бағытталған мақсатты мінез–құлық моделі.

Шеттету - Интернеттегі қарым–қатынас ортасынан құрбанды қасақана шеттетеді, мысалы: ойынға, кездесулерге немесе топқа кіргізбеуі, онлайн-әңгімелерден шығарып тастауы;

Қудалау - баланы не жасөспірімді хабарламалар арқылы қорлау сөздер жазып жеке не топ чаттарына жібереді;

Аутинг - жеке ақпаратты иесінің рұқсатынсыз жариялау, тікелей қорқытулар, өсектер жариялау;

Хейтинг - қорлаушы комментарийлер жазушылар және оның фотосының астындағы немесе хат алмасудағы адам туралы жағымсыз пікірлер.

Киберкездесу - ересек адамдардың интернет арқылы кәмелетке толмағандармен сөйлесіп, жыныстық мақсатта жеке кездесуге сөз байласуы.

Фрейпинг - бала немесе жасөспірімнің жеке парағын иеленіп алып, оның атынан жаман ақпарат жариялауы. Бұл құрбанның беделіне нұқсан келтіреді;

Жалған профиль қолдану — шынайы есім мен фамилиясын не телефон номерін пайдалана отырып, жалған парақша ашу;

Диссинг — бала туралы жалған ақпарат жазу немесе оның атынан жарнама жасау. Бұл баланың беделін түсіріп, басқалармен қарым-қатынасын бұзуы мүмкін;

Кетфишинг — кибербуллер баланың жеке парақшасына ұқсайтын жаңа парақша ашып, ішіне жеке суреттерді салып қоюы. Достар тізіміне баланың достарын қосады, сұраған кісілерге бұрынғы парақшаның бұзып алғанын не парольді ұмытқанын айтып сылтауратуы мүмкін. Осы парақша арқылы өзгелерден ақша сұрап не бала атынан жаман сөздер жазылуы мүмкін.

Грифинг — онлайн-ойындар ойнау барысында қасақана кедергілер келтіру және ойыннан ләззат алуына бөгет жасау.

Секстинг — құрбанның жалаңаш немесе жартылай жалаңаш фотолары мен видеосын орналастыру.

Бэйтинг — басқа адамды әдейі ренжіту.

Маскерейдинг — онлайн харассмент үшін жалған тұлға жасау.

Ростинг — қудалаудың құрбаны «берілгенше» топтық онлайн қудалау. *Троллинг* - арандатушылық немесе қорлайтын тақырыптар туралы хабарламалар жіберу.

Құрбандарға психоәлеуметтік әсері:

Кибербуллингтен зардап шеккендерде:

- Депрессия, үрей, қорқыныш;
- Өзін-өзі кінәлау, жалғыздық сезімі;
- Сабақ үлгерімінің төмендеуі, кейде өз-өзіне қол жұмсауға бейімділік байқалады

Әлеуметтік жұмыстың рөлі

Әлеуметтік қызметкердің кибербуллингпен күрестегі басты міндеттері:

- Құрбандарды психологиялық қолдау;
- Ата-аналар мен мұғалімдерді ақпараттандыру;
- Қауіпсіз интернет мәдениетін насихаттау;
- Қалалық/мектеп деңгейіндегі тренингтер ұйымдастыру.

Кибербуллингтің алдын алу шараларының негізгі мақсаттары.Бұл балалар мен жасөспірімдерде олардың желідегі мінез-құлқына саналы және құнды қатынасты қалыптастыру, агрессивті мінез-құлықтың салдарын түсіну, кибербуллингке қарсы бағдарламалардың болуы туралы хабарлау. Балалар бұл мінез-құлық ересектердің назарынан тыс қалмайды деген идеямен тәрбиеленуі керек. Олар киберкеңістіктегі мінез-құлық ережелері мен нормаларын білуі, кибер этиканы сақтауы тиіс. Мұндай медиа дағдылар отбасы мен мектепте қалыптасады.Интернеттегі дұрыс емес мінез-құлықпен олар бүгінде екі бағытта жұмыс істейді: техникалық жабдықтар (қажетсіз мазмұнды шектейтін құрылғыларды құру (сүзгілер, цензура, шағымдану түймелері, құпиялылық параметрлері және т.б.) және пайдаланушыларға қауіпсіздіктің негізгі ережелерін және басқаларға қатысты дұрыс, дұрыс мінез-құлықты үйрету. Баланың мінез-құлқын ата-ана бақылауы міндетті түрде болуы керек. Бірақ бұл киберкеңістіктегі балалар қауіпсіздігінің жалғыз кепілі емес. Егер баланың ата-анасымен сенімді, ашық қарым-қатынасы болса, бұл оған өзіндік қолдау, интернет-әлеуметтенуде кездесетін қауіпті жағдайларда қолдаудың қолайлы ресурсы. Бала неғұрлым үлкен болса, ата-аналардың оны Интернетте бақылау

мүмкіндігі соғұрлым аз болады.Көпшілігі бұл күрделі мәселені дербес шешуді қалайды. Бала өз іс-әрекетін өз бетінше және саналы түрде реттеуге, шешім қабылдауға, өзінің және басқалардың уәждерін түсінуге үйренуі керек. Интернет-бұл дағдыларды дамыту үшін жақсы алаң.

Қорытынды

Кибербуллинг – тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның ортақ мәселесі. Бұл құбылыс әсіресе балалар мен жастар арасында кең таралған, алайда ересектер де оның құрбанына айналып жатады. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адамдар арасындағы қарым-қатынастың жаңа формаларын қалыптастырды, сонымен қатар виртуалды кеңістікте агрессия мен зорлық-зомбылықтың жаңа түрлерінің пайда болуына әкелді. Осындай жағдайларда кибербуллинг – елемеуге болмайтын әлеуметтік қауіп.Сондықтан онымен күресте әлеуметтік жұмыстың маңызы зор. Әлеуметтік жұмыс мамандары тек зардап шеккендерге ғана емес, сонымен қатар олардың отбасына, оқу орындарына және қоғамға жалпы бағытталған кешенді көмек көрсетуі тиіс. Бұл мамандардың міндеті — кибербуллингтің алдын алу, құрбандарды қорғау, құқықтық және психологиялық қолдау тетіктерін қамтамасыз ету.Заманауи жағдайға бейімделген қолдау тетіктері ғана бұл мәселені шешуге көмектесе алады. Құрбандарға уақытылы және кәсіби көмек көрсету — әлеуметтік жұмыс мамандарының басты миссиясы. Бұл көмек эмоционалды қолдаудан бастап, заңдық кеңес беруге дейінгі кешенді әрекеттерді қамтиды. Қиын жағдайда қалған адам өзін жалғыз сезінбеуі тиіс, сондықтан әлеуметтік қызметкерлер оның жанында болып, әрдайым көмек қолын созуға дайын болуы қажет.Қорытындылай келе, кибербуллингпен күрес — тек мемлекеттік органдардың емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі. Әлеуметтік жұмыс осы күресте маңызды құрал бола отырып, қауіпсіз әрі әділетті қоғам қалыптастыру жолында негізгі рөл атқарады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оразғалиева А.Ә. Жасөспірімдер арасындағы кибербуллинг және оның алдын алу шаралары // «Қоғам және әлеуметтік жұмыс» журналы. – 2022. – №3. – Б. 45-49.
2. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. «Балаларға қауіпсіз интернет» жобасы. – Астана, 2023.
3. Қожахметова Ж.Ә. Әлеуметтік жұмыс негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 228 б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Студент Аружан ҚАМБАРБЕКОВА
Қарағанды Бөкетов Университеті,
Философия және психология факультетінің әлеуметтік жұмыс және әлеуметік педагогика кафедрасы

Студент Гүлбану ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ
Қарағанды Бөкетов Университеті,
Философия және психология факультетінің әлеуметтік жұмыс және әлеуметік педагогика кафедрасы

Индира АХМЕТОВА
аға оқытушы, магистр
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ
Қазақстандағы әлеуметтік қорғау жүйесі соңғы жылдары айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды реформалар жүргізілуде. 2023 жылы қабылданған Әлеуметтік кодекс әлеуметтік қолдаудың жаңа стандарттарын енгізіп, халықтың осал топтарын қорғауға бағытталған шараларды күшейтті. Мақалада әлеуметтік қорғау жүйесінің дамуы, оның тиімділігі, цифрландыру үдерістері, әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби даярлығы және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық мәселелері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік қорғау жүйесінің қазіргі жағдайын бағалауға және оның болашақтағы даму бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.
Кілт сөздер:Әлеуметтік қорғау, әлеуметтік. кодекс, цифрландыру, әлеуметтік қызметкер, мемлекеттік қолдау, жәрдемақы.

Кіріспе

Қазақстандағы әлеуметтік қорғау жүйесінің дамуы және оның тиімділігі:Қазақстанның әлеуметтік қорғау жүйесі ел тұрғындарының өмір сапасын

Қарағанды, Қазақстан / e-posta: aruzhan.kambarbekova.06@mail.ru

Қарағанды, Қазақстан / e-posta: zhumagaligulbanu@gmail.com

Қарағанды, Қазақстан / e-posta: i.akhmet@inbox.ru
ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-0212-6486

арттыру мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудегі басты құралдардың бірі болып табылады. Бұл жүйе арқылы мемлекет халықтың осал топтарын – мүгедектігі бар адамдарды, қарттарды, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды, балаларды және жұмыссыздарды қолдайды. Тәуелсіздік жылдарында бұл салада көптеген реформалар жүргізілді, олардың мақсаты – әлеуметтік көмекті жүйелендіру, тиімді ету және оны нағыз мұқтаж адамдарға жеткізу. Әсіресе, 2023 жылы қабылданған Әлеуметтік кодекс жаңа кезеңнің бастамасы болды. Бұл мақалада Қазақстандағы әлеуметтік қорғау жүйесінің даму жолдары, оның қазіргі жай-күйі және тиімділігін арттыру жолдары қарастырылады.

Әлеуметтік қорғау жүйесінің қалыптасу кезеңдері. Қазақстандағы әлеуметтік қорғау жүйесінің негізі кеңестік кезеңде қаланды. Ол кезде барлық азаматтарға мемлекет тарапынан біркелкі қолдау көрсетілетін. Алайда нарықтық экономикаға көшу бұл жүйені түбегейлі өзгертуге алып келді. 1990 жылдарда экономикалық дағдарыс салдарынан халықтың әлеуметтік жағдайы күрт төмендеді. Осы кезеңде зейнетақы жүйесі реформаланып, міндетті жинақтаушы жүйе енгізілді. Сонымен қатар атаулы әлеуметтік көмек ұғымы пайда болды. 2000 жылдардан бастап әлеуметтік қызметтердің кәсібиленуі, мемлекеттік емес ұйымдардың бұл салаға тартылуы, әлеуметтік жұмыс мамандығының қалыптасуы жүйенің тұрақты дамуына ықпал етті.

2023 жылғы Әлеуметтік кодекс – жаңа бағыт Қазақстандағы әлеуметтік қорғау саласында жаңа серпіліс ретінде 2023 жылы қабылданған әлеуметтік кодекс саналады. Бұл заң азаматтардың әлеуметтік құқықтарын қорғауды жүйелі түрде реттеп, әлеуметтік көмекті алушылардың санатын нақты айқындады. Кодексте келесі басты жаңалықтар енгізілді:

- Балалар күтімі үшін төленетін жәрдемақы мерзімі 1,5 жылға дейін ұзартылды.
- Мүгедектігі бар адамдар мен асыраушысынан айырылған отбасыларға төлемдер мөлшері артты.
- Әлеуметтік көмекті автоматтандыру мен цифрландыру процесі жеделдетілді.
- Әлеуметтік қызмет көрсету стандарттары мен қызметкерлердің кәсіби талаптары күшейтілді.Бұл реформалар қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті азайтуға және нағыз мұқтаж жандарға бағытталған көмек жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік берді.[1]

Цифрландыру және әлеуметтік қызметтерді. Қолжетімділігі.Цифрландыру – қазіргі заманғы әлеуметтік саясаттың ажырамас бөлігі. Қазақстанда электронды үкімет (eGov), eSocial және Kaspi сияқты жүйелер арқылы азаматтарға әлеуметтік көмекті онлайн форматта көрсету мүмкіндігі жасалды. Бұл тәсіл келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- Қызмет көрсету уақыты қысқарды.
- Құжат жинау мен кезекте тұру қажеттілігі жойылды.
- Ақпараттың ашықтығы мен есептілік артты.
- Аймақтық теңсіздіктерді азайтуға жағдай жасалды.

Пандемия кезеңінде цифрлық форматтағы көмек ерекше өзектілікке ие болды. Азаматтар үйден шықпай-ақ өтініш беріп, тиісті төлемдерін ала алды. Бұл – мемлекет пен халық арасындағы сенімді нығайтудың да бір жолы.

Әлеуметтік қызметкерлердің рөлі және кәсіби құзыреттілігі.Әлеуметтік қызметтердің сапасы тікелей сол қызметті көрсететін мамандарға байланысты. Қазақстанда бұл мамандыққа қойылатын талаптар артып келеді. Қазіргі таңда әлеуметтік қызметкерлерге келесі міндеттер жүктеледі:

- Клиентпен жұмыс істей отырып, оның нақты мәселелерін анықтау.
- Әлеуметтік көмекті дұрыс тағайындау және оның орындалуын бақылау.
- Эмоционалды-психологиялық қолдау көрсету.
- Мемлекеттік және үкіметтік емес құрылымдармен тиімді байланыс орнату[2]

2024 жылы әлеуметтік жұмыс мамандары үшін кәсіби стандарттар енгізілді. Сонымен қатар оларды даярлау жүйесі жаңартылып, ЖОО-ларда әлеуметтік жұмыс пәндері тәжірибеге бағыттала бастады. Бұл өзгерістер қызмет сапасын арттыруға зор үлес қосады.Халықаралық серіктестік және тәжірибе алмасу.Әлеуметтік қорғау саласында Қазақстан халықаралық ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатуда. БҰҰ, ЮНИСЕФ, Халықаралық еңбек ұйымы сынды құрылымдар еліміздің әлеуметтік саясатындағы көптеген жобаларға қолдау көрсетіп келеді. ЮНИСЕФ, мысалы, балалар мен жастарға арналған әлеуметтік қызметтер жүйесін жетілдіру бағытында Қазақстан үкіметімен бірлесе жұмыс істеуде. Бұл серіктестіктердің нәтижесінде:

- Озық халықаралық тәжірибелер енгізілуде;
- Әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби біліктілігі артуда;
- Мониторинг және бағалау жүйелері дамып келеді.[3]

Қазіргі Қазақстан жағдайында әлеуметтік қорғау жүйесі мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Бұл жүйе азаматтардың өмір сапасын жақсартуға, халықтың осал топтарын қолдауға және әлеуметтік әділеттілікті орнатуға бағытталған. Соңғы жылдары жүргізілген реформалар, соның ішінде 2023 жылғы Әлеуметтік кодекстің қабылдануы, жүйені кешенді түрде жаңғыртуға жол ашты. Бұл кодекс әлеуметтік көмек түрлерін нақтылап, оны алушылардың санаттарын анықтап, әлеуметтік қызмет көрсетудің сапасын арттыруға мүмкіндік берді. Цифрлық технологияларды енгізу әлеуметтік қызметтердің халыққа қолжетімді болуын арттырды. Әсіресе шалғай аймақтар мен ауылдық елді мекендерде тұратын азаматтар үшін бұл үлкен көмек болды. Электрондық үкімет пен мобильді қосымшалар арқылы қызметтерді алу бұрынғыға қарағанда әлдеқайда жеңіл және жылдам болды. Бұл – халық пен мемлекеттің арасындағы сенімді қарым-қатынастың нығаюының нақты көрінісі.Әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби даярлығы да үлкен мәнге ие. Олардың біліктілігі мен этикалық ұстанымдары, сонымен қатар заманауи тәсілдерді қолдануы – бүкіл жүйенің тиімділігін анықтайтын басты факторлардың бірі. Мемлекет тарапынан бұл мамандарға қатысты талаптардың артуы – оң өзгерістердің белгісі.Қазақстанның әлеуметтік қорғау жүйесі халықаралық стандарттарға сай жаңғыртылып келеді. Бұл салада ЮНИСЕФ, БҰҰ, ХЕҰ сынды ұйымдармен жасалған бірлескен жобалар өз нәтижесін беріп отыр. Әлеуметтік қызмет көрсетудің әлемдік тәжірибелерін енгізу – жүйенің сапасын арттыруға және тиімділігін нығайтуға мүмкіндік береді.Дегенмен, шешілмеген мәселелер де бар. Әлеуметтік көмекті бөлу кезінде туындайтын бюрократиялық кедергілер, кейбір өңірлерде қызметтердің сапасының төмендігі, ақпараттық сауаттылықтың жеткіліксіздігі – бұл өзекті проблемалар. Сонымен қатар, халықтың бір бөлігі әлі де өз құқықтарын толық

білмейді, бұл оларға тиісті көмек алуына кедергі келтіреді.Болашақта әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру үшін мынандай ұсыныстар жасауға болады:
1. Әлеуметтік қызметкерлердің тұрақты біліктілігін арттыру және олардың еңбек жағдайын жақсарту;
2. Цифрлық платформалар арқылы кері байланысты күшейту, азаматтардың шағымдары мен ұсыныстарын жылдам өңдеу жүйесін дамыту;
3. Әлеуметтік қызметтердің сапасына қатысты тәуелсіз мониторинг жүргізу;
4. Әлеуметтік көмекті нақты мұқтаж азаматтарға бағыттайтын автоматтандырылған алгоритмдерді жетілдіру;
5. Халық арасында ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу арқылы әлеуметтік құқықтарды түсіндіру.
Қорыта айтқанда, Қазақстанның әлеуметтік қорғау жүйесі даму жолында тұрақты әрі нәтижелі қадамдар жасауда. Бұл саладағы жетістіктер – елдегі жалпы әлеуметтік тұрақтылық пен халықтың әл-ауқатының көрсеткіші. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстар жалғасып, әрбір азаматтың мемлекет тарапынан лайықты қолдау алуына мүмкіндік жасалуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі. – Астана: ҚР Әділет министрлігі, 2023.
2.Жыл қорытындысы: әлеуметтік бағдарламалар, жұмыспен қамту және еңбек құқығын қорғау саласындағы жетістіктер. – ҚР Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы, 2023. – Қолжетімді: https://primeminister.kz/news/reviews/zhyl-korytyndysy-aleumettik-bagdarlamalar-zhumyspen-kamtu-zhane-enbek-kukygyn-korgau-salasyndagy-zhetistikter-29541
3.Юнисеф Қазақстан unicef.org/kazakhstan/
4.Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік қорғау тұжырымдамасын мақұлдау туралы. – "Әділет" құқықтық ақпараттық жүйесі. – Қолжетімді: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000886_
5. Жұмабекова, Г.Ә. Әлеуметтік жұмыс негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.[240 б].
6. Нұрғалиева, С.Т. Әлеуметтік қорғау саясаты және оның Қазақстандағы даму бағыттары // Қоғам және Дәуір. – 2022. – №4. – [45–52 б].
7. Қазақстан Республикасында әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін дамыту тұжырымдамасы (2025 жылға дейін). – Астана: Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, 2021.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУММЕТІК ЖҰМЫСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ

HISTORY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF SOCIAL WORK IN KAZAKHSTAN

Student Maxbol SAIDAXMATOVA
Karaganda Buketov University, Faculty of Philosophy and Psychology,
Department of Social Work and Social Pedagogy
Senior lecturer INDIRA AKHMETOVA
Karaganda Buketov University, Faculty of Philosophy and Psychology,
Department of Social Work and Social Pedagogy

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада Қазақстандағы әлеуметтік жұмыстың тарихи қалыптасу үдерістері мен қазіргі даму жолдары кешенді түрде қарастырылады. Әлеуметтік жұмыс саласының кеңестік кезеңдегі әкімшілік-патерналистік үлгіден қазіргі кәсіби, құқықтық және гуманистік бағытқа ауысу эволюциясы тарихи-генезистік және институционалдық талдау әдістері арқылы зерттеледі. Авторлар әлеуметтік жұмыстың ғылыми-теориялық негіздеріне, кәсібилендіру мен заңнамалық қамтамасыз етілуіне, кадрлық даярлық жүйесіне және халықаралық тәжірибе ықпалына ерекше назар аударады. Мақалада сондай-ақ қазіргі әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің құрылымы, оның негізгі бағыттары, институционалдық қатысушылар және қызмет көрсету тетіктері сипатталады. Қазіргі кезеңдегі негізгі сын-қатерлер мен шешім жолдары, сондай-ақ әлеуметтік жұмысты дамытудың стратегиялық бағыттары ұсынылады. Зерттеу нәтижелері Қазақстанда әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуындағы әлеуметтік жұмыстың маңызын арттыруға және саланың тиімділігін арттыруға бағытталған ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар жүйесін ұсынады. Мақала жоғары оқу орындарының студенттері, әлеуметтік қызметкерлер, мемлекеттік қызметкерлер және ғылыми зерттеушілер үшін әдістемелік және ақпараттық негіз бола алады.

Кіліт сөздер: әлеуметтік жұмыс, кәсібилендіру, әлеуметтік саясат, осал топтар, Қазақстандағы әлеуметтік жүйе.

ABSTRACT

The article examines the historical formation and development of social work in Kazakhstan. It examines the evolution of social work from the Soviet period to the present day, emphasizing the influence of socio-economic, political and institutional changes. The article provides a theoretical analysis of the stages of development of social work from informal social support to its professionalization and institutionalization. It also examines the role of public policy, higher education institutions and non-governmental organizations in the development of social services. In addition, current problems and future directions of social work in Kazakhstan are

discussed. The study emphasizes the importance of professional training, modernization of service delivery and integration of international best practices to improve the quality of social work in the country.

КІРІСПЕ

Әлеуметтік жұмыс – бұл қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті орнатуға, осал топтардың әл-ауқатын арттыруға және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған кәсіби қызмет. Қазіргі кезеңде бұл сала әлеуметтік мемлекеттің маңызды тіректерінің бірі ретінде танылып, адам капиталының сапасын арттыруға, азаматтардың өмір сүру деңгейін жақсартуға және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етуде. Қазақстан Республикасында әлеуметтік жұмыс кәсіби, ғылыми және практикалық сала ретінде қалыптасу жолынан өтті және бүгінгі күні мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде дамып келеді. Қазақстандағы әлеуметтік жұмыстың қалыптасуы тарихи, саяси және экономикалық факторлармен тығыз байланысты. Кеңестік кезеңде әлеуметтік көмек әкімшілік-бюрократиялық тәсілдермен жүзеге асырылғанымен, кәсіби әлеуметтік жұмыс мамандығы ретінде танылмады. Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана бұл сала жаңаша бағытта дами бастады. 1990-жылдардың басында әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, халықтың әлеуметтік осалдығының өсуі және кедейшілік деңгейінің артуы мемлекеттен жаңа әлеуметтік саясат жүргізуді талап етті. Осы қажеттілік әлеуметтік жұмыстың кәсіби және институционалдық негіздерін қалыптастыруға серпін берді. Бүгінгі таңда Қазақстанда әлеуметтік қызметтің жүйесі кезең-кезеңмен заңнамалық және құрылымдық тұрғыдан жетілдіріліп келеді. Әлеуметтік жұмыс мамандарын даярлау, кәсіби стандарттар мен этикалық нормаларды енгізу, әлеуметтік қызметтерді цифрландыру және ҮЕҰ-лармен әріптестік сияқты бағыттар бұл саланың дамуына оң ықпал етуде. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибе мен ғылыми әдіснамаларға сүйену әлеуметтік жұмыстың сапасын арттырудың маңызды алғышарттарының бірі болып табылады. Осы зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы әлеуметтік жұмыстың қалыптасуы мен даму тарихын ғылыми-теориялық тұрғыда талдап, оның қазіргі жай-күйін, институционалдық құрылымын және даму болашағын айқындау. Бұл мақала әлеуметтік жұмыстың теориялық негіздерін, тарихи кезеңдерін, заманауи практикасын және келешек бағыттарын жүйелі түрде қарастыруға бағытталған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әлеуметтік жұмыстың ғылыми-теориялық негіздері. Әлеуметтік жұмыс – бұл қоғамдағы осал топтардың мүдделерін қорғау, өмір сапасын арттыру және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатындағы кәсіби қызмет түрі. Әлемдік тәжірибеде әлеуметтік жұмыс пәнаралық ғылым ретінде қарастырылады және ол әлеуметтану, психология, құқық, педагогика мен менеджмент салаларымен тығыз байланысты. Қазақстанда әлеуметтік жұмыс ғылым ретінде 2000-жылдардан бастап қарқынды дамыды. Бұл кезеңде отандық ғалымдар – Ж.Жаназарова, А.Мақұлова, А.Ақанова және Р.Нұртаза – әлеуметтік

жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздерін қалыптастыруға үлес қосты. Әлеуметтік жұмыстың мазмұны мен құрылымын түсіндіруде әлемдік теориялар – функционализм, экожүйелік тәсіл, конфликтологиялық теория, психоәлеуметтік модель кеңінен қолданылуда. Бұл теориялар адамның ортасымен өзара әрекетін, әлеуметтік бейімделуін және көмек көрсету әдістерін талдауға мүмкіндік береді. Отандық әлеуметтік жұмыс саласы кәсібилену процесін бастан кешіріп жатыр. Бұл процесте кәсіби стандарттарды енгізу, мамандарды даярлау, этикалық нормаларды қалыптастыру және қызметтің институционалдық негіздерін нығайту өзекті болып табылады.

Кеңестік кезеңдегі әлеуметтік көмектің ерекшеліктері. Кеңес Одағында «әлеуметтік жұмыс» термині ресми түрде қолданылмағанымен, әлеуметтік көмек көрсету жүйесі мемлекеттік саясаттың бір бағыты ретінде жүзеге асырылды. Бұл кезеңде әлеуметтік көмек көбінесе әкімшілік және орталықтандырылған сипатта болды. Қарттар үйлері, балалар интернаттары, мүгедектерге арналған арнайы мекемелер және санаторийлер жүйесі кеңінен дамыды. Алайда, бұл жүйе кәсіби мамандарға емес, мемлекеттік аппаратқа сүйенді. Қызмет көрсету көбінесе шектеулі және формальді түрде жүргізіліп, жеке тұлғаның ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескерілмеді. Жекелеген әлеуметтік мәселелер – тұрмыстық зорлық-зомбылық, психоәлеуметтік күйзелістер, отбасылық дағдарыстар – идеологиялық себептермен көп жағдайда жария етілмей, көмексіз қалдырылды. Кеңестік кезеңнің басты ерекшелігі – әлеуметтік жұмыстың кәсіби бағытта дамымауы, тек әлеуметтік қамсыздандыру институттары арқылы материалдық көмек көрсетумен шектелуі.

Тәуелсіздік кезеңіндегі әлеуметтік жұмыстың қалыптасуы. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін елдің әлеуметтік құрылымы, экономикалық жүйесі және саяси институттары түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Кеңестік жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу кезеңінде жұмыссыздық, кедейшілік, әлеуметтік теңсіздік және осал топтардың саны күрт артты. Бұл жағдай мемлекеттен жаңа әлеуметтік саясатты талап етті. 1990-жылдар – әлеуметтік жұмыстың қалыптасу кезеңі ретінде сипатталады. Осы кезеңде әлеуметтік қорғау құрылымдары жаңғыртылып, еңбек және әлеуметтік қорғау саласына жауапты министрлік құрылды. Халықаралық ұйымдардың (БҰҰ, ХЕҰ, ЮНИСЕФ) қолдауымен алғашқы әлеуметтік жобалар іске асырыла бастады. Сонымен қатар, ЖОО-ларда «әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша мамандар даярлау қолға алынды. 2000–2010 жылдар аралығы – институционалдану мен кәсібилендіру кезеңі. Бұл уақытта:

• 2005 жылы «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңы қабылданып, әлеуметтік жұмыс заңнамалық деңгейде бекітілді;

• Мемлекеттік әлеуметтік стандарттар әзірленді;

• Әлеуметтік жұмыс мамандарының кәсіби мәртебесі айқындалып, ЖОО-ларда кадрлар даярлау жүйесі қалыптасты;

• Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ) мен жергілікті қауымдастықтардың белсенділігі арта түсті.

2010 жылдан бастап Қазақстанда әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде цифрландыру, әртараптандыру және әлеуметтік кәсіпкерлік бағыттары дамыды. Электронды әлеуметтік қызметтер, үйде қызмет көрсету модельдері және мобильді әлеуметтік топтар құрылып, халықтың барлық санатына тиімді көмек көрсету тетіктері жетілдірілуде.

Қазіргі әлеуметтік жұмыстың жағдайы мен құрылымы. Бүгінде Қазақстанда әлеуметтік жұмыс жүйесі көпдеңгейлі әрі институционалдық жағынан бекітілген құрылымға ие. Мемлекеттік, өңірлік және жергілікті деңгейде әлеуметтік қызмет көрсететін мекемелер жұмыс істейді. Қызмет көрсету бағыттары да әртараптандырылған:

• Балалармен және жастармен жұмыс (жетім балалар, ерекше қажеттілігі бар балалар, жасөспірімдер);

• Отбасылармен жұмыс (аз қамтылған, толық емес, зорлық-зомбылыққа ұшыраған отбасылар);

• Егде адамдар мен мүгедектерге көмек (үйде қызмет көрсету, стационарлық және жартылай стационарлық мекемелер);

• Жұмыссыз және кедей азаматтармен жұмыс (еңбекпен қамту, қайта даярлау);

• Дағдарыс орталықтары арқылы көмек (психологиялық, құқықтық, әлеуметтік қолдау).

Сонымен қатар, үкіметтік емес ұйымдар, әлеуметтік кәсіпкерлер және қайырымдылық қорлары мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында қызмет көрсетіп, азаматтық қоғамның белсенді субъектілеріне айналды.

Қазіргі мәселелер және даму перспективалары. Әлеуметтік жұмыстың дамуына қарамастан, бірқатар жүйелі мәселелер сақталып отыр:

• Кадр тапшылығы және кәсіби даярлықтың әлсіздігі, әсіресе ауылдық жерлерде;

• Әлеуметтік қызметкерлердің жалақысының төмендігі мен кәсіби беделінің жеткіліксіздігі;

• Инновациялық әдістемелердің жеткіліксіз енгізілуі (мысалы, case management, outreach технологиясы);

• Интеграциялық қызметтердің әлсіздігі (денсаулық сақтау, білім беру және құқық қорғау жүйелерімен үйлесімділік төмен);

• Қаржыландырудың тұрақсыздығы, әсіресе ҮЕҰ секторы үшін.

Дегенмен, Қазақстанда әлеуметтік жұмысты жетілдіру бойынша стратегиялық құжаттар қабылданып, 2030 жылға дейінгі даму жоспарларында әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту көзделген. Мемлекет бұл салада адам құқығына негізделген тәсілді, профилактикалық әлеуметтік жұмыс моделін, сондай-ақ цифрлық технологияларды кеңінен енгізуді басты бағыт етіп отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандағы әлеуметтік жұмыстың қалыптасуы мен даму жолы тарихи, саяси, әлеуметтік және экономикалық факторлармен тығыз байланысты көпдеңгейлі, күрделі үдеріс екені анық. Кеңестік кезеңде әлеуметтік жұмыс

кәсіби сала ретінде мойындалмағанымен, тәуелсіздік алғаннан кейін бұл бағыт жеке ғылым мен мамандық ретінде қалыптаса бастады. 1990-жылдардағы әлеуметтік-экономикалық күйзелістер мен қоғамдағы осал топтар санының артуы әлеуметтік жұмыстың кәсіби негізде дамуын уақыт талабы ретінде алға шығарды. Қазіргі таңда Қазақстанда әлеуметтік жұмыстың құқықтық, институционалдық және әдіснамалық негіздері қалыптасқан. Мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың өзара ықпалдастығы, әлеуметтік қызметтердің цифрландырылуы, кадрлар даярлау жүйесінің дамуы, кәсіби стандарттардың енгізілуі – бұл саланың сапалы дамуына серпін беріп отыр. Сонымен қатар, әлеуметтік қызмет көрсетудің нысандары мен тәсілдері де әртараптандырылып, халықтың түрлі санаттарын қамту мүмкіндігі артты. Дегенмен, әлеуметтік жұмысты жетілдіру үшін шешілуі тиіс бірқатар өзекті мәселелер бар. Атап айтқанда, кадр тапшылығы, әлеуметтік қызметкерлердің мәртебесінің төмендігі, өңірлердегі әлеуметтік инфрақұрылымның жеткіліксіздігі және инновациялық әдістердің толық енбеуі – саланың сапалы дамуына кедергі келтіретін негізгі факторлар. Осыған байланысты, алдағы уақытта әлеуметтік жұмысты реформалауда адамның құқықтары мен қажеттіліктеріне негізделген тәсіл, профилактикалық модельдер, деректерге сүйенген шешімдер қабылдау және халықаралық тәжірибелерді тиімді қолдану маңызды болып отыр. Жалпы алғанда, Қазақстанда әлеуметтік жұмыс қазіргі заман талаптарына бейімделіп, адам мен қоғам игілігіне қызмет ететін маңызды кәсіби сала ретінде орнығып келеді. Бұл бағыттағы одан әрі даму әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамның әл-ауқатын қамтамасыз етудегі шешуші факторлардың бірі болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мақұлова, А.С. (2010). Әлеуметтік жұмыстың теориясы мен практикасы. Алматы: «LEM» баспасы.

2. Ақанова, А.А. (2017). Қазақстандағы әлеуметтік жұмыстың дамуы: институционалдық негіздері. Алматы: Қазақ университеті.

3. Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңы. 2008 жылғы 29 желтоқсан, №114-IV. [online] ҚР Әділет министрлігінің құқықтық актілер базасы: adilet.zan.kz

4. Қазақстан Республикасында әлеуметтік қорғау жүйесін жаңғырту тұжырымдамасы (2019–2025 жж.). ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ОСАЛ ТОПТАРМЕН ЖҰМЫС

Студент **Ақерке БАЗЫЛОВА**
Студент **Нұрайым БОТАЕВА**
аға оқытушы, магистр **Индира АХМЕТОВА**
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ

Бұл мақала әлеуметтік жұмыстың мәні мен осал топтармен жұмыс істеу қағидаларын кешенді түрде талдауға арналған. Зерттеу барысында Қазақстандағы және халықаралық тәжірибелердегі әлеуметтік интервенция модельдері қарастырылып, олардың тиімділігі бағаланды. Материалды жинақтау әдістері ретінде әдебиеттерге талдау жүргізу, әлеуметтік қызметкерлер мен ҮЕҰ өкілдерімен сұхбат өткізу және фокус-топтық талқылаулар қолданылды. Зерттеу нәтижелері осал топтарға бағытталған әлеуметтік қолдау бағдарламаларының құрылымдық элементтерін анықтауға, әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан осал аймақтарда тұратын азаматтарға дербес қолдау көрсету жүйесін жетілдіруге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, нәтижелер әлеуметтік кедергілерді жою және инклюзивтік қоғам құру бағытында ұсыныстар әзірлеуге негіз болды. Мақалада әлеуметтік диагностика, жеке және топтық кеңес беру, дағдарыстық араласу және қоғамдық ақпараттық кампаниялар сияқты негізгі әдістер сипатталады. Жүргізілген салыстырмалы талдау әлеуметтік жұмыстың этикалық стандарттарын сақтау мен клиентке бағдарланған тәсілді дамыту қажеттігін көрсетті. Зерттеудің практикалық мәні – әлеуметтік көмек көрсету үдерістерін оңтайландыру, осал топтарға арналған қолдау бағдарламаларының мониторингін ұйымдастыру және нәтижелерін бағалау үшін методологиялық құралдар ұсыну. Теориялық жаңалығы – әлеуметтік жұмыстың заманауи концепцияларын осал топтар контекстінде интердисциплинарлық көзқараспен талдау, сондай-ақ әлеуметтік қолдау механизмдерінің тиімділігін жүйелі түрде бағалау моделін ұсыну. Мақала қызметкерлерді жаңартуға әлеуметтік саясатқа әдістемелік негіз беру арқылы әлеуметтік тұрақтылық нығайтуға үлес қосады.

Кілттік сөздер: әлеуметтік инклюзия; осал топтар; әлеуметтік қолдау.

Осал топтарға жататын азаматтар – бұл тұрмыстық ресурстары шектеулі, қоғамның қолдауынан айырылған және дискриминация қаупі жоғары категориялар. Экономикалық тұрғыдан осал отбасыларда тұрақты табыс көзі болмауы, тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандырудағы қиындықтар бала мен үлкендердің физикалық және психологиялық әл-ауқатына кері әсерін тигізеді.

Қарағанды, Қазақстан / e-posta: i.akhmet@inbox.ru
ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-0212-6486

Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі жандар денсаулығына байланысты қоғам өміріне толық қатыса алмауда, бұл олардың өзін-өзі бағалауын төмендетіп, әлеуметтік оқшаулануға әкеледі[1,45]. Жетім балалар мен жартылай жетім қалған жасөспірімдердің эмоционалдық травмалары мен сенім мәселелері отбасылық қолдау болмаған жағдайда тереңдеп, мінез-құлықтық қиындықтарға ұласады. Қарттар арасында жалғыздық сезімі мен күтімнің жеткіліксіздігі депрессия мен физикалық әлсіздікті күшейтіп, өмір сапасын айтарлықтай төмендетеді. Осылайша, осал топтарға тән әлеуметтік-экономикалық тапшылық пен психологиялық осалдық өзара тығыз байланыста болып, кешенді жұмыс жүргізуді талап етеді.

Қазақстандағы тәжірибе және халықаралық контекст

Қазақстанда әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі соңғы онжылдықта мемлекеттік және үкіметтік емес секторлардың тығыз үйлестіруімен дамып келеді. «Әлеуметтік қамсыздандыру туралы» заңға және ҚР Президенті мен Үкіметінің әлеуметтік салаға қатысты жарлықтарына сәйкес қабылданған стратегиялық құжаттар, соның ішінде «Халықтың әл-ауқатын арттырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған кешенді шараларды қамтиды. Облыстық және аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдері, жұмыспен қамту орталықтары және көпсалалы әлеуметтік қызмет орталықтары платформалары арқылы зейнеткерлерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға, аз қамтылған отбасыларға арнап жедел қолдау көрсету механизмдері енгізілді. Сонымен бірге жергілікті өңірлерде пилоттық «Жергілікті әлеуметтік қызмет көрсету» жобалары іске қосылып, ауылдық жерлерде әлеуметтік кеңес беру, дағдарыс орталықтары мен әлеуметтік жатақханалар желісі құрылды. ҮЕҰ арасында Mercy Corps, Caritas Kazakhstan және «Мейірімділік қоры» секілді ұйымдар атсалысып, халыққа құқықтық, психологиялық және дағдарыстық қолдау көрсететін ынтымақтастық механизмдері қалыптасты. Дегенмен, қызмет көрсету сапасының өңірлік айырмашылықтары мен кадр тапшылығы мәселелері әлі де шешуді талап етеді[2,36].

Халықаралық деңгейде әлеуметтік жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған тәжірибелер кеңінен танылған. Халықаралық әлеуметтік жұмыс федерациясы (IFSW) мен Халықаралық әлеуметтік жұмыс қауымдастығы (IASSW) бекіткен кәсіби этика мен стандарттар Қазақстандағы қызмет көрсету протоколдарына негізделуде. Канадада қолданылатын «case management» моделі клиенттің әртүрлі ресурстарын үйлестіруге бағытталып, мультидисциплинарлық командалардың тиімділігін дәлелдеді; Швецияда әлеуметтік, медициналық және білім беру салаларының біріккен жұмысы арқылы жүре пайда болатын күрделі мәселелер кешенді шешілуде; Германиядағы әлеуметтік интеграция бюролары мүгедектігі бар жандар мен босқындар мәселесіне арналған адаптациялық пакеттер ұсынады. Бұл халықаралық үлгілер Қазақстан контекстінде бейімделіп, әлеуметтік қызметкерлерді кәсіби біліммен және технологиялық құралдармен қамтамасыз ету, мониторинг пен бағалау жүйесін жетілдіру арқылы осал топтармен жұмыс сапасын одан әрі жоғарылатуға жол ашты.

Әлеуметтік диагностика және жағдайды кешенді талдау

Әлеуметтік диагностика мен жағдайды кешенді талдау барысында алдымен клиенттің өмір сүру жағдайы мен әлеуетін жан-жақты түсіну үшін сапалы және сандық деректерді жинауға ерекше мән беріледі. Бұл кезеңде әлеуметтік қызметкер өткен тәжірибелері мен қолда бар ресурстарын зерделеп, отбасы құрылымы, табыс көздері, тұрмыс жағдайы мен әлеуметтік желілерді қамтитын ақпаратты жинақтайды. Сонымен бірге клиенттің күнделікті өміріндегі әрекеттері мен эмоциялық реакцияларын бақылау әдісі арқылы оның функционалдық мүмкіндіктері мен қиындықтары нақты көрініс табады. Алынған мәліметтерді салыстыра талдау әлеуметтік қызметкерге клиенттің күшті тұстарын, сонымен қатар әлеуметтік қолдауға ең көп мұқтаж аймақтарын айқындауға мүмкіндік береді. Әртүрлі әдістерден алынған нәтижелерді бір арнаға тоғыстыра отырып, жағдайға әсер ететін объективті және субъективті факторлар кешенді түрде қарастырылады, бұл интервенциялық жоспарды жан-жақты пысықтап, ресурстарды оңтайлы бөлуге септігін тигізеді. Диагностика процесінде этикалық нормаларды сақтау басты талап болып табылады: клиенттің жеке өміріне қол сұғылмайтындығы мен ақпараттың сенімділігі қамтамасыз етіледі. Әдетте, интервенциялық шаралар бағдарлама деңгейінде құрастырылып, онда қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттар бір бүтін ретінде қарастырылады. Әлеуметтік қызметкер мен клиент арасындағы өзара сенімділік орнағанда ғана жоспарлы іс-шаралар уақытылы жүзеге асып, нәтиже бере бастайды[3,87]. Әдістер мен құралдардың үздіксіз мониторингі мен қайта бағалау әлеуметтік қолдаудың сапасын арттырып, қажетті түзетулерді дер кезінде енгізуге мүмкіндік береді. Осылайша, әлеуметтік диагностика мен кешенді талдау осал топ мүшелеріне бағытталған әлеуметтік қолдау жүйесінің негізін құрай отырып, қоғамның ең әлсіз буындарын қорғау мен олардың әлеуметке бейімделуін тиімді ұйымдастыруға жол ашады.

Жеке, топтық және отбасылық қолдау тәсілдері

Жеке, топтық және отбасылық қолдау тәсілдері осал топ мүшелерінің әлеуметтік әл-ауқатын арттыру мен қоғамға тиімді ықпалдасуына бағытталған кешенді интервенциялық шаралар болып табылады. Жеке қолдау – бұл клиенттің жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктерін және проблемаларын терең түсінуді көздейтін психоәлеуметтік араласу түрі. Әлеуметтік қызметкер бірінші кезекте клиентпен сенімділікке және құрметке негізделген қарым-қатынас орнатып, белсенді тыңдау әдісі арқылы оның қаржылық, эмоционалдық және әлеуметтік күйзеліс себептерін анықтайды. Кеңес беру барысында шешім қабылдау дағдыларын дамытуға, стресс-менеджмент әдістерін меңгеруге, әрі өзін-өзі қолдау механизмдерін қалыптастыруға арналған индивидуалды жаттығулар мен жоспарлар ұсынылады. Мұндай сұхбаттасу процесі клиенттің өзін-өзі тануына, мотивациясының артуына және іс-әрекетін нақты қадамдарға бағыттауға ықпал етеді[4,9].

Топтық қолдау әдістері өзара көмек пен тәжірибе алмасудың мүмкіндігін береді. Қолдау топтары мен терапевтік топтар форматында ұйымдастырылған араласулар барысында клиенттер ұқсас қиындықтармен бөлісіп, тәжірибе

алмасады, бұл өзге адамдардың жетістіктерінен шабыт алуға және позитивті әлеуметтік желілерді қалыптастыруға ықпал етеді. Топтық тренингтерде өмірлік дағдыларды дамытуға арналған жаттығулар: қарым-қатынас шеберлігі, уақытты басқару, конфликтілерді шешу әдістері қарастырылады. Сонымен қатар эмоционалдық интеллектіні жетілдіруге арналған рөлдік ойындар мен топтық талқылау форматтары қатысушыларға өз сезімдерін қауіпсіз ортада ашық білдіруге мүмкіндік туғызады, бұл топтық сенімділік пен ынтымақтастық деңгейін арттырады.

Отбасылық қолдау тәсілдері отбасы жүйесінің ресурстарын пайдалана отырып, клиенттің өмір сүру ортасын оңтайландыруға бағытталады. Отбасы терапиясының құрылымдық моделі бойынша әлеуметтік қызметкерлер отбасы мүшелері арасындағы рөлдерді, қатынастарды және қарым-қатынас паттерндерін талдайды. Араласу барысында үйлесімсіз иерархия, арадағы түсініспеушілік немесе эмоциялық ара қашықтық сияқты кедергілер анықталып, оларды азайту үшін бірлескен тренингтер, пікір алмасу отырыстары мен жан-жағын қарастыратын жаттығулар жүргізіледі. Отбасылық кеңес беруде коммуникация дағдылары, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу әдістері, эмоционалдық қолдау көрсету тәсілдері үйретіледі, бұл клиенттің әлеуметтік желісін кеңейтуге және отбасылық қолдау тетігін нығайтуға септігін тигізеді.

Осы үш бағыт – жеке, топтық және отбасылық – бір-бірін толықтырып, кешенді қолдаудың тиімділігін арттырады. Клиенттің жеке ауытқушылықтары мен қажеттіліктерін анықтағаннан кейін, топтық және отбасылық сеанстар арқылы оның әлеуметтік қорғаныс желісін кеңейтіп, тұрақты қолдау ортасын қалыптастыруға болады. Бұл тәсілдердің үйлесімді қолданылуы осал топ мүшелерінің өмір сапасын біртіндеп жақсартады және қоғамға оң ықпалын күшейтеді.

Қорытындылай келсек, осал топтармен жұмыс әлеуметтік диагностикадан бастап интервенциялық жоспарды нақты бағдарлауды талап етеді. Жеке, топтық және отбасылық қолдау тәсілдері клиенттің эмоционалдық тұрақтылығы мен әлеуметтік желісін нығайтуға ықпал етеді. Кейстік менеджмент пен интеграциялық әріптестік модельдері ресурстарды үйлестіру мен қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Қазақстандағы пилоттық жобалар мен ҮЕҰ бастамалары тәжірибені байытып, халықаралық стандарттар бойынша жаңғыруға жол ашты. Алдағы уақытта кадр әлеуетін дамыту, мониторинг пен бағалау құралдарын жетілдіру, сондай-ақ инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру әлеуметтік жұмыстың тиімділігін одан әрі нығайтады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ерғалиев, Б. Ж., & Ахметова, Г. Ә. Әлеуметтік жұмыстың теориясы және тәжірибесі. Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ баспасы, 2020. 312 б.
2. Нұрғалиева, С. Т. «Жергілікті әлеуметтік қызмет көрсету: концепциялар мен модельдер». Қоғамдық даму, 2019, № 5(2), 23–31 б.
3. Healy, Karen. Social Work Theories in Context: Creating Frameworks for Practice. 2nd ed. London: Palgrave Macmillan, 2014. 258 p. nla.gov.au

4. International Federation of Social Workers & International Association of Schools of Social Work. Global Social Work Statement of Ethical Principles. Dublin: IFSW/IASSW, 2018. 16 p.

2 СЕКЦИЯ/ SECTION 2

«БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ МӘНІ»

«СУЩНОСТЬ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ»

“THE ESSENCE OF SOCIO-PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE EDUCATION SYSTEM”

ПРОФИЛАКТИКА ДЕВИАНТНОГО И ДЕЛИНКВЕНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ НЕСОЕРШЕННОЛЕТНИХ В СЕЛЕ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ВЛИЯНИЯ ИНСТИТУТОВ СОЦИАЛИЗАЦИИ[1]

Маржангуль БАЙМУКАНОВА
кандидат педагогических наук., ассоциированный профессор
Карагандинский университет им. Е.А. Букетова,
факультет философии и психологии

магистрант **Элеонора МАТЮШЕНКО**
Карагандинский университет им. Е.А. Букетова,
факультет философии и психологии

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются современные проблемы социального и гуманитарного образования через призму одной из актуальных социальных задач — профилактики девиантного и делинквентного поведения среди подростков, проживающих в сельской местности. Проанализированы статистические данные, выявлены основные факторы риска, характерные для сельской среды, а также рассмотрено влияние формальных и неформальных институтов социализации — семьи, школы, учреждений культуры и спорта,

[1] Данное исследование профинансировано Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (Грант №. AP23489106)

Караганды, Казахстан / e-posta: marber_96@mail.ru
ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-5010-4770;

Караганды, Казахстан / e-posta: eleonora08041999@mail.ru
ORCID ID: https://orcid.org/0009-0007-6515-5301

сверстников и сельского сообщества — на формирование законопослушного поведения несовершеннолетних. Делается вывод о важности системной профилактической работы для снижения уровня девиаций среди сельских детей и подростков. Представлены результаты качественного исследования, основанного на интервью с сельскими подростками, выявившие ключевую роль семьи, амбивалентное влияние школы, значимость неформального окружения, способного как позитивно, так и негативно влиять, и недостаточный потенциал досуговых учреждений. Подчеркивается необходимость комплексного подхода к профилактике, учитывающего специфику сельской среды и направленного на консолидацию усилий всех институтов социализации для создания благоприятных условий развития подрастающего поколения и снижения уровня девиаций и правонарушений.
Ключевые слова: девиантное поведение, профилактика, дети, сельская местность, социальное образование, гуманитарное образование, факторы риска, досуг, семья, школа.

Современные проблемы социального и гуманитарного образования включают в себя поиск эффективных путей решения острых социальных вопросов, одним из которых является девиантное поведение среди подрастающего поколения. Данная проблема актуальна в условиях сельской местности, где специфика социокультурной среды, ограниченность инфраструктуры и определенные социально-экономические факторы могут создавать как специфические риски, так и уникальные возможности для профилактики девиаций и правонарушений.

Девиантное поведение несовершеннолетних представляет собой отклонение от общепринятых социальных норм и правил, проявляющееся в различных формах – от нарушений дисциплины и школьной неуспеваемости до более серьезных асоциальных поступков. Делинквентное поведение, в свою очередь, является крайней формой девиации и включает в себя совершение правонарушений, наказуемых в соответствии с законодательством [1].

За период с 2022 по 2023 годы к уголовной ответственности привлечено более 3,4 тыс. несовершеннолетних, что представляет собой увеличение на 15,3% (с 1581 в 2022 году до 1823 в 2023 году). Преступная активность наиболее распространена среди подростков в возрасте 16–17 лет (в 2022 году – 1 285, в 2023 году – 1 466). Среди подростков 14–15 лет в 2023 году было совершено 357 преступлений (в 2022 году – 296). [2].

Эти тревожные данные находят подтверждение в высказывании Уполномоченного по правам ребенка в Казахстане Динары Закиевой, которая подчеркнула, что «ежедневно казахстанские дети совершают около пяти преступлений». По ее словам, речь идет преимущественно о таких правонарушениях, как буллинг и кражи. Анализируя причины подобных поступков, Закиева отметила, что основными факторами становятся нехватка внимания со стороны родителей, а также насилие, которому дети подвергаются сами или становятся его свидетелями [3].

В условиях сельской местности факторы, способствующие возникновению девиаций и делинквентного поведения несовершеннолетних, могут быть связаны с:

Социально-экономическими трудностями семей: безработица родителей, низкий уровень доходов, социальная изоляция.

Ограниченностью доступа к качественному образованию и дополнительному развитию: недостаток квалифицированных педагогов, удаленность учреждений дополнительного образования, ограниченный выбор кружков и секций.

Недостаточной развитостью досуговой инфраструктуры: отсутствие или плохое состояние спортивных площадок, культурных центров, молодежных клубов.

Влиянием неформальных подростковых групп: подверженность негативному влиянию старших товарищей, распространение вредных привычек.

Спецификой сельского уклада жизни: раннее вовлечение в трудовую деятельность, ослабление контроля со стороны взрослых в определенные периоды.

На рисунке 1 представлены основные факторы риска девиантного поведения подростков в сельской местности.



Рис 1. Факторы риска девиантного поведения в сельской местности

В контексте социального и гуманитарного образования профилактика девиантного поведения у детей в сельской местности должна носить системный и комплексный характер, охватывая различные уровни и направления воздействия.

Одним из ключевых направлений в этом процессе является анализ влияния формальных и неформальных институтов социализации на поведение сельских подростков.

С целью более глубокого понимания данного влияния в рамках исследования было проведено интервьюирование детей и подростков, проживающих в сельской местности. Целью опроса стало выявление того, каким образом различные институты социализации воздействуют на их поведение, ценности и взгляды, а также оценка их личного опыта взаимодействия с этими институтами в контексте профилактики девиаций.

Анализ интервью с сельскими подростками позволил выявить сложную и многогранную картину влияния различных институтов социализации на формирование их личности и поведения, а также на потенциальную профилактику девиантного поведения.

Большинство опрошенных подростков отмечали первостепенную роль семьи в их становлении. Родители воспринимались не только как источник материальной поддержки, но и как главные трансляторы ценностей, моральных норм и жизненного опыта. Стиль воспитания и реакция родителей на поступки оказывали значительное влияние на формирование чувства ответственности и понимания границ дозволенного. Однако, в некоторых случаях, социально-экономические трудности семей ограничивали возможности родителей для полноценного контроля и поддержки, что потенциально могло увеличивать риски девиаций.

Образовательные учреждения (школы) играют важную роль в выявлении детей группы риска, проведении ранней профилактической работы, формировании законопослушного поведения и развитии социально значимых качеств личности. В условиях сельской школы, часто являющейся не только образовательным, но и культурным центром, особое значение приобретает:

Создание благоприятной психологической атмосферы: поддержка, понимание, индивидуальный подход к каждому ученику.

Организация внеурочной деятельности: кружки, секции, клубы по интересам, вовлекающие детей в социально полезную и развивающую деятельность.

Проведение профилактических мероприятий: беседы, лекции, тренинги, направленные на формирование здорового образа жизни, развитие критического мышления и устойчивости к негативному влиянию.

Взаимодействие с родителями и другими социальными институтами: совместное планирование и реализация профилактических программ.

Школа выступает важным формальным институтом, способным обеспечить поддержку и создать условия для развития социально значимых качеств, однако эффективность ее воздействия во многом зависит от личностных качеств педагогов и уровня эмоциональной связи с учащимися.

Современные социокультурные условия констатируют дефицит в сельской местности специальных учреждений, способных предоставить детям возможность выбирать, чем заполнить досуг (посещение спортивных секций,

кружков по интересам, танцевальных занятий и т. д.). Всё это не располагает к полноценному культурному становлению личности, дополнительно ставя под угрозу нормативность поведения сельских детей [4].

Учреждения культуры и спорта обладают значительным потенциалом в организации досуга детей и подростков, являющегося важным инструментом первичной профилактики девиантного поведения. Предоставление альтернативных форм проведения свободного времени, развитие творческих способностей, приобщение к культурным ценностям, занятия спортом способствуют:

Занятости детей и подростков в позитивной деятельности.

Развитию их интересов и талантов.

Формированию здорового образа жизни.

Расширению круга общения и установлению позитивных социальных связей.

Снижению влияния улицы и неформальных асоциальных групп.

В условиях сельской местности особенно важно активизировать работу существующих учреждений культуры и спорта, а также создавать новые возможности для организации досуга с учетом потребностей и интересов детей и подростков. Это может включать поддержку детских и молодежных инициатив, организацию выездных мероприятий, использование потенциала местных культурных традиций и природных ресурсов.

Организация досуга как мера профилактики правонарушений существует достаточно давно. То, чем интересуется и живет несовершеннолетний сейчас – будет наполнением его жизни во взрослом возрасте [5, 114].

Учреждения дополнительного образования и спорта обладают существенным, но пока недостаточно реализованным профилактическим потенциалом в сельской местности из-за проблем с доступностью и разнообразием предлагаемых занятий. Влияние сельского сообщества как неформального института социального контроля характеризуется неоднородностью и зависит от местных традиций и уровня сплоченности.

Сельское сообщество отличается замкнутостью и традиционализмом. Позитивным фактором может быть участие подростков в жизни деревни, волонтёрских проектах, молодежных клубах.

Однако в условиях социальной пассивности и отсутствия институциональной поддержки подростки оказываются вовлечены в неформальные группы, способствующие девиациям. Неформальное окружение сверстников оказывает значительное влияние на подростков, и при недостатке альтернативных форм досуга может способствовать формированию девиантных установок.

Неформальные подростковые группы отличаются разнообразием ценностных оснований, неопределенностью норм поведения, непродолжительны. Часто сегодня подростковую группу отличает прагматичная направленность в противовес эмоциональной привлекательности. У современных подростков социальные контакты широки, количество «френдов»,

особенно в Сети, в среднем составляет около ста человек. Однако эти отношения отличаются поверхностностью и неустойчивостью, что приводит подростков к разочарованию, чувству одиночества и ненужности [6].

Проведенное исследование позволило выявить ключевые особенности влияния формальных и неформальных институтов социализации на профилактику девиантного и делинквентного поведения среди подростков, проживающих в сельской местности. Полученные данные подтверждают ведущую роль семьи, чье благополучие и стиль воспитания оказывают определяющее влияние на формирование ценностных ориентаций и законопослушного поведения. Вместе с тем, социально-экономические трудности могут нивелировать этот позитивный потенциал.

Можно сделать вывод, что:

Школа в сельской местности обладает значительным профилактическим потенциалом, который реализуется в большей степени при наличии поддерживающих педагогов.

Важнейшую роль в профилактике девиантного и делинквентного поведения продолжает играть семья, поскольку именно она закладывает базовые нравственные ориентиры, формирует чувство ответственности и обеспечивает первичный контроль.

Неформальное окружение сверстников оказывает существенное влияние, которое может быть как позитивным, так и негативным, особенно при недостатке альтернативных занятий.

Учреждения дополнительного образования играют важную, но пока недостаточно реализованную роль в профилактике девиаций из-за ограниченной доступности.

В заключение следует отметить, что профилактика девиантного поведения у детей в сельской местности является сложной и многоаспектной задачей, требующей консолидации усилий семьи, школы, учреждений культуры и спорта, а также органов местного самоуправления и общественности.

Таким образом, профилактика девиантного и делинквентного поведения среди сельских подростков требует комплексного и системного подхода, предполагающего консолидацию усилий всех институтов социализации. Необходимо реализовывать меры, направленные на поддержку семьи, развитие позитивного потенциала школы, расширение возможностей для содержательного досуга, а также на укрепление позитивных социальных связей и норм в сельском сообществе. Особое внимание следует уделять созданию доступной и привлекательной инфраструктуры для внеурочной деятельности, учитывающей интересы и потребности подростков, а также развитию межведомственного взаимодействия для своевременного выявления и поддержки детей, находящихся в группе риска. Реализация таких мер позволит создать более благоприятные условия для гармоничного развития подрастающего поколения в сельской местности и снизить уровень девиантного и делинквентного поведения.

Список литературы:

1. Методические рекомендации «Мерам профилактики девиантного поведения среди детей и подростков» (утверждены Республиканским научно-практическим центром психического здоровья Министерства здравоохранения Республики Казахстан (выписка из протокола № 32 от 13 декабря 2018 г.
2. Доклад о положении детей в Республике Казахстан в 2023 году, Астана, 2024 г. https://www.gov.kz/memleket/entities/bala/documents/details/827552?lang=ru
3. Динара Закиева. Уполномоченный по правам ребенка в Республике Казахстан. Официальное заявление, 2023г. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/skolko-prestupleniy-v-kazahstane-sovershayut-deti-565475/
4. Ильина О.С. Профилактика девиантного поведения у детей в условиях сельской местности. // Материалы XI Международной студенческой научной конференции «Студенческий научный форум» URL: https://scienceforum.ru/2019/article/2018011088 (дата обращения: 09.05.2025).
Әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі коммуникативті функция педагогикалық психологпен, сынып жетекшілерімен, мектеп әкімшілігімен, оқу орындарының өкілдерімен, үйірмелер мен бірлестіктер жетекшілерімен, медицина қызметкерлерімен және кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлармен, сондай-ақ жасөспірімнің отбасымен өзара әрекеттесуді қамтиды. Әлеуметтік педагог өзінің күш-жігерін жасөспірімдер мен олардың отбасыларына бар мәселелерді шешуде кәсіби түрде көмектесе алатын барлық адамдардың тәжірибесін біріктіруге бағыттайды.

Әлеуметтік педагог мемлекеттік білім беру жүйесін басқаруда орталық рөлге ие болуы керек. Қазіргі уақытта әлеуметтік педагогтың міндеті бұрынғыдан да маңызды: жасөспірімдерге өмірдегі өз мақсатын табуға көмектесу және олардың дербестігін, шығармашылығын және жеке тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ету.

Жалпы, мектеп оқушыларын кәсіптік бағдарлаудағы әлеуметтік педагогтың рөлі саналы шешім қабылдауға, мамандық таңдауға және одан әрі қажетті білім алуға байланысты дағдыларды қалыптастыруға көмектесу үшін жан-жақты қолдау, ресурстар мен ұсыныстар беру болып табылады. Жасөспірімдерге кәсіптік бағдар беруде әлеуметтік педагогтың рөлі сөзсіз маңызды, өйткені ол болашақ мамандықты таңдауға және оның таңдауының шынайылығын қалыптастыруға және ынталандыруға нақты мүмкіндік береді.

Кәсіптік бағдар беру бағдарламалары жасөспірімдерге әртүрлі мансап нұсқаларын зерттеуге және болашақ жолы туралы негізделген шешім қабылдауға көмектесу үшін жасалған. Кәсіптік бағдар беру бағдарламаларын ұйымдастыру кезінде әлеуметтік педагогтың кейбір негізгі міндеттері:

Тестілеу және бағалау: Әлеуметтік педагог жасөспірімдерге олардың күшті жақтарын, қызығушылықтарын және дағдыларын анықтауға көмектесу үшін қабілеттілік сынақтарын немесе бағалауды басқара алады. Бұл сынақтар қолайлы мансап жолдары туралы құнды ақпарат бере алады және студенттерге шешім қабылдау процесінде көмектеседі.

Жеке әңгімелесу: Әлеуметтік педагог жасөспірімдердің талпыныстарын, мәселелерін және мақсаттарын түсіну үшін олармен жеке әңгімелесу жүргізеді. Бұл талқылаулар тәрбиешіге әр түрлі мансапты зерттеуде жеке нұсқау мен қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Кәсіби бағыттарды зерттеу: Әлеуметтік педагог мектеп оқушылары мен әртүрлі кәсіптік сала өкілдерінің өзара әрекеттесуіне ықпал етеді. Бұл жасөспірімдерге әртүрлі мансап нұсқалары туралы бірінші қолмен білім алуға мүмкіндік беретін қонақтық лекцияларды, мансап жәрмеңкелерін немесе экскурсияларды ұйымдастыруды қамтуы мүмкін.

Ақпарат беру: Әлеуметтік педагог білім беру траекториялары, кәсіптік оқу бағдарламалары, университеттер, колледждер және кәсіптік курстарды ұсынатын басқа да мекемелер туралы тиісті ақпаратты жинайды және бөліседі. Олар оқушыларға оқуға түсу талаптарын, жұмыс перспективаларын және одан әрі білім алу немесе оқыту үшін қолжетімді ресурстарды түсінуге көмектеседі.

Осы міндеттерді атқара отырып, әлеуметтік педагог жасөспірімдердің жан-жақты дамуы мен әл-ауқатына ықпал етеді, олардың жеке қызығушылықтары, қабілеттері мен ұмтылыстары негізінде болашақ кәсіптері туралы саналы шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік педагог жасөспірімдерге кәсіптік бағдар беруде маңызды рөл атқарады, олардың кәсіби қызығушылықтары мен дағдыларын анықтауға көмектеседі.

Қорыта келгенде, жасөспірімдерге кәсіптік бағдар беру саласындағы әлеуметтік педагогтың жұмысы олардың болашақ мансабына және тұлғалық дамуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Мектеп оқушыларын кәсіптік бағдарлаудағы әлеуметтік педагогтың рөлі жасөспірімдермен әлеуметтік-педагогикалық жұмыста кәсіптік бағдар беруді ұйымдастырудың тиімділігін бағалаудың берік негізін қалайды. Осы жағдайлық зерттеулердің нәтижелерін зерделеу арқылы біз әлеуметтік педагогтардың студенттерге болашақ мансабы туралы негізделген шешім қабылдауға көмектесу

үшін кәсіптік бағдар беру процесіне қалай әсер ететінін тереңірек түсінуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мардахаев Л. В. Социальная педагогика: учебник для студ. — 4-е изд. — М.: Гардарики, 2008.
2. Романова, Е.С. 99 популярных профессий. Психологический анализ и профессиограммы / Е.С. Романова. - СПб. : ЗАО Издательский дом «Питер», 2003 г. – 462 с.
3. Бендюков М. А., Что ты должен знать о выборе профессии и поиске работы/ Е. И. Горбатого. И. Л. Соломин. — СПб.: Изд-во «Речь», 2000. — 203с.

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

аға оқытушы, магистр **Данагул АМАНБАЕВА**
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

Диана МҰСАХАН
3 курс студенті, бакалавриат
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ:

Бұл мақалада балалар мен жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлықтың алдын алу мәселелері қарастырылады. Қазіргі қоғамда бұл мәселе өзектілігін жоғалтқан жоқ, себебі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, отбасы құрылымындағы қиындықтар және ақпараттық технологиялардың шектен тыс ықпалы жасөспірімдердің тәртібіне әсер етуде. Авторлар девиантты мінез-құлықтың негізгі түрлерін сипаттап, оның туындау себептерін анықтауға тырысады. Сонымен қатар, білім беру мекемелерінде, отбасында және қоғамда алдын алу шараларының тиімділігіне назар аударылады. Жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуіне бағытталған психологиялық және педагогикалық қолдаудың рөлі айрықша атап өтіледі. Мақалада зерттеу нәтижелері негізінде

Қарағанды, Қазақстан/e-posta: dana.amanbaeva.83@mail.ru
Orcid ID: 0009-0006-5538-8462

Қарағанды, Қазақстан / e-posta: dianamusakhan15@gmail.com
ORCID ID: https://orcid.org/0009-0003-1350-4697

ұсыныстар беріліп, нақты статистикалық деректер мен кестелер арқылы мәселенің ауқымы көрсетілген. Бұл жұмыс педагогтерге, психологтарға және ата-аналарға балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын ерте анықтап, алдын алуға бағытталған тиімді әдістер мен құралдар ұсынады.Девиантты мінез-құлықтың пайда болу себептері мен оның қоғамға тигізетін әсері талданады. Сонымен қатар, оның алдын алу үшін қажетті психологиялық және педагогикалық шаралар ұсынылады. Мақалада профилактикалық жұмыстардың тиімділігін арттыру үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер мен әлеуметтік қолдаудың маңызы айқындалады. Девиантты мінез-құлық қаупі мен қоғамдағы рөлі өзектіленеді.

Кілт сөздер: девиантты мінез-құлық, балалар, жасөспірімдер, алдын алу, психологиялық қолдау, әлеуметтік қолдау, педагогикалық әдістер.

Девиантты мінез-құлық - қоғамның немесе әлеуметтік нормалардың талабына сәйкес келмейтін, қабылданбаған немесе жағымсыз әрекеттерді білдіреді. Бұл құбылыс балалар мен жасөспірімдер арасында жиі кездеседі, әрі олардың өмірінде маңызды әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық мәселелерді тудырады. Бұл мәселе қазіргі қоғамның дамуы мен тәрбие процесінде ерекше орын алады, өйткені девиантты мінез-құлықтың әсері балалар мен жасөспірімдердің психикалық және физикалық денсаулығына ғана емес, олардың әлеуметтік қатынастарын да бұзады. Сондықтан оның алдын алу шараларын тиімді іске асыру маңызды.

Девиантты мінез-құлықтың себептері

Девиантты мінез-құлық - қоғамның қабылданған моральдық нормаларымен немесе заңдарымен сәйкес келмейтін, қоғамның жағымсыз реакциясын тудыратын әрекеттердің жиынтығы. Бұл мінез-құлық түрі балалар мен жасөспірімдер арасында жиі кездеседі және олардың психоәлеуметтік жағдайларына теріс әсер етеді. Девиантты мінез-құлықты зерттеу қоғам мен тәрбие жүйесінің балалардың мінез-құлқын дұрыс бағытта қалыптастыру қажеттілігін анықтайды. Жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлықтың себептерін түсіну оның алдын алу үшін маңызды қадам болып табылады[1,34].

Девиантты мінез-құлықтың пайда болуына әртүрлі ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді, олардың бірі - отбасылық жағдай. Отбасы — баланың өміріндегі алғашқы әлеуметтік орта болып табылады, онда мінез-құлықтың негізі қаланады. Егер отбасы мүшелері арасындағы қатынастар тұрақсыз болса, ата-аналар арасындағы қақтығыстар немесе балаларға жеткіліксіз көңіл бөлінуі девиантты мінез-құлыққа әкелуі мүмкін. Мысалы, ата-анасының ішімдік ішуі немесе балаларға зорлық көрсетуі олардың психологиялық жағдайына теріс әсер етіп, сыртқы әлеммен қарым-қатынасында қиындықтар туғызады. Бұл балалардың өз-өзін қорғауға деген ұмтылысы мен агрессияны қалыптастыруға алып келуі мүмкін.

Ал отбасындағы қиындықтар мен эмоциялық қолдаудың болмауы, балалардың әлеуметтік және психологиялық дамуына теріс әсер етеді. Мұндай жағдайлар жасөспірімдерді қоғамның жағымсыз үлгілеріне жақындатуы мүмкін.

Бұл үрдіс одан әрі мектептегі қоғамдық ахуал арқылы жалғасуы ықтимал. Мектеп — балалардың білім алып, әлеуметтік дағдыларды меңгеретін екінші үйі. Мектептегі оқушылар арасындағы қақтығыстар, мұғалімдердің дөрекі немесе әділетсіз мінез-құлқы, сыныптастар арасындағы буллинг және әлеуметтік бейімделу мәселелері балалардың мінез-құлқына теріс әсер ете алады. Оқушылардың арасында дұрыс қарым-қатынас орнатылмаса немесе оларды тәрбиелеуде қиындықтар туындаса, бұл девиантты мінез-құлықтың одан әрі күшеюіне ықпал етуі мүмкін[2,45].

Сонымен қатар, қоғамдық және әлеуметтік факторлар да девиантты мінез-құлықтың қалыптасуына әсер етеді. Әлеуметтік теңсіздік, жұмыссыздық және экономикалық дағдарыс жағдайында өскен балалар өздерінің әлеуметтік статусын сезінбейді және көбінесе қоғамның жағымсыз құбылыстарын өздерінің мінез-құлқында көшіреді. Мысалы, төмен әлеуметтік және экономикалық жағдайдағы балалардың арасында құқық бұзушылық немесе есірткі қолдану сияқты мінез-құлықтың таралуы жиі кездеседі. Бұл жағдайлар оларды өз болашағын дұрыс бағаламауға, мүмкіндіктерін шектеуге және қоғамға теріс көзқарас қалыптастыруға бағыттайды.

Жасөспірімдер кезеңінде болатын психологиялық өзгерістер де девиантты мінез-құлыққа әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Бұл кезеңде балаларда өз-өзіне деген сенім мен жеке тұлғаның қалыптасуы маңызды рөл атқарады. Жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуі қиын болады, олар өмірдегі өз орнын іздей отырып, кейде теріс мінез-құлық көрсетеді. Әлеуметтік ортаға қатысты сын-қатерлер мен таңдау жасау қиындықтары олардың ішкі дағдарыстарын туындатып, девиантты мінез-құлықты көрсетуге себеп болуы мүмкін. Бұл жағдайларда жасөспірімдер өздерін қабылдамаған әлеуметтік ортаны сезініп, өз іс-әрекеттерін бұза бастайды.



Жасөспірімдер арасындағы девиатты мінез-құлық түрлерінің өсу динамикасы (2021-2024 жж.)

Девиантты мінез-құлықтың алдын алу әдістері

Девиантты мінез-құлықтың алдын алу үшін әртүрлі әдістерді бір-бірімен үйлестіріп қолдану қажет. Әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық әдістерді тиімді қолдану балалар мен жасөспірімдерге мінез-құлықтарын дұрыс бағытта қалыптастыруға, олардың әлеуметтенуін қамтамасыз етуге және психологиялық тұрақтылығын арттыруға көмектеседі. Осы әдістердің тиімділігі көбінесе әрбір жасөспірімнің жеке ерекшеліктеріне негізделген болғанда ғана байқалады. Тек кешенді жұмыс нәтижесінде девиантты мінез-құлықтың алдын алуға қол жеткізуге болады.

Психологиялық қолдау көрсету — девиантты мінез-құлықтың алдын алудың ең маңызды әдістерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс жасөспірімдерге өздерінің эмоцияларымен жұмыс істеуге, ішкі дағдарыстарын жеңуге, әрі психологиялық тұрғыдан дамуына ықпал етеді. Психологтардың жүргізетін жеке және топтық терапиялары балалардың ішкі әлемін түсінуге, өзіне деген сенімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, когнитивті мінез-құлық терапиясы, яғни теріс ойларды қайта қарау және оларды өзгерту мақсатында жасалатын жұмыстар, жасөспірімдердің жағымсыз мінез-құлықтарын түзетуге үлкен септігін тигізеді. Мұндай терапия барысында балалар өздерінің эмоциялық жағдайларын бақылауды үйреніп, девиантты мінез-құлықты тудырған ішкі мәселелерді шешуге тырысады.

Психологиялық көмектің тиімділігін арттыру үшін әлеуметтік қолдау жүйесін құру қажет. Әлеуметтік қолдау тек баланың отбасымен ғана шектелмей, мектеп, достар, және қоғам деңгейінде де құрылуы тиіс. Бұл жүйе балалардың қоғамға бейімделуіне, дұрыс қарым-қатынас орнатуға және олардың тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Мектеп пен отбасындағы тұрақты байланыс, педагогтардың балалармен жұмыс істеуде әлеуметтік дағдыларға мән беруі, оларды сыныптастарымен қарым-қатынас орнатуға бағыттау — девиантты мінез-құлықтың алдын алуда үлкен рөл атқарады. Мектептегі тәрбие жұмысы арқылы жасөспірімдерге жақсы үлгі көрсетіліп, олардың моральдық құндылықтары мен әлеуметтік жауапкершіліктері айқындалады[3,71].

Педагогикалық әдістердің қолданылуы да девиантты мінез-құлықтың алдын алу үшін маңызды. Бұл әдістер жасөспірімдерге дұрыс тәрбие беру мен оқытуға бағытталған және олардың әлеуметтік ортамен үйлесімді қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді. Мұғалімдер балалармен тиімді қарым-қатынас орнату үшін оқытудың әдістемелік тәсілдеріне сүйеніп, әрбір баланың жеке ерекшеліктерін ескеруі керек. Әлеуметтік дағдыларды дамыту, басқалармен жұмыс істей білу және өз мінез-құлқын бақылау дағдыларын қалыптастыру арқылы девиантты мінез-құлықтың алдын алуға болады[4,23].

Сонымен қатар, көшбасшылық қасиеттерін дамыту әдісі де өте маңызды. Бұл әдіс жасөспірімдерге өз ойларын ашық айтып, шешімдер қабылдауда жауапкершілік алуға мүмкіндік береді. Жасөспірімдерге көшбасшылықты үйрету, оларды түрлі әлеуметтік жобаларға қатыстыру арқылы олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға болады. Көшбасшы болу балаларға өз іс-әрекеттерін бағалауға, дұрыс шешімдер қабылдауға және қиындықтарды еңсере

білуге үйретеді. Бұл әдіс әсіресе қиындықтарға тап болған, өз-өзін таба алмай жүрген жасөспірімдер үшін өте тиімді болуы мүмкін.

Қорытынды

Балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын алу — қоғам үшін маңызды мәселе. Оның пайда болуына түрлі факторлар әсер етеді, сондықтан профилактикалық шаралар кешенді түрде жүзеге асуы керек. Психологиялық қолдау, әлеуметтік жүйе және педагогикалық әдістердің үйлесімді қолданылуы девиантты мінез-құлықтың алдын алу үшін тиімді болып табылады. Әсіресе, жасөспірімдерге көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру мен әлеуметтік дағдыларды дамыту олардың қоғамға бейімделуін жеңілдетеді. Құзырлы қолдау мен дұрыс тәрбие арқылы балалар мен жасөспірімдердің психоәлеуметтік дамуына оң әсер етуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Рыбакова И. Н. Девиантное поведение у подростков: психология и профилактика / И. Н. Рыбакова. — Москва: Издательство Просвещение, 2018. — 250 с.

2. Кузнецова Т. В. Психология девиантного поведения подростков / Т. В. Кузнецова. — Санкт-Петербург: Питер, 2017. — 320 с.

3. Байжанов А. С. Девиантты мінез-құлық: себептері және алдын алу әдістері / А. С. Байжанов. — Алматы: Қазақ университеті, 2019. — 180 б.

4. Жұмабаев С. С. Жасөспірімдер психологиясы / С. С. Жұмабаев. — Алматы: Мектеп баспасы, 2020. — 210 б.

МЕКТЕП ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГЫНЫҢ ҚИЫН ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫЛАРЫМЕН ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ

Магистрант **Гүлден ОРАЗҒАЛИЕВА**
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды, Қазақстан
п.ғ.к., қауымдастырылған профессор **Кендирбекова Ж.Х**
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ.
қауымдастырылған профессор **Сулейман Барбарос ЯЛЧИН**
Неджметтин Эрбакан университеті (Конья қ., Түркия)

Қарағанды, Қазақстан
orazgalieva.g.z@mail.ru

Әлеуметтік педагогтың қызметі әлеуметтік тәрбие және әлеуметтік-педагогикалық қорғау міндеттерін шешуге бағытталған. Әлеуметтік педагогтың жалпы білім беретін мектептегі миссиясы – өмірдің барлық жас кезеңінде баланың тәрбиесіне, біліміне, әлеуметтік қолдауына ықпал ету. Мектептегі әлеуметтік педагогтың жұмыс объектілері – оқушылар мен ата-аналар, олармен жұмысты дұрыс ұйымдастыру. Отбасымен жүргізілетін әлеуметтік педагогтың іс-әрекеті отбасындағы немесе тәлім-тәрбие мекемелеріндегі көмекке мұқтаж адамдармен жұмыс істеуге бағытталған. Әлеуметтік педагог отбасымен жұмыс істеу барысында «жеке тұлға-отбасы-қоғам» жүйесіндегі өзара қарым-қатынастарды реттеп отырады. Осы қағидалар отбасы мен балаларға көмек көрсетуді қамтамасыз етеді. Әр баланың әлеуметтік тұрмыстық жағдайын терең зерттеу оларды келешекте қорғап, қамқорлыққа алуға септігін тигізеді.

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесі көптеген қиындықтарға тап болуда, олардың бірі – қиын оқушылар мен олардың отбасыларымен жұмыс жасау мәселесі. Әлеуметтік педагогтар осы қиын оқушылардың әлеуметтік және психологиялық жағдайын жақсарту үшін мектептерде маңызды рөл атқарады. Олардың басты міндеті – отбасымен бірлесе отырып, баланың тәртібін түзету, оның әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету, мектепке деген ынтасын арттыру және эмоционалды тұрақтылығын нығайту. Қиын оқушылар: мәселелер мен себептер, «қиын оқушы» деген термин баланың мінез-құлқындағы ауытқуларды, тәртіпсіздіктерді және оқыту процесіне кедергі келтіретін жағдайларды сипаттайды. Бұл балалар түрлі себептермен қиындықтарға ұшырайды, оның ішінде:

- Отбасылық жағдай. Қиын отбасылар, ата-ананың қарамағынан тыс қалуы, немесе отбасылық жанжалдар баланың мінез-құлқына әсер етеді.
- Психологиялық себептер. Баланың өзін-өзі бағалауының төмендігі, депрессия, немесе түрлі травмалар.
- Әлеуметтік орта. Оқушының қоршаған ортасы (достары, мектеп, қоғам) оның мінез-құлқына әсер етеді.
- Мектептік себептер. Мұғалімдердің немесе мектеп әкімшілігінің балаға деген қарым-қатынасы да маңызды фактор болуы мүмкін [1].

Әлеуметтік педагогтың рөлі, басты мақсаты – осы оқушылармен және олардың отбасыларымен жұмыс істеу арқылы баланың мінез-құлқын түзетуге ықпал ету.

Бұл міндетті шешу үшін педагог бірнеше тәсілді қолданады:

1. Отбасымен қарым-қатынас жасау. Әлеуметтік педагог ата-аналармен немесе олардың заңды өкілдерімен тұрақты байланыста болуы керек. Бұл қарым-қатынас балалардың мінез-құлқын түзетуге бағытталған жұмыс жасау үшін өте маңызды. Педагог отбасылармен жеке кездесулер, кеңестер, және тренингтер ұйымдастырып, баланың мәселелерін бірге талқылайды.

- Ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету. Әлеуметтік педагогтар көбінесе ата-аналарға өз балаларымен тиімді қарым-қатынас орнату тәсілдерін үйретеді.

- Отбасылық терапия. Күрделі жағдайларда әлеуметтік педагог отбасыларға психологиялық кеңес бере алады немесе арнайы мамандарға жолдама беруі мүмкін.
2. Мектепте жұмыс жүргізу. Әлеуметтік педагог мектептің басқа мамандарымен тығыз байланыста болуы керек. Мәселен, мұғалімдер, психологтар баланың мінез-құлқын бақылап, бірлескен жұмыс жасау арқылы оның оқудағы қиындықтарын жеңілдетуге тырысады.
- Оқушының әлеуметтік дағдыларын дамыту. Әлеуметтік педагог баланың қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін топтық жұмыстар мен ойындарды ұйымдастырады. Бұл оның мектептегі әлеуметтік бейімделуін жақсартуға көмектеседі.
- Мектеп ішіндегі атмосфераны жақсарту. Яғни оқушының өзін мектепте еркін сезінуіне ықпал етіп, оған психологиялық көмек көрсетуі қажет.
3. Әлеуметтік қолдау көрсету. Қиын оқушылар көбінесе өздерін қоғамнан тыс сезінеді. Сондықтан әлеуметтік педагог олардың әлеуметтік қатынастары мен қарым-қатынастарын дамыту үшін түрлі шараларды ұйымдастырады.
- Әлеуметтік бейімделу. Әлеуметтік педагог қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік топтарға баланы бейімдеу, өзіне деген сенімділікті арттыру бағытында жұмыстар жүргізеді.
- Қосымша білім беру. Балаға кәсіби мамандық алу мүмкіндіктерін ұсыну немесе оның шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қосымша білім беру бағдарламалары ұйымдастырылады [2].
Осы негізде қиын оқушылармен жұмыстан күтілетін нәтижелер балалардың мінез-құлқы мен өмір сапасының жақсаруына әкелуі тиіс. Бұл балалардың мектепте жақсы нәтижелерге қол жеткізе бастауынан, олардың мінез-құлқының тұрақтануынан көрінуі шарт. Сонымен қатар, ата-аналар мен оқушылар арасындағы түсіністік пен ынтымақтастық нығаяды, бұл балалардың тәрбиесі мен дамуына жақсы әсер етеді.

Балаларды әлеуметтік–педагогикалық қолдау – баламен бірге оның өзіндік көзқарасын, мақсатын, мүмкіндігін анықтау үшін және қоғамда қалыпты өмір сүруге кері ықпал кедергілерді жою үшін жолын анықтау. Өмір сүруіне, қарым-қатынасына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, алдына қойған мақсатына жету және адамгершілік қасиетін сақтап қалуына көмектесу [3].

Жасөспірімдердің бақылаусыздығы мен қараусыз қалуы – мектеп және әлеуметтік педагогтың өзекті проблемеларын бірі болып табылады. Аталған жағдайдың себебінің бірі ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты. Осы негізде 7-8-сынып оқушыларының ата-аналарына «Сіз қандай ата-анасыз?» (Баланы ата-ана тәрбиелейді, ал ата-ананы кім тәрбиелейді?) сауалнамасы жүргізіліп, ата-аналар мен жасөспірімдер қарым-қатынасын, баланың ата-ана өміріндегі орнын анықтауда септігін тигізді десек болар. Ата-ананың басым көпшілігі қуанышқа орай бала тәрбиесіне мән беретіндігі және де баласын тек түсініп қана қоймай, әрі ойын тыңдауға тырысатыны анықталды. Сонымен қатар бала тәрбиесінің олар үшін үлкен проблема екендігі де анықталды. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін

педагог немесе психолог мамандардың көмегінің керектігін де атап өткен. Әрине бұл да ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікке, қарым-қатынастың бұзылуына әкелуі әбден мүмкін [4].

Отбасы мен мектептің арасындағы ынтымақтастық – бұл ортақ мақсатқа негізделген жұмыс болып табылады. Бұл жұмыс ең алдымен отбасын жүйелі, әрі жан-жақты зерттеуден, отбасы тәрбиесін ерекшеліктері мен жағдайын ескеруден басталады. Бүгінгі таңда отбасылық тәрбие жүйесі үлкен өзгеріске ұшырауда. Отбасылық дәстүрлі құрылымның өзгеруі төмендегі мәселелерге байланысты:

-Отбасындағы балалардың аз болуы;

-Халықтық педагогика дәстүрін жоғалтып алу;

-Отбасының әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтары;

-Ата-аналардың балаға қарауына уақытының жетіспеуі.

Бұл өз кезегінде баланың проблемаларымен жалғыз қалуына әкеліп соғады. Бұл проблемаларды шешу жолының бірі ретінде жасөспірім құқық бұзушылық пен қаңғырушылықты таңдауы мүмкін [5].

Осы негізде отбасы мен мектептің өзара мақсатты әрекеттесуі отбасының, мектеп пен тұрғылықты жердегі әкімшілік органдардың балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлық іс-қимылдарының алдын алу және оны жеңу жолдарын қарастыруы болып табылады. Мектеп пен отбасының бірлескен әрекеттері балалар мен жасөспірімдердің тәрбиесінде оң нәтиже береді. Сол мақсатта мынадай тәжірибелерді басшылыққа ала, қиын мінез-құлықты жасөспірімдерді тәрбиелеу негізінде ата-аналарға арналған әдістемелік семинарлар мен дәрістер өткізу, балалардың қызығушылықтарын ескере отырып түрлі шараларды ұйымдастыруды жүзеге асыру ұсынылады [6].

Мектептегі қиын жасөспірімдермен жұмыс істеуде әлеуметтік педагогтың рөлі өте маңызды. Бұл жасөспірімдер көбінесе отбасылық, әлеуметтік немесе психологиялық мәселелерге байланысты қиын жағдайға тап болғандар. Әлеуметтік педагогтың басты міндеті – бұл балалар мен олардың отбасыларына көмек көрсету, тәрбие мен қолдау көрсету. Әлеуметтік педагогтың отбасылармен жұмысының бірнеше негізгі аспектілері бар:

1. Жеке және отбасылық мәселелерді түсіну: Әлеуметтік педагог қиын жасөспірімнің отбасымен жұмыс барысында оның әлеуметтік ортасын, отбасылық қарым-қатынасын және баланың тұлғалық ерекшеліктерін зерттейді. Отбасының жағдайын түсіну, мәселені нақты анықтау маңызды.

2. Психологиялық көмек көрсету: Отбасыларға жасөспірімдермен тиімді қарым-қатынас орнатуға және тәрбие мәселелерін шешуге психологиялық кеңес беру. Бұл олардың балаларының қиындықтарына көбірек назар аударуға мүмкіндік береді.

3. Ата-аналарды оқыту: Әлеуметтік педагог ата-аналарға баламен дұрыс қарым-қатынас жасау жолдарын, тәрбие әдістерін және баланың эмоционалды қажеттіліктерін түсіндіреді. Бұл ата-аналардың өз балаларына көбірек қолдау көрсетуіне септігін тигізеді.

4. Мектеп пен отбасы арасындағы байланыс орнату: Әлеуметтік педагог мектеп пен отбасы арасындағы үйлесімді байланыс орнатуға көмектеседі.

Жасөспірімдер мен олардың отбасыларының проблемаларын бірге шешу үшін жиі кездесулер ұйымдастырып, қажет болған жағдайда мектеп психологы, педагогтары мен әлеуметтік педагог арасындағы ынтымақтастықты нығайтады.
5. Әлеуметтік оңалту: Әлеуметтік педагог қиын жасөспірімдерге қоғамда бейімделуге көмектеседі, олардың оңалту процесін қолдайды. Ол үшін арнайы бағдарламалар мен тренингтер ұйымдастырылуы мүмкін.
6. Қолдау көрсету жүйесін құру: Әлеуметтік педагог қиын жағдайдағы балалар мен олардың отбасыларына түрлі әлеуметтік қызметтер мен көмек түрлерін ұсынады. Мысалы, қоғамдық ұйымдар, әлеуметтік қызмет көрсету мекемелері мен басқа да көмек көрсету ұйымдарымен ынтымақтастық орнатады [7].

Мектептегі әлеуметтік педагогтың қиын жасөспірімді тәрбиелеп отырған отбасымен жұмысы – бұл қоғамның маңызды әлеуметтік мәселелерінің бірі. Әлеуметтік педагогтың басты міндеті – жасөспірімнің психологиялық және әлеуметтік проблемаларын анықтап, оларды шешуге көмектесу үшін отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқуларды түзету, олардың өміріндегі қиындықтарды жеңуге қолдау көрсету, сондай-ақ ата-аналарға педагогикалық кеңес беру.
Әлеуметтік педагог қиын жасөспіріммен жұмыс істеу барысында бірнеше негізгі міндеттерді атқарады:
1. Жасөспірімнің мінез-құлқындағы қиындықтарды зерттеу. Әлеуметтік педагог жасөспірімнің психологиялық жай-күйін, мінез-құлқын және оның әлеуметтік ортаға бейімделуін анықтап, проблемаларды зерттейді.
2. Отбасымен байланыс орнату. Әлеуметтік педагог отбасымен тығыз байланыс орнатып, ата-аналарға балаларын дұрыс тәрбиелеу жөнінде кеңестер береді. Бұл байланыс жасөспірімнің мектепте және отбасында бейімделуіне көмектеседі.
3. Қолдау көрсету және әлеуметтік қызметтермен үйлесім. Әлеуметтік педагог жасөспірімге психологиялық көмек көрсету, қажетті әлеуметтік қызметтерге бағыттау және оның дамуындағы қиындықтарды шешу үшін әртүрлі ұйымдармен жұмыс істейді [8].

Әлеуметтік педагог қиын жасөспірімдермен жұмс істеуде бірнеше әдістерді қолданады:
- Сенімді қарым-қатынас орнату. Жасөспірімдермен сенімді қарым-қатынас орнату оның ішкі проблемаларын ашуға мүмкіндік береді.
- Топтық және жеке кеңестер. Топтық терапия және жеке кеңестер арқылы жасөспірімдердің өз проблемаларына шешім табуына көмектеседі.
- Ата- аналармен бірігіп жұмыс істеу. Ата-аналармен бірлесе отырып, тәрбиелік әдістерді өзгерту және отбасының жағдайын жақсарту үшін жұмыс жүргізіледі [9].

Қорытындылай келе, әлеуметтік педагогтың қиын жасөспірімдермен және олардың отбасымен жұмыс істеуі – бұл көпқырлы және жауапты процесс. Мектептегі әлеуметтік педагогтың міндеті тек жасөспірімнің проблемаларын шешу ғана емес, сонымен қатар оның отбасының психологиялық және

педагогикалық тұрғыда қолдау көрсету болып табылады. Бұл жұмыстың нәтижесінде жасөспірімнің қоғамға бейімделуі мен оның әлеуметтік қалыптасуы жақсарады. Әлеуметтік педагогтардың жұмысында отбасы мен мектеп арасындағы байланыс ерекше маңызға ие, себебі олар бірлесіп жұмыс істегенде ғана балаға тиімді көмек көрсету мүмкін болады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Қасымова Р.С. Әлеуметтік педагогтың жұмыс технологиясы. Оқу құралы. Алматы «Қазақ университеті» 2020
2. Әлқожаева Н.С. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
3. Мардахаев Л. В. Социальная педагогика . М: Издательство Юрайт, 2017.
4. https://infourok.ru/siz-anday-ataanasiz-saualnama-2181732.html
5. Айтбаева А.Б. Әлеуметтік педагогика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
6. Тесленко А.Н. Теоретико-методологические основы социализации молодежи // Автореферат дисс. д.п.н. – Алматы, 2002. – 38 с.219
7. Халитова И.Р., Сұраншиева М.Қ., Булшекбаева А.И. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы. Алматы: «Білім» баспасы, 2023.
8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Әлеуметтік педагог қызметінің үлгілік ережелері. 2019.
9. Маханбетова А.Ә. Девиантты және делинквентті мінез-құлықтың алдын алу. – Алматы, 2015.

PECULIARITIES OF ADAPTATION OF CHILDREN OF MIGRANTS IN AN EDUCATIONAL ENVIRONMENT: A SOCIO-PEDAGOGICAL APPROACH

Veronika PETROVA
Karaganda University named after academician E.A.Buketova
Faculty of Philosophy and Psychology

ABSTRACT

This article examines the peculiarities of organizing the adaptation process for migrant children in a new educational environment, with a focus on the socio-pedagogical approach. The aim of the article is to identify the main directions for improving socio-pedagogical practices to support the adaptation of migrant children in new socio-cultural and educational contexts. Theoretical foundations for facilitating

ORCID ID: 0009-0009-0495-2192
E-mail: veronikap0109@mail.ru

adaptation, factors influencing successful integration into the educational environment, and practical methods that support socialization and integration are analyzed. Special attention is given to issues of intercultural communication, the development of emotional resilience, and the enhancement of interpersonal skills among migrant children. Based on a review of domestic and international research, the article offers recommendations for educators and professionals in the field of socio-pedagogical work with migrant children on organizing their adaptation to a new socio-cultural environment, with a particular emphasis on the educational setting.

Keywords: migrants, migrant children, adaptation, educational environment, socio-pedagogical approach, intercultural communication, integration, socio-pedagogical work.

Introduction

Modern society is characterized by a high degree of demographic and social mobility, which in turn leads to a continuous increase in the number of migrants, including a significant number of children involved in the educational process. These children find themselves in situations that require quick and effective adaptation to new socio-cultural and educational realities, a process that is complex and multi-layered. Adaptation encompasses not only the cognitive sphere, related to knowledge acquisition and the development of learning skills, but also emotional and psychological aspects that influence the overall condition and behavior of the child within the educational environment [1].

In a multiethnic and multicultural society, the importance of pedagogical support increases—not only in terms of delivering knowledge, but also in fostering strong skills in intercultural communication, tolerant interaction, and constructive dialogue among representatives of various ethno-cultural groups. Modern educational institutions are becoming spaces of intercultural interaction, where the teacher plays a key role in creating conditions for the successful socialization and integration of migrant children.

This article focuses on analyzing the specific features of the adaptation process of migrant children within the educational environment, grounded in a socio-pedagogical approach. This approach is viewed as an effective tool that provides comprehensive support to students, addressing both their educational and socio-psychological needs. The use of socio-pedagogical technologies contributes to the creation of an inclusive educational space in which every child has the opportunity to realize their personal and academic potential, regardless of cultural or linguistic background.

Given these considerations, it becomes clear that the issue of migrant children's adaptation in the educational environment requires a comprehensive and systematic analysis. Effective integration of students with migration experience requires not only acknowledgment of the diversity of their cultural and linguistic characteristics, but also a deep understanding of the factors influencing their adaptation to new social and educational settings. It is important to view adaptation as a dynamic and interdependent process in which pedagogical support plays a crucial role.

The adaptation process of migrant children in the educational environment is determined by a variety of factors, including cultural, social, psychological, and

educational elements. Each of these components affects the child's perception of the new environment, their ability to socialize, and their success in integrating into the learning process. Theoretical approaches to this issue define adaptation as a complex, multi-stage process of establishing new relationships between the individual and the surrounding social reality, while emphasizing the importance of preserving elements of cultural identity as a condition for personal stability and internal comfort for the child [2].

In the context of the diverse developmental trajectories of migrant children, the creation of flexible and individualized adaptation strategies becomes especially important. These strategies should be based on comprehensive diagnostics of emotional well-being, cognitive development level, communication skills, and the degree of academic motivation. Considering these characteristics allows educators and social workers to develop effective support methods that help children form positive experiences of interacting with the new educational environment and successfully integrate into the socio-cultural space of the host society.

Thus, a deep understanding of the mechanisms and factors influencing the adaptation of migrant children requires referring to the theoretical foundations underlying the processes of integrating an individual into a new socio-cultural environment. For a qualitative analysis of the adaptation process, particular importance is given to key concepts that reveal the essence of changes occurring in the structure of a child's identity and their everyday interactions with the surrounding community.

Among the fundamental categories used in studying the adaptation process are the concepts of integration, acculturation, and assimilation. These concepts make it possible to analyze how migrant children, under the influence of a new educational environment, are able to preserve elements of their cultural identity while simultaneously learning and adopting the norms, values, and rules accepted in the host society [3].

Integration involves the inclusion of an individual into the social and educational system without the loss of their ethno-cultural identity; acculturation refers to the process of mutual influence and adaptation between cultures; assimilation, on the contrary, is associated with the loss of the original identity and the complete adoption of the cultural norms of the host environment.

Pedagogical practice that acknowledges these distinctions should aim to create conditions for constructive intercultural interaction. This includes developing competencies in intercultural communication among teachers and other participants in the educational process, as well as fostering skills of tolerant communication and cooperation among children in a multicultural environment [4].

This approach not only reduces the level of psychological distress that inevitably arises during the adaptation process, but also promotes the development of personal resilience, communication skills, and a positive attitude toward diversity.

Based on the presented theoretical foundation, the relevance of implementing comprehensive and systematically organized measures aimed at creating a supportive educational environment becomes evident. In this context, the socio-pedagogical approach gains particular significance, as it is regarded as an effective tool for

supporting migrant children. Its distinctive feature lies in its focus beyond purely academic instruction, emphasizing the social and emotional aspects of personal development. This approach enables comprehensive support for children as they enter a new educational and cultural space, ensuring not only successful adaptation but also full integration into the school community.

Taking into account the theoretical and practical aspects outlined above, it becomes clear that effective adaptation of migrant children is impossible without systematic and professional support from educational institutions. The socio-pedagogical approach is particularly relevant in this context, as it combines elements of pedagogy, psychology, and sociology, allowing for a holistic consideration of the complexity and multidimensionality of the adaptation process in the context of migration.

The socio-pedagogical approach encompasses a set of purposeful actions aimed at fostering a supportive and inclusive educational environment that promotes not only the cognitive development of students, but also their social and emotional stability. In light of intensified migration processes and the growing cultural diversity among students, this approach becomes especially important, as it enables the construction of individualized adaptation trajectories that take into account each child's cultural background, personal characteristics, and psycho-emotional state [5].

The key elements of the socio-pedagogical approach include the following components:

• Psychological and pedagogical diagnostics. Early diagnostics make it possible to identify potential difficulties in the emotional and personal spheres of migrant children, as well as to determine their level of social adaptation and motivational readiness for learning. Based on the collected data, the educator can adjust the educational trajectory, provide psychological support, and establish effective communication with the family [6].

• Creating an inclusive educational environment. Inclusivity implies accessible education for all categories of students, regardless of their cultural, linguistic, or social background. The integration of migrant children into a full-fledged educational process - while taking their individual characteristics into account - helps to overcome feelings of alienation, reduces anxiety levels, and stimulates the development of communication and social skills [7].

• Organization of supplementary classes and extracurricular activities. Hosting clubs, workshops, intercultural communication training sessions, as well as creative and project-based activities, plays an important role in fostering positive self-esteem, broadening students' horizons, and strengthening their emotional resilience. These forms of engagement not only help to unlock a child's potential but also promote deeper integration into the school community [8].

The socio-pedagogical approach is an integral part of an effective strategy for the adaptation of migrant children and contributes to the development of a holistic, harmonious, and inclusive educational environment.

The implementation of the socio-pedagogical approach in the practice of educational institutions offers broad opportunities for building a comprehensive

support system for migrant children. The use of the methods and technologies described above makes it possible not only to overcome the barriers of cultural and linguistic adaptation but also to create conditions for the child's harmonious personal development, ensuring their successful socialization, academic achievement, and integration into the new socio-cultural environment [9].

The implementation of the socio-pedagogical approach in the educational process requires a multi-level and interdisciplinary strategy that encompasses organizational, pedagogical, and psychological aspects. Such a system involves not one-time initiatives, but ongoing, purposeful, and coordinated efforts by all participants in the educational process.

• Organizational level. At the level of educational environment organization, it is essential to develop and implement adaptation programs aimed at providing both individual and group support for migrant children. Within these programs, it is advisable to establish specialized adaptation groups where students receive assistance from qualified teachers, psychologists, and social educators [10].

These groups serve as a "bridge" between the child and the school community, helping newcomers to adapt more quickly to the new environment, reduce stress, and develop a sense of belonging and security.

• Pedagogical level. Effective work with migrant children requires educators to master modern methods of differentiated and inclusive teaching. It is essential to consider cultural differences, the level of proficiency in the language of instruction, cognitive styles, and the typological characteristics of students. The use of interactive methods - such as project-based activities, group tasks, role-playing games, and situational modeling - helps to develop communication competencies, collaboration skills, and empathy [11].

In addition to the academic component, special attention should be given to developing social skills, self-esteem, and emotional resilience in children.

• Psychological level. Psychological support plays a key role in the adaptation process, especially during the initial period of a child's integration into a new culture. Fear, anxiety, loneliness, and the sense of losing a familiar environment are common companions of the migration experience. Therefore, it is essential to regularly organize psychological training sessions, individual and group consultations, supportive conversations, and activities aimed at reducing emotional tension and developing self-regulation skills [12].

Involving the family in the adaptation process enhances the effect of pedagogical interventions, fosters the development of trustful relationships, and strengthens the child's motivation to learn.

Based on the above, it can be concluded that only through a comprehensive approach that covers all levels of the educational system can sustainable positive results be achieved in the adaptation and integration of migrant children.

The comprehensive implementation of the socio-pedagogical approach requires coordination of efforts at different levels of the educational process and the creation of sustainable support models tailored to the needs of migrant children. However, efforts within the school alone are not enough - effective adaptation of children in new

conditions is only possible if all social institutions involved in education and integration collaborate.

The practical implementation of these measures requires close cooperation between educational institutions, local government bodies, non-governmental organizations, and parent representatives. This intersectoral approach not only eliminates systemic barriers but also establishes a sustainable support infrastructure that fosters the successful adaptation of migrant children and improves the quality of their education [13].

At the same time, despite the positive results of implementing the socio-pedagogical approach, several serious problems still persist in practice, significantly hindering the integration process of migrant children into the educational environment. Among the most common and significant issues are the following:

• Language barrier. Insufficient proficiency in the state language is one of the main obstacles to successfully mastering the curriculum and fully participating in school life. Language difficulties often cause children to feel isolated and insecure, as well as reduce their academic motivation [14].

To overcome this problem, it is necessary to develop and implement special language courses, elective classes, and tutoring support programs.

• Cultural differences. Differences in value systems, behavioral norms, and educational expectations between migrant children and the host community can lead to misunderstandings, conflicts, and even discrimination. In this context, intercultural training, the organization of dialogue platforms, and the implementation of educational projects aimed at fostering tolerance toward cultural diversity play an important role [15].

• Psychological instability. Changes in the familiar environment, forced relocation, the breakdown of social connections, and uncertainty about the future all contribute to increased anxiety, stress, and emotional instability in children. Without proper support, this can lead to the development of depressive states and a decrease in academic activity. Therefore, psychological support programs are especially important, including group training, individual consultations, work with parents, and the development of stress resilience skills [16].

To increase the effectiveness of the adaptation process, the following measures should be taken:

• Implementation of interdisciplinary programs that ensure interaction between teachers, school psychologists, social educators, and other specialists involved in student support.

• Improvement of teacher qualifications in the field of intercultural communication, psycho-pedagogical diagnostics, and differentiated teaching methods.

• Development and implementation of methodological recommendations for educational institutions, including guidelines for working with migrant children, practical lesson scenarios, and monitoring and support forms.

• Active involvement of parents and representatives of ethnic-cultural communities in school life: participation in parent committees, cultural events, open lessons, and mentorship programs. This helps strengthen the connection between the

family and the school, reduces distrust, and fosters a favorable psycho-pedagogical climate.

Thus, a comprehensive approach that covers both internal school work and external inter-institutional connections is an essential condition for the successful integration of migrant children into the educational space.

Conclusion

The adaptation of migrant children in the educational environment is a complex, multifaceted process influenced by a variety of factors—sociocultural, psychological, linguistic, and pedagogical. It requires a systematic, interdisciplinary approach, involving the active participation not only of teachers but also psychologists, social workers, parents, and state institutions.

The analysis conducted shows that the application of a socio-pedagogical approach is the most promising and effective direction for ensuring the successful integration of migrant children. This approach focuses on creating an inclusive, supportive, and safe educational environment that takes into account each child's individual characteristics, cultural and emotional experiences, language proficiency, and adaptation needs.

The comprehensive implementation of the socio-pedagogical approach at various levels—organizational, pedagogical, and psychological—helps to establish sustainable support mechanisms for migrant children. The development of adaptation programs, organization of language and intercultural training, conducting psycho-pedagogical activities, as well as the active involvement of parents and ethnic-cultural communities in the educational process, contribute to the formation of a sense of belonging, reduce anxiety levels, and facilitate the successful socialization of students.

Despite significant progress in the development and implementation of adaptation practices, problems related to language barriers, cultural differences, and emotional instability of migrants remain unresolved. This requires continuous improvement of educational policies, the implementation of new methods and approaches focused on the values of intercultural dialogue, tolerance, and humanism.

Thus, it can be concluded that the adaptation of migrant children is not a one-time act of inclusion in the educational process, but a prolonged and dynamic journey requiring comprehensive support, pedagogical flexibility, and a stable system of interaction among all participants in the educational space. Only through the implementation of systematic, scientifically grounded, and pedagogically sound approaches can we ensure the full development, successful learning, and harmonious integration of migrant children into a multinational and multicultural society.

References

1. Ivanov, A. B. *Psychological and Pedagogical Foundations of Migrant Children's Adaptation*. – Moscow: Prosveshchenie Publishing, 2021.

2. Petrov, V. G. *Integration and Assimilation in a Multinational Society*. – St. Petersburg: St. Petersburg State University Press, 2020.

3. Sidorov, I. K. *Intercultural Communication in the Educational Environment*. – Moscow: Pedagogical Center, 2022.

4. Kozlov, N. P. *Modern Methods of Inclusive Education*. – Novosibirsk: Novosibirsk State University Press, 2020.

5. Smirnova, O. L. *Socio-Pedagogical Approach to Working with Migrant Children*. – Kazan: Kazan University Press, 2020.

6. Nikolaev, S. M. *Diagnostics of Adaptation Processes in School*. – Yekaterinburg: Ural Federal University Press, 2021.

7. Lebedev, A. V. *Inclusive Education: Theory and Practice*. – Moscow: Academic Project, 2021.

8. Fedorova, E. A. *Emotional Resilience in the Context of Adaptation*. – Moscow: Science and Education Publishing, 2020.

9. Ivanova, T. P. *Methods for Developing Interpersonal Competencies*. – St. Petersburg: St. Petersburg Polytechnic University Press, 2021.

10. Sokolova, L. V. *Organizational Forms of Work with Migrant Children*. – Novosibirsk: Novosibirsk State University Press, 2020.

11. Gorbunova, E. N. *Interactive Technologies in Education*. – Moscow: Prosveshchenie Publishing, 2021.

12. Krylov, M. F. *Psychological Support in Schools*. – Yekaterinburg: Ural Federal University Press, 2020.

13. Solovyov, D. I. *Language Barrier and Migrant Adaptation*. – Moscow: Logos Publishing, 2022.

14. Ilyina, E. V. *Cultural Characteristics in the Educational Process*. – St. Petersburg: St. Petersburg State University Press, 2020.

15. Borisova, N. S. *Psychological Aspects of Migration and Adaptation*. – Kazan: Kazan University Press, 2021.

16. Kulikova, O. A. *Interdisciplinary Approach in Inclusive Education*. – Moscow: Prosveshchenie Publishing, 2020.

ОТБАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ

Толқын ШӘКЕНҚЫЗЫ
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
3 курс студенті,бакалавриат
Философия және психология факультеті

аға оқытушы, Галия ТУТКЫШЕВА
Қарағанды Бөкетов университеті,
философия және психология факультеті
әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасы

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада отбасындағы әлеуметтік мәселелер мәселер неден туындауы әртүрлі шығу себептері қарастырылады.Қазіргі таңда мәселе өзектіме,себебі мәселе тек отбасыға ғана емес барлық қоғамға әсер ететіндіктен ертерек алдын-алу қажет.Баланның тәрбиесіне,дамуына,қалыптасуына барлық жағына әсер етеді.Сонымен қатар адамға ашылуына,тұйық болып кетуіне қатарластарымен дамымай қалуына ықпал етеді.Әлеуметтік жетімдік осы отбасындағы ажырасу,экономикалық,қиындықтар болғансоң көбеюде.Мақала ішінде ажырасу,отбасылық мәселелердің себептері нақты айтылады.Нақты алдын-алу,баланның құқығын қорғаумен айналысатын мамандарда айтылады.Оның ішінде әлеуметтік педагог,психолог,құқық қорғау органдары ат салысады.Мақалада отбасымен жұмыс бала жетім қалғанда жасалатын жұмыстар ұсынылады.Зорлық-зомбылыққа төзбеу ертерек мәселеннің басын ашу және арнайы мамандарға жүгіну жолдары ұсынылады.Ұсынылып ғана қоймай практика жүзінде жүзеге асырылуын талап етеді.Отбасындағы әлеуметтік мәселелер не себепті өзекті екені қарастырылған.

Кілт сөздер: отбасындағы әлеуметтік мәселелер,балалар,алдын-алу,педагогикалық қолдау.

Отбасы - баланның алғашқы әлеуметтену ортасы болғандықтан,оның ішкі мәселелері балаға тікелей әсер етеді.Алайда қазіргі жаһандану заманында әлеуметтік -экономикалық,саяси психологиялық жағдайлар көп кездескенсоң әлеуметтік жағдайлар күннен-күнге орын алуда.Ғалымдардың айтуы бойынша

Қарағанды, Қазақстан /e-posta; tolkynshakenkuzy@ickloud.com
ORCID IDhttps://orcid.org/0009-0004-91555665

Қарағанды, Қазақстан /e-posta;galia.17.05.82@mail.ru
ORCID ID NO: 0009-0008-6795-9941

отбасындағы жағдайдың тұрақсыздығы бала бойында тұйықтыққа,агресия,сенімсіздік қасиеттерге алып келеді.

Әр баланның толық отбасында өмір сүруге ата-ана қамқорлығын көруге жақсы тәрбие алуға құқығы бар.Алайда практика жүзінде бұл талаптар нақты орындала бермейді [1].

Әлеуметтік педагог-қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуде,соның ішінде отбасындағы мәселелерді анықтап алдын-алады баланның құқығын қорғауда белсенді қызмет атқаратын маман.Жалпы отбасындағы әлеуметтік мәселелер неден туындайтынын атап өтсек:экономикалық қиындықтар,білім деңгейіннің төмендігі,ата-ана арасындағы қайталана беретін түсініспеушілік,тұрмыстық зорлық-зомбылық т.б:салдары бала психологиясынның бұзылуы ,бала тұлғасынның дұрыс қалыптаспауы барлығы балаға теріс әсерін береді бала өсе келе өз-ойын білдіруде адамға сенуге ашылуға қорқатын және қысылатын болады.Түсініспеушілік,зорлық-зомбылық салдары арты өлімге алып келгендіктен бала жетім қалып көбіне арнайы мекемелерге табысталады.Ата-анасы қандайда бір ішімдікке салынғаннан кейін қазіргі таңда әлеуметтік жетімдік өте жиі тарап кетті.Отбасындағы әлеуметтік мәселелер-тек бір әулетке ғана емес барлық қоғамға әсер ететін маңызды мәселе.Оның салдарын азайту үшін арнайы мамандар жұмыс жасайды:әлеуметтік педагог,психолог,мектеп құқық қорғау органдары және ең маңыздысы мемлекет,барлығы бірігіп жұмыс жасаса оң нәтиже болады.

Бүгінде отбасындағы әлеуметтік мәселелер көбейіп жатқандықтан отбасында қандайда бір зорлық-зомбылық болған жағдайда 110-дан 146 баптар тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты қарастырылады.Кәмелетке толмаған балаларға қамқоршылық көрсетпеген жағдайда 140-бап қарастырылады.Заңдар толық мәселені шеше алмасада барлық мәселені алдын-алады.[2].

Бүгінде барша әлем елдерінде белең алған отбасылардың қиын өмірлік жағдайға душар болуы, біздің елімізде де өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Отбасындағы жанжалдың кесірінен болатын қылмыстардың жиілеп кетуіне қоғам қатты алаңдаулы. Зерттеулер бойынша оның басты себептерінің біріне – маскүнемдік, жұмыссыздық, соған байланысты тұрмыс жағдайының ауырлығы сияқты әлеуметтік жағдайлар жатады.

Қоғамда жапа шегетін бала. Ал, біздің мемлекетіміз үшін баланы әлеуметтік қорғау ерекше мәселе.

Әлеуметтік жағдайды жақсарту әділеттілкті болдырту туралы 2023 жылы Қасым Жомарт Тоқаев өз сөздерінде:отбасы мемлекеттің іргетасы оны дұрыс қалау өз қолымызда,қандайда бір қысым көрген жағдайда мүлде төзбеушілік танытып заңды күшейту керек деген еді.[1]. Талқыланып жатқан заң жобасы, тек отбасыға ғана емес, отбасының басқа да мүшелерінің тең құқы сақталып, тұрмыстағы қысымды болдырмауға көмек болатыны сөзсіз. Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа төзімділіктің арты ең әлсіз қорғансыз балаларға тиеді.

Отбасылардың қиын өмірлік жағдайға душар болуы – жалпыға ортақ мәселе және бұл мемлекет қасіреті, бұл – бүлінген тағдырлар. Келешекте өзі құрған

шаңырақты шайқалтпасын десек, қыз баланың тәрбиесімен бірге, ұл баланың тәрбиесіне ерте жастан көңіл бөлу қажет.

Отбасылардың қиын өмірлік жағдайға душар болуы мәселесі бұрыннан бар болса да, соңғы кездері ғана оған айтарлықтай практикалық түрде көңіл бөлінуде.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларды әлеуметтік сүйемелдеуді зерттеу зерттеуге қызығушылықтың артуымен сипатталады. Қиын жағдайдағы отбасы мәселесін әлеуметтік жұмыс теориясын дамытуға белсенді қатысқан зерттеушілер өте көп:ҚалиеваГ.Қ,Әбдіғаппар.А, Жаманкулова Р.Р, әлеуметтік мәселелерді қарастырып ғана қоймай шешу жолын ұсынады.

Отбасындағы болып жатқан өмірлік қиын жағдайларды ажырасу статистикасынан көруге болады, оның әлемдік деңгейден айырмашылығы аз. Ғылыми зерттеулерге сәйкес, отбасы мәселесі қазіргі уақытта сол немесе басқа нысанда өсу үрдісінде және қазір қоғамда әрбір отбасында көрініс табуда. 2025 жылға дейін Қазақстанда толық ажырасу статистикасы жарияланбаған.Алайда мәліметтерге сүйенсек 2024 жылы 2023 жылға қарағанда екі есе көбейген бұл туралы Ұлттық статистика бюросының (Республикалық неке мен туу туралы мәліметтері байымдайды[2].

Өмірлік қиын жағдайда түскен халықтың басқа санаттары сияқты отбасындағы бала әлеуметтік сүйемелдеуді қажет етеді, бұл бір жағынан эмоционалды жағдайдың жақсаруына ықпал етеді, физикалық денсаулық, олардың мәселелерін түсінуге және болашақта оларды белсенді және сындарлы түрде тәуелсіз шешу, ал екінші жағынан-өзін-өзі жүзеге асыруға, жаңа дағдылар алуға ынталандыруға ықпал ету.

Адамның сауаттылығынның төменділігі бойынша білу аздығы, осы тақырып бойынша жазылған ғылыми жұмыстардың жеткіліксіздігі өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасы әлеуметтік сүйемелдеу мәселесі тақырыбының өзектілігін анықтайды.

Әлеуметтік білім – бұл өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылардың өмір сүру сапасын жақсарту сонымен қатар белсенділігін сақтауға және ресурстарын нығайтуға көмектесетін сала. Ер адамдада ,әйел адамдада ресурстар жетіспесе, әлеуметтік педагог әлеуметтік қауымдастықтан ресурстарды тартуға мүмкіндігі бар. Сүйемелдеу әлеуметтік оқшаулаудың алдын алуды (жеке тұлғаның немесе отбасының жеке өтініші бойынша, бұл заңмен анықталған ерекшеліктерді жеңу қажеттілігін туғызады) және клиенттің мәселесін толық шешуді қамтиды.

Әлеуметтік мәселені шешу бірнеше кезеңнен тұрады, олардың әрқайсысында белгілі бір жұмысты орындау қажет.

- клиенттің қойылған міндеттерді шешудегі мүмкіндіктерін ескеру, процеске кедергі келтіретін және көмектесетін факторларды, сондай-ақ клиенттің қоршаған ортаның әсерін ескере отырып, маманмен бірлескен қызметке қосқан үлесі;

- іс-шаралар жоспарын алдын-ала құру: мақсаттары (күтілетін нәтиже), іс-шараларды өткізу кезеңдері, оқытудың арнайы тәсілдерін пайдалану, өзара іс-қимыл шарттары, сондай-ақ алынған нәтижелерді бекіту;

- іс-шаралар өткізу, дағдыларға үйрету. Жұмыс жоспарға сәйкес бір немесе клиенттер тобымен және оған қажеттігіне қарай толықтырулар мен өзгерістер енгізумен жүргізіледі (практикалық тапсырмаларды орындауды білдіреді);

- әлеуметтік мәселенің нәтижелерін бағалау. Клиенттің алған білімі мен алған дағдыларын күнделікті өмірде сәтті қолданатынына көз жеткізу керек көз жеткізіп қана қоймай орындауға міндеттеу керек[3]

Әлеуметтік педагог клиенттің бірлескен қызметі ынтымақтастыққа ұқсаса (яғни, сенімді қарым – қатынас орнатылса, мақсаттар мен міндеттер нақты тұжырымдалған әлеуметтік жұмыс жоспары жасалса, клиент байланысқа түсіп, жұмыста бастама көтереді) - бұл әлеуметтік мәселенің шешілгендігінің кепілі.

Отбасымен жұмыс барысында әлеуметтік педагог қиын өмірлік жағдайды талдайды және онымен бірге мәселенішешудің нұсқаларын және қызмет барысында қол жеткізілген нәтижелерді бағалай отырып, ең оңтайлы міндеттерді жүзеге асыру мүмкіндігін анықтауға тырысады.

Әлеуметтік мәселелер мемлекеттік және жергілікті бастамаға, әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік қызметтер арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік ққөмекке әртүрлі әлеуметтік институционалдық құрылымдардың мамандары қатысады: медициналық, білім беру, әлеуметтік қорғау және ішкі істер органдарының жүйелері т.б.[4]

Әлеуметтік педагогтың жұмысында өмірлік қиын жағдайдағы отбасыға өмірлерін басқаруға мүмкіндік беретін жеке адамның немесе әлеуметтік топтың ішкі ресурстарын нығайтуы үшін кеңірек жұмыстар қолданылады. Әлеуметтену тұрғысынан клиенттер белгілі бір жағдайларда туындаған мәселелерді өз бетінше шеше алатын өз өмірінің сарапшылары ретінде қарастырылады. Әлеуметтік педагог адамның өз өмірін басқарудағы мүмкіндіктерін кеңейтуге көмегін тигізеді.. Әлеуметтік бағдар беру адамға көмектесу үшін жағдай жасайды,көмек беріп қана қоймай практикада қолдануға бағыттайды. [5]

Әдебиеттер тізімі

1.Ақынғали А.Ж Әлеуметтену негіздері-Алматы:Білім,2020-320б.

2.Баймұратова Б.Әлеуметтік педагогика-Алматы;Қазақ университеті,2019.

3.ҚР Бала құқықтары туралы Заңы,2002.

4.Тастанбекова Ж.Отбасындағы әлеуметтік мәселелер-Алматы,2020.

5.Тұрғынбаева Б.А Әлеуметтік педагогика негіздері-Алматы;2021.

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Тлеужан ШЫНЫБАЙ
педагогика ғылымдарының магистрі
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, философия және психология факультеті
Жанар КЕНДИРБЕКОВА
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, философия және психология факультеті Қарағанды, Қазақстан / e-posta: zhanaret@mail.ru,
ORCID ID// orcid.org/0000-0001-6794-7897

Аннотация

Бұл мақалада мәдениетаралық толеранттылықты дамыту саласындағы халықаралық тәжірибелер жан-жақты талданады. Қазіргі жаһандану жағдайында әртүрлі этностар мен мәдениеттер өкілдерінің өзара түсіністігі мен құрметін қалыптастыру – әлемдік қауымдастықтың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Осы орайда, зерттеуде ЮНЕСКО, Еуропалық Одақ, Канада, Сингапур және Финляндия секілді елдер мен ұйымдардың мәдениетаралық диалогты нығайтудағы нақты тетіктері мен саяси бағдарламалары қарастырылады. Атап айтқанда, білім беру саласындағы көпмәдениеттілікке негізделген оқу бағдарламалары, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы толеранттылықты насихаттау тәжірибелері мен азаматтық қоғам институттарының белсенділігі мысал ретінде келтіріледі. Бұл тәжірибелер этносаралық татулықты сақтауда, мигранттарды әлеуметтік ортаға бейімдеуде және қоғамдық келісімді нығайтуда ерекше рөл атқарады. Зерттеу нәтижесінде Қазақстан жағдайына бейімдеуге болатын тиімді халықаралық модельдер ұсынылады. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы – ұлттық бірлікті нығайту жолында мәдениетаралық толеранттылықты дамытуға бағытталған нақты ұсыныстар беруінде.

Кілт сөздер: мәдениетаралық толеранттылық, халықаралық тәжірибе, көпмәдениеттілік, этносаралық қатынас, білім беру, әлеуметтік интеграция, қоғамдық келісім.

Қазіргі жағдайда білім беруді модернизациялауға қолдау көрсетуде, ЖОО-ның шешуші рөл атқаруына мүмкіндік беруде басқа елдердің тәжірибесі өте маңызды.Әлемде әртүрлі мәдениеттер бар екенін және халықаралық деңгейде (БҰҰ) адам және азамат құқықтарының декларациясын қолдайтынын ескере отырып, әрбір адам қоғамдастыққа қабылдануы керек және ешкім басқалардан

Қарағанды, Қазақстан / e-posta:tserzhanovna@bk.ru
ORCID ID// orcid.org/0009-0009-2035-9532

артық болмауы керек дегенді білдіреді. Мәдениетаралық тәрбиені мәдениеттердің әртүрлілігін, олардың мәні мен өзара әрекеттесуін, тіл құндылығын және ынтымақты нығайтуды қолдайтын білім ретінде анықтауға болады [1].

Мультикультурализмнің фокусы – қабылдаушы/көпшілік және азшылық қауымдастықтар арасындағы қабылдаушы және шығармашылық қарым-қатынасты біріктіретін, дәйекті және құрылымдық іс-әрекеттерге, оқу қоғамдастығының әрбір мүшесінің қатысуына, мәдениеттер туралы білім мен қажетті ресурстарды арттыруға мүмкіндік беретін мәдениетаралық көзқарас болып табылады. Теңдік пен әртүрлілік, теңсіздіктерге қатысты әділеттілік және осы айырмашылықтарға құқық мәдениетаралық тәрбиенің негізгі қағидалары болып табылады. Білім беру ұйымдарының маңызды рөлі иммигранттарды қабылдаушы қоғамның шектеулеріне біржақты бейімдеу ғана емес, сонымен қатар жергілікті халықты оқыту болып табылады. Мәдениетаралық білімді дамыту үшін мұғалімдерге мәдениетаралық құзыреттіліктерді беру қажет.

Көпмәдениетті білім беру арнайы ұғым, өз бетінше жүйе болып қалыптасып ғылыми айналымға енуі жүзжылдықтан бері болғанымен идеялық тұрғыдағы бастауы тым әріде. Ресейлік ғалым С.Л.Новолодская өзінің «История и современность поликультурного образования» атты монографиясында көпмәдениетті білім берудің идеялық бастауы халықтың педагогикалық көзқарастары мен тәжірибесін зерделеуден тұрады дей келе Ян Амос Коменскийдің чех халық ауыз әдебиетінің шығармаларын жинағанын, үйде тәрбиелеу тәжірибесін жинақтап «ана мектебі» идеясын алға тартуын, ең бастысы, «Панпедия», яғни адамдардың ортақтығы, олардың қажеттіліктері мен ұмтылыстары, балалардың өзара міндеттерін орындауы, қоршаған адамдармен тату-тәтті өмір сүруі, сыйлау қабілеттерін қалыптастыруы және жақын адамды сүю туралы көпмәдениетті білім беру идеясы негізделген бағдарламасын алға тартты [2]. Ғалым пікірін тар қатар болсақ, қазақ халқының жері, тілі, тарихы, музыкасы, салт-дәстүрі т.б. болмыстық ерекшеліктерін зерттеген өзге ұлт өкілдері жетерлік. Қазақтар туралы алғашқы жазбалардың иесі гректен шыққан тарихшы, жиһанкез Геродоттан бастап қазақ жеріне депортацияланған орыс, неміс, поляк сынды өзге ұлттың ғалымдары қазақ ғылымына үлкен үлесін қосты, қазақ балаларын ғылымға баулыды. Жалпы көпмәдениетті білім беру жүйесін алғаш рет ғылыми айналымға ендірген ел АҚШ болатын. Мемлекеттің өзі әртүрлі ұлттардың құрамдасуынан тұрғандықтан көпмәдениетті білім берудің дәл сол елден бастау алуы орынды еді.

Қазақстанда этномәдени, оның ішінде көпмәдениетті білім беру үлкен тәрбиелік әлеуетке ие. Көпмәдениетті білім беруді дамытудың маңызды факторы мемлекеттілікті сақтау мен дамуға деген жастардың зейінін арттыру болып табылады. Қазіргі таңда көпэтностық Қазақстан үшін жастардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін сіңіруі маңызды. Мектеп жағдайында көпмәдениет түрлеріне қатысты әртүрлі білім беру технологиялары қарастырылады. Мұғалімдер дидактикалық тұрғыдан қамтамасыз етіледі. Оқушылар пәнаралық және оқу міндеттерін шеше отырып, осы білімді меңгереді. Көпмәдениетті

технологияларды жүзеге асыру барысында санадағы мәдени пайымды қайта құру арқылы оқушының үлкен мәдениет кеңістігін игеруі, оның шекарасын анықтауы және оны біртіндеп микрокультура ретінде қабылдауына әкеледі.Мұны жүзеге асырудың жетекші тетіктерінің бірі - диалог болып табылады. Сонда ғана ол мәдени-тарихи білім беру кеңістігі арқылы тұрақтылықты, «қарым-қатынас-әрекет» принципін негіздей алады [3]. Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2021 жылғы 1 наурызындағы ресми мәлімет бойынша Қазақстанда 18 917,2 халық [4], оның ішінде 130-дан астам өзге ұлт өкілдері өмір сүруде. Уикипедияның 2020 жылдың 24-ші ақпанында жаңартылған «Қазақстан халықтарының ұлттық және діни құрамы» атты парақшасында «Мемлекетіміздің негізін қалаушы этнос -қазақтар. Екінші орында орыстар. Халқы 100 мыңнан асатын 6 этнос бар. Осы 8 ұлт бірігіп Қазақстан халқының 96%-ын құрайды» делінген.

Кесте 1. Әлемдік және Қазақстандағы көпмәдениетті білім беру жүйесінеV/S талдама

Критерийлер	**Әлемдік көпмәдениетті білім беру**	**Қазақстандағы көпмәдениетті білім беру**
Пайда болуы	1980 ж. басындағы жетекші педагогикалық энциклопедия, 1982 ж. «білім беру саласындағы зерттеулер энциклопедиясының» 5 - ші басылымы, 1985 ж. білім берудің халықаралық энциклопедиясы, 1980 ж. ортасында кәсіби ұйым - Ұлттық көпмәдениетті білім беру қауымдастығының құрылуы. Көпмәдениеттілік философиясын ұстанып 1971 ж. бастап енген Канадада, жұмысшы тап қажеттілігін мойындаған Австрия мен Германияда, XX ғасырдың 90- шы жылдарыРесейде ерекше назарға ие болды.	15/07/1996 ж. ҚР этникалықмәдени білім тұжырымдамасы, 11/07/1997 ж. ҚР тіл туралы Заңы, ҚР 2025 ж. дейінгі Стратегиялық даму жоспары; Н.Ә. Назарбаевтың 14/12/2012ж. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауы; 12/04/2017 ж. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы; 2/09/2019 ж. Қ.К. Тоқаевтың "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен

		өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы.
Таралуы	Көпмәдениетті білім беру идеялары Америкада 1960 ж. ортасында п.б., ол «көп ұлтты білім беру» деп аталды және Еуропаға кейінірек бүкіл әлемге тарады	Білім беру салаларында элективті пән ретінде ішінара кездеседі. Қазақстан халық ассамблеясының іс-шараларында көрніс табады.
Қажеттілігі	Әлем халықтарының ассимиляциясы құрамы аз ұлттарды өздеріне біріктіріп жіберу қауіпін сейілдіріп, аккультурация процесінің орын алуы.	Көпмәдениетті ортаның пайда болып ұлтаралық араздықты төмендетуге, бала кезден мәдени релятивизмнің қалыптасуы үшін қажет.
Пайдасы	Жастарды бейбітшілік пен рухта тәрбиелейді, барлық халықтарды құрметтеу, жас ұрпақтың әртүрлі адамдармен қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру ұлттардың, діндердің, әлеуметтік топтардың, басқа халықтардың мәдениеттерінің өзіндік ерекшелігін түсіну және бағалауды міндет етеді	Көпмәдениетті білім беру толеранттылық, яғни еш ерекшелігіне қарамастан кезкелген ұлт өкіліне адамзаттың өкілі ретінде қарау, достық қарымқатынасты күшейту, ұлтараздық кикілжіңдерді азайту, өз және өзгенің діліне құрметпен қарау, ұлттың жеке территориясына кірмеу, яғни өзіне тән салт-дәстүр, көзқарастарын талқыламауға үйрете алады.
Ерекшеліктері	Мемлекеттегі аз ұлттардың мүдделерін қорғау, барлық қатынастардағы дискриминацияны жоюға, билингвалды жүйеге негізделген.	Жалпы білім беру жүйесіндегі мемлекеттік тіл – «қазақ тілі», ұлтаралық қатынас тілі – «орыс тілі» және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі – «ағылшын тілін» меңгеруге негізделген.
Тәрбиелілігі	Көпмәдениетті тәрбие халықаралық	Көпмәдениетті тәрбие азаматтық, патриоттық,

	ынтымақтастықтың кеңеюіне, этникалық және нәсілдік азшылықтардың көп этникалық құрамы бар қауымдастықтардағы құқықтары үшін күресінің күшеюін реттей алады. Сонымен бірге көпмәдениеттілік ұстаным әлеуметтік үстемдік, ұлттық сәйкестендіру және өзіне деген сенімділікті ұялатады	құқықтық, гумандық бағыттарды біріктіре отырып, қазақстандағы өзге ұлт өкілдерінің қазақ халқының туған жерін, тілін, тарихын, дінін, ділін, әдет-ғұрпын құрметтеуге және сақтауға шақырады, сәйкесінше, олардың да мәдениетін қабылдап, ұлтаралық алағөздік пен араздықты болдырмауға, әлеуметтік және діни толеранттылықты қалыптастыра алады.
Нәтижесі	Әлеуметтік және дамыту жобалары арқылы адамдар арасындағы мәдени алшақтықты азайтуға негізделгенICDO (Вена), ЮНЕСКО қолдауын дағы IFCD және Көне Король университеті (Кингстон, Канада) базасында жүргізілген 21 елдегі мультимәдениеттілік саясатының эволюциясын талдау бойынша ауқымды ғылыми-зерттеу жобасы т.б	Қазақстандағы барлық этностардың мүдделерін топтастырып, азаматтарды ұлтына бөлмей, құқықтары мен бостандықтарының мінсіз сақталуын қамтамасыз ететін 1/03/1995 ж. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы және оның қызметі. Әр облыстағы ассамблея филиалдарының қызмет етуі мен білім саласындағы көпмәдениетті білім беру бағдарламаларының пайда болуы
Анализ		
Қазір әлемдік тенденцияда адам дамуының индексі жоғары елдердің иммиграциялық өсімі байқалған. Зерттеушілер тарапынан осы елдерде көпмәдениеттілікті қолдау, әртүрлі нәсілдік және этникалық топтардың бір-біріне жақсы ықпал етіп, бір-бірімен тығыз байланыста екендігі сондай-ақ, мәдени ықпалдың түрі мен деңгейіне негізделген әр түрлі елдердегі адамдарға деген достық ниеттің орташа айырмашылықтар бар екені анықталған. Бүкіл әлемдегі топтар арасындағы қатынастарды түсіну үшін көпмәдениеттіліктің болашақ бағыттары мен салдары үнемі талқылануы тиіс. Әлем халықтарының әртүрлі болуы адамзаттың әлсіздігі емес, керісінше қоғамды барлық жағынан мықты ететін басты қаруы. Әр адам әлемдегі әртүрлілікті сақтау үшін әр		

мәдениетті, көзқарасты, тілді, дінді және жеке тұлғаны құрайтын барлық тетіктерді қастерлеуге және құрметтеуге бар күшін салуы керек. Мұнықазақтың «кемедегінің жаны бір» деген мақалымен қорытындылауға болады.

Жоғарыда келтірілген көпмәдениеттілік ұғымы мен көпмәдениетті білім беру жүйесіне жасалған халықаралық шолу және әлемдік және қазақстандағы көпмәдениетті білім беру жүйесіне жасалған V/S талдамасына сүйене отырып, аталмыш көзқарастардың барлығы этикалық бағытта екендігін аңғаруға болады. Ұлттық, нәсілдік және этникалық мәдениеттер тек толеранттылық принципі арқылы ғана біріге алады. Демек, көпмәдениетті білім беру арқылы толеранттылық шекарасын бекітуге болады. Осы тұста жас ғалым С.С.Аубакированың «Қазақ қоғамындағы толеранттылықтың тарихи-мәдени типтері: кросс-мәдени зерттеулер» атты PhD докторлық диссертациясы негізінде жасалған сауалнама нәтижесі назар аударуға тұрарлық. Сауалнамаға 10-нан астам ұлт өкілдерінен құралған 1000 респондент қатысқан. Өзге ұлт өкілімен бір топта оқуға, жатақханада бірге тұруға, тұрмысқа шығуға қалай қарайсың деген сұрақтарға респонденттердің басым көпшілігі позитивті жауап қайтарған. Басқа ұлт өкілімен доспын деген 77%, елімізде немесе белгілі бір қалада өзге ұлт өкілдерімен бірге тұруға 88%, респондеттер қарсылық білдірмеген. Ең бастысы респлндеттер толеранттылық, яғни, әртүрлі ұлт өкілдерінің бір-біріне деген төзімділік және достық қарым-қатынас құруын бала кезден қалыптастырған жөн екендігін алға тартқан. Толеранттылықты тәрбиелеу мемлекеттік және қоғамдық институттардың ортақ ісі, басты идеологиялық бағыт. Тарих табыстырған 130-дай ұлттың ортақ мүддесі болуы үшін орта білім беру саласына көпмәдениетті білім беру бағдарламасын оқыту қажеттілігі туындап отыр. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Мектептегі оқыту процесінің тәрбиелік бағыттылығын дамыту» атты әдістемелік құралында «патриоттық және азаматтық санасы жоғары, адамгершілікті, толерантты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды меңгерген, салауатты өмір салтымен өмір сүретін, шығармашылық қабілетін жүзеге асыратын көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың нәтижелі жолының бірі − оқу процесіндегі тәрбие компонентінің әлеуетін арттыру болып табылады» делінген[5].

Әлемде тек бір ғана ұлттан құралған мемлекет жоқ, бірақ негізгі ұлт 90%-дан асатын бір ұлтты елдердің «ұлттық белгілері бойынша жіктеу» топтамасы бар. Онда Еуропада (Исландия, Ирландия, Норвегия, Швеция, Дания, Германия, Польша, Австрия, Болгария, Словения, Италия, Португалия), Азияда (Сауд Арабиясы, Жапония, Бангладеш, Корея, кейбір шағын елдер), Латын Америкасында (үндістер, мулаттар, местизалар бірыңғай ұлттардың бөлігі болып саналады), Африкада (Египет, Ливия, Сомали, Мадагаскар), бір ұлттың күрт басым болуымен, бірақ аз немесе аз маңызды азшылықтардың қатысуымен (Ұлыбритания, Франция, Испания, Финляндия, Румыния, Қытай, Моңғолия, АҚШ, Австралия Одағы, Жаңа Зеландия және т.б.) делінген. Бір планетаны мекендеген адамзаттың ассимиляциялануы экономикалық дағдарыстар,

соғыстар, интернационалды некелер мен отбасылардың болуы, коллонизациялар т.б. себептерге байланысты орын алды. Қайткен күнде де әр ұлт өз бояуын сақтап қалуды мақсат тұта отырып, өзге ұлттармен бірлікте және татулықта өмір сүруді қалайды. Әлемнің көпмәдениеттілікті қолдауы, жастарды толеранттылыққа тәрбиелеудің мәні мен оның мазмұны да осында. Толеранттылықты тәрбиелеу процесі оқу-тәрбие процесін сақтай отырып, көпмәдениетті түсіндіру және оның алуан қырлырына қатысты ойпікірлер алмасу, сұхбаттасу негізінде жатыр. Қоғамда әр түрлі жағдайда, әр түрлі мерзімде және әр түрлі форматта қарым-қатынасқа түсетін ұлт өкілдері мен олардың көзқарастары және түсінік-пайымы сәйкес келмеген жағдайда өзін-өзі бақылау, ұстамдылық, төзімділік, дәрменсіздік, менмендік, сабырлық, сыпайылық т.б. шыдамдылық механизмдері шекарасын белгілеп, сол аралықта өзін лайықты ұстау. Толеранттылық тәрбиелеу ұзақ процесс, себебі толеранттылық - жеке тұлғаның қасиеті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Магомедова, Е.В. Психологические механизмы формирования толерантности. - Екатеринбург: Уральский университет, 2015.
2. Новолодская, С.Л. Многообразие культур и образовательные практики: Поликультурное образование в России и за рубежом. - Санкт-Петербург: Лань, 2016.
3. Шевченко, В.Ф., и др. Современные тенденции в многокультурном образовании. — Москва, 1990.
4. Жүсіпбек, А.Т. Қазақстандағы этномәдени қарым-қатынастар мен көпмәдениетті білім беру.- Қарағанды, 2022.
5. Аубакирова, С.С. Қазақ қоғамындағы толеранттылықтың тарихи-мәдени типтері: кросс-мәдени зерттеулер — Алматы, 2021.

3 СЕКЦИЯ/ SECTION 3

«ҚАЗІРГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫ»

«ИНТЕГРАЦИЯ СОВРЕМЕННОГО ВОСПИТАНИЯ И ОБРАЗОВАНИЯ»

“INTEGRATION OF MODERN UPBRINGING AND EDUCATION”

THE ROLE OF A SOCIAL TEACHER IN THE PROCESS OF PATRIOTIC EDUCATION OF HIGH SCHOOL STUDENTS

Student **Tamirlan ADILOV**
Educational Program of Foreign Languages: Two Foreign Languages
Faculty of Foreign Languages
Karaganda Buketov University, Kazakhstan

Banu ABDRASHEVA
Associate Professor of Karagandy University named after E.A. Buketov

In pedagogical science, the educational process is the object of research of many generations of scientists, representatives of different scientific schools and directions. To date, we can distinguish the following well-established views on education, how this process is understood in pedagogy.

Education is a purposeful and organized process of personality formation. In a broad social sense, education is the transfer of accumulated experience from older generations to younger ones. Experience means knowledge, skills, and methods known to people thinking, moral, ethical, legal norms - in a word, everything created in the process of historical developmentis the spiritual heritage of mankind. In a narrow social sense, education is understood as directed action on a person by public institutions in order to form certain knowledge, views and beliefs, moral values, political orientation, preparation for life [1,p.2].

In a broad pedagogical sense, education isa specially organized, purposeful and controlled influence of the collective,educators on the educated person in order to form thegiven qualities in him, carriedout in educational institutions and covering the entire educationaland educational process. In a narrow pedagogical sense, education is the process and result of educationalwork aimed at solving specificeducational tasks [2, p.4].

Karaganda Buketov University, Kazakhstan
banu_26_02@mail.ru

In this article we will consider such a directionof the educational process as patrioticeducation of high school students, as well as the roleof social pedagogue in this process.

Patriotic education of high school students is theprocess of forming the readiness of the younger generationto fulfill their civic duty, constitutionalobligations, fostering a sense of pride in the motherland,fostering pride in their people, for those people who defendedour Fatherland [3, p.13].

As part of the study of the problem of patrioticnutrition of high school students, we developed andtested the questionnaire "Patriotism is ..." among high school studentsof secondary schools in the cityof Karaganda, Republic of Kazakhstan. With the help of thisquestionnaire, we received information about the formationof the cognitive component of patriotic educationof high school students, the results are shown in Table 1.

The data reflected in Table 1 allowus to conclude that all respondents (100%) definepatriotism as love for the Motherland and readiness to protect it. Also, high rates were noted instudents' representations of patriotism as a desire to servethe interests of the Fatherland (95%) and as devotionto their people (92%, respectively).

The indicators concerningstudents' perceptions of patriotism as a nationalunity (10%) look extremely disappointing. With the willingness and ability to make contactswith people of othernationalities, only 8% of respondents associate patriotism. It is also alarming thatnone of the respondents sees patriotismas a source of creativity.

Thus, we can conclude that studentsknow what "patriotism" is in its simplestaspects, such as: to love the Motherland, to protect it, to serveits interests. But this knowledge does not become the foundationfor activities aimed at the benefit of the Fatherland,namely: to take care of nature, to beinvolved in the fate of other citizens of the country, to be inspiredby their Homeland and to create thanks to a sense of patriotism.

Based on the understanding of patrioticeducation as a purposeful impact onthe situation of immediate development in the "child - world" system,it is possible to detect a significant role of socio-pedagogical work in this direction.

Socio-pedagogical work isa variety of professional activities aimed athelping a child in the process of his socialization,mastering socio - cultural experience and creatingconditions for his self-realization in society [4,p.7].

It is implemented by all teachers, but a special roleis assigned to the socialpedagogue, as a specialist who mostcomprehensively contributes to the broadsocial
integration of the individual into society.

Within the framework of understanding the socio-pedagogical workas one of the possibilities of implementingthe patriotic education of high school students,the following tasks can be divided, which can be solvedby a social pedagogue:

- philosophical and ideological preparation of teaching-the formation of self-awareness, valueattitude to their native Land, history, people, stateand the values of their revival and development;

– introduction to the system of the most important values reflectingthe richness and originality of the history and culture of thepeoples inhabiting the country, the formation of needsfor high spiritual, moral and cultural valuesand their further development;

– creation of specific conditions for the realization of the inclinationsand abilities of various groups of students, taking into accounttheir interests and needs in the specific conditionsof the current stage of the socio-historical development of the state;

– fostering respect for the law, the normsof collective life, the development of social and civicresponsibility as the most important characteristics of youngpeople, manifested in concern for the well-being of theircountry, its strengthening and protection;

– education of a positive attitude to work asthe highest value in life, the development of the need for workfor the benefit of society, the state, the formation of socially significant activity aspirations;

– formation and development of tolerance of studentsto various social groups, respect for the history,culture and language of various peoples living onthe territory of our state.

In the context under study, the solution of these tasksof patriotic education of high school students can be carried out by asocial teacher through the followingforms of work: individual, group community.

Socio-pedagogical work is based onprofessional interaction in the human-human system. The work of a specialist with a person, group andcommunity has its own specific features [5,p. 32].

For each of these forms of SPW, a social pedagogueshould use the most effective methods ofwork. Under the methods of patriotic education, there are methods ofactivity that differ in their originality, which are used in the educational processto achieve its goals.

Individual socio-pedagogical workwith the student's personality involves the organization of short-term or long-term contacts, trustingand productive communication. At the same time, the main purposeof the specialist is to help the student understand his role insociety, realize responsibility for compliance with the laws ofthe state, norms of collective life, etc.

The upbringing of an active life position, a senseof patriotism in a high school student is most effectivelyrealized in the conditions of group interaction. Thisis explained by the fact that interpersonal communication in a groupincreases the effectiveness of educational work andthe development of a sense of patriotism among students. The specificsof the implementation of the SPW is the desire to activatethrough group communication.

A special place in the SPW for fostering a sense of patriotism among highschool students is occupied by the family asa small social group. A social teacher can indirectlyinvolve family members in the process of forming a senseof patriotism in a student. Among the forms of work of a socialpedagogue with a family, one can distinguish such as the presentationof the pedigree of his family, interviews with parents, etc.

Work in the community is considered as a socio-political means of satisfying the interests, needs, and expectations of citizens. At the same time, the task is toensure that the client understands the close dependenceand interdependence of personal and publicproblems. He should take an active part incollective actions aimed at solving situations.

This method consists of clarifying the essence and type of the problem,analyzing the causes, developing a strategy, program,plans, attracting the necessary resources, identifyingand involving leaders, developing relations between members
of society to facilitate their efforts" [6, p.17].

The communal form of SPW also plays a special role in theprocess of forming a sense of patriotism among high school students. Its specificity lies in the organization of work tocoordinate the activities of a wide range of socialinstitutions that promote patriotic educationof the individual. Among them, institutions ofeducation and culture play a special role. This form of workis designed to implement the principle of complexity in the process of socialintegration of the individual, the development of its social activity.

In these conditions, in order to implement the tasks of patrioticeducation, a social teacher cancarry out the following types of activities. For example, createblog of patriotic content in social networks,take part in television programs wherethe problems of developing a sense of patriotismof the younger generation are considered, cover the resultsof educational events ofpatriotic orientation in the media.

It is very important that the work on patrioticeducation should not be reduced to isolatedindividual measures, should not be a kind of action.

The above analysis of the essence of socio-pedagogical work, its forms and methods; the professionalrole of a social pedagogue in the development of social activityof the individual allows us to testify to the possiblesignificance of the latter in the formation of a sense of patriotismamong high school students. Thus, thesocial pedagogue faces the need to createa system of patriotic education of high school studentsduring the educational process.

The basis for the developmentof a system of patriotic education can be such normative legal documents of the Republic of Kazakhstanas the State Program for the Development of Educationand Science of the Republic of Kazakhstan, the Law of the Republicof Kazakhstan "On Education", the Concept of education inthe system of continuing education of the Republic of Kazakhstan,The concept of strengthening and developing Kazakhstan's identity and unity, the annual Messages of the President of the Republicof Kazakhstan to the people of Kazakhstan and the Patriotic Act"Mangilik El", in which the ideological basisof patriotism is given, the goals, objectives and directionsof patriotic education of youth are clearly defined.

References:

1. Khalmenova A. B. Pedagogical conditions for the formation of patriotic qualities of a person in the process of local historymactivity in a secondary school (based on the material of the South Kazakhstan region): Abstract of the dissertation of the Candidate of Pedagogical Sciences: 13.00.01. Shymkent, 2010. 18 p.

2. Bednik D. V. Patriotic education: from paradoxes of behavior to standards of education //Librarianship. - 2006. No. 2. pp. 2-8.
3. Bykov A. K. Formation of patriotic consciousness of youth // Pedagogy. - 2010. No. 9. pp. 10-21.
4. Krivorotov D. A. Socio-pedagogical aspects of patriotic education and the implementation of its functions:Abstract of the dissertation of the Candidate of Pedagogical Sciences: 13.00.01. Nizhnevartovsk, 2005. 24 p.
5. Shashkova's T. A. Handbook of a social pedagogue. Grades 5-11. Moscow: WACO, 2007. 194 p.
6. Nikitina L. E. Technology of socio-pedagogical work: A brief analysis// Education of schoolchildren. 2000. No. 10. pp. 14-26.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ-ШЕКСІЗ МҮМКІНДІКТЕР ӘЛЕМІ

КДР-22-2к топ студенті **Балжан ПШАН**
КДР-22-2к топ студенті **Аслан ТЛЕУТАЙ**
КДР-22-1к топ студенті **Медина ЕЛЕУСІЗОВА**
аға оқытушы **Нұргүл МҰҚАН**
Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

Аннотация. Мақалада шығармашылықтың адам өміріндегі орны мен маңызы, сондай-ақ оның шексіз мүмкіндіктер әлемі ретіндегі рөлі қарастырылады. Автор шығармашылықтың жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуындағы, қоғамның өркендеуіндегі және инновацияларды қалыптастырудағы ықпалын талдайды. Сонымен қатар, шығармашылық қабілеттерді дамытудың жолдары мен тәсілдері, креативті ойлаудың заманауи өмірдегі маңызы туралы тұжырымдар беріледі. Мақала оқырманды шығармашылықтың мүмкіндіктерін тереңірек түсінуге және оны өмірде тиімді қолдануға шабыттандырады.

Кілт сөздер: шығармашылық, креативтілік, мүмкіндіктер, ойлау қабілеті, даму, инновация, шабыт, өнер, тұлғалық өсу.

Кіріспе

Шығармашылық - адам баласының ең құнды әрі қайталанбас қабілеттерінің бірі. Ол-жаңа идеялардың, ерекше шешімдердің және тың көзқарастардың бастауы. Қоғам дамуының кез келген кезеңінде шығармашылық ойлау мен жаңашылдықтың маңызы зор болды, ал бүгінгі күнде бұл қабілет тіпті

Қарағанды, Қазақстан /e – posta: eranurr_88@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-8868-8529

де өзекті бола түсті. Ғылым мен техника қарыштап дамып жатқан заманда, кез келген салада табысқа жетудің, бәсекеге қабілетті болудың басты шарты-шығармашылық әлеуетті дұрыс пайдалану. Бұл мақалада шығармашылықтың мәні, оның адам өміріндегі рөлі және оны дамыту жолдары қарастырылады. Шығармашылық-тек өнер адамдарына ғана тән емес, ол әрбір тұлғаның ішкі әлемінде бар және оны ояту-әркімнің қолынан келетін үдеріс.

Шығармашылық -бұл жаңа, бұрын болмаған идеялар мен шешімдерді табу қабілеті. Бұл ұғым адамның ойлау, қиялдау, сезіну және дүниетанымының нәтижесінде туындайтын ерекше процесс ретінде қарастырылады. Шығармашылық -тек өнер немесе әдебиет саласына ғана тән құбылыс емес, ол ғылымда, техникада, кәсіпкерлікте, білім беру мен күнделікті өмірде де кеңінен көрініс табады. Оның басты ерекшелігі- стандартты емес, тосын шешімдер мен тың көзқарастарға негізделуінде [1].

Шығармашылықтың мәні адамның ішкі дүниесінде жатыр: ол қиял мен логиканың, эмоция мен интеллекттің, тәжірибе мен интуицияның үйлесімінен туындайды. Бұл-тек дарынды адамдардың ғана емес, әрбір адамның бойында болатын әлеует. Алайда ол әлеуетті ашып, дамыту үшін арнайы жағдайлар мен өзіндік талпыныс қажет. Шығармашылық - адамның еркіндігін, даралығын көрсететін құрал. Ол арқылы адам өзін-өзі танып, ішкі жан дүниесін білдіре алады. Шығармашылық-жеке тұлғаның жан-жақты дамуының негізгі факторларының бірі. Ол адамның ойлау қабілетін тереңдетіп, өзіндік көзқарасын қалыптастыруға септігін тигізеді. Шығармашылықпен айналысатын адамдар өмірге өзгеше, жан-жақты қарайды, олар жаңалыққа құмар, өз мәселелерін дәстүрлі емес жолмен шешуге тырысады. Мұндай қасиеттер тұлғаның өзін-өзі дамытуына, өмірлік бағытын табуға үлкен әсер етеді [2].

Кәсіби салада шығармашылықтың маңызы орасан зор. Қазіргі еңбек нарығында тек білімді ғана емес, сонымен қатар креативті ойлай алатын, жаңашыл идеяларды жүзеге асыра алатын мамандар жоғары бағаланады. Бұл әсіресе дизайн, жарнама, IT, білім беру, ғылым және бизнес салаларында айқын байқалады. Шығармашылық арқылы кәсіпорындар мен ұйымдар жаңа өнімдер шығарып, нарықта бәсекеге қабілетті бола алады. Әлеуметтік және мәдени деңгейде де шығармашылықтың рөлі ерекше. Ол ұлттық өнер мен дәстүрді сақтап қана қоймай, оны жаңғыртып, әлемге танытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар шығармашылық қоғамда мәдени сананы қалыптастырып, рухани өмірді байытады. Ол адамдарды біріктіретін, түсіністік пен шабыт сыйлайтын қуатты құралға айналады.

Шығармашылықты дамыту - үздіксіз және мақсатты үдеріс. Ол адамның жас ерекшелігіне, қоршаған ортасына, алған білімі мен өмірлік тәжірибесіне байланысты әртүрлі деңгейде көрініс табады. Шығармашылықты дамыту ең алдымен бала жастан басталуы тиіс. Балалардың ойыны, сурет салуы, ертегі құрастыруы - бәрі де шығармашылықтың бастапқы көріністері. Сондықтан отбасында да, мектепте де баланың қиялын шектемей, еркін ойлауға мүмкіндік беру маңызды. Білім беру жүйесінде шығармашылықты дамыту үшін дәстүрлі оқыту әдістерінен бөлек, жобалық жұмыстар, сыни ойлау жаттығулары, топтық

пікірталастар мен зерттеу жұмыстары қолданылады. Оқушыларды тек дайын ақпаратты меңгеруге емес, оны өңдеуге, қайта құруға және жаңаша ұсынуға үйрету шығармашылықтың негізі.

Ересектер үшін де шығармашылықты дамыту мүмкін. Арнайы тренингтер, шығармашылық шеберханалар, медитация, еркін жазу, өнермен айналысу, жаңа тәжірибе іздеу - мұның бәрі адамның ішкі мүмкіндіктерін ашуға ықпал етеді. Сонымен қатар креативті ортада болу, шабыттандыратын адамдармен қарым-қатынас жасау да шығармашылықты қолдайды. Цифрлық заманда технологияның өзі де шығармашылықтың жаңа құралдарына айналды. Графикалық дизайн, анимация, музыка жасау бағдарламалары, цифрлық әңгімелеу - мұның бәрі шығармашылық қабілетті кең ауқымда іске асыруға мүмкіндік береді. Алайда, ең маңыздысы - адамның өзіне сенуі, ізденуі және ешқашан тоқтамауы [3].

Бүгінгі жаһандану және цифрлану дәуірінде шығармашылықтың шекарасы бұрынғыдан да кеңейіп отыр. Технологиялардың қарқынды дамуы, ақпараттың еркін таралуы және жаһандық ынтымақтастық мүмкіндіктері креативті ойлауға жаңа серпін берді. Қазіргі таңда шығармашылық тек өнер мен ғылымда ғана емес, бизнесте, білім беруде, медицинада, тіпті саясатта да ерекше маңызға ие болды. Интернеттің арқасында әрбір адам өз идеясын жаһандық аудиторияға ұсына алады. Әлеуметтік желілер, блогтар, подкасттар және онлайн платформалар шығармашылық туындыларды жариялауға, идеяларды таратуға және өзге адамдармен бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Цифрлық дизайн, анимация, виртуалды және кеңейтілген шындық, жасанды интеллект негізіндегі өнер сияқты жаңа бағыттар шығармашылықты бұрын-соңды болмаған деңгейде дамытуға жол ашты. Шығармашылықтың тағы бір маңызды мүмкіндігі-мәдени әртүрлілікті қолдау. Заманауи әлемде әртүрлі мәдениеттердің тоғысуы жаңа синтездер мен бірегей өнер туындыларын дүниеге әкеледі. Бұл үрдіс әлем халықтарының бір-бірінің мәдениетін тануына және құрметтеуіне ықпал етеді.

Шығармашылық жолында кездесетін қиындықтар да аз емес. Біріншіден, шығармашылықты тежейтін ең үлкен фактор қорқыныш пен сенімсіздік. Адам өз идеясын жариялаудан, сын естуден қорқуы мүмкін. Бұл ішкі тосқауыл шығармашылық бастаманы басып тастайды және жаңа идеялардың пайда болуына кедергі жасайды. ақпараттың шамадан тыс көптігі де кейде шығармашылыққа кері әсер етеді. Қазіргі ақпараттық ғасырда адамның миы үнемі жаңа мәліметтермен толтырылады, бұл шынайы өзіндік ойлауды қиындатады. Көп адам басқа біреудің идеясын қайталауға бейім болып кетеді де, нағыз түпнұсқалықты жоғалтады. Бұл қиындықтарды жеңу үшін адамға батылдық, табандылық және өзін-өзі қолдау қажет. Шығармашылық еркіндіктің атмосферасында ғана гүлденеді. Қателіктерден қорықпау, жаңа нәрселерді сынап көру, ішкі дауысты тыңдау және үздіксіз даму шығармашылық жолындағы негізгі қағидалар болуы керек [4].

Шығармашылық - адамның шексіз мүмкіндіктерінің қайнар көзі әрі жеке дамудың, қоғамдық прогрестің негізгі күші. Бүгінгі заманауи әлем

шығармашылыққа кең өріс ашып отырғанымен, оны жүзеге асыру жолында әртүрлі қиындықтар мен тосқауылдар да кездеседі. сенім, табандылық және үздіксіз ізденіс арқылы әр адам өз шығармашылық әлеуетін ашып, жеке өмірінде де, кәсіби саласында да үлкен жетістіктерге қол жеткізе алады. Шығармашылық бұл тек дарын емес, ең алдымен еңбектің, батыл қиялдың және еркін ойлаудың жемісі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2021. – 195 б. Абай – қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы

2. Еспенова А., Мусабекова Л. Дәстүрлер мен инновациялар бейнелеу өнеріндегі шығармашылықтың қайнар көзі ретінде // Central Asian Journal of Art Studies. – 2024. – Т. 9, №3. – Б. 194–215.

3. Исақанова С.Ш. Балалар кітапханаларының дамуы мен қалыптасуы // Оқу мәдениеті және кітапханатану. – Алматы: Тұран университеті, 2023. – Б. 126–130.

4. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 2020. – 320 б.

ӨЗГЕДЕН ӨНЕРІМЕН ЕРЕКШЕ БАҒЫТ

КДР-22-2к топ студенті **Махаббат МАХАДИ**
КДР-22-1к топ студенті **Аружан БАҒДАТҚЫЗЫ**
КДР-22-1к топ студенті **Аружан ИМАНТҮСІП**
аға оқытушы **Нұргүл МҰҚАН**
Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

Аннотация: Бұл мақалада мәдени демалыс саласындағы нақты шығармашылық бағыттардың теориялық негіздері мен практикалық қолданылуы жан-жақты қарастырылған. Автор «өнер арқылы көзге түсу» ұғымына қазіргі мәдени ойын-сауық кәсібіне тән кәсіби құбылыс ретінде анықтама беріп, оның әлеуметтік және тұлғалық ауқымдағы маңыздылығын негіздейді.

Мақалада шығармашылық даралық, этномәдениет элементтерін заманауи форматтармен үйлестіру, инклюзивті мәдени орта құру сияқты өзекті

Қарағанды, Қазақстан /e – posta: eranurr_88@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-8868-8529

мәселелерге тоқталып, нақты мысалдар келтірілген. Сондай-ақ мәдени-демалыс саласы мамандарына арналған авторлық жобалар мен арнайы форматтағы іс-шаралардың маңыздылығы мен тиімділігі теориялық тұрғыдан сарапталып, олардың болашақтағы даму мүмкіндіктері айқындалды. Жұмыстың мақсаты – мәдени-демалыс саласының мамандарын шығармашылыққа жаңа серпін беретін, жаңашылдыққа жетелейтін ғылыми-практикалық негіздермен қамтамасыз ету.

Кілт сөздер: Мәдени тыныңу, шығармашылық бағыт, даралық, жаңашылдық, этномәдениет, инклюзивті мәдениет, мәдениет орталығы, ерекше формат, авторлық жоба, өнер кеңістігі, заманауи мәдениет, рухани даму, мәдени коммуникация, эстетикалық тәрбие.

Кіріспе

Қазіргі дәуірде қоғамдық дамудың негізгі көрсеткіштерінің бірі – халықтың рухани-мәдени өмір сүру деңгейі. Адам үшін тек материалдық құндылықтар ғана емес, рухани байлықтың да маңызы зор. Осыған байланысты мәдени-демалыс саласының маңызы артып келеді. Бұл сала адамдардың бос уақытын мәнді өткізуге, ішкі жан дүниесін байытуға, эстетикалық талғамын қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Мәдени тыныңу мамандығы тек қана концерт, көрме немесе іс-шара ұйымдастырумен шектелмейді. Бұл әрбір адамның өмір сапасын арттыруға бағытталған, рухани серпіліс пен қоғамдағы мәдени белсенділікті дамыту жолындағы қызмет. Осы мамандық аясында қалыптасқан "Өзгеден өнерімен ерекше бағыт" ұғымы тұлғаның шығармашылық даралығын, кәсіби бәсекеге қабілеттілігін және мәдени жаңашылдығын сипаттайды. Бұл мақалада дәл осы ерекшелікті теориялық және практикалық тұрғыдан қарастырамыз.

Мәдени тыныңу – адамның бос уақытын әлеуметтік және мәдени мағыналы өткізу процесі. Бұл жеке тұлғаны эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеуге, оның шығармашылық әлеуетін арттыруға, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге қызмет етеді. Бұл салада қызмет ететін мамандардың басты мақсаты – жеке тұлғаның мәдени дамуын қамтамасыз ету, оның өмірін сапалы әрі мазмұнды ету.

Мәдени демалыс шаралары көп қырлы: олар концерттік бағдарламалар, театрлық қойылымдар, шеберлік сабақтары, тренингтер, клубтық бірлестіктер, халықтық фестивальдер, өнер студиялары сияқты әртүрлі нысандарда болады. Заманауи мәдени демалыс саласында бірегей бағытты қалыптастыру табысты жұмыстың басты шартына айналуда. Бұл бірегей идеяны, жаңа көзқарасты және шығармашылық батылдықты білдіреді. Әрбір маман өзінің ерекше стилін тауып, басқалардан ерекшеленуі керек. Өнердегі «өз ізін қалдыру» - ұзақ мерзімді табысқа апаратын жол.Мәселен, қазіргі уақытта дәстүрлі концерттерден гөрі мәдениет ошақтарындағы интерактивті шараларға сұраныс артып отыр. Бұл аудитория мен орындаушы арасындағы шекараны бұзу, бірге қозғалу және тәжірибе алмасу туралы. Мәдени ойын-сауық мамандары мұндай мүмкіндіктерді өз бағдарламаларына енгізіп, жаңа форматтар жасауда. Мәдени тыныңу – бұл адам өмірінің бос уақытын тиімді және мәнді өткізуге бағытталған мәдени

қызметтің түрі. Ол өнер, музыка, театр, қолөнер, би, ұлттық ойындар және түрлі шығармашылық іс-шаралар арқылы жүзеге асады.

Мәдени демалыс мамандары үшін өнер арқылы ерекшелену маңызды қасиет болып табылады. Қазіргі таңда жастардың мүддесі сан қырлы болғандықтан, оларға бағытталған жобалар да бірегей тәсілдерді қажет етеді. Мысалы, заманауи би студияларын ұлттық элементтермен үйлестіру немесе музыкалық қойылымдарды интерактивті форматта өткізу – бұл шығармашылық бағыттың жаңа қырлары.Мәдени демалыс саласындағы спецификалық тенденциялар көбінесе бірегей идеялар мен ерекше жобаларда көрініс табады. Мәселен, ұлттық өнер мен заманауи мәдениетті үйлестірген ауылдарда этнофестиваль ұйымдастыру да өзгелерден ерекшеленіп, өнеріңізбен танылудың бір жолы.Мұндай шығармашылық ізденістер адамның кәсіби шеберлігін шыңдауға, шығармашылық ой-өрісін кеңейтуге, қоғамға рухани үлес қосуға қызмет етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік инклюзияға мәдени демалыс орталықтары арқылы да қол жеткізуге болады мүгедектерге, жасөспірімдерге немесе зейнеткерлерге арналған арнайы бағдарламалар әзірлеу де жеке бағыт болып табылады.

Мәдени демалыс мамандары үшін шығармашылық ізденіс күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Қоғамда болып жатқан мәдени өзгерістерді байқап, үнемі ізденіс үстінде болу – бұл кәсіптің басты қасиеті. Көпшіліктен ерекшеленіп, жаңа бағыт ұсыну үшін кәсіби білім мен дағды жеткіліксіз; Жаңашыл ойлау, көркемдік талғам да керек.

Өнер арқылы ерекшелену тек сырттан әдемі көріну емес, бұл терең ішкі дайындықтың нәтижесі. Мысалы, әр аймақтың бірегей мәдени ерекшеліктеріне негізделген бағдарламаларды әзірлеу арқылы халықпен эмоционалды байланыс орнатуға болады. Мұндай жобалар дәстүрлі құндылықтар мен заманауи талаптарды үйлестіруі керек. Мысалы, ұлттық музыкалық аспаптарды жаңа стильде енгізу немесе дәстүрлі би элементтерін заманауи хореографиямен үйлестіру – тың бастамалардың жарқын мысалы. Бүгінгі таңда цифрлық технологиялардың дамуы мәдени ойын-сауық саласында жаңа бағыттардың пайда болуына әкелді. Әлеуметтік желі арқылы таралатын онлайн іс-шаралар, виртуалды көрмелер, флешмобтар – мұның бәрі шығармашылықтың жаңа түрлері. Әсіресе, пандемия кезінде мәдени өнімдерді қашықтықтан жеткізу қажеттілігі туындап, бұл салада жаңа платформалар мен тәсілдер кеңінен қолданыла бастады.

Бұл жағдай мәдени ойын-сауық мамандары үшін медиаменеджмент, контент құру және цифрлық сауаттылық сияқты жаңа құзыреттерді дамытуды талап етеді. Бұл бағытта арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастырып, жастарды шығармашылық пен технологияны ұштастыруға шақыру маңызды. Бұл өз кезегінде шығармашылық қызметтің ыңғайлылығын арттырады.

Мәдени демалыс саласында өзін дәлелдеп, жолын тапқан маман жай ұйымдастырушы емес, нағыз басшы. Ондай маман өзінің идеясымен, жүрек жылуымен, адами қасиетімен, суреткерлік шеберлігімен ерекшеленеді. Оның қызметі мәдени-көпшілік шараларды өткізумен ғана шектелмейді, ол қоғамның рухани тірегі қызметін атқарады.Көшбасшы болу үшін кәсіби біліммен қатар

эмоционалдық интеллект, коммуникативті дағдылар, көшбасшылық қасиеттер, жауапкершілік, жанашырлық қажет. Қоғамда болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарамай, әлеуметтік мәселелерге мәдениеттілікпен қарау – нағыз мәдени демалыс маманының міндеті.

Қорытынды

Мәдени тынығу мамандығы – қазіргі қоғамда аса қажет әрі дамуға бейім сала. «Өзгеден өнерімен ерекше бағыт» дегеніміз – әрбір маманның дара жолы, шығармашылық ерекшелігі мен жаңашылдығы. Бұл бағыт тек көрерменге эстетикалық ләззат сыйлау емес, сонымен қатар рухани құндылықтарды насихаттау мен қоғамды мәдени тұрғыдан жаңғыртудың бір тетігі. Болашақ мәдени тынығу мамандарының басты мақсаты – өзіндік ерекшелігін табу, оны қоғаммен бөлісу және сол арқылы ұлттық мәдениетіміздің дамуына үлес қосу. Мәдени тынығу тек уақыт өткізу ғана емес, бұл рухани кемелденудің, өзін-өзі танып-білудің, шығармашылық тұрғыдан даму жолы. «Өзгеден өнерімен ерекше бағыт» – мәдени тынығу саласында жеке дара жол табудың, тың идеяларды жүзеге асырудың, кәсіби шеберлікті арттырудың синонимі.Осындай ерекше бағыттағы жұмыс қоғамға да, жеке тұлғаға да мол пайда әкеледі. Біріншіден,көрермендердің санасын жаңғыртуға көмектеседі, екіншіден халықтың мәдени деңгейін арттырады, үшіншіден болашақ мамандарға шабыт береді. Болашақ мәдени тынығу мамандары өз бағыттарын табуда батыл, шығармашыл және жаңашыл болуы тиіс. Осы арқылы олар қоғамда орны бар, беделді кәсіби тұлға ретінде қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев, С. «Мәдениеттану негіздері» – Алматы: Білім, 2020.
2. Нұрғожаева, А. "Мәдени тынығу теориясы және практикасы." – Астана: Фолиант, 2019.
3. Тоқберген, Н. «Қазіргі замандағы мәдени-ағартушылық қызмет» – Шымкент, 2021.
4. UNESCO. «Culture and Creativity Report» – Paris, 2022.
5. Жетпісбаев, Т. «Шығармашылықтың психологиялық негіздері» – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
6. Сатыбалдиева, Ж. «Қазақстандағы мәдени-тынығу жұмыстарының әлеуметтік рөлі» – Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ баспасы, 2020.
7. Нұрғалиева, М. «Инновациялық мәдениет және шығармашылық даму»– Астана: Ұлт болмысы, 2021.
8. Абай атындағы ҚазҰПУ. «Мәдениет және өнер саласындағы кәсіби бағыттар»– Алматы, 2022.

МӘДЕНИ - ТЫНЫҒУ ЖҰМЫСЫ - ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС БАРЫСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

КДР-22-1к топ студенті **Айжан САРСЕНБАЕВА**
КДР-22-1к топ студенті **Аружан ИЗАТОВА**
КДР-22-1к топ студенті **Күмісжан ЖҰМАЖАН**
аға оқытушы **Нұргүл МҰҚАН**
Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

Аннотация. Бұл мақалада мәдени-тынығу саласындағы жастармен жұмыс жүргізудің жаңа бағыттары мен инновациялық жобалар талданады. Қазіргі таңда жастар саясатының маңызды бір бағыты – олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру болып табылады. Мәдениет пен тынығу орталықтарының жаңа технологиялар мен креативті әдістерді қолдану арқылы жастарды қоғамдық өмірге тарту, патриоттық сезімді дамыту және шығармашылық қабілеттерін ашу жолдары қарастырылады.

Түйін сөздер: мәдени-тынығу жұмысы, жастар саясаты, инновациялық жобалар, бос уақытты ұйымдастыру, креативті тәсілдер, цифрлық мәдениет, жастармен жұмыс, әлеуметтік белсенділік, шығармашылық даму, мәдениет орталығы.

Abstract. This article analyzes new directions and innovative projects in working with youth within the field of cultural and leisure activities. Today, one of the key areas of youth policy is the effective organization of their free time. The paper explores how cultural and leisure centers can engage young people in public life, foster patriotism, and unlock their creative potential through the use of new technologies and creative approaches.

Keywords: cultural and leisure activities, youth policy, innovative projects, leisure time organization, creative approaches, digital culture, youth engagement, social activity, creative development, cultural center.

Қарағанды, Қазақстан /e – posta: eranurr_88@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-8868-8529

Қазақстан қоғамында жастар – елдің стратегиялық ресурсы. Олардың мәдени және рухани дамуын қамтамасыз ету, бос уақытын тиімді пайдалану – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Осы орайда мәдени-тынығу жұмысы жастармен жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралардың басты құралына айналып отыр. Бұл салада инновациялық жобаларды енгізу – заманауи талаптарға сай тәрбиелік процесті жандандырудың тиімді жолы.

Мәдени-тынығу жұмысының маңызы

Мәдени-тынығу жұмысы – жастардың бос уақытын мазмұнды өткізуіне, рухани дамуына және әлеуметтік белсенділігінің артуына ықпал ететін маңызды әлеуметтік-педагогикалық қызмет. Ол жастардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіріп, тұлғалық және эстетикалық қалыптасуына жағдай жасайды. Ақпараттық-технологиялық дәуірде бұл жұмыс ұлттық мәдени құндылықтарды дәріптеу, рухани жұтаңдықтан сақтандыру және ортақ мәдени орта қалыптастыру құралы ретінде маңызды. Жастардың қызығушылығына сай түрлі форматтағы мәдени іс-шаралар ұйымдастыру олардың әлеуетін ашуға жол ашады.

Жастармен жұмыс жүргізудегі инновациялық бағыттар

Бүгінгі жастар технологиямен тығыз өмір сүретін әлеуметтік топ болғандықтан, мәдени-тынығу жұмыстары да жаңашыл тәсілдерге негізделуі тиіс. Инновациялық бағыттар – олардың қызығушылығын оятып, қоғамдық өмірге тартудың тиімді жолы. Цифрлық платформалардағы онлайн кездесулер, челленджер мен виртуалды көрмелер жастар белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, квест-ойындар мен интерактивті жобалар тарихи және патриоттық мазмұнды шығармашылықпен ұштастыра отырып, топпен жұмыс істеу қабілетін дамытады. Мәдени хакатондар мен идеялар байқаулары арқылы жастар өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Жастарға бағытталған табысты жобалар мысалдары

Қазіргі таңда жастардың мәдени-әлеуметтік белсенділігін арттыру мақсатында елімізде көптеген табысты жобалар жүзеге асуда. Бұл жобалар жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық мәдениетті танып-білуге, сондай-ақ заманауи технологияларды игеруге мүмкіндік береді.

Мәселен, Алматы қаласында жүзеге асырылған *ArtLab жастар студиясы* — жастарға арналған заманауи шығармашылық кеңістік. Мұнда бейнелеу өнері, арт-терапия, фотоөнер және театр бағытында шеберлік сабақтары өткізіледі. Бұл студия эмоционалды тұрақтылықты дамытып, жастардың өзін-өзі тануына және өнер арқылы ішкі дүниесін жеткізуіне мүмкіндік береді.

Астана қаласындағы *Sanaly Urpaq Hub* жобасы жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Жоба аясында жастарға арналған тренингтер, пікірталас алаңдары, онлайн және офлайн

форматтағы креативті медиа жобалар жүзеге асырылады. Бұл бастама жас ұрпақтың құқықтық және азаматтық сауаттылығын арттыруда ерекше рөл атқаруда.

Түркістан облысында жүргізілген *Ауыл жастары академиясы* жобасы ауылдық жерлердегі жастарға арналған ерекше бастама ретінде ерекшеленеді. Жоба аясында көшпелі семинарлар, цифрлық сауаттылық сабақтары, кәсіпкерлікке баулу курстары өткізіледі. Мұндай жобалар шалғай өңірлердегі жастарды да дамудың жаңа деңгейіне шығаруға ықпал етеді.

Проблемалар және шешу жолдары

Жастармен мәдени-тынығу жұмысын жүргізуде бірқатар өзекті қиындықтар кездеседі. Ең алдымен, мәдениет үйлерінің материалдық-техникалық базасы әлсіз, құрал-жабдықтар ескірген, интернет қолжетімсіз. Бұл жастарды тартуға кедергі келтіреді. Мұны шешу үшін жергілікті қаржыландыруды арттырып, демеушілік пен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік тетіктерін қолдану қажет.

Екінші мәселе – кәсіби кадрлардың жетіспеушілігі. Мамандардың әдістемелік және технологиялық даярлығы әлсіз, мотивациясы төмен. Олардың біліктілігін арттыру курстары мен әдістемелік қолдау жүйелі түрде ұйымдастырылуы тиіс.

Үшінші – ақпараттандыру деңгейінің төмендігі. Көптеген жастар мәдени жобалар туралы хабарсыз. Бұл ретте әлеуметтік желілер арқылы жарнама жүргізіп, білім беру орындарында ақпараттық кездесулер ұйымдастыру маңызды.

Қорытынды

Мәдени-тынығу жұмысы жастардың тұлғалық және рухани дамуына ықпал ететін маңызды сала. Бүгінде бұл бағытта инновациялық жобалар қолданылып, жастардың бос уақыты тиімді ұйымдастырылуда. Алайда материалдық база, кадрлар мен ақпараттық қолжетімділік мәселелері әлі де өзекті. Сондықтан жастардың сұранысына сай, мазмұнды жобаларды жүзеге асыру үшін кешенді әрі жүйелі шешімдер қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы. – Астана, 2006. – http://adilet.zan.kz
2. Қазақстан Республикасының 2021–2025 жылдарға арналған Жастар саясаты тұжырымдамасы. – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. – Нұр-Сұлтан, 2021.
3. Төлеуова А.Ж. Мәдени-тынығу жұмыстарының ұйымдастырылу негіздері. – Алматы: Білім, 2019. – 232 б.
4. Мұхамбетова А., Жолымбетова Б. Жастармен әлеуметтік жұмыс: теориясы мен практикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 176 б.

5. Қожахметова К. Жастардың бос уақытын ұйымдастырудың мәдени-әлеуметтік маңызы // «Педагогика және психология» журналы. – 2021. – №2. – Б. 41–46.
6. UNESCO. Youth and Cultural Participation: Global Trends. – Paris: UNESCO Publishing, 2021. – https://unesdoc.unesco.org

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПАРАДИГМАЛАР

физика пәні мұғалімі **Жадыра АЙТБАЕВА**
«№86 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Латын тілінен аударғанда «парадигма» сөзі «мысал» дегенді білдіреді. Қазіргі педагогикада ол білім берудің тұжырымдамалық моделі ретінде қолданылады.

Жалпы білім беру үрдісіндегі парадигма 1991 жылы мұғалімдердің бастамасымен еңгізілген болатын. Кейбір зерттеушілер аталған парадигманың уақытша құбылыс екенін, кейін менталитетке сай келетін білімдік парадигмаға қайта оралатынын айтқан еді.

Парадигма дегеніміз зерттелетін мәселені шешу үшін үлгі ретінде алынған теория, теориялық көзқарастардың, методологиялық принциптердің, әдістемелік қабылдаудың және эмпирикалық нәтижелердің бірігу жүйесі, ғылымның белгілі бір даму кезеңінде ғылыми қауымдастықпен қабылданған және болжамдарды ғылыми ұғыну үшін, ғылыми таным процесінде туатын міндеттерді шешу үшін үлгі, модель, стандарт ретінде пайдаланылатын теориялық және әдістемелік ережелер жиыны[1].

Парадигма(латын тілінен аударғанда «үлгі» деген мағынаны береді) терминін білім берудің үлгісі ретінде пайдаланады. Білім беру парадигмасының көп түрлері белгілі, олардың ішінде ең көп тараған бес түрі бар:

1. Дәстүрлі білім беру парадигмасы;
2. Гуманисттік парадигма;
3. Мінез-құлықтық парадигма;
4. Ғылыми-технократтық парадигма;
5. Экзотериялық(басқалардан ерекше) парадигма.

Парадигмалар бір-бірінен негізінен мұғалім мен оқушы қарым-қатынасының сипатына қарай ерекшеленеді.

❖Дәстүрлі білім парадигмасының негізгі мақсаты - қаншалықты қиын болса да, білімді беру. Бұл парадигманың негізінде адамзат өркениетінде жинақталған барлық мұралар, білімнің негізгі түрлері беріледі, біліктіліктер мен дағдылар қалыптасады, әлеуметтік қоғамның дамуына байланысты жеке даму бағыты

zhadira1405@mail.ru
Қарағанды қ., Қазақстан

сақталады. Бұл парадигма негізінде білім алған адамдардың өмір сүруге деген дайындығының аздығы байқалады, өйткені, білім жиі нақты өмірмен байланысты болады.

Сонымен, бұл білім парадигмасының негізгі мақсаты- адамзат дамуындағы негізгі білімділік элементтері мен мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа беру.

❖Гуманисттік парадигма біздің білім беру кеңістігімізге 1990 жылдары енді. Бұл парадигманың негізінде студентке адамгершілік тұрғысынан қарап, оны өмірге бейімдеуді, өмір сүруге дайындайды. Парадигма студенттік дамуы, оның интеллектуалдық қажеттілігі мен адамдар арсындағы қарым-қатынасқа негізделген.

Демек, оқушының дамуы, өзін-өзі дамытуы, өз қабілетін жүзеге асыруы, оның шығармашылығы, оны практикағы күнделікті өмірге еңгізу мүмкіндігі сайып келгенде, студенттің субъективтілігі осы парадигманың негізі болып табылады. Мұнда оқытушы да, студент те субъект. Білім беру процесі осы қарым-қатынастағы іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады.

Гуманисттік парадигмада студент дайын білімді қабылдаушы емес, шындықты танып білуші адам ретінде қарастырылады. Оқытушы мен студент арасында қарым-қатынас шығармашылықта, өзара жауапкершілікте, еркін қарым-қатынаста құрылады.

Гуманисттік парадигмада мамандардың іс-әрекетін гумандық бағытқа аудару қажет. Ол үшін:

Біріншіден, студенттің білетін білім мен білік негізін пайдалана отырып, оған қоғам және адам туралы жаңа білім мен жаңа мағына беру керек;

Екіншіден, біртұтас жүйелі білім қалыптастыру қажет. Мәселен, техникалық мамандар мен гуманитарлық бағыттағы мамандардың іс-әрекетін бір-біріне жақындатуға тырысу, яғни гуманизациялау. Бұл ретегі негізгі мақсат- барлық жастардың бойында адамзаттық құндылықтар, адамгершілік, ар-намыс, ар-ұждан, мейірімділік, жанашырлық қасиеттерін қалыптастыруға көңіл аудару.

Маманның бойында жоғары адамзаттық құндылықтар қалыптасқан болса, өзінің кәсіби мамандығында да жоғары көрсеткіштерге қол жеткізеді[2].

Сонымен, гуманисттік парадигма студентке өзін-өзі дамытуға деген қажеттілігі бар, тәуелсіз, рухани, жеке тұлға, өмір субъектісі ретінде басты көңіл аударады. Ол негізінен студенттің ішкі дүниесінің дамуына, басқалармен қарым-қатынасына, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көңіл аударады. Бұл ретте, гуманисттік педагогиканың ғылыми дамуына үлесін қосып жүрген үлкен әріпті педагог Ш.А. Амонашвилиді атауға болады.

Ш.А. Амонашвили «Рухани ізденістің биіктігі оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасынан да ерекше, сенім орын алады, ал білім - адамға жүрекпен ақыл арқылы беріледі, өйткені ол адам жанына сүйіспеншілік арқылы жол табады….»-дегендей, бала тәрбиесіндегі ең бастысы- рухани біртұтастықта.

Ізгілікті –адамгершілік үрдісіндегі мұғалімнің негізгі ұстанымдары:

Мұғалімнің заңдары:

— Баланы сүю;

— Баланы түсіну.

Мұғалімнің өсиеттері:

— Бала қабілетінің шексіздігіне деген сенім;

— Өзінің педагогикалық қабілеттеріне деген сенім;

— Балаға деген ізгілік қадамның күшіне сенім.

«Ондаған, жүздеген жолдардың, оқушы мен оқытушы арасындағы руханилықтың байланыстырушысы бұл-жүрекке деген адами жолдың, ең маңыздылары ол мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестік. Біз мұғалім мен оқушыны рухани тұтастықтың қалыптастырылуына тырысамыз»- дейді Ш.А. Амонашвили өз еңбектерінде [3].

Мінез-құлықтық парадигма білімнің мазмұнына емес, білім алу үшін оқушыларға әр түрлі тиімді тәсілдерді ұсынуға негізделген. Мұндай бағыттағы мектептің мақсаты-студентте қалыптасқан мінез-құлықтық репертуарлар қалыптастыру. Бұл бағыттың өкілдері: «Мектеп – бұл тіршілік етуге бейімдейтін білім беру механизмі, студентте тиімді мінез-құлық қалыптастыру үшін өтетін жол» деп есептейді. Бұл парадигмаға сәйкес мектептің негізгі принципі оқушыда сыртқы ортадағы процесс әсерін реттеу мен онда тиімді мінез-құлық қалыптастыру тиіс.

❖ Ғылыми-технократиялық парадигманың негізгі мақсаты - дәл, нақты ғылыми білімді беру және оны қабылдау. Оны практикада іске асыру, жетілдіру. Осы парадигма білім-бұл күш, сондықтан да адам танып білу мүмкіндігімен ғана бағалы. Яғни, адам тұлға болуымен емес, білімді тасушы болуымен ғана бағалы.

❖ Экзотериялық парадигма – «шындықты танып білуге болмайды, оған тек оны сезінген жағдайда ғана жақындауғ болады», - деп түсіндіреді.

Педагогикалық іс-әрекеттің ең биік мағынасы-оқушының ғарышпен байланысын орнату үшін санадан тыс деңгейге шығару, ол үшін студенттің табиғи мүмкіндіктерін босату.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруі, «білетін адам» парадигмасының «өмір сүруге дайын адам», «әрекетшіл адам» парадигмасымен алмасуды қажет етеді. Осыған байланысты «білімді адам» ұғымының мағынасын кеңейту қажеттілігі туындады. Қоғамда тек білімді ғана емес, сонымен қатар, өмірге деген көзқарасы қалыптасқан, қазіргі күрделі жағдайда өз бағытын бағдарлай алатын, өмірде жеке тұлға ретінде өз орнын табуға қабілетті адам керек. Ал, білім беру ісі сол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына барлық мүмкіндікті туғызуға бағытталуы тиіс.

Яғни, парадигма (үлгі, стандарт) білім беру мәселелерін шешуге, педагогикада белгілі бір нұсқаулықта қабылдаған талаптарды ғылыми-педагогикалық қауымдастық теориялық, әдістемелік жиынтығы:

1. «педагогикалық парадигма» санатын қарастыру;

2. ғылыми-қоғамдық моделдің проблемалары және олардың шешу жолдарын барлық ғылыми жетістіктердің жиынтығын; білім беруді дамыту заңдылықтарын бейнелейтін әлеуметтік маңызды идеялар мен теориялардың тұрақты жүйесі;

3. педагогика және білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік міндеттерді шешу үшін үлгі ретінде қарастыру;

4. педагогикалық ойлау түрі (дүниетанымдық) білім беру тарихындағы белгілі бір уақыт кезеңіне тән екендігіне көз жеткізу.

Қазіргі уақытта педагогикалық парадигмалар әмбебап, яғни жеке тұлға үшін маңызды болып табылады, өйткені, ойлау мен іс-қимыл, рефлексия, диалог, жағдайды анықтау мен талдау, басқалармен жемісті қарым-қатынас және ынтымақтастық негізінде мақсатқа қол жеткізу, жаңа, құбылмалы жағдайларда әрекет етуге қабілеттіліктің жаңа жолдарын әзірлеу үшін өзін-өзі жетілдіру қабілеті.

Осылайша, заманауи білім беру парадигмасының мақсаты – жеке тұлғаны дамыту болып отыр. Ол мұғалімнің тұлғалық-бағдарлық жағдайын, оқу және оқыту процесінің бір-бірімен біріккен іс-шаралар жүйесін, оның басқару қызметін демократиялық стиль негізінде жүзеге асырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/ Парадигма.
2. Қисымова Ә.К., Нұрланов Е.Б. Оқыту технологиялары. Оқу-әдістемелік құрал.-Алматы, 2007.
3. Ахметова И.А., Абдрашева Б.Ж., Туткышева Г.Т., Нурланова С.С. Ш.А. Амонашвилидің ізгілік педагогикасы. Динамика научных исследований – 2015.

ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

КДР-22-2к топ студенті **Мирас ҚҰРАҚБАЙ**
КДР-22-2к топ студенті **Ақерке ХАЛМУРАТОВА**
КДР-22-2к топ студенті **Диана ДАУТОВА**
аға оқытушы **Нұргүл МҰҚАН**
Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

Аннотация. Мақалада шығармашылықтың адам өміріндегі орны мен маңызы, сондай-ақ оның шексіз мүмкіндіктер әлемі ретіндегі рөлі қарастырылады. Автор шығармашылықтың жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуындағы, қоғамның өркендеуіндегі және инновацияларды қалыптастырудағы ықпалын талдайды. Сонымен қатар, шығармашылық қабілеттерді дамытудың жолдары мен тәсілдері, креативті ойлаудың заманауи

Қарағанды, Қазақстан /e – posta: eranurr_88@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-8868-8529

өмірдегі маңызы туралы тұжырымдар беріледі. Мақала оқырманды шығармашылықтың мүмкіндіктерін тереңірек түсінуге және оны өмірде тиімді қолдануға шабыттандырады.

Кілт сөздер: шығармашылық, креативтілік, мүмкіндіктер, ойлау қабілеті, даму, инновация, шабыт, өнер, тұлғалық өсу.

Кіріспе.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық педагогтер съезінде ұстаздар оқушыларға озық біліммен қатар өнегелі тәрбие беру керектігін баса айтты. «Мемлекеттің тірегі – адал азаматтар. Елімізде осы қағидаға негізделген жаңа қоғамдық этика орныгуға тиіс. Қазақта «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген сөз бар. Мектеп ізгілік қағидаларын, адамзатқа ортақ құндылықтарды балалардың бойына сіңіретін орталыққа айналуы керек. Жас ұрпақ әділ, адал, үнемшіл, еңбекқор, білімпаз, отаншыл әрі жанашыр болуға ұмтылуы керек. Ұлттың жаңа сапасы дегеніміз – осы», - деді президент. Мемлекет басшысы тәрбие ісінде ұлттық педагогика бастауларын да назардан шығармаған жөн екенін атап өтті. «Балаларымыздың бойына қазақтың салт-дәстүрі мен құндылықтарын сіңіру аса маңызды. Халқымыз қашанда үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген. Қадір-қасиет, абырой, парыз секілді ұғымдарға атүсті қарамаған. Яғни, төл мәдениетіміз де жастар тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Еңбекқорлықты дәріптеу үшін балаларды жастайынан еңбекке баулу қажет», - деді мемлекет басшысы. «Білім беру саласының алдында ауқымды міндет тұр. Бұл – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру. Әрбір бала мектептен сапалы білім алып, жақсы адам, адал азамат болып шығуы керек деген тұжырым жасаған болатын. Яғни, мемлекетіміздің қазіргі даму кезеңінде оқу-тәрбие процесінің мақсаты баланы жан-жақты дамыту болып табылады.

Мемлекет басшысы айта кеткендей, мемлекет алдында тұрған міндеттердің ең маңыздысы жасөспірімдерді жан – жақты тәрбиелеу болып табылады. Сондай тәрбиенің ішінде эстетикалық тәрбиелеу де көлемді орын алады. Мектеп кезінде эстетикалық тәрбие мен мәдениеттің негізі қаланады, сол себепті эстетикалық тәрбиелеу мәселесі елімізде әрдайым тәрбиенің жалпы мәселелерімен байланыстырылып келеді.

Жалпы эстетикалық тәрбие мен мәдениет тұлғаның қалыптасуында және адам өмірінде зор роль атқарады.

Балалардың эстетикалық танымын, мәдениеті мен білімін қалыптастыруда мектеп мұғалімдері мен ата – ана ең басты сүйеніш болып табылады.

Білім берудің жетекші мақсаты оқу көлемі емес білім мен білік, үйлесімділік, адамның қайталанбас мүмкіндіктерін жүзеге асыру мүмкіндігі, баланың өмірге деген көзқарасын, оның психологиялық және әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру, көркем-эстетикалық тәрбиенің теориясы мен тәжірибесінің мәселелеріне шынайылыққа, адамгершілік және ақыл-ой тәрбиесі құралына көзқарасты қалыптастырудың маңызды құралы ретінде, рухани жағынан бай тұлғаны қалыптастырудың негізі ретінде аса назар артуда. Тек балалардың ақыл-ой дамуы, олардың интеллектуалдық жағынан байуы ғана тұлғаның жан-жақты

дамуын қамтамасыз етпейді, сондай-ақ баланың дамуындағы үйлесімділікке қол жеткізу үшін оның эстетикалық, адамгершілік және физикалық жетілуіне де аса көңіл бөлу мен қатар тұлғаның эмоциялық саласының дамуы да назардан тыс қалмауы шарт.

Қазіргі дамушы қоғам белсенді, сенімді, жоғары білімді меңгерген, мәдениетті, сауатты азаматты қалыптастыруды қажет етуде. Себебі, сауатты, мәдениетті әрі білімді өскелең ұрпақ қана жоғары деңгейде көтеріле алады.

Бұл қасиеттер қалыптасушы бала бойында эстетикалық мәдениет пен тәрбиенің дамуына септігін тигізеді.

Эстетикалық мәдениет – бұл тұлғаның және қоршаған ортаның (табиғаттың) шығармашылық еңбегімен жасалған құндылықтар жиыны, рухани мәдениеттің саласы болып табылады. Эстетикалық құндылықтар қоғамның дамуына, барлық қатынастардың белгілі бір өзіне тән дәрежесінде өркендеуіне қатысады.

Еліміздегі жас буынды эстетикалық тәрбиелеуді қолға алып жүрген, іс – тәжірибелік сипаттағы мақалалары мен еңбектері бар ғалым – педагогтардан С.Ұзақбаева, Қ.Сыздықов, А.Бейсенбаева, А.Тұрбекова, Х.Арғынбаев, С.Қалиев және тағы басқаларды айтуға болады. Тәрбие жүйесін қалыптастастыруда өз үлестерін қосқан ғалым – педагогтар А.В.Луначарский, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинский, А.С.Макаренко, К.Д.Ушинский тағы басқаларды атауға болады.

Қазіргі таңда қоғам алдында тұрған міндеттердің ең маңыздысы жасөспірімдерді жан – жақты тәрбиелеу болып табылады. Сондай тәрбиенің ішінде эстетикалық тәрбиелеу де көлемді орын алады. Мектеп кезінде эстетикалық тәрбие мен мәдениеттің негізі қаланады, сол себепті эстетикалық тәрбиелеу мәселесі елімізде әрдайым тәрбиенің жалпы мәселелерімен байланыстырылып келеді.

Жалпы эстетикалық тәрбие мен мәдениет тұлғаның қалыптасуында және адам өмірінде зор роль атқарады. Қоршаған ортаның әсемдігін көре және түсіне білу адам өмірін байыта түседі. Ең жоғарғы шекті рухани ләззат алуына мүмкіндік береді.

Жасөспірімдердің эстетикалық танымын, мәдениеті мен білімін қалыптастыруда мектеп мұғалімдері мен ата – ана ең басты сүйеніш болып табылады. Мұғалімдер мен ата – аналар өздері үлгі бола отырып эстетикалық тәрбие жұмысының мазмұнын және оны жетілдіру жолдарын іске асыруға септігін тигізеді.

Адамның жетістігі, оның өзін-өзі жүзеге асыруы тікелей интеллектуалдық және шығармашылық мүмкіндіктерінің деңгейіне байланысты екендігі мәлім. Көптеген зерттеушілер креативті тұлға тәрбиелеуде әр баланың толыққанды дамуына шығармашылық пен өмірлік белсенділігін арттыру мен өзін-өзі тану қажет деген көзқарасты қолдайды. Осы тұрғыда жеке тұлғаның әлеуетті мәселелерін зерттеу шығармашылықты дамытудың ұзақ тарихы жекелеген аспектілерін қарастырған бірқатар көрнекті педагогтарды атауға болады. Олар: К.Д.Ушинский, Ж.Ж.Руссо, А.С. Макаренко, А.Дистервег, Ф.А. Фребель, М.Монтессори, С.Т. Шацкий, В.А. Сухомлинский және тағы басқалар.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту проблемаларын зерттеу көптеген отандық ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Мысалы дидактика аймағында бұл мәселемен Л.В.Занков, И.Я.Лернер, Н.М.Скаткин; шығармашылық психологиясы тарапынан - Д.Б. Богоявленская, В.В. Давыдов, Н.Д.Дружинин, Н.С. Лейтес, А.М. Матюшкин, С.Л. Рубинштейн, В.Д. Шадриков, Д.Б. Эльконин; мектепке дейінгі білім беруде - Л.А. Венгер, О.М. Дьяченко, А.В. Запорожец, Т.С. Комарова, Н.П. Сакулина, Е.А. Флерина, Л.А. Парамонов; шығармашылық әлеуетті және креативтілікті дамыту саласында - Г.С.Альтшуллер, И.П.Иванов, А.В.Хуторская, А.А.Мелик-Пашаев, Е.Л. Яковлева, Ю.Н. Кулюткин, А.И. Савенков және басқалары айналысқан.

А.А.Бодалев, С.Д.Дерябо, Дж.Гибсон, В.А.Левин және т.б. пікірінше, неғұрлым перспективалы ортада ұсынылатын жеке тұлғаның даму мүмкіндіктері: ол жеке тұлға ортаның мүмкіндіктерін толығырақ пайдаланады, тіпті табысты еркін және белсенді өзін-өзі дамыту барысында жүріп жатады.

Ғасырлар бойы тәрбиенің әмбебап құралдарының бірі ойлау мен сезімнің бірлігінде, эмоциялық бейнелер жүйесінде әлемнің тұтас көрінісін білдіретін өнер болды және болып қала береді. Тарихи даму процесінде өнер адамзаттың адамгершілік тәжірибесінің сақтаушысы ретінде де көрініс табады.

Халық өнерінің бала тәрбиесіндегі маңызды рөлі атап көрсеткен педагог, өнертанушыларды А.В.Бакушинский, П.П. Блонский, А.А.Грибовская, Т.Н. Доронова, Т.С. Комарова, Н.П. Сакулина, А.П. Усова, Т.С.Шацкий, Н.Б. Халезова, Т.Я. Шпикалова және басқаларды атауға болады. Олардың пікірінше, халық өнерінің туындыларымен таныстыру балаларды Отанды, мәдениетті және туған жерінің тарихын білуге деген қызығушылығын арттыруға, патриоттық сезімдерді қалыптастырудың алғы шарты деген. Халық шығармашылығының құндылығын, сұлулығын сезіну бала бойында жағымды эмоцияларды (қуаныш, таңдану, тамсану) бастан кешіруіне негіз болады. Баланың ой-өрісі, қиялы дамиды.

Халық өнері туындыларын қабылдау, баланы жігерлендіреді, қабылданатын сұлулықты жеткізуге, сол заттарды түсінуге деген ұмтылысын, шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ эстетикалық сезімдер мен көркемдік талғамның қалыптасуына негіз болады.

Хореография - кең бейінді эстетикалық тәрбиенің құралы, оның ерекшелігі адамға жан-жақты әсер етумен айқындалады. Балалардың эстетикалық және рухани дамуы мен тәрбиесі сияқты міндеттерді шеше отырып, би дененің дамуына мүмкіндік береді, бұл өскелең ұрпақтың денсаулығы жағдайында ерекше маңызды болып табылады. Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша балалардың 90% денсаулығының дене және психикалық көрсеткіштері бойынша сәйкес келмейді. Хореографияны оқыту процесінде өткізілетін ең нәзік қозғалыс дағдыларын жаттықтыру адам ағзасының көптеген физиологиялық функцияларын: қан айналымын, тыныс алуды, нерв-бұлшық ет қызметін жұмылдырумен және белсенді дамытумен байланысты. Өз денесінің физикалық мүмкіндіктерін түсіну өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуге ықпал етеді, әртүрлі психологиялық кешендердің пайда болуын болдырмайды. Хореография тек би

сабақтары ғана емес ол әдемі дүниелерді түсінуге және жасауға үйретеді, олар бейнелі ойлауды және қиял, үйлесімді пластикалық даму береді.

Хореография балаларға дұрыс, жеңіл, көрнекі қимылдарға және өрескел және әдепсіз әдетке жол бермеуге көмектеседі. Осыған байланысты адамгершілік-эстетикалық мәдениетті қалыптастыру тетіктерін анықтау хореографиялық мәдениет зерделеу процесі ерекше өзектілікке ие.

«Жас таланттарды анықтау және тәрбиелеу, оларға өз дағдылары мен білімдерін беру, содан кейін олардың шығармашылық өсуіне жәрдемдесу педагог-хореографтың қміндеті болып табылады, бұл орайда біз, хореографтар, бір-бірімізге қолдан келгеннің бәрін жасауымыз керек». Осылайша, жоғарыда айтылғандардың нәтижесінде балалардың шығармашылық ұжымда хореографиямен айналысуы оларды тәрбиелеудің тамаша құралы болып табылатынын атап өткен жөн.

Би балаларды тәрбиелейді және қалыптастырады, олардың көркемдік-эстетикалық ой-өрісін кеңейтеді, ұқыптылыққа, тартымдылыққа үйретеді, босаңсуға жол бермейді. Сабақтар балалар мен жасөспірімдерді бос уақытын нақты бөлуге үйретеді, өз жоспарларын ұйымдастыруға көмектеседі, сондай-ақ сабақтар өз тағдырын кәсіби өнермен байланыстыратын ең дарынды балаларды анықтауға көмектеседі.

Халықтық би оның ішінде хореографиялық өнерді болашақ ұрпақ үшін сақтау қажет, өйткені ол ұлттық мәдениеттің өзіндік ескерткіші болып табылады.

Халық шығармашылығы арқылы балалардың эстетикалық шығармашылық қабілеттері қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық педагогтер съезінде ұстаздар оқушыларға озық біліммен қатар өнегелі тәрбие беру керектігін Тағы да оқыңыздар: https://kaz.nur.kz/politics/2039680-memlekettin-tiregi-adal-azamattar-toqaev-bilimmen-qatar-onegeli-tarbienin-manyzdylygyna-toqtaldy/

2 Ташкенбаева С.Эстетикалық тәрбиенің мәні мен мағынасы. – Алматы 2018

3 Құрманбекова Ж. Эстетикалық тәрбие берудің кейбір жолдары.-Алматы 2017

4 Бондаренко Л.Н. Методика хореография 1985

5 Таборидзе А.К. Эстетическое воспитание школьников. Вопросы теории и методики.-Москва, 1988

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

КДР-22-2к топ студенті **Аңсат СМАНОВ**
КДР-22-2к топ студенті **Жаннанұр УАЛИБЕКОВА**
КДР-22-2к топ студенті **Дәуір ҚҰДАЙБЕРГЕН**
аға оқытушы **Нұргүл МҰҚАН**
Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ

Мақалада шығармашылықтың адам өміріндегі орны мен маңызы, сондай-ақ оның шексіз мүмкіндіктер әлемі ретіндегі рөлі қарастырылады. Автор шығармашылықтың жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуындағы, қоғамның өркендеуіндегі және инновацияларды қалыптастырудағы ықпалын талдайды. Сонымен қатар, шығармашылық қабілеттерді дамытудың жолдары мен тәсілдері, креативті ойлаудың заманауи өмірдегі маңызы туралы тұжырымдар беріледі. Мақала оқырманды шығармашылықтың мүмкіндіктерін тереңірек түсінуге және оны өмірде тиімді қолдануға шабыттандырады.

Кілт сөздер: шығармашылық, мереке, жасөспірімдер, ұйымдастыру, даму, инновация, шабыт, өнер.

Кіріспе

Ежелгі заманнан бері мереке жалпы қоғам үшін де, әрбір жеке адам үшін де маңызды рөл атқаратын мәдениеттің маңызды элементі болды. Ол жеке тұлғалардың құндылығы мен нормативті қатынасын көрсететін эмоционалды және символдық өрнектің ерекше түрін білдіреді. Мереке іс-шараларды ұйымдастыру адамдардың шығармашылық және эмоционалды қатысуын талап ететін жүйе ретінде қарастырылады. Бұл ең маңызды әлеуметтік және экзистенциалдық мәндер мен құндылықтарға эмоционалды және эстетикалық қатынасты білдіруге мүмкіндік беретін ойын әрекетінің ерекше түрі. Мереке кезінде адамдар символдық атрибуттар мен мінез-құлық формаларын пайдалана отырып, өз сезімдері мен ойларын шығармашылықпен түсіндіреді.

Адамзат тарихында адамдар өмірге келгеннен бастап, өмір бойы көптеген мерекелерді атап өтті. Уақыт өте бұл рәсімдер өзгеріп, әртүрлі формаға ие болды, бірақ олардың тәрбиелік мәні мен адам өміріндегі рөлі өзгеріссіз қалды. Бұқаралық мәдени-демалыс іс-шаралары демалысты ұйымдастыру тәсілі ретінде

Қарағанды, Қазақстан /e – posta: eranurr_88@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-8868-8529

әртүрлі жастағы және әлеуметтік жағдайдағы адамдарды біріктіреді. Мұндай іс-шараларда қатысушылар ортақ көңіл-күймен бөлісіп, оқиғаларды бірге бастан кешіреді, бұл топ бірлігінің ерекше формасын жасайды.

Ұлттық мерекелер мен мәдени іс-шаралар әлемдік салтанатты рәсімдер дәстүрінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың ұйымдасуы ғасырлық, кейде тіпті мыңжылдық тарихи негіздерге негізделген. Мысалы, Ежелгі Грецияда негізгі мерекелер ашық аспан астында өтті, бұл олардың әлеуметтік және рухани маңыздылығын атап өтті. Қазақ халқының ұлттық ауқымдағы мәдени іс-шаралар саласында мол мұрасы бар. Олардың қатарында күнтізбелік те, ғұрыптық және мемлекеттік мерекелер де бар: Наурыз, Құрбан айт, Жеңіс күні, Отан қорғаушылар күні, Мемлекеттік рәміздер күні, Қазақстан халқының бірлігі күні және т.б. Бұл даталар дәстүрлі түрде тойланып, халықтың мәдени ерекшелігін сақтауда маңызды рөл атқарады.

Уақыт өте келе мереке күнтізбесі жаңа элементтермен байыды және әртүрлі аймақтар жергілікті ерекшеліктерді көрсететін іс-шараларды, соның ішінде халықаралық фестивальдер мен жергілікті мерекелерді белсенді түрде өткізуді бастады. Қазақстан халықтарына тән этномәдени мерекелер кең етек алып, ұлттық мәдени мұраны сақтау мен насихаттаудың маңызды құралына айналды.

Кеңес Одағы кезінде ашық аспан астындағы жаппай мерекелер ерекше салтанатты болды: шерулер, шерулер мен митингілер мемлекеттік биліктің идеологиялық ықпалын күшейту құралы болды. Қазіргі жағдайда ұлттық мәдени-демалыс шараларын дамыту ерекше маңызға ие.

Бұл ретте жасөспірімдік кезең болашақ азаматтың жеке тұлғасын қалыптастыру процесінде шешуші рөл атқарады. Жасөспірімдік кезеңде әлеуметтену басты рөл атқарады, өйткені дәл осы кезеңде қоғамда өз орнын алуға, сыртқы әлеуметтік-мәдени ортаға көңіл бөлуге ұмтылыс қалыптасады, әлеуметтік топтарға, қарым-қатынас пен өзара әрекеттестікке қызығушылық артады. Бұл процестің табысты болуы көбінесе болашақ азаматтардың қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне бейімделу және қабылдау дәрежесін анықтайды. Сайып келгенде, бұл қоғамның болашақтағы тұрақтылығы мен оң дамуын айқындайды. Осылайша, кез келген қоғам үшін жасөспірімдерді әлеуметтендіру мәселелері өзекті болып қала береді. Жаһандану, ақпараттың қолжетімділігі және халықтың әлеуметтік мобильділігі жағдайында бұл процесс қазіргі қоғам үшін ерекше өзекті болып отыр, өйткені ол қоғамның жұмыс істеуі үшін маңызды мәдениет пен нормалардың сабақтастығын сақтауға көмектеседі. Қоғамдық дамудың жылдам қарқыны, сондай-ақ әлеуметтік жағдайлар мен мәдени нұсқаулардың өзгеруі жасөспірімдердің әлеуметтену процесіне қоғамның әсер ету дәрежесінің төмендеуіне әкелді. Бұл бірқатар жағымсыз тенденциялардың пайда болуына, соның ішінде қоғамға жат мінез-құлық көріністерінің көбеюіне, әлеуметтік бейімделуге қатысты жасөспірімдердің мотивациялық бағдарының өзгеруіне, сондай-ақ деструктивті және пассивті мінез-құлық үлгілерінің танымалдылығының өсуіне әкелді. Әлеуметтік-мәдени іс-шаралар, оның ішінде мәдени-демалыс мекемелерінің жұмысы жасөспірімдерді әлеуметтендіру үшін елеулі әлеуетке ие, олардың дамуының

жағымсыз тенденцияларының орнын толтыруға көмектеседі [2]. Бұл процестің маңызды ресурсы қоршаған әлемнің әлеуметтік және мәдени байланыстарын түсінудің тиімді құралы ретінде қызмет ететін әлеуметтік-мәдени технологиялар болып табылады. Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени технологиялар жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға және оның әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеру процесінде шешуші рөл атқаратын оның коммуникативті мәдениетін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасайды. Алайда, іс жүзінде олардың әлеуеті әрқашан толық іске асырыла бермейді, бұл көбінесе белгілі бір аймақтарда мұндай технологияларды енгізудің нақты жағдайларымен байланысты. Негізгі мәселе жасөспірімдерді әлеуметтендіру жағдайында әлеуметтік-мәдени технологиялардың әлеуетті мүмкіндіктері мен олардың жергілікті деңгейде мәдени-демалыс мекемелерінде нақты іске асырылу деңгейі арасындағы алшақтық болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Иваненков, С.П. Пролемы социализации современной молодежи. // Иваненков, С.П. – СПб: Синтез–Полиграф, 2014. – 418 с.
2. Кабуш. В. Т. Внешкольные учреждения и организация досуга детей // Проблемы школьного воспитания. – 2013. – №1. – С.27-32.
3. Ковалева, А. И. Социализация. Знание. Понимание. Умение / Ковалева А.И. – М., 2014. – С. 139.
4. Ковалева, А.И. Социализация молодежи в изменяющемся обществе. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://socionavtika.narod.ru/Staty/diegesis/kovalewa.htm
5. Куприянова, Б.В. Модели социального воспитания в учреждениях дополнительного образования детей. / Куприянов Б.В. // Наука и практика воспитания и дополнительного образования. – М.: Центр «Педагогический поиск». – 2013. – № 2. –128 с.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ – СОЦИОМӘДЕНИ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

КДР-22-2к топ студенті **Аяулым АМАНЖОЛ**
КДР-22-2к топ студенті **Дана БОЛАТБЕК**
КДР-22-2к топ студенті **Ғасыр НҰРЛЫБАЕВ**
аға оқытушы **Нұргүл МҰҚАН**
Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

Аннотация. Мақалада шығармашылықтың адам өміріндегі орны мен маңызы, сондай-ақ оның шексіз мүмкіндіктер әлемі ретіндегі рөлі қарастырылады. Автор шығармашылықтың жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуындағы, қоғамның өркендеуіндегі және инновацияларды қалыптастырудағы ықпалын талдайды. Сонымен қатар, шығармашылық қабілеттерді дамытудың жолдары мен тәсілдері, креативті ойлаудың заманауи өмірдегі маңызы туралы тұжырымдар беріледі. Мақала оқырманды шығармашылықтың мүмкіндіктерін тереңірек түсінуге және оны өмірде тиімді қолдануға шабыттандырады.

Кілт сөздер: шығармашылық, креативтілік, мүмкіндіктер, ойлау қабілеті, даму, инновация, шабыт, өнер, тұлғалық өсу.

Кіріспе.

Соңғы жиырма жылда қалыптасқан келеңсіз тенденцияларды жою, жоғалған әлеуметтік бағдарларды қалпына келтіру өскелең ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Қазіргі жағдайда жастарды әлеуметтендіру мәселесі педагогиканың басым міндеттерінің біріне айналуда.

Қоғамның әлеуметтік-мәдени дамуын зерттеуде тұлғаның әлеуметтену процесін зерттеу басты бағыт болып табылады. Бұл процесс әлеуметтік-мәдени тәжірибені бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берудің қазіргі тетіктерін, сондай-ақ әлеуметтену институттары мен процестерінің қызмет ету ерекшеліктерін көрсетеді [5]. Мәдени көзқарасты қолдану тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуінің негізгі заңдылықтарын байқауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің маңызды белгісі оның қоғамды да, жеке адамды да біріктіретін екі жақты сипаттағы зерттеу объектісіне жүгінуі болып табылады.

Қоғамдық прогрестің негізгі аспектілерінің бірі жасөспірімдердің бос уақытын және мәдени іс-шараларын ұйымдастыру болып табылады. Жасөспірімдік шақ әдетте балалық шақтан жасөспірімдік кезеңге (14 жастан 18 жасқа дейін) ауысу қызметін атқаратын кезең деп түсініледі және осы кезеңде елеулі эмоционалдық даму жүреді.

Қарағанды, Қазақстан /e – posta: eranurr_88@mail.ru
https://orcid.org/0000-0002-8868-8529

Жасөспірімдік кезеңнің ерекшеліктерін зерттеуге көптеген зерттеушілер назар аударды. Мысалы, Стерн Е. жасөспірімдік кезеңді «тұлғаның даму кезеңі» деп сипаттады. Бұл кезеңде адам қандай құндылықты басты құндылық ретінде қабылдап, оның өмірлік жолын анықтайтыны маңызды екенін атап көрсетті [4].

И.Г.Шаповал теориясы бойынша жасөспірімдік кезең баланың ата-ана қамқорлығынан босатылу кезеңі болып табылады. Бұл процесс күрделі және көп қырлы. Эмансипация әр түрлі формада көрінуі мүмкін: эмоционалдық – ата-анаға байланыстылық әлсіреп, оның орнын достық немесе сүйіспеншілік сияқты күшті байланыстармен алмастырғанда; мінез-құлық – ата-ана тарапынан шектен тыс бақылаудан аулақ болуға ұмтылу түрінде; және нормативті – жасөспірім ата-анасы айтқаннан өзгеше басқа нормалар мен құндылықтарға көңіл бөле бастағанда [5].

Жасөспірімнің жеке басын қалыптастыру міндеті бүгінгі қоғам үшін маңызды мәселе болып табылады, әсіресе жасөспірімдердің әлеуметтену процесіне үлкен әсер ететін құндылық бағдарларының өзгеруі жағдайында маңызды проблема болып табылады. Жасөспірімдердің бүгінгі таңда игеретін құндылықтары және олардың қоғамдық қатынастардың жаңа формаларына қаншалықты дайын екендігі қоғамымыздың болашақтағы дамуын тікелей анықтайды. Жасөспірім тек алдыңғы ұрпақ тәжірибесін меңгерген тәрбие объектісі ғана емес, сонымен қатар қоғамдық өмірдің белсенді қатысушысы. Болашақта бұл әлеуметтік топ әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени салалардағы мәселелерді шешуге негіз болады. Дәстүрлі тәсілдермен байланысты жасөспірімдердің іс-әрекетін ұйымдастырудағы мәселелер кейде мұғалімдерді әртүрлі әлеуметтік өзара әрекеттесулерге белсенді қатысуға ынталандыруды қиындатады.

Тұлғаны әлеуметтендіру кең пәнаралық аспектілерді қамтитын және күрделі әлеуметтік құбылысты көрсететін әлеуметтік педагогиканың негізгі ұғымы болып табылады. Ғылыми әдебиетте бұл терминнің көптеген анықтамалары бар. Әлеуметтену процесі келесі негізгі аспектілерді қамтитын көп қырлы құбылыс:

а) жеке адамның өмір бойы өзі тиесілі қоғамның нормаларын, құндылықтарын және мәдени көзқарастарын біртіндеп сіңіруі;

б) алдыңғы ұрпақтар жинақтаған әлеуметтік-мәдени тәжірибені меңгеру және жаңғырту;

в) белгілі бір әлеуметтік ортаға немесе топқа тән нормаларды, құндылықтарды, принциптерді және мінез-құлық үлгілерін оқу және іштей қабылдау арқылы тұлғаны дамыту;

г) қоғамдық іс-әрекетке белсене араласу, тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін дамыту, әлеуметтік тәжірибе жинақтау, практикалық іс-әрекет шеңберінде әлеуметтік рөлдерді орындау арқылы өзінің жеке даралығын сезіну.

Әлеуметтену – қоғамның қалыпты жұмыс істеуі мен дамуы үшін қажетті негізгі процестердің бірі. Бұл процесс әлеуметтану, этнография және педагогика сияқты салаларда зерттеу нысаны болып табылады. Әлеуметтену мәселелеріне ерекше көңіл бөлу білім мен тәрбиені түсінуде елеулі өзгерістер орын алған ірі тарихи өзгерістер кезеңдерінде пайда болды, бұл қазіргі педагогикалық

мәселелердің жаңа тәсілдері мен шешімдерін іздеуге әкелді. Әлеуметтік құрылым барған сайын күрделеніп, жеке адамға әртүрлі, кейде қарама-қайшы әсерлер пайда болатын қазіргі қоғамда қоғамның жеке тұлғаға қоятын талаптары айтарлықтай артады [6].

Бұл процестің түпкі мақсаты – даралықты қалыптастыру. Мәдени мекемелер арқылы жасөспірімдердің әлеуметтенуінің ерекшелігі сенімділік, дербестік, бастамашылдық және басқа да тұлғалық маңызды қасиеттерді дамыту болып табылады.

Қоғам санасында әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың өзекті мәселелерінің бірі - мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасымен жұмыс жасау проблемасы. Мүмкіндігі шектеулі балалардың қарқынды өсуімен проблеманың өзектілігі бірдей пропорцияда дамуда. Экологиялық ахуалдың нашарлауы, ата-аналардың (әсіресе аналардың) аурушаңдық деңгейінің жоғарылауы, бірқатар шешілмеген әлеуметтік-экономикалық, психо-педагогикалық және медициналық проблемалар мүмкіндігі шектеулі балалар санының көбеюіне тікелей ықпал етуде.

Бүгінгі күні Республикада орта есеппен қалалық мектептердің бастауыш сыныптарында 30-дан 40% -ке дейін, ал ауыл мектептерінде 50-60% дейін ерекше білімге мұқтаж оқушылар анықталды. Бұл дегеніміз кез-келген мұғалім (арнайы да, жалпы білім беретін сыныпта) олардың білім алуы үшін жағдай жасай білуі керектігін айқындайды. Осылайша, біз білім беру ұйымдарында инклюзивті білім берудің енгізілуін айта аламыз, бұл жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды қарапайым балалармен бірге оқыту проблемасын өзектендіреді. «Инклюзивті білім беру» термині бұл үшін арнайы жағдайлар жасалған (әлеуметтік, ұйымдастырушылық, педагогикалық,

Akhmetova-83@inbox.ru
Қарағанды қаласы, Қазақстан

elmuratova_lazzat@mail.ru
Ұлытау облысы, Қазақстан

нормативтік-құқықтық және т.б.) білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту процесін сипаттау үшін қолданылады [1].

Баланың даму ауытқушылықтарымен тууы көбінесе отбасын күйзеліске ұшыратады. Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеу мен дамыту проблемасы барлық отбасы мүшелерінің ұзақ та терең әлеуметтік бейімсізденуінің себебіне айналады [2].

Психологтар ерекше күтімді қажет етіп туған балалардың ата-аналарының психологиялық жағдайының төрт фазасын бөліп қарастырады.

1-ші фаза - есеңгіреу,шарасыздық, қорқыныш, өзіндік олқылықты сезінудің туындауы.

2-ші фаза - баланың кемшілігіне қойылған диагнозды жоққа шығару және жағымсыз сипаттағы ақылға қонымсыз қатынаспен қарау, бұл өзіндік қорғаныс реакциясы болып табылады.

3-ші фаза - «баланың өз кемшілігін ішінара сезінуі», оның «ұзақ қайғыру» сезімімен қоса жүруі, күйзелістегі жай-күйі. Бұл ата-аналардың баланың қажеттілігіне үнемі байланыстылығының, оның дамуында оң өзгерістердің болмауының салдары болып табылады.

4-ші фаза - отбасының барлық мүшелерінің туындаған кемшілікті қабылдауға әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің, мамандармен адекватты қарым-қатынас орнатып, олардың ұсыныстарына ден қоюдың басталуы [3].

Ерекше күтімді қажет ететін балалары бар отбасылар ұзақ уақыт бойы қорқыныш, сенімсіздік, баланың болашағына деген уайымшылдық көзқараспен қарау сияқты жайттарды бастан кешеді. Мүгедек баласы бар отбасыларының ұзақ уақытқа созылған психикалық тұрғыдағы жағдайлардан шығуы үшін мамандардың арнайы көмегі, көбінесе, әлеуметтік педагогтың көмегі, туысқандарының, жақындарының және айналасындағы адамдардың қолдауы қажет.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды кең түрдегі саналы байланыссыз, әртүрлі адамдармен үнемі қарым-қатынас жасамай дамыту мүмкін емес. Ол барлық сау балалар сияқты қарым-қатынасқа зәру. Мүгедек баланың кәдімгі балалармен қарым-қатынас жасай алмайтынынан, баланы олардың ренжітіп қою қаупінен қорқып, ата-аналар олардың қарым-қатынас ортасын тарылтуға тырысады. Бұның өзі болашақта баланың күйзеліске түсуіне себеп болуы мүмкін, өйткені айналасындағылар оны түсінбейді, одан қашады, ол басқалармен қалай байланыс орнату керектігін, достық қатынасты қалай құруды білмейді.

Отбасын социуммен өзара әрекет жасау алаңына енгізу - негізгі тұрақтандырушы фактор. Мүгедекті сауықтырудың жеке бағдарламасы балаға сауықтырудың техникалық құралдарын, медициналық, әлеуметтік, кәсіби, психологиялық-педагогикалық сауықтыру жөніндегі қызметтерді ұсынуды міндеттейді.

Жалпы білім беретін мектепте оқытудың күндізгі нысанынан басқа, мүгедек балаға білім беру күндізгі-сырттай, сырттай, үйде оқыту нысанында іске асырылуы ықтимал.Баланы интернатта немесе түзету мектептерінде оқытуға

болады. Ол үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның қорытындысы мен ата-аналардың келісімі керек.

Бұл проблемалардың табысты шешілуі осындай сипаттағы отбасыларына көмек берудің ұзақ мерзімді шараларының кең шоғырын қамтитын мақсатты әлеуметтік-педагогикалық жұмыспен тікелей байланысты.

Әлеуметтік педагог жұмысының міндеті - күйзеліс жағдайларын шешу, баланың тұлғалық дамуы үшін қолайлы жағдай жасау (физикалық, әлеуметтік, рухани-адамгершілік, интеллектуалдық), оған кешенді әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету, оның өмірлік кеңістігін қорғау.Әлеуметтік педагог бала мен ересек адам арасындағы, бала мен оның айналасындағылар арасындағы дәнекер, сондай-ақ тікелей баламен немесе оның айналасымен қарым-қатынаста тәлімгер рөлінде көрінеді.

Отбасымен жұмыс кезінде үш рөлді атқарады:

-Ақпарат беруші - отбасына ата-аналар мен балалардың отбасындағы өзара әрекетінің маңыздылығы мен мүмкіндігі туралы ақпарат береді; баланың дамуы туралы әңгімелейді; бала тәрбиесі бойынша педагогикалық кеңес береді.

-Кеңес беруші - отбасылық заңнама; тұлғааралық өзара әрекет мәселелері жөнінде кеңес береді; нақты отбасына бағытталған қолданыстағы тәрбие әдістері туралы хабардар етеді; баланың қалыпты дамуы мен тәрбиесіне қажетті жағдай жасау тәсілдерін ата-аналарға түсіндіреді.

-Қорғаушы - ата-аналар тұлғасының толықтай құлдырауға ұшыраған жағдайымен (ішімдікке салыну, есірткіге әуестену, балаға қатаң қарау) және осыдан келіп шығатын тұрмыстағы жағдайсыздық, ата-аналардың балаға назар аудармауы, адами қатынастың жоқтығымен бетпе-бет келгенде баланың құқығын қорғайды.

Отбасына әлеуметтік-педагогикалық көмек берудің нысандары:

Негізгі нысандардың бірі әр ата-анамен жеке жұмыс жасау болып табылады. Отбасы ерекшелігін зерттеу, үлкендермен әңгіме, ата-аналардың балалармен қарым-қатынасын бақылау балаға бірлесе ықпал етудің нақты жолдарына сілтейді.

Әлеуметтік педагог мүгедек баланың отбасылық шағын ортасын зерттейді. Баламен әңгімелесуден көптеген қажетті ақпаратты, оның әрекеттің әртүрлі нысанындағы әуестігі мен қызығушылығы, денсаулығы, әдеттері, дағдылары мен машықтары туралы білуге болады.

Әлеуметтік педагогтың баланың үйіне баруы оның тұратын жағдайымен, үйдегі жалпы ахуалымен танысуға септігін тигізеді. Бұдан бөлек, жұмыстың мұндай нысаны әке-шешесімен ғана емес, баланың тәрбиесіне қатысы бар отбасының басқа да мүшелерімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Сараланған жұмыс нысандарының бірі кеңес беру болып табылады. Бір жағынан, олар отбасы өмірін жақынырақ білуге көмектеседі және ең қажетті жерде көмек көрсетуге мүмкіндік береді, екінші жағынан - ата-аналарды өз балаларына байсалды түрде қарауға, олардың мінез сипаттарын анықтауға, тәрбиелеудің үздік жолдары жайлы ойлануға түрткі болады. Әлеуметтік педагог

кеңес бере отырып, үлкендер мен балалардың сұрақтарына жауап береді, оларға білікті кеңес беруге ұмтылады.

Отбасымен жұмыс кезінде жеке әңгімелердің маңызы зор. Әлеуметтік педагогпен жеке қала отырып, ата-аналар оған басқа бөтен адамдардың көзінше ешқашан айтпайтын отбасы ішілік қатынастағы өз проблемалары жайлы әңгімелейді.

Жеке әңгімелесу кезінде басты қағиданы ұстану керек: оның мазмұнын әңгімелесушілер ғана білуге тиіс, ол басқаларға таратылмайды.

Ата-аналардың өтінішіне мұқият қарау керек. Оны орындау балаға зиянын тигізетін жағдайда ғана өтінішті орындамауға болады.

Осылайша, әлеуметтік педагог әлеуметтік бейімделудің жеке жоспары бойынша отбасына қолдау көрсетуді іске асырады, бұл денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға әлеуметтендіру процесін тездетеді.

Әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың ерекшелігі - оның процесі жан-жақты жүргізілуі керек, яғни әртүрлі профильдегі мамандардың қатысуымен: мұғалімдер, әлеуметтік қызметкерлер, психологтар, дәрігерлер және т.б. Олар мүгедек балаларға әлеуметтік және физикалық ортамен байланыс орнату арқылы өмір сапасын жақсартуға көмектесетін әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың мақсатын көреді.Мамандар қызметінің принципі - олардың кәсіби этикасын көрсетеді:

-мүгедек балаларға деген тұлғаға бағытталған тәсіл:сүю, түсіну, қабылдау, жанашырлық, көмек арқылы жүзеге асырылады;

-оңтайлы тәсіл: мүгедек балалардың өз күшіне деген сенімділігін арттыру;

- көзқарастың объективтілігі: тұлғаның жас ерекшеліктерін ескеру

(жеке қасиеттер, бейімділіктер, моральдық, моральдық позиция),

- коммуникативтілік: мүгедек балаларға білікті көмек көрсету құралдарын жылдам табу үшін әлеуметтік тәрбиенің барлық субъектілерімен тез және жедел қарым-қатынас жасау, байланыс орнату және үйлестіру қабілеті;

- мүгедек балалар және олардың отбасылары туралы ақпаратты жария етпеу.

Әлеуметтік педагог балалар мен ата-аналардың барлық құжаттары мен мәселелерін зерттеп, қалыптасқан жағдайдан шығудың жолдарын іздейді, жеке бағдарлама жасайды, яғни міндеттер, формалар, әдістер мен құралдар қандай болатынын болжайды.

Ерекше бала ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың келесі ерекшеліктерін анықтай аламыз:

1. Мүгедек балалар мен олардың ата-аналарын әлеуметтік-педагогикалық қолдау (мұғалімдердің, әлеуметтік педагогтердің, практикалық психологтардың, логопедтердің, дефектологтардың, дәрігерлердің, мәдениет және спорт қызметкерлерінің заңгерлерінің, әлеуметтік қамсыздандыру органдарының, тәртіпті қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың) қатысуымен кешенді түрде жүзеге асырылуға тиіс.

2. Әлеуметтік-педагогикалық қолдау мүгедек балаларға құзыретті әлеуметтік көмек көрсетеді: балаларды әлеуметтендіру, тәрбиелеу және дамыту процесінің тиімділігін арттырады; толыққанды, адамгершілік сау, әлеуметтік қорғалған

және шығармашылық белсенді тұлғаны қалыптастыру және дамыту мүдделері үшін қоғамдағы қатынастардың кең спектрін диагностикалауды, түзетуді және басқаруды қамтамасыз етеді; мүгедек балалардың қоғамдық және жеке маңызды іс-әрекеттерінің әр түрлі түрлерін шығармашылық, өзін-өзі басқару қағидаттарына сәйкес ұйымдастырады

3. Әлеуметтік қорғаудағы педагогикалық компоненттің мәні ретінде қарастырылады

4. Әлеуметтік-педагогикалық қолдау мүгедек балалар мен ата-аналардың жеке басын әлеуметтік қалыптастыру мүддесінде оларды бейімдеуден, оңалтудан және тіршілік түрлеріне интеграциялаудан тұратын бос уақыт қызметін ұйымдастыру үшін педагогикалық ортаны қамтамасыз етеді [4];

Мүмкіндігі шектеулі баланың отбасымен жұмыс жасаудағы әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің негізгі мақсаты-мүгедек баланы тәрбиелеудің қиын міндетін шешуге көмектесу, объективті қауіп факторына қарамастан оны оңтайлы шешуге ықпал ету; оңалту процесінің міндеттерін шешу үшін оның мүмкіндіктерін жұмылдыру үшін отбасына әсер ету. Әлеуметтік педагог қызметінің мақсаты-мүгедек баланың туған жағдайында отбасын әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуға ықпал ету.

Әлеуметтік педагог мүгедек бала мен оның отбасының өмірінде өте маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Өз қызметінде ол негізінен байланыс, кеңес беру, тренингтер, патронаж сияқты әдістерді қолданады.

Қоғамда ерекше назрды қажет ететін балалар саны сағаттар сайын өсуде. Бұдан әр отбасының басына салған қиын сынақты көреміз. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсіп, өзін әлеуметтік ортада жеке тұлға санап,олардың тағдырын ел болып реттейтін уақыт келді. «Бала тағдыры-ел тағдыры» деп қарап, ұрпақтың өмірге келген сәтінен бастап,тәлім-тәрбиені бойларына сіңіріп, мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік өмірге даярлап, еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын азамат тәрбиелейтін кез келді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 03.12.2015 г.)
2. Искакова А.Т., Мовкебаева З.А., Айтбаева А.Б., Байтурсынова А.А. Основы инклюзивного образования (учебное пособие). - Алматы: L-Pride, 2013. - 280 с.
3. Малофеев Н.Н. Инклюзивное образование в контексте современной социальной политики науч.период.изд. «Воспитание и обучение детей с нарушениями в развитии». - №6. - 2009.
4. Машарова Т. В., Алёхина С.В., Кристинина И.А. Модель системы комплексного сопровождения инклюзивных форм обучения детей с ограниченными возможностями здоровья: - Киров: ООО «Типография «Старая Вятка», 2014. - 577 с.

ҚАЗІРГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫ
INTEGRATION OF MODERN UPBRINGING AND EDUCATION

Students Aliya IBRAEVA, Shamshyrak TAKHAUI
Karaganda Buketov University, Faculty of Philosophy and Psychology,
Department of Social Work and Social Pedagogy
Senior lecturer Indira AKHMETOVA
Karaganda Buketov University, Faculty of Philosophy and Psychology,
Department of Social Work and Social Pedagogy

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада қазіргі білім беру мен тәрбиенің өзара байланысы және олардың интеграциялануы мәселесі қарастырылады. Білім беру мен тәрбие процесінің біртұтастығы тұлғаны жан-жақты дамытуда маңызды рөл атқарады. Мақалада заманауи әдіс-тәсілдер, педагогикалық технологиялар, және құндылыққа негізделген тәрбие жүйесі баяндалады. Қазіргі қоғамның дамуы білім беру мен тәрбие процесіне жаңа талаптар қойып отыр. Жеке тұлғаны қалыптастыруда білім мен тәрбиенің үйлесімділігі маңызды орын алады. Интеграцияланған тәсіл білім алушылардың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Интеграцияланған білім беру дегеніміз – оқыту мен тәрбиенің өзара тығыз байланыста болуы. Бұл оқушының бойында құндылықтық бағдар қалыптастырып, өмірлік маңызы бар дағдыларды меңгертуге септігін тигізеді. Сонымен қатар, мұғалім мен ата-ана арасындағы ынтымақтастық, оқу мазмұнын өмірмен байланыстыру, және тәрбие жұмысын оқыту процесіне енгізу – осы бағыттағы негізгі қадамдар болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында білім мен тәрбиені біріктіруге бағытталған түрлі бағдарламалар мен жобалар іске асырылуда. «Жаңа мектеп», «Өзін-өзі тану», «Рухани жаңғыру» сынды бағдарламалар – соның айғағы.

Кілт сөздер: білім беру, тәрбие, интеграция, құндылық, оқыту процесі

Annotation

This article discusses the relationship between modern education and upbringing and the problem of their integration. The unity of the process of education and upbringing plays an important role in the comprehensive development of the personality. The article describes modern methods, pedagogical technologies, and a value-based education system. The development of modern society imposes new

ORCID ID: 0000-0003-0212-6486
i.akhmet@inbox.ru

requirements on the process of education and upbringing. An important place in the formation of personality is occupied by the combination of education and upbringing. The integrated approach is aimed at ensuring the social, emotional and cognitive development of students. Integrated education is the close interaction of training and education. This contributes to the formation of a value orientation in the student and the acquisition of vital skills. In addition, the main steps in this direction are cooperation between the teacher and the parent, the connection of the content of education with life, and the introduction of educational work into the learning process. Currently, various programs and projects aimed at combining education and upbringing are being implemented in the Republic of Kazakhstan. Such programs as" new school"," self-knowledge","Ruhani zhangyru" are evidence of this.

Keywords: education, education, integration, value, learning process.

Кіріспе

Бүгінгі таңда әлемдік білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер орын алып жатыр. Ақпараттық технологиялар, жаһандану, жасанды интеллект сынды үрдістер білім мен тәрбиеге жаңа талаптар қояды. Бұрын білім беру мен тәрбие бөлек қарастырылса, қазіргі таңда олардың өзара байланысын күшейту – басты міндеттердің бірі. Себебі, сапалы біліммен қатар, рухани-адамгершілік қасиеттерге ие тұлға тәрбиелеу – заман талабы. Қазіргі жаһандану дәуірінде қоғамның дамуы мен жаңаруына орай білім беру мен тәрбие жүйесіне де жаңа талаптар қойылуда. Жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуы, ең алдымен, сапалы білім мен саналы тәрбиеге байланысты. Білім беру тек қана ақпарат беру үдерісі емес, ол тұлғаның әлеуметтенуіне, рухани-адамгершілік тұрғыда қалыптасуына тікелей ықпал ететін күрделі әлеуметтік құбылыс. Осы орайда тәрбие мен білімді біртұтас, өзара кіріктірілген жүйе ретінде қарастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Мақалада осы үдерістің теориялық негіздері мен тәжірибелік жүзеге асырылу жолдары қарастырылады.

Негізгі бөлім

1. Білім мен тәрбиенің өзара байланысы. Тәрбие – адамның мінез-құлқын, құндылықтық бағдарын, рухани болмысын қалыптастыруға бағытталған жүйе. Ал білім – тұлғаның интеллектуалдық дамуын қамтамасыз ететін үдеріс. Білім мен тәрбие бір-бірімен тығыз байланыста болған жағдайда ғана оқушы жан-жақты дамиды. Мектеп қабырғасында алған білім тәрбие арқылы маңыздылыққа ие болады. Тәрбиесіз білім – тұлғаның адами бейнесін толық қалыптастыра алмайды.

2. Интеграция ұғымы және оның маңызы. Интеграция – бұл екі немесе одан да көп жүйенің өзара кірігуі. Білім мен тәрбиені кіріктіру дегеніміз – оқыту мен тәрбиелеу мақсаттарының, мазмұнының және әдістерінің өзара үйлесімді ұйымдастырылуы. Бұндай тәсіл оқушылардың өмірлік дағдыларды меңгеруіне, құндылықтық бағдарын дұрыс қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар оқыту процесінің тиімділігін арттырып, оқушының қызығушылығы мен белсенділігін жоғарылатады.

3. Интеграцияны жүзеге асыру жолдары. Қазіргі білім беру жүйесінде тәрбие мен оқытуды интеграциялаудың бірнеше тиімді жолдары бар:

- Оқу бағдарламасына ұлттық, мәдени, рухани құндылықтарды енгізу;
- Пәнаралық байланысты күшейту (мысалы, әдебиет сабағында моральдық-адамгершілік тақырыптарды талдау);
- Сыныптан тыс іс-шаралар арқылы тәрбие мен білім мазмұнын толықтыру;
- Мұғалім мен ата-ана арасындағы байланыс арқылы тәрбие жұмысын күшейту.

Бұлардың барлығы да білім беру үдерісінің сапасын арттырып, тәрбиелік ықпалын күшейтеді.

4. Қазіргі білім беру саясаты және интеграция. Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбие жұмысы қатар дамып келеді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, білім беру стандарттары мен Тәрбие тұжырымдамасы бұл бағыттағы нақты қадамдарды айқындайды. Мектеп пен жоғары оқу орындарында студенттерді кәсіби маман ғана емес, саналы азамат ретінде тәрбиелеу мақсаты қойылған. Интеграция осы мақсаттарға жетудің тиімді жолы ретінде қарастырылады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, тәрбие мен білім беру үдерісінің интеграциялануы – заман талабы. Бұл үдеріс тұлғаның жан-жақты дамуына, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруіне, қоғамда өз орнын табуына септігін тигізеді. Сондықтан да білім беру мекемелерінде тәрбиелік жұмыстар жүйелі түрде білім беру мазмұнымен кіріктіріліп жүргізілуі қажет. Білім мен тәрбиені қатар дамыту – табысты ұрпақ тәрбиелеудің кепілі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана: Егемен Қазақстан, 2017.
2. Сейталиева К.Ж. Білім беру жүйесіндегі тәрбие жұмысының заманауи бағыттары. – Алматы: Білім, 2020.
3. Хмель Н.Д. Педагогика: Оқулық. – Алматы: Рауан, 1998.
4. Аймағамбетова Қ. Білім мен тәрбие үрдісінің бірлігі. – Алматы: Мектеп, 2004.

СУИЦИД: ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР, АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

2 курс студенті **Аймира САГИНТАЕВА**

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Философия және психология факультеті
Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасы

Индира АХМЕТОВА
аға оқытушы, магистр
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
философия және психология факультеті

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада суицидтің әлеуметтік, психологиялық және медициналық аспектілері жан-жақты қарастырылады. Суицид – қазіргі қоғамдағы өзекті және алаңдататын мәселе. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) деректері бойынша, жыл сайын әлемде 700 000-нан астам адам өз-өзіне қол жұмсайды, ал нақты көрсеткіш бұдан да жоғары болуы мүмкін. Бұл құбылыстың себебі сан алуан: психикалық аурулар, әлеуметтік оқшаулану, экономикалық қиындықтар, отбасылық зорлық-зомбылық, өмірлік дағдарыстар және мәдени-діни факторлар. Мақалада Эмиль Дюркгеймнің теориясы негізінде суицидтің негізгі түрлері қарастырылады: эгоистік, альтруистік, аномиялық және фаталистік суицид. Сонымен қатар, Э. Шнейдман, А. В. Лихачев және Н. В. Конончук зерттеулерінің негізінде суицидтік мінез-құлықтың динамикасы, белгілері және қауіптілік факторлары сипатталады. Суицидтің алдын алу үшін медициналық көмек, психологиялық қолдау, құқықтық реттеу және ақпараттық-ағартушылық жұмыстар кешені қажет. Бұл мәселемен күресуде мемлекеттік органдар, денсаулық сақтау саласы, білім беру мекемелері және бүкіл қоғам белсенді рөл атқаруы тиіс. Сондай-ақ, отбасының, достардың және әлеуметтік ортаның қолдауы өте маңызды фактор болып табылады.

Кілт сөздер: суицид, психология, әлеуметтік факторлар, алдын алу, психикалық денсаулық.

ABSTRACT

This article examines in detail the Social, Psychological and medical aspects of suicide. Suicide is an urgent and worrying problem in modern society. According to

ORCID NO: 0009-0003-6258-4013
sagintaeva.aimira2003@gmail.com,

Қарағанды, Қазақстан / e-posta: i.akhmet@inbox.ru
ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-0212-6486

the World Health Organization (WHO), more than 700,000 people commit suicide worldwide every year, and the real figure may be even higher. The reason for this phenomenon is numerous: mental illnesses, social isolation, economic difficulties, domestic violence, life crises and cultural and religious factors. The article discusses the main types of suicide based on the theory of Emil Durkheim: egoistic, altruistic, anomalous and fatalistic suicide. In addition, on the basis of the studies of E. Schneidman, A.V. Likhachev and N.v. Konanchuk, the dynamics, symptoms and Risk Factors of suicidal behavior are characterized. For the Prevention of suicide, a complex of medical care, psychological support, legal regulation and information and educational work is needed. Government agencies, healthcare, educational institutions and the entire society should play an active role in combating this problem. Also, the support of family, friends and the social environment is a very important factor.

Key words: suicide, psychology, social factors, prevention, mental health.

КІРІСПЕ

Суицид – бұл әлемдік деңгейдегі аса күрделі әлеуметтік, психологиялық және медициналық мәселе. Ол адамның өз өмірін саналы түрде қию әрекеті ретінде қарастырылады және оның себептері көпқырлы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) мәліметтері бойынша, жыл сайын әлемде 700 000-нан астам адам өз-өзіне қол жұмсайды. Бірақ нақты көрсеткіш бұдан әлдеқайда жоғары болуы мүмкін, өйткені көптеген жағдайлар тіркелмей қалады немесе басқа себептермен қарастырылады. Суицид тек жеке тұлғаның трагедиясы ғана емес, ол отбасы мүшелеріне, достарына және жалпы қоғамға ауыр психологиялық және әлеуметтік зардаптар әкеледі. Суицидтің негізгі себептері әртүрлі және көптеген факторлардың ықпалымен қалыптасады. Психологиялық тұрғыдан алғанда, адамның ауыр депрессия, мазасыздық, стресс, үмітсіздік және өзіндік құндылықтың жоғалуы сияқты жағдайларды бастан кешіруі суицид қаупін арттырады. Кейбір адамдар өз проблемаларын шешілмейтіндей қабылдап, тығырыққа тірелгендей сезінеді. Әлеуметтік факторларға жалғыздық, қаржылық қиындықтар, жұмыссыздық, отбасылық проблемалар мен зорлық-зомбылық жатады. Сондай-ақ, мәдени және діни ерекшеліктердің де ықпалы зор. Кейбір қоғамдарда суицидке қатаң тыйым салынса, басқаларында оны белгілі бір жағдайларда ақтауға тырысады. Суицид мәселесін зерттеу психология, әлеуметтану, медицина және құқық сияқты ғылым салаларында кеңінен қарастырылады.Сонымен қатар, қазіргі заманғы зерттеулер адамның психикалық денсаулығы, эмоционалдық тұрақтылығы және стресс факторларымен күресу қабілетінің маңыздылығын атап өтеді. Суицидтің алдын алу үшін кешенді шаралар қажет. Жеке деңгейде адамдарға эмоционалдық қолдау көрсету, олардың қиындықтарын тыңдап, психологиялық көмекке жүгінуге ынталандыру маңызды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қоғамдық деңгейде дағдарыс орталықтарын құру, психологиялық кеңес беру қызметтерін дамыту, интернеттегі суицидті насихаттайтын материалдарды шектеу сияқты шаралар өте тиімді. Мемлекет, медицина мамандары, білім беру жүйесі және қоғамның әрбір мүшесі бұл мәселені шешуге белсенді атсалысуы тиіс. Сонымен қатар, отбасы институтын нығайту, әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру және халық арасында психологиялық сауаттылықты арттыру – суицидтің алдын алудың маңызды жолдарының бірі болып табылады.Суицидті зерттеудің теориялық негіздері. Суицидті зерттеу әлеуметтік ғылымдар, психология, медицина және құқық салаларында кеңінен қарастырылады. Эмиль Дюркгеймнің классикалық социологиялық теориясында суицидтің төрт негізгі түрі анықталған: эгоистік, альтруистік, аномиялық және фаталистік. Қазіргі заманғы зерттеулерде суицидтің психологиялық, әлеуметтік және экономикалық себептері кеңінен талданады. ДДҰ деректеріне сәйкес, жасөспірімдер мен қарт адамдар суицидке ең бейім топтар қатарына жатады. Суицидтің негізгі себептері ретінде депрессия, стресс, әлеуметтік оқшаулану, экономикалық дағдарыстар және зорлық-зомбылық аталады. Эмиль Дюркгейм суицидтің келесі түрлерін анықтаған: Эгоистік суицид – адам қоғамнан оқшауланғанда, әлеуметтік байланыстары әлсірегенде пайда болады. Мұндай адамдар әлеуметтік нормаларға мән бермейді, қоғамның бақылауынан тыс қалады. Дюркгейм бұл суицид түрін дін, отбасы және саяси факторлардың суицид деңгейіне әсерін талдау арқылы түсіндіреді. Альтруистік суицид – қоғамға шамадан тыс интеграцияланған адамдар жасайды. Олар өзін қоғам үшін құрбан етуге дайын, бұл көбіне соғыс, діни сенімдер немесе әлеуметтік дәстүрлерге байланысты орын алады. Аномиялық суицид – қоғамдағы түбегейлі өзгерістерден, әлеуметтік байланыстардың күйреуінен туындайды. Әлеуметтік құрылымдар тұрақсызданғанда, адамдар өмірлік бағыт-бағдарынан айырылып, үмітсіздікке ұшырайды. Суицидтің негізгі себептері көп факторлы және күрделі. Олар келесідей топтарға бөлінеді. Психологиялық факторлар: депрессия, биполярлы бұзылыс, шизофрения, травматикалық жағдайлар. Әлеуметтік факторлар: жалғыздық, отбасыдағы зорлық-зомбылық, кедейшілік, жұмыссыздық. Экономикалық факторлар: қаржы дағдарысы, әлеуметтік теңсіздік. Мәдени және діни факторлар: діни көзқарастардың суицидке әсері, мәдени ерекшеліктер.

Суицидтің он ортақ белгісі (Э. Шнейдман бойынша): Суицидтің жалпы мақсаты – мәселені шешу. Суицидтің жалпы міндеті – сананы тоқтату. Суицидке итермелейтін ортақ стимул – жан дүниенің (психикалық) төзгісіз ауырсынуы. Суицидке себеп болатын ортақ стресс факторы – қанағаттандырылмаған психологиялық қажеттіліктер. Суицидтің ортақ эмоционалды күйі – дәрменсіздік пен үмітсіздік. Суицидке қатысты ортақ ішкі қатынас – амбиваленттілік (екіұдай сезім). Суицид жасаған адамның ортақ психикалық күйі – когнитивті (ойлау) процестердің тарылуы. Суицидтің ортақ әрекеті – қашу (эгрессия). Суицидтің ортақ коммуникативті әрекеті – өзінің ниетін хабарлау. Суицидтік мінез-құлықтың ортақ заңдылығы – жалпы өмірлік мінез-құлық стиліне сәйкестік.

Суицидтік мінез-құлықтың түрлері: Суицид – адамның өз өмірін тоқтатуға деген анық ниетімен жасалған әрекеттер. Парасуицид: - А) Адамның өліміне әкелуі мүмкін әрекеттер, бірақ олардың тікелей өзін өлтіруге деген ниеті жоқ немесе мотивтері анық емес. Бұл көбінесе адамның сол кездегі психикалық жағдайына байланысты. Б) Өмірмен қош айтысу ниетінсіз жасалған демонстрациялық-шантаждық әрекеттер.

Суицидтік мінез-құлыққа жатпайтын автоагрессивті әрекеттер де бар. Олар әртүрлі себептермен жасалады, бірақ адамның өзін өлтіру ниеті болмайды. Мұндай әрекеттер басқа адамдардың назарын аударту, эмоционалды күйзелісті жеңілдету немесе өз өмірімен эксперимент жасау мақсатында орын алуы мүмкін. Суицидтік мінез-құлықтың динамикасы. Суицидтік мінез-құлық – адамның өзін-өзі өлтіру туралы ойлары, сезімдері және әрекеттерін қамтитын психикалық процестер. Бұл үрдіс бірнеше деңгейден өтеді: Антивиталдық (өмірге деген қызығушылықтың жойылуы) ойлар: "Бұл өмірде өмір сүргенше, өлген артық", "Өмірдің мәні жоқ" деген сияқты ойлар пайда болады. Бұл кезеңде адам өлім туралы нақты ойланбайды, тек өмірден үміті үзіледі. Пассивті суицидтік ойлар: Өзіне қол жұмсау туралы тікелей ойлар жоқ, бірақ "Егер мен өлсем, бәрі жеңіл болар еді" деген сияқты қиялдар пайда болады. Суицидтік жоспарлар: Адам өзіне қол жұмсаудың жолдары мен жағдайларын ойластырады. Суицидтік ниет: Адам нақты шешім қабылдап, өз-өзіне қол жұмсауға әрекет етеді. Пресуицидтік кезең қысқа уақыт (минуттар, сағаттар) немесе ұзақ (бірнеше ай) болуы мүмкін.

Н.В. Конанчук (1983) бойынша суицидке бейім тұлғалардың сипаттамалары: Эмоционалды тұрақсыздық, импульсивтілік, эмоционалды тәуелділік, жақын қарым-қатынасқа мұқтаждық, сенгіштік, эмоциялардың тұрақтылығы, ригидтілігі, өзіндік қадір-қасиетінің жоғары деңгейі, өз бетінше шешім қабылдау қабілеті, қажеттіліктерінің жоғары деңгейде болуы, табысты болуға ұмтылу, табысты болуға табандылық, компромиске келмеу, стресті жеңілдету механизмдерінің әлсіздігі.

А. В. Лихачев бойынша суицид мотивтерінің жіктелуі: Психикалық аурулар (19,00%), алкоголизм (9,76%), материалдық қиындықтар (7,67%), өмірден шаршау (5,52%), қайғы-қасірет пен реніш (4,49%), физикалық азап (3,54%), ұят пен жазалаудан қорқу (3,36%), Махаббат (2,10%).

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) психикалық денсаулық критерийлері: өзінің физикалық және психикалық "Менін" біртұтас әрі тұрақты сезінуі, ұқсас жағдайларда эмоцияларының тұрақтылығы, өзінің ойлары мен іс-әрекеттеріне сын көзбен қарау, қоршаған орта жағдайларына психикалық реакциялардың сәйкестігі, қоғамдық нормаларға сай өзін-өзі реттеу қабілеті, өмірлік жоспар құру және оны жүзеге асыру қабілеті, өзінің мінез-құлқын өзгермелі жағдайларға бейімдей білуі.

Суицидтік қауіп факторлары (Рингель, Штенгель, Кильхольц, 1974). А тобы – нақты қауіптің белгілері: Бұрынғы суицидтік әрекеттер, отбасындағы немесе жақын ортасындағы суицид жағдайлары, өзін-өзі өлтіру туралы тікелей немесе жанама ескертулер, суицидке дайындықтың белгілері, бірнеше рет суицид туралы сөйлескеннен кейін күтпеген тыныштық, өзін-өзі өлтіру туралы

қорқынышты түстер. В тобы – психикалық денсаулық жағдайына байланысты факторлар: Ауыр депрессия немесе мазасыздық, ұзаққа созылған ұйқының бұзылуы, өмірге деген қызығушылықтың жоғалуы, суицидтік ойлар мен әрекеттердің жиілігі, өзін кінәлі сезіну, алкоголизм немесе нашақорлық. С тобы – сыртқы факторлар: Балалық шақта отбасылық мәселелер, жалғыздық, оқшаулану, қаржылық қиындықтар, өмірлік мақсаттардың болмауы, діни сенімнің әлсіздігі. Суицидтің алдын алу үшін психологиялық, әлеуметтік және заңнамалық шаралар қажет: Медициналық көмек: психотерапия, дәрілік емдеу. Әлеуметтік қолдау: дағдарыс орталықтарын құру, психологиялық кеңес беру қызметтерін дамыту. Құқықтық реттеу: интернеттегі суицидті насихаттайтын контентке бақылау орнату. Қоғамдық және білім беру шаралары: мектептер мен университеттерде психикалық денсаулық бойынша тренингтер өткізу.

Э. Гроллман бойынша суицидтің алдын алу бойынша кеңестер: Суицидтің себептерін анықтаңыз, суицидке бейім адамды жеке тұлға ретінде қабылдаңыз, онымен сенімді қарым-қатынас орнатыңыз, оның сөздерін мұқият тыңдаңыз, оның ойларымен дауласпаңыз, оған сұрақтар қойыңыз, жалған үміт бермеңіз, шынайы шешімдерді ұсыныңыз, үміт сыйлаңыз, суицид қаупін бағалаңыз, қауіпті жағдайда оны жалғыз қалдырмаңыз, кәсіби көмекке жүгініңіз, үздіксіз қолдау көрсетіңіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Суицид – бұл күрделі әлеуметтік-психологиялық мәселе, оның алдын алу үшін кешенді тәсіл қажет. Психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторларды ескере отырып, қоғамда суицидтің алдын алу жүйесін құру маңызды. Осы мақалада суицидтің негізгі теориялық тұжырымдамалары, себептері, белгілері және алдын алу шаралары қарастырылды. Бұл мәселені шешу үшін әр адам өз үлесін қоса алады: жақындарына қолдау көрсету, психикалық денсаулықты қолдау қызметтерін дамыту және қоғамда осы мәселе туралы ашық талқылау атмосферасын құру арқылы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дюркгейм Э. Самоубийство: социологический этюд / Пер. с фр. – М.: Мысль, 1994.
2. Шнейдман Э. Душа самоубийцы. – М.: Смысл, 2001.
3. Конанчук Н.В. Первый психотерапевтический контакт с суицидентом. – Л., 1983.
4. Личачев А.В. Мотивация и механизмы суицидального поведения. – М., 2000.
5. Гроллман Э. Суицид: превенция, интервенция, поственция. – М.: Когито-Центр, 2008.
6. Всемирная организация здравоохранения. Предотвращение самоубийств: Глобальный императив. – Женева: ВОЗ, 2014.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ - CONTENTS

№	Т.А.Ж., мақала тақырыбы Ф.И.О., название статьи Full Name, Title of the Article	Бет\ Стр. Page
1	**Газиза ДЖАМАЛИЕВА.** РОЛЬ ОБРАЗОВАНИЯ В МНОГОКУЛЬТУРНОМ ОБЩЕСТВЕ	**4-9**
2	**Гүлсара ШАЙХИСЛАМОВА.** ЕРІКТІЛЕР ҚЫЗМЕТІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БОЛАШАҚ МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ	**9-14**
3	**Салтанат НУРЛАНОВА, Томас КАЧЕРАУСКАС.** ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕР	**14-20**
4	**Гульназ ШАНБАЕВА.** ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕ СУПЕРВИЗИЯ ТӘЖІРИБЕСІН ЕНГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	**20-25**
5	**Анар МОИЛБЕКОВА.** РЕАЛИЗАЦИЯ СЕМЕЙНО-ЦЕНТРИРОВАННОГО ПОДХОДА В СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЕ С СЕМЬЯМИ, ВОСПИТЫВАЮЩИМИ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ	**25-32**
6	**Indira AKHMETOVA.** THE INSTITUTIONALIZATION AND HISTORICAL EVOLUTION OF VOLUNTEERING AS A SOCIAL GOOD IN EUROPE	**32-37**
7	**Айгерім ИСМАҒҰЛ.** ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ РӨЛІ	**37-42**
8	**Нарғыз КАПКЕШ.** ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУТИЗМНІҢ ДАМУЫ	**42-49**
9	**Медина КУРМАШЕВА, Жанар КЕНДИРБЕКОВА.** МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕУ МЕН ОҢАЛТУДЫҢ МӘНІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ	**49-55**
10	**Айкерім ЕРКІН.** ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖАС МАМАНДАРДЫҢ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ	**55-58**
11	**Ерсін СӘКЕН.** ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	**58-61**
12	**Сабрина АСАДУЛЛИНА.** МҮГЕДЕКТІГІ БАР ТҰЛҒАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР	**61-64**
13	**Лариса СИДОГИНА, Айгуль МУСРАУНОВА.** СОЦИАЛЬНО УЯЗВИМЫЕ КАТЕГОРИИ НАСЕЛЕНИЯ КАК ОБЪЕКТ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ	**64-67**

14	**Алина ОЛЕШКО, Жанар КЕНДИРБЕКОВА** ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ВЫГОРАНИЕ В СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЕ И КОПИНГ-СТРАТЕГИИ ПО ЕЕ ПРЕОДОЛЕНИЮ	**67-72**
15	**Александр ИВАСЕНКО, Жанар КЕНДИРБЕКОВА.** АНАЛИЗ СОЦИАЛЬНЫХ ПРОБЛЕМ МИГРАНТОВ И ВОЗМОЖНОСТИ ИХ РЕШЕНИЯ В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ	**72-77**
16	**Александра КИМ, Айгуль МУСРАУНОВА.** ЦИФРОВЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ СОЦИАЛЬНЫХ РАБОТНИКОВ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ МОДЕРНИЗАЦИИ ПРОФЕССИИ	**77-81**
17	**Илья ГОРОДЕНКО, Айгуль МУСРАУНОВА.** ГОСУДАРСТВЕННАЯ АДРЕСНАЯ СОЦИАЛЬНАЯ ПОМОЩЬ КАК ФОРМА СОЦИАЛЬНОЙ ПОДДЕРЖКИ НАСЕЛЕНИЯ	**82-86**
18	**Дарын КӨШЕРБАЙ, Жанар КЕНДИРБЕКОВА.** ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ: ПРИЧИНЫ, ПОСЛЕДСТВИЯ И НАПРАВЛЕНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ ПОДДЕРЖКИ БЕЖЕНЦЕВ	**86-93**
19	**Ақерке ӘБДІҒАППАР, Алия БАЙМУХАНОВА**. ҚИЫН ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙДАҒЫ ОТБАСЫЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС	**93-97**
20	**Әмина ЖАНДОСҚЫЗЫ, Алия БАЙМУХАНОВА**. ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС	**97-100**
21	**A.KURALOVA, N. KHUDAIBERGENOVA, G. ZEYNULLADINKYZY, Aigerim SAGADATOVA.** THEORETICAL FOUNDATIONS OF SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT TRENDS AND THE ROLE OF REGIONS IN THEIR MANAGEMENT	**100-103**
22	**Толғанай ШӘМИТ, Нұрсұлу ТОЙБЕКОВА, Индира АХМЕТОВА.** ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕГІ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ	**103-109**
23	**Aisulu ZHOLDAS**, **Nurai AMANTAEVA, Aigerim SAGADATOVA**. DIGITAL INCLUSION AS A MECHANISM FOR PREVENTING SOCIAL APATHY AMONG OLDER PEOPLE	**109-115**
24	**Айша УКИБАЕВА, Индира АХМЕТОВА.** ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	**115-119**
25	**Алина ОСПАНОВА, Алия БАЙМУХАНОВА.** ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	**119-122**

26	**Айым САЯЖАН, Айгерім АЛЬЖАНОВА.** ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАР ҮЙЛЕРІ ЖӘНЕ ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫҢ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕЛУІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ РӨЛІ	**122-126**
27	**Тогжан ОСПАНОВА, Толғанай ТҰРСЫНҚАН, Газиза ДЖАМАЛИЕВА.** СОЦИАЛЬНАЯ РАБОТА С СЕМЬЯМИ, ПЕРЕЖИВШИМИ НАСИЛИЕ: СТРАТЕГИИ ВМЕШАТЕЛЬСТВА И СОПРОВОЖДЕНИЯ	**126-133**
28	**Зарина АЛЬЖАНОВА, Алия БАЙМУХАНОВА.** ЖАСТАР МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР	**133-136**
29	**Жансая АЛПЫСБАЙ, Мадина ӘБДІХАЛЫҚ, Алия БАЙМУХАНОВА.** ОТБАСЫДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ	**136-139**
30	**Нұрай ЕРҒАЗЫ, Алия БАЙМУХАНОВА.** ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ КӨРГЕН ТҰЛҒАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ	**139-143**
31	**Назерке КЕЛДІБАЕВА, Меруерт СЕЙДУАЛИНА, Алия БАЙМУХАНОВА.** ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ДАМУЫ	**143-149**
32	**Тоғжан НӘЗІРБЕК, Алия БАЙМУХАНОВА.** СУИЦИДТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ СУИЦИДТІК ТҰЛҒАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС	**149-152**
33	**Аяулым НЫШАНБЕККЫЗЫ, Алия БАЙМУХАНОВА.** ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ: СЕБЕПТЕРІ МЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ	**152-155**
34	**Г. БҮРКІТБАЙ, Н. КЕЛДІБАЕВА, А. БАЛХАШБАЕВА, А. САГАДАТОВА.** МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ҚАРТ АДАМДАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС	**155-157**
35	**Асылжан АСЫЛХАН, Анель КӨМЕК, Айгерім САГАДАТОВА.** ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ОТБАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТІ	**158-165**
36	**Аружан АЛДАБЕРГЕН, Камшат ПАРАКАТОВА, Нұргүл МАЖМАНОВА.** ГЕНДЕРЛІК ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫ АЛДЫН АЛУ: КЕШЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖОЛДАРЫ	**165-168**
37	**Гүлсезім СЕРІКБАЙ, Айгерім САГАДАТОВА.** ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛСІЗ ТОБЫНЫҢ ҚОРҒАНЫ	**168-172**
38	**Аружан МАРАЛ, Айгерім АЛЬЖАНОВА.** NEET ЖАСТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ	**172-175**

39	**Д. КЕНЕСБАЙ, Д. ШЕРИЯЗДАН, А. ЕРМЕК, А. САГАДАТОВА.** ҚАҚТЫҒЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ШЕШУДЕ ЖАСТАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫ	**175-178**
40	**Айерке ЕРБОЛҚЫЗЫ, Жәудір БЕКБОЛ, Индира АХМЕТОВА.** ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ БУЛЛИНГ ҚҰРБАНДАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ	**178-181**
41	**Аружан ҚАМБАРБЕКОВА, Гүлбану ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ, Индира АХМЕТОВА.** ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІ	**182-185**
42	**Махбол САЙДАХМАТОВА, Индира АХМЕТОВА. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ** ӘЛЕУММЕТІК ЖҰМЫСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ	**186-190**
43	**Ақерке БАЗЫЛОВА, Нұрайым БОТАЕВА, Индира АХМЕТОВА.** ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖӘНЕ ОСАЛ ТОПТАРМЕН ЖҰМЫС	**191-195**
44	**Маржангуль БАЙМУКАНОВА, Элеонора МАТЮШЕНКО.** ПРОФИЛАКТИКА ДЕВИАНТНОГО И ДЕЛИНКВЕНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ НЕСОЕРШЕННОЛЕТНИХ В СЕЛЕ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ВЛИЯНИЯ ИНСТИТУТОВ СОЦИАЛИЗАЦИИ	**196-202**
45	**Айжан ИСАИНОВА, Жанар САДЫКБЕКОВА.** МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА КОМПЬЮТЕРЛІК ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ МЕН ФАКТОРЛАРЫ	**203-208**
46	**Аяулым БАЙМАГАНБЕТОВА, Айгуль ТОРЕБАЕВА.** ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕПТЕ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ	**208-211**
47	**Шакира МУХТАРОВА, Маржангуль БАЙМУКАНОВА, Тлеужан ШЫНЫБАЙ.** ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС ҒАЛЫМ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ АДАМ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК НОРМАЛАРДАН АУЫТҚУЛАР ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫ	**211-218**
48	**Балжан БЕКІШ, Жанар КЕНДИРБЕКОВА.** ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ	**219-223**
49	**Данагул АМАНБАЕВА, Диана МҰСАХАН.** БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ	**223-227**
50	**Гүлден ОРАЗҒАЛИЕВА, Жанар КЕНДИРБЕКОВА, Сулейман Барбарос ЯЛЧИН.** МЕКТЕП ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГЫНЫҢ ҚИЫН ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОТБАСЫЛАРЫМЕН ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ	**227-232**

51	**Veronika PETROVA.** PECULIARITIES OF ADAPTATION OF CHILDREN OF MIGRANTS IN AN EDUCATIONAL ENVIRONMENT: A SOCIO-PEDAGOGICAL APPROACH	**232-239**
52	**Толқын ШӘКЕНҚЫЗЫ, Галия ТУТКЫШЕВА.** ОТБАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ	**240-243**
53	**Тлеужан ШЫНЫБАЙ, Жанар КЕНДИРБЕКОВА** МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ	**244-250**
54	**Tamirlan ADILOV, Banu ABDRASHEVA.** THE ROLE OF A SOCIAL TEACHER IN THE PROCESS OF PATRIOTIC EDUCATION OF HIGH SCHOOL STUDENTS	**251-255**
55	**Балжан ПШАН, Аслан ТЛЕУТАЙ, Медина ЕЛЕУСІЗОВА, Нұргүл МҰҚАН.** ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ-ШЕКСІЗ МҮМКІНДІКТЕР ӘЛЕМІ	**255-258**
56	**Махаббат МАХАДИ, Аружан БАҒДАТҚЫЗЫ, Аружан ИМАНТҮСІП, Нұргүл МҰҚАН.** ӨЗГЕДЕН ӨНЕРІМЕН ЕРЕКШЕ БАҒЫТ	**258-261**
57	**Айжан САРСЕНБАЕВА, Аружан ИЗАТОВА Күміскан ЖҰМАЖАН, Нұргүл МҰҚАН.** МӘДЕНИ - ТЫНЫҒУ ЖҰМЫСЫ - ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС БАРЫСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР	**262-265**
58	**Жадыра АЙТБАЕВА.** ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПАРАДИГМАЛАР	**265-268**
59	**Мирас ҚҰРАҚБАЙ, Ақерке ХАЛМУРАТОВА, Диана ДАУТОВА,** ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	**268-272**
60	**Аңсат СМАНОВ, Жаннанұр УАЛИБЕКОВА, Дәуір ҚҰДАЙБЕРГЕН, Нұргүл МҰҚАН.** БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ	**273-275**
61	**Аяулым АМАНЖОЛ, Дана БОЛАТБЕК, Ғасыр НҰРЛЫБАЕВ, Нұргүл МҰҚАН.** ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ – СОЦИОМӘДЕНИ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ	**276-279**
62	**Жан БӨДЕЕВА, Айханым БОЛАТОВА, Ботакөз АМАНЖОЛ, Нұргүл МҰҚАН.** МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ РОЛІ	**279-283**
63	**Дильнара АЛИЕВА, Кира ГАРКУША.** ОТРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ КАРТИНЫ МИРА В КАЗАХСКОЙ И РУССКОЙ СКАЗКАХ (НА ПРИМЕРЕ РУССКОЙ НАРОДНОЙ СКАЗКИ	**284-289**

	«ИВАНУШКА-ДУРАЧОК» И КАЗАХСКОЙ НАРОДНОЙ СКАЗКИ «ХИТРЫЙ АЛДАР-КОСЕ»)	
64	**Таңшолпан ТӨЛЕНДІ, Жанель КАНАТОВА, Ақерке ИМАНОВА.** БОС УАҚЫТТЫ ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ – МӘДЕНИЕТТІ ҚОҒАМНЫҢ БЕЛГІСІ	**290-292**
65	**Бану АБДРАШЕВА**, **John RANDOLPH.** ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ – ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ	**293-297**
66	**Fatih YILDIZ, Binnur YAZICI.** BELİREN YETİŞKİNLERDE ALGILANAN KARİYER ENGELLERİ İLE KARİYER GELECEĞİ ARASINDAKİ İLİŞKİNİN İNCELENMESİ	**298-299**
67	**Agathe GUY.** HALAL IN KAZAKHSTAN	**300**
68	**Ляззат БАЛАБЕКОВА.** ГУМАНИСТІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТӘРБИЕГЕ ӘСЕРІ	**300-303**
69	**Әсем АЛПЫСОВА.** ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ТӘРБИЕЛЕУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ МӘНІ	**304-310**
70	**Нургулан АСКЕРХАН.** ШЫҒЫС ПЕРИПАТЕТИЗМІНІҢ АДАМЗАТ ТАРИХЫНДАҒЫ ҚОҒАМҒА ӘСЕРІ	**310-314**
71	**Гүлзат АХМЕТОВА, Ляззат ЕЛМУРАТОВА.** ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕ БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН АТА-АНАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДАҒЫ РӨЛІ	**315-319**
72	**Алия ИБРАЕВА, Шамшырақ ТАХАУИ, Индира АХМЕТОВА.** ҚАЗІРГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУДІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫ	**320-322**
73	**Аймира САГИНТАЕВА, Индира АХМЕТОВА.** СУИЦИД: ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР, АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ	**323-327**